

**ЖАНДОС ҚОЖАХМЕТҰЛЫ СМАҒҰЛОВ**

# **ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ**

**Зерттеулер**

**II том**

Қарағанды - 2014

УДК

**СМАҒҰЛОВ Ж.Қ. Тарихтан тағылым.  
Зерттеулер. II том. Қарағанды: Арко, 2014. бет.**


Халықаралық Ақпараттандыру академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Қ.Смағұловтың бұл еңбегінде ғалымдық шығармашылығындағы әр кездерде жазылған ғылыми-зерттеу және әдеби сын мақалалары топтастырылған. Жинақтың бұл екінші томында ұлттық әдебиеттану ғылымының қазіргі кезеңдегі көкейкесті мәселелері туралы зерттелу мақалалары мен сыншылдық көзқарастағы ой-толғамдары және көсемсөздері берілген.

Ғылыми жинақ жоғары оқу орындары студенттері мен әдебиетші-ғалымдарға, мектеп мұғалімдеріне және жалпы әдебиет сүйер қауымға арналған.

**ISBN**

**© Смағұлов Ж.Қ. 2014 ж.**

# ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ КӨКЕЙТЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ



## **ТАРИХИ ЖЫРЛАРДЫ ТАРАЗЫЛАУ ТАРИХЫНАН**

Қазақ әдебиеттану ғылымында фольклортанудағы ғылыми-зерттеу жұмыстарында кешегі кеңестік идеологияның, маркстік-лениндік методологияның бұрмалаушылық зардабын, атап айтқанда, «тұрпайы социологизм» теориясының әсерін қатты көрген қазақтың тарихи жырлары болды. 1920-30 жылдары фольклорлық мұраларды игеру жұмыстарына байланысты эпостық жырлардың жиналуы мен жариялануында тарихи жырлар қағаберіс қалып келді. Оның себебі, хан-сұлтандарға, үстем тап өкілдеріне деген теріс көзқарас әсерінен еді. Қазақ халқы тарихында Абылай, Кенесары хандар және олардың батырлары туралы тарихи жырларға байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу сол кезде дәуірлеп тұрған таптық көзқарасқа қарама қайшы келді. Сондықтан 20-жылдарда Алаш арыстары еңбектерінде айтылған азды-көпті пікірлер болмаса, толықтай жүйелі зерттеу жүргізілмеді.

1920-30 жылдары фольклор мен әдебиет тарихын зерттеудегі негізгі бағыт-бағдарлар мен арналар әдебиет хрестоматияларында ғана айқындалған болса, олардың күрделі мәселелерін ғылыми тұрғыда тереңдете тексеру 40-жылдардан бастап оқу құралдарын жазу барысында жүзеге асты. Алғашқылар болып 1941 жылы Қ.Жұмалиевтің 8-класқа арналған «Қазақ әдебиеті», Е.Ысмайыловтың 9-класс үшін «Қазақ әдебиеті» атты оқу құралдары жарық көрді де, мектепті әдебиеттің тарихи курсын жүргізу мақсатынан туғандықтан, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің соны ізденістер жасауына жол ашты.

«1943 жылы Кеңес Одағында тұңғыш рет жасалған, одақтың ең мықты тарихшыларының жәрдемімен, әсіресе академиктер Греков, Дружинин, Панкратова, Кучкин, Бернштам, Вяткиндермен бірге, М.Әуезов, С.Мұқанов, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайлов пен Е.Бекмахановтардың ынтымақ-бірлігінен туған «Қазақ ССР тарихы» Сталиндік сыйлыққа ұсынылып, ең ақырғы сатыға жеткенде, өзінің шовинистік көзқарасынан айыға қоймаған қарт профессор А.И.Яковлев «бұл орысқа қарсы жазылған кітап» деп сыйлық комитетіне мәлімдеме жасады. «Қазақ ССР тарихы» сыйлықтан қағылғаны былай тұрсын, осы кезде, яғни 1943 жылы 28 маусымда Е.Бекмаханов «К.Қасымов бастаған қазақтардың ұлт-азаттық күресі (1837-1847)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, мәселені одан әрі ушықтыра түсті». «Қазақ ССР тарихындағы» өткен ғасырлардағы қазақ халқының мәдениеті мен әдебиеті туралы тарауларындағы негізгі тұжырымдар 1941-43 жылдардағы әдебиет хрестоматиялары мен оқу құралдарынан бастау алып жатқаны айтпаса да түсінікті.

Қ.Жұмалиевтің оқулығы әдебиет хрестоматияларында анықтамалық сипатта таныстырылып жүрген халық ауыз әдебиеті үлгілерінің жанрлық сипатын ғылыми тұрғыда аша отырып, жүйелі талдау жасау жолындағы игі кадам болды. Басқа жанрлар туралы негізгі тұжырымдар 20-30-жылдардағы фольклортану саласындағы еңбектерден туындап жатқанымен, автордың бұрын жан-жақты сөз бола қоймаған батырлық жырлар мен тарихи жырлардың тарихи мәні мен маңызы, шығарма құрылысы, образдар жүйесі, жырдың туу кезеңдері, идеялық және көркемдік ерекшелігі туралы ой-толғамдары ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің соны ізденісін танытады. Фольклортануда бұрын сөз болып келген батырлар жырынан басқа «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Қарасай-Қази», «Едіге» т.б.

эпостардың, тарихи жырлардан Исатай, Қабанбай, Бөгенбай, Ағыбай секілді халық батырлары туралы жырлардың оқу құралдары арқылы алғаш таныстырылуы, ғылыми тұрғыда бағалануы бұл жырлардың зерттеле бастауының ізашары болды. Ең бастысы, автор оларды «кейіпкері қай таптан шықса сол таптың жыры» деп бағалап келген «тұрпайы социологизмге» тән көзқарастан арашалап алды. Ғасырлар бойы сақталып келген халық ауыз әдебиетінің көрнекті үлгілері, халықтық шығармалар екенін дәлелдеп берді. Оқулықтың ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге қосқан екінші бір мәнді жаңалығы, 1930 жылдардағы зерттеулерде аттары бірде аталып, бірде аталмай, оның өзінде таптық көзқарасқа сай әдебиет тарихындағы орыны дұрыс бағаланбай келген XVIII-XIX ғасырдағы ақын-жыраулар шығармашылығының өз бағасын алуы. Бұқар, Дулат, Мұрат, Махамбет, Шернияз, Нысанбай, Шортанбай, Біржан, Сүйінбай секілді ақын-жыраулар шығармашылығы осы ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихының көрнекті тұлғалары ретінде зерттеу нысанасына алынды. Олар өмір сүрген тарихи кезең мен өмірбаяндық деректерді сабақтастыра баяндай отырып, автор дәуір шындығының көркем шығармада суреттелуі, жырлаған тақырыптары мен идеялары, әр ақынның өнерпаздық тұлғасы, әдебиет тарихынан алатын орны туралы маркстік-лениндік әдіснаманың талаптарынан тыс тұжырымдар білдіруге ұмтылыс жасаған. Рас, олардың шығармашылық мұрасы толық қамтылмағанмен, әдеби-теориялық сипатта талдау жасауға деген талпыныс игі қадамның нышаны екенін айта кеткен орынды болмақ. «Зерттеушінің ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің үлкен тұлға ескерткіштерін екшеп, іріктеп көрсетуге талаптанған» бұл оқулығы өзінен бұрынғы және сол кездегі ғылыми ізденістердің қорытындысы ғана емес, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің жаңаша бағыттағы

зерттеулерге баруына ізашар бола білді. Қ.Жұмалиев оқу құралының 1942, 1943 жылдары «Қазақ әдебиеті. Қазақтың ауыз әдебиеті мен XVIII-XI, X ғасырдағы жазба әдебиеті» деген атпен шыққан, 1948-50-жылдары «Қазақ әдебиеті» деген атпен шыққан жаңа басылымдарын ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің бұл саладағы азды-көпті қол жеткізген табыстарымен толықтыра отырып, келешек монографиялық зерттеулерге апарар күрделі де соны мәселелерінің бағыт-бағдарын ашуға ұмтылыс жасады.

Ұлттық әдебиеттану ғылымына ұлтшылдықты әшкерелеу саясатына сүйенген «тұрпайы социологизм» теориясының шабуылы абайтануға байланысты ғана жүргізілген жоқ. Ол қазақ фольклорын, әдебиет тарихы мен теориясын зерттеуде әдебиеттің таптығы мен халықтығы қағидаларына сәйкес келмейді деп тапқан зерттеу еңбектердің бәрін қамтыды және бір-бірімен байланыстылықта алып талқандап отырды. Оған дәлел - 1950 жылы 26 желтоқсанда «Правда» газетінде жарияланған Т.Шойынбаев, Х.Айдарова, А.Якунин секілді тарихшылардың «За марксистко-ленинское освещение вопросов истории Казахстана» деп аталатын мақаласынан туған сыңаржақ көзқарастың өріс алуы. Мақаладағы сын тезіне түскен басты мәселе Қазақстан тарихы мен әдебиетіндегі Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілістің ұлт-азаттық сипатта шындыққа сай бағалануы мен Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастаны және ел аузынан жазып алынған «Ер Ағыбай» атты тарихи жыр мен аңыз-әңгімелердің асыл мұра ретінде бағалануында жатыр еді. Осы мақалаға сай КП(б)П Орталық комитеті қаулы қабылдап, жан-жақты талқылау ұйымдастырды. «Кенесары - халықтың қас жауы» деген атпен «Әдебиет және искусство» (1951, №5) журналында жарияланған осы талқылау қорытындысынан кейін мерзімді баспасөз бетінде Кенесары-Наурызбай туралы

тарихи жырлардың халыққа жат екендігін дәлелдеу басталды. «Әдебиет және искусство» өзінің осы жылғы №6 санын тарих пен әдебиеттанудағы қаулы көрсеткен саяси қателіктерді түзету жұмыстарына арнады. М.Ақыжановтың «Қазақстан тарихындағы буржуазияшыл-ұлтшылдыққа қарсы» мақаласында тарих ғылымындағы хандық, феодалдық дәуірді дәріптеуді талқандаса, Т.Нұртазин «Кенесарының зұлымдығын әшкерелейтін поэма» мақаласында М.Сералиннің «Топ жарған» шығармасын тілге тиек ете отырып, Кенесарының еңбекші тапқа, халыққа жат тұлға екенін түсіндірді. Бұндай әсіре тапшыл сорақылықты «Социалистік Қазақстан» партиялық баспасөз ретінде саяси тұрғыдан негіздей түсіп, қазақ әдебиеттануындағы Кенесарыға байланысты зерттеулердегі «ұлтшылдыққа» қарсы күрес ашты. Мысалы, Ж.Жұмаханов «Тарихи қаулының бес жылдығы» (14 тамыз) мақаласында республика партия ұйымы 1947 жылғы және одан кейінгі қаулыларында әдебиетші-ғалымдар әдебиет тарихын ұлтшылдық тұрғыдан баяндап келгенін, ескі ауыз әдебиетін сын көзімен қарау міндеттелгеніне тоқтала келе, «Алайда, Е.Ысмайылов, Х.Жұмалиев, М.Әуезов, Б.Кенжебаев және басқалары бұл қаулыдан сабақ ала білмеді. Олар өткен заманда ұлтшылдықты жырлаған, қазақ халқын өзінің досы ұлы орыс халқына қарсы күреске шақырған реакцияшыл ақындар мен жыршыларды мадақтап, оларға оқу кітаптарынан орын берді. Е.Ысмайылов пен Х.Жұмалиев өзінің кітаптары мен мақалаларында қазақ халқының қас дұшпандары Кенесары мен Наурызбайды жер-көкке сиғызбай дәріптеумен болды», - деп жазады. Сол сияқты республикалық партияның үгіт және насихат бөлімінің бастығы И.Храмковтың «Қазақстан әдебиеті жоғары идеялы болсын» деген мақаласы ұлтшылдықты әшкерелеу науқанының партия басшылығымен жүргізіліп жатқанын

дәлелдейді. Автор Қ.Қасымов көтерілісін ұлтшылдық көзқараста бағалаудың орын алғанын сынай келе, әдебиетші ғалымдар өз қателерін большевикше түзетудің орнына зиянда мақалаларын әлі де жариялап жатқанын айта тұқыртып тастады. Бұл көрнекті әдебиет зерттеушілерін қудалаудың жоғарыдан басталғанына бір дәлел болса, екіншіден олардың зерттеулері мен шығармаларындағы ұлтшылдықты ашуға арналған қаралағыш мақалалардың жариялануына жол ашты. Сол-ақ екен, тарихта Е.Бекмаханов, тіл білімінде С.Аманжолов бастаған ғалымдарды сынау қолға алынды. Әдебиеттанудан М.Ғумарова «Қазақ әдебиет тарихындағы Қ.Қасымов қозғалысын зерттеушілерге қарсы» деген мақаласында бүкіл әдебиетшілерді топтастыра алып, ұлтшылдықтың қамытын кигізіп жіберді. Б.Кенжебаев «Сұлтанмахмұттың ақындығы» монографиясына байланысты солақай сынның астында қалды. «Большевиктік әділ сынды» арқау еткен Н.Жандилдин «Сұлтанмахмұт туралы сапасыз кітап», Ж.Сәрсеков «Тарихи шындық бұрмаланбасын», Б.Сахариев «Б.Кенжебаев творчествосындағы қателіктер» секілді мақалаларында ақын шығармашылығын зерттеудегі «бірыңғай ағым» теориясына шалдыққан қателерді «өлтiре сынады». Соның негізінде «Кенжебаев жолдастың кітабы шынайы ғылыми еңбек емес, көп ретте тарихи шындықты бұрмалайтын бірбеткей, Сұлтанмахмұтты дұрыс түсінуге мүмкіндік бермейтін, қайта көп жерінде шатастыратын кітап» болып бағаланды, ақын мұрасын зерттеу мен оқытуға күмән тудырып, тіпті әдебиет тарихынан сызып тастау керек деген қатал үкімнің шетін де шығарып қойды. Бұл сипаттағы сыңаржақ ой Т.Нұртазиннің «С.Мұқанов творчествосы туралы» еңбегіне арналған Қ.Сатыбалдиннің «Қателіктерді бұркемелейтін монография» деген сынында да көрініс тапты.

Автор орта мектепке арналған оқу құралдары мен 1949 жылғы «Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктеріндегі» мақалалардан басқа, кеңес дәуіріндегі акын-жазушылар туралы еңбек жоқ екенін орынды атап етіп, бұл бағыттағы тұнғыш еңбек екеніне көңіл аударарды. Бұл салада қазақ әдебиеттануы жеткіліксіз жұмыс жасап отырғанын, оның өзінде ұлтшылдық шырғауындағы өрескел қателерге жол берілгенін, осы еңбек арқылы дәлелдеуді мақсат тұтады. Сыншы «С.Мұқанов шығармашылығын орынды-орынсыз мақтау, олардың кемшіліктеріне көз жұму секілді совет әдебиет зерттеушісіне жат керексіз тенденция монография бойында үнемі орын алып отырады. Мұндай жаман тенденция, әсіресе, «Адасқандар», «Теміртас», «Балуан Шолақ», «Ақ аю», «Мырзабек», «Жайлауда» секілді шығармаларын талдаған тарауда бірден көзге түседі», - деген ойдың жетегінде кеткен. Мақалада автордың Т.Нұртазинді ғана емес, С.Мұқановты да «ұлтшыл» етіп шығару ниеті анық байқалады. Ғылыми-зерттеушілік тұрғыда әдеби теориялық талдау жасай отырып, нақты мысалдармен дәлелдеудің орнына барлығын жоққа шығару басым түскен. Мысалы, «Нұртазин Сәбиттің «XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихының очеркі» деген кітабын әдебиетшілерге өте керекті ғылыми шығарма есебінде ұсынады. Қазақ тарихының сол бір шытырман дәуіріндегі әдебиетті жан-жақты зерттеуде әдебиетшілер осы кітапта келтірілген материалдарды негіз ету керек, олардың методикалық кілті осы кітап болуы керек дейді. Ал бұл кітапта кейбір поэма, дастандарды талдаумен байланысты Сәбиттің Кенесары-Наурызбай қозғалысын дәріптегенін, оларды халық батырлары есебінде көрсеткенін Нұртазин әшкерелемейді», - деген пікірі сол кездегі идеологиялық саясат талабынан табылуға деген ұмтылыстың айғағы. «Совет дәуіріндегі басқа да көрнекті жазушылар туралы

еңбектер жазылуы керек. Бірақ олар осы монография секілді емес, партиялық принциппен маркстік-лениндік методологиямен қаруланып барып жазылуы керек» деген түйінмен аяқталуы да сондықтан.

КК(б)П Орталық Комитетінің секретары М.Сужиков «Идеологиялық жұмыстың дәрежесін бұдан да арттыра түсейік» атты мақаласында, халық эпостарын әдебиеттің таптығы және халықтығы принципімен зерттеуде көп кемшілік орын алып, «бірыңғай ағым» теориясына бағалау басымдығын сынап өтті. 1950 жылғы Т.Шойынбаев бастаған тарихшылар жариялаған мақалаға байланысты алынған қаулыдағы сындар толық түзелмей, Кенесары-Наурызбайға байланысты жырлар ғана халыққа жат екені әшкереленіп, қалған эпостар әлі де болса «ұлтшылдық бұрмалаушылықтағы» көзқараста зерттеліп жүргені атап айтылды. Маркстік-лениндік әдіснаманы насихаттаған партия шақыруына жедел үн қосуға дағдыланған «тұрпайы социологизмге» бұл салада да кең жол ашылды. Ол Ғылым академиясының «хабаршысында» М.Ғабдуллиннің «Қазақтың батырлар жыры туралы» (1952, №9) атты мақаласында алғаш көрініс тапты да, оның «О состоянии и задачах изучения казахского эпоса» (1953, №4), Н.Смирнованың «Об источниках и вариантах казахского героического и сказочного эпоса» (1953, №4) секілді мақалаларында таптық тұрғыда ғылыми негізделе бастады. Халық эпосының зерттелуі үлкен айтысқа айналды да, «сол кездегі газет-журналдарда шыққан мақалалар мен жиналыстарда айтылған пікірлер екі топқа бөлінді. Біріншісі - «ұр да жық» бағытында болса, екіншісі - өткендегі мұраға әділдікпен қарауды, мұра атаулының бәрін құртып жібермеуді айтады». Ақырында академияның Тіл-әдебиет институты Орталық Комитеттің қолдауымен ғылыми айтыс өткізу керек деп шешті. Бұдан ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің Абай мұрасын зерттеу

туралы өткен ғылыми айтыстағыдай «тұрпайы социологизм» теориясына қарсы тұруға дайындалған күресін тағы да көреміз. Сондықтан кеңірек тоқталалық.

Алғашқы шешім бойынша «Қазақтың батырлар жыры туралы» баяндама М.Әуезовке, «Тұрмыс-салт жырлары туралы» баяндама С.Мұқановқа тапсырылған. Бірақ бұрынғы зерттеулеріндегі «ұлтшылдықтары әшкереленген» екеуі де бас тартқан. М.Ғабдуллиннің сөзіне сенсек, қазақ әдебиеті тарихын зерттеуде көп қате жібергендерін тілге тиек ете келіп, өздерінің сыналуы қажеттігін айтып, баяндама жасаудан бас тартқан. Соның салдарынан ғылыми айтысты өткізу кешеуілдеп барып, 1953 жылы сәуірдің он екісінде өтілді. Дискуссияға Москва, Ленинград, Ташкент, Фрунзе қалаларынан фольклорист ғалымдар шақырылып, халықаралық дәрежеде өтуіне үлкен мән берілді. «Қазақтың батырлық жырын зерттеу жөніндегі проблемалар туралы» деген алғашқы баяндаманы М.Ғабдуллин жасады. 1947 жылы «Қобыланды батыр» жырынан диссертация қорғағандықтан, эпостанушы ретінде баяндама М.Ғабдуллинге партия тарапынан «үлкен сеніммен» тапсырылған. Ал «Қазақтың тұрмыс-салт жырлары туралы» баяндаманы (әдебиетшілерден мойнына ешкім алмаған болуы керек) тарих ғылымдарының кандидаты М.Ақынжанов жасады. Қырыққа тарта адам жарыссөзге қатысқан айтыс үш күнге созылды. М.Ғабдуллин баяндамасында негізінен екі түрлі мәселеге айрықша көңіл аударылды. Бірі - батырлар жырының халықтығын ашу, яғни халыққа жат жырларды, әсіресе, Кенесары көтерілісіне байланысты тарихи жырлардың зиянын анықтау, екіншісі - эпостарды зерттеудегі жіберілген қате кемшіліктерді сынау. Оның әдіснамалық негізіне әдебиеттің таптығы мен халықтығы туралы маркстік-лениндік қағида алынғандықтан, көптеген жырлар халыққа

жат деп бағаланды да, «тұрпайы социологизм» көзқарасындағы ой-пікірмен тұжырымдалды. Соның негізінде батырлар жырын зерттеудегі М.Әуезов, Ә.Марғұлан, С.Мұқанов, Б.Кенжебаевтардың жіберген «қателіктері» партиялық сын деген желеумен сыңар жақтықпен «өлтіре сыналды». «Бүкіл рухани байлығымыз шонжарлардың ықпалынан туған қауіпті феодалдық дүниеге айналды. Қазақстандағы үш жүзден аса батырлық жырлардан тек «Қамбар батыр» жыры ғана тоқсан үйлі тобырды асырағаны үшін тәуір аталып, өзгелерінің бәріне теріс баға берілді». Көрсетілген қателіктер «ұлтшыл-буржуазияшылдық» ұғыммен тығыз байланыстылықта айтылғандықтан, С.Нұрышев, Т.Шойынбаев, Ә.Нілдібаев, Ә.Тәкежанов және тағы да басқа жарыссөзде сөйлеушілердің көбі әшкерелегіш бағыт ұстай сөйлеп, нигилистік көзқарастағы жоққа шығарушылықты даурықтырып жіберді. Оның үстіне сыналусылардан өз қателіктерін мойындауын талап етілуі, оларды қудалауға ұшыраған әдебиетші ғалымдардың соңынан жіберуге деген іс-шараның да ұйымдастырылып жатқанынан хабар бергендей.

Оқу құралдарына байланысты қазақ әдебиетінің тарихына «тұрпайы социологистік» көзқарастың қайта жаңғыруы С.Төлешовтің «Қазақ әдебиеті» туралы» («СҚ», 1944, 12 сәуір) деген сын мақаласы арқылы тағы да көрініс тапса, 1946 жылы П.Кузнецовтің «Идеясыздық пен жайбарақаттық жағдайында» («СҚ», 4 қазан), С.Төлешовтің «Әдебиеттік оқу кітаптарындағы елеулі кемшіліктер» («Лениншіл жас», 13 қараша), «Қазақ әдебиетін зерттеудегі елеулі қателіктер мен кемшіліктерді батыл және тез жояйық!» («СҚ», 1 желтоқсан), А.Ысқақовтың «Зиянды кітап» («Лениншіл жас», 11 қыркүйек) секілді әшкерелегіш мақалаларға жалғасты. Бұлар 1947 жылғы қаһарлы қаулыға алып барар жолдағы

дайындық кезеңінің жалпы сипатын танытатын алғашқы белгілері десе де болады. Оған партияның көркемөнер, әдебиет және ғылым туралы саясаты мен идеологиясынан туындаған объективті себептер де әсер етпей қалмады. Бұл бағыттағы бұрмалаушылық алғаш Қазақстанның өзінде басталды.

Еңбектің Исатай-Махамбет туралы жазылған тұстары қазақша, орысша («СК», 1943, 26 қазан, «Каз. правда», 1943, 24 қазан), ал «Повстанские песни казахов в XIX в.», «Ч.Валиханов» тараулары орысша («Каз. правда», 1943, 30 қараша) жарияланып, ғылыми ортада қолдау тапты. Оған қазақ тілінде шыққан А.Кучкин мен М.Вяткиннің «Қазақ ССР-нің тарихы», А.Пясковскийдің «Қазақ ССР-нің тарихы» («СК», 1943, 12 және 30 мамыр), А.Панкратованың орыс тілінде шыққан «Основные вопросы истории Казахской ССР» (Большевик Казахстана, 1943, №10-12) секілді мақалаларындағы жаңашыл ғылыми ой-пікірлер де әсер етпей қалмады.

Бірақ Қазақстанда және басқа ұлт республикаларында өз халқының тарихы мен әдебиетін жаңаша тану жолында сәтті ізденістер жасауға ұмтылып жатқан ғылыми күштердің «ұлтшылдыққа» негізделген бағыт-бағдарын ұнатпаған БК(б) Орталық Комитеті 1944 жылы бүкілодақтық тарихшылар кеңесін өткізіп, еңбектің тас-талқанын шығара сынады. Соның негізінде 1943 жылы М.Әбдіхалықов пен А.Панкратованың редакциясымен шыққан «История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней» атты еңбек «Орыс халқына қарсы жазылған, Россияға қарсы ұлттық көтерілістерді дәріптейтін зиянды кітап» болып танылды. Осымен партия өз халқының тарихын танып-білуге ұмтылған «ұлтшылдық» көзқарастарға қарсы күрес ашып, оны татар халқының «Едіге батыр» жырын ұлтшылдық мақсатта насихаттағанына байланысты 1944 жылғы 9 қыркүйектегі

қаулысымен бекітіп тастады. Сыннан қорытынды шығаруға ұмтылған Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті «Қазақ ССР тарихын екінші рет бастыруға даярлау туралы» арнайы қаулы (1945) қабылдап, Кенесары хан көтерілісі және оның батырларына байланысты туған «жаңа ұлтшылдықты» түп-тамырымен жою үшін күреске шықты. Кеңестік идеология ықпалымен сойбын ала жүгіретін сыншыларды былай қойғанда, Е.Бекмахановтың өзі «Қазақ және ұлы орыс халқы достығының тарихи тамырлары», «Ұлы достық» («СҚ», 1945, 30 қазан, 18 қараша), орыс тілінде «Исторические корни дружбы казахского и русского народов» (Большевик Казахстана, 1947, № 11) секілді мақалаларын жариялап, ғылыми позициясынан безіп шықты. Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуы туралы концепция орнығып, кеңінен насихаттала бастады. Міне, осыдан бастап егеменді ел болғанымызға дейінгі ұзақ уақыт бойы халқымыздың азаттық үшін күресінде ұлт намысы болып танылған ұлы көтерілістің тарихи маңызы жоққа шығарылды. Әдебиет тарихында Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастаны, халық фольклорындағы «Наурызбай-Ханшайым», «Ер Ақжолтай Ағыбай» секілді тарихи жырлар орынсыз мансұқталғанымен халық өз ерлерін ғана емес, олар туралы жыр-дастан, аңыз-әңгімелерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келді.

2002 ж.

## БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БИБЛИОГРАФИЯНЫҢ ТУУ ДӘУІРІ

Қазақ әдебиеттану ғылымы ұлт әдебиетінің тарихы, теориясы, сынының тарихы жолын зертеуде айтарлықтай табысқа қол жеткізді. Қазірде даму, өсіп-өркендеу дәуіріне қадам басып отырған ол өзінің жеке ғылым саласы ретінде қалыптасу тарихындағы ізденістері мен іркілістеріне, жетістіктері мен кемшіліктеріне заман талабына сай жаңаша көзқараста баға беруге ұмтылуда. Әдебиеттану ғылымының жеке саласы болып саналатын осы үш пәннің өзіндік ерекшелігіне сай халқымыздың әдеби-тарихи, әдеби теориялық және сыншылдық-эстетикалық бағыттағы ой-көзқарастарының туу, қалыптасу жолдары ғылыми тұрғыда біршама сараланды. Ал бұл үшеуі келіп тұтастай алғандағы ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді құрайды. Егер де ұлт әдебиетінің тарихы, теориясы, сыны туралы ауыз толтырып айтарлықтай монографиялық және ғылыми зерттеу еңбектер жазылған болса, кенжелеу қалып келе жатқаны – қазақ әдебиеттануының құрамдас салалары болып табылатын библиографиясы мен текстологиясының мәселелері. Қазақ библиографиясы қалыптасты, ұлт әдебиетіне байланысты жарияланған мақалалар мен зерттеулердің көрсеткіші жасалды, жеке жазушылар шығармашылығын текстологиялық тұрғыдан зерттеу қолға алынды деп жүрміз. Алайда осы екі саланың өзіндік туып, қалыптасу жолындағы алғашқы қадамдарынан бүгінге дейінгі тарихын ғылыми саралау назардан тыс қалып келе жатқанын байқау қиын емес.

Әзірге бары профессор Ә.Нарымбетов пен Ү.Субханбердинаның мақалалары мен әдебиеттану мен сын және баспасөз салалары бойынша библиографиялық көрсеткіштеріндегі алғы сөздер ғана. Библиографиялық

сипаттағы алғашқы ізденістерінен бастап кешенді түрде зерттеу қажеттігін атап айту керек.

Бұл олардың жеке ғылыми сала ретіндегі бастан өткерген жолы мен кезеңдерін айқындау үшін ғана емес, ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихын бүкіл болмыс-бітімімен зерделеуде маңызы зор. Себебі академик Ә.Марғұланның сөзімен айтсақ: «Ғылым дегенің библиографиядан басталады ғой».

Қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірінде қол жеткізе алған табыстарын саралаған уақытта, оның өз қадамын нық баса алғанын дәлелдей түсетін тағы бір жайттарға назар аударған абзал. Ол — осы ғылымның қосалқы салалары болып табылатын библиография мен текстологиясына қатысты мәселелердің де нақты көтеріле бастауы. Ғылыми-зерттеушілік ой-пікір осы екі сала бойынша алғашқы барлауларының жиынтығы болып табылатын кейбір нәтижелерін ұсынып та үлгерді. Егер бұл барлауларды тарамдата баяндасақ, библиографияның тұңғыш қадамы XIX ғасырдың соңына қарай көрініс берген екен. Оның нақтылы себебі де жоқ емес. Ол ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде филологиялық және биографизм мектептерінің белгілері молырақ орын алуының әсерінен еді. Қазақ даласын зерттеген орыс ғалымдарының көпшілігі орыс әдебиеттануындағы осы мектептердің ықпалында болатын. Проф. Ә.Нарымбетовтің: «Революцияға дейінгі көрсеткіштер комплексті сипатта болды. Қазақ әдебиетіне тікелей арналған көрсеткіш бола қойған жоқ. Қазақ әдебиетіне байланысты библиографиялық деректер экономика, статистика, этнография, шаруашылық, тарих жайлы материалдардың ішінде жүрді» (1), - деп атап көрсеткеніндей, олардың көрсеткіштері жалпылама сипатта құрастырылды. Қазақ әдебиеті туралы библиографиялық мағлұматтар мен деректер көбірек кездесетіндері де бар. Атап айтсақ,

З.М.Пенкинаның «Закаспийский край. Систематический сборник библиографических указаний книг и статей» (Спб.1888), А.Н.Харузиннің «Библиографический указатель статей, касающихся этнографии киргизов и каракиргизов 1734-1800 гг.» (Этнообозрение, 1891, №2), «Киргизы Букеевской орды» (1889), Е.А.Алекторовтың «Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах» деген атпен «Оренбургский листок» газетіне 1892-1893 жылдары, «Тургайская газетада» 1895 жылы, Қазан университеті «Хабаршысының» 1900 жылғы 16-томында жарияланған көрсеткіштері, Д.К.Зелининнің 1913 жылғы Санкт-Петербургтен шыққан библиографиялық көрсеткіштері бұл сала бойынша жүргізілер жұмыстардың ізашары болды. Бұлардың қатарында ұлт зиялыларының өкілдері болмағанымен, орыс ғалымдарының қазақ әдебиеті мен фольклоры туралы материалдарды библиографиялық тұрғыда жүйелеуге ұмтылыс жасауы, келешекте жүзеге асар үлкен істің бастамасы еді. Қазақ библиографиясының білгір мамандарының бірі Ә.Нарымбетов оны дұрыс бағалай отырғанымен, төңкеріске дейін осы орыс ғалымдарының көрсеткіштерінен өзге ештеңе жоқ деп тауып, қазақ баспасөзіндегі бұл бағыттағы ізденістерді елеусіз қалдырады. Қазақ библиографиясы лениндік ұлт саясаты мен түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеттің үлкен табысы екенін көрсету мақсатында: «Революцияға дейін 2% сауатты адамы бар қазақ халқының Ұлы Октябрьге дейін ұлттық библиография туралы ойлауға да шамасы келген жоқ. Библиография негізінен дамып жетілген ұлттық баспасөзбен байланысты болса, қазақ тіліндегі тұңғыш газеттер мен кітаптар XIX ғасыр аяғында, XX ғасыр басында шыға бастады. 1913 жылы Қазақстанда шыққан 13 кітаптың екеуі ғана қазақ тілінде жазылған болатын (Шындығында 48 кітап, оның төртеуі ғана орысша. Ж.С.) (2), 14 газеттің үшеуі ғана қазақ тілінде жарық көріп тұрды.

Ұлттық баспасөздің жай-күйі осындай болғанда, библиография туралы сөз етудің мүмкін еместігі өз-өзінен түсінікті» (1), - деген тұжырым жасайды. Төңкеріске дейінгі қазақ әдебиетіне, баспасөзі мен жарық көрген ірілі-уақты кітаптарға деген еуроцентристік көзқарасқа негізделген нигилистік сипаттағы бұл секілді пікірлерді көптеген ғалымдарымыз үлкен мінбелерден шабыттана айтып, өз ғылыми еңбектерінде оңды-солды келтіргені мәлім. Біздің ойымызша, қазақ әдебиеттануы өткерген қилы кезеңдерге тән қиыншылықтарды бірге кешкен, бүгінде осылайша менсінбей қарап жоққа шығарылуға дейін қол жеткізген қазақ библиографиясының алғашқы талпынысы төңкеріске дейін-ақ көңіл аударарлықтай сипатта таныла бастады.

Бұл жолдағы алғашқы талпыныстар «Дала уалаяты газетіндегі» «Жаңа кітаптар» айдарымен беріліп отырған хабарларда көрінді. 1888 жылғы бірінші санында П.Кулешов, А.Левшин, Щ.Кологривов, И.Вацликалардың кітаптары басылып шыққаны туралы мәлімет берілген. 1889 жылдан бастап қазақ халқы туралы шыққан кітаптар мен жарық көріп жатқан фольклорлық үлгілер, ақын-жыраулар шығармаларының тізімін ұдайы көрсете отырып, кейбіреулеріне сын пікір де білдірген. Мысалы, В.Радловтың «Словарь тюркских наречий», А.Харузиннің «Киргизы Букеевской орды», Е.Смирновтың «Библиографические очерки султана Ахмета Кенесарина», М.Кафидің «Исламның әуелгі уақыттағы тарихы», Н.Гродековтің «Киргизы и каракиргизы Сыр-Даринской области» секілді кітаптары туралы хабарламалар мен пікірлерді айтуға болады. Газеттің 1890 жылғы 32-санындағы «Ташкенттің күншығыс халқының жазулары. Ғылым хабарлары» атты мақаланы қазақ библиографиясының тұңғышы десе де болады. Онда Ташкенттің көпшілік кітапханасында өте сирек кездесетін құнды кітаптар бар екенін тілге тиек ете келіп, Фон

Кауфманның бұйрығымен А.Кун дегеннің орыстар Хиуа, Самарқанды басып алғанда көп кітаптар мен қолжазбаны Петербургке жібергені мәлімделеді. Кітапханадағы кітаптар, қолжазбаларға Н.Пантусов, Д.Грамениц, Ростислав секілді адамдар ерекше назар аударғанын, Е.Кальдың «Ташкент кітапханасындағы араб, парсы және түркі кітаптары» деген көрсеткіш шығарғанын хабарлайды. Газет библиографиялық сипаттағы мәлімет беру мақсатында: «Ташкент кітапханасындағы кітаптардың көбісі парсы тілінде, 60 кітап арабтікі, алтауы-ақ түркі тілінше, бір мәнтик кітабы, бір ғадалат кітабы һәм екі зор кітаптар түркі кітаптары дін турада һәм шежіре. Солардың көбінен Абулғазы хан жазған Хиуа түркімендерінің шежіресі таңсық, соны 1071 жылы жазған. Түркі кітаптарының арасында бірталай ғазел-жырлар бар және Бұқар-Қоқанның шежірелері таңсық. М.Хакімхан төре жазған осы кітап мейлінше көп, білімділер әлі де көп білмейді», - деп жазады. Бұл оянған ойдың кең өріс алып бара жатқанының айғағы және ол кейінгі қазақ баспасөз бетінде жалғаса түсті.

1910 жылы М.Сералинге қазақ журналын ашуға рұқсат берілгені туралы куәлікте «Айқап» журналын жеті түрлі саладан тұратын бағдарлама бойынша шығару көрсетілген екен. Олар: бас мақала, шет ел хабарлары, мұсылман өмірінен мәселелер, хроника, фельетондар мен өлеңдер, библиография және ғылыми мақалалар, әр түрлі хабарлар мен редакцияға хат. Бұл жобаны М.Сералин «Айқаптың» І-санындағы оқушыларға жазған арнауында «Сыртқы хабарлар, мұсылмандар тіршілігіне мысалдар, уақиғалар, фельетон, кітаптар хақында һәм ғылым бабында, басқарушыға келген хаттар» деп бес бағытқа топтастырған. Осында төртінші болып аталып тұрған сала жоғарыда көрсетілген библиография мәселесі екені анық, тек қазақи ұғымға жақындату үшін кітаптар хақында деп

алған және журнал оны мақсатты түрде жүргізіп отырған. Ендеше, қазақ библиографиясының тұңғыш қадамы «Айқаптан» басталған болып шығады. Жоқтан бар іздегендей болмас үшін нақты мысалдармен дәлелдеп көрелік.

«Айқап» «Кітаптар жайынан» деген арнаулы бөлім ашып «Баспашылдық дүниесінде», «Жаңа шыққан кітаптар» деген атпен қазақ тілінде жарық көрген кітаптармен жұртшылықты үздіксіз хабардар етіп отырған. Көбінде қандай кітап шыққаны, қайдан алуға болатынын хабарласа, кейбір жағдайларда қысқаша түсініктеме мен сын беріп отырған. Олар әдеби сын тарихында аннотациялық және жарнама сын деп аталды (3). Бұдан жаңа кітаптар туралы көрсеткіштік сипаттағы мағлұмат беріп отырудан туындаған журнал идеясы ұлттық сыншылдық-эстетикалық ойдың өріс алуына да негіз болғанын көреміз. Шынын айтсақ, қазақ әдебиеті сыны «Айқап» пен «Қазақта» туғандығы рас қой. Ал журнал шығып тұрған кезеңде екі жүзден астам әр түрлі сипаттағы қазақ кітаптары жарық көрген (2). Олардың барлығы туралы мәлімет бере қоймағанмен, журнал жартысына жуығы туралы хабар беріп, сыни пікір білдіріп отырды. Олардың ішінен библиографиялық тұрғыда маңызы барларын атай кеткен артық емес. «Айқап» бұл жолдағы алғашқы қадамын 1911 жылғы 1 санындағы «Маса» деген бүркеншік атпен жазған автордың «Кітаптар жайынан» атты мақаласынан бастайды. Онда шығыс әдебиеті үлгілерінен «Зарқұм», «Бозжігіт», «Шәкір-Шәкірат», халық әдебиетінен «Қыз Жібек», «Айман-Шолпандардың» кітап болып шыққандарын айта келіп, басылу сапасын және тіліндегі татаризмді сынаған. Бұдан соң соңғы жылдарда кітап шығару ісінің жақсы қолға алынып жатқанын, әсіресе, өз ақындарымыздың «Қырық мысал», «Бақытсыз Жамал», «Оян, қазақ!», «Гүлқашима», «Топжарған», «Шағир» секілді

кітаптары шыққанын хабарлап, оларға да сын көзімен қарауды ұмытпаған. Біздің ойымызша, мақала иесі М.Сералин болуы керек. Кейінде «М.С.» деген атпен жазған журнал редакторы, алғашқы санында бірталай материалды өзі дайындағандықтан «Маса» деп алған болуы керек.

М.Сералин журналдың 1913 жылғы 1 санындағы бас мақалада соңғы екі жыл ішіндегі жарық көрген қазақ кітаптарын санамалай көрсете келіп, «бұл секілді жаңа рухта жазылған кітаптардың дүниеге таралуы - қазақ ішінде бірлі-жарым ұйқылы-ояу бастарын көтерушілердің барлығына таң қараңғысындай бір ишарат болып көрінсе керек» (4), - деп жазады. Ал Д.Қашқынбайұлы 1912 жылғы 11 санындағы «Қазақ халқының тарихын уә шәжіресін сұраушыларға» атты мақаласы соңында 1900 жылғы А.Е.Алекторов көрсеткішінен алынған он екі кітаптың тізімін береді. (Мақала қолға түспеген соң көрсете алмадық Ж.С.) Журналдағы жекелеген кітаптардың басылып шыққанын жазған хабарламаларды айтпағанда мына қадамдарын қазақ библиографиясының алғашқы іздері демеске болмайды. 1912 жылғы 5 санында «Бұған да көз салыңыз!» деген атпен «Айқап» баспаханасына түскен қазақ кітаптарының тізімі берілсе, 1913 жылғы № 13, 14, 16, 17 сандарында «Брадран Каримовтар кітапханасы» деген атпен осы баспадан жарық көрген қазақ тіліндегі кітаптар тізімін ұсынған. Сол сияқты 1915 жылы № 2,3 санында «Қазақ» басқармасында сатылатын кітаптар» деген тақырыпшамен қазақ тілінде басылып шыққан он бір кітаптың тізімі берілген. Кең далаға біршама тарап, елдің қазақша ойлауына мұрындық болған «Айқап» қазақ кітаптарының жарық көргенін хабарлап, тізімін беріп түсініктеме, ал кейде сын жазып отырғанда екі түрлі мақсат ұстанған. Оның бірі - қазақ кітаптарының ел арасына таралуын насихаттау болса, екіншісі - өз бағдарламасында көрсетілген библиография істерін жүргізіп отыру еді.

Журнал бетінде көрініс тапқан қазақ библиографиясының осындай ізденістеріне бүгіндегі өскелең көзқараста қарап, мұрын шүйіре менсінбеуді қояр уақыт жетті. Барымызды жоққа шығарудан тапқан пайдамыз шамалы.

«Айқаптың» библиографиялық сипаттағы бұл игі істері «Қазақ» газетінің бетінде де өз жалғасын тапқанымен, тереңдей өркендеп кете алмады. Оған ел тағдырына байланысты саяси-әлеуметтік, қоғамдық мәселелерге көбірек көңіл бөлген газеттің мүмкіндігі де бола бермеген болуы керек. Сонда да болса «Қазақ» газеті «Жаңа кітаптар», «Қазақ» басқармасында сатылатын кітаптар» және тағы басқа тақырыптарда беріп отырған хабарларында жарық көріп жатқан фольклорлық үлгілер, оқу құралдары, жеке ақын-жазушылар шығармалары туралы мәлімет беріп отырды. Мысалы, «Кітап сұраушылар ескерсін» (1915, №105) атты мақалада Ғ.Қарашев кітаптары туралы айтса, «Жаңа шыққан кітаптар» деген айдармен С.Дөнентаевтың «Уақ-түйек», М.Сералиннің «Топжарған», М.Дулатовтың «Оян, қазақ!», «Терме», А.Байтұрсыновтың «Маса», «Тіл құрал» және тағы басқа да кітаптар басылғанын хабарлады. «Қазақтың» библиографиялық сипаттағы ізденісінде «Қазақ» басқармасында сатылатын кітаптар» деген атпен басқарма тарапынан шыққан мақалалардың мәні зор. Мысалы, 1915 жылы осы айдармен шыққан хабарда қазақша басылған 10 кітаптың тізімі берілген. Олар: А.Байтұрсыновтың «Әліппе», «Маса», «Тіл құрал» (1-жыл үшін), «Тіл құрал» (2-жыл үшін), М.Дулатовтың қазақша «Қирает кітабы», «Бақытсыз Жамал», «Есеп құралы» (1-жыл үшін), «Есеп құралы» (2-жыл үшін), Ғ.Қарашевтің «Аға тұлпар», Б.Өтетілеуовтің «Жиған-терген» кітаптары. Газет тізіміндегі кітаптың нақты нарқы мен почтамен жіберілгендегі бағасын қоса көрсетіп отырған. Міне, тура осындай дәрежедегі тізім газеттің он тоғыз санында шыққанын ескерсек, газет өзі шығып тұрған кездегі қазақ

кітаптарының библиографиялық тізімін толық көрсетіп берді деуге негіз бар. Бұл жеке кітаптар туралы хабарларды есептемегенде. Бұған М.Шоқаевтың 1915 жылғы № 156 санында жарияланған «Ә.Диваев» мақаласында ғалым бастырған этнографиялық материалдар мен фольклорлық үлгілерді «Ертегі-хикаялар», «Мысалдар», «Тарихи қағаздар» деген топқа бөліп, толық тізімін беруін қоссақ, біршама жұмыс жүргізілгеніне куә боламыз. Негізінен газет қазақ кітаптарының басылуы мен таралуы, олардың сапасы деген мәселеге аса селқос қарамаған. М.Дулатов М.Тұрғанбайұлының «Пайғамбар заманы» деген оқу құралына жазған мақаласында (1915, №139): «Бұл кітаптың тілі сұлу, түсінікті, айқын қазақша жазылып, бастауыш мектептің соңғы жылына арналған. Басылуы да көркем, емлесі қазақша. Мектеп кітаптарымыз жеткіліксіз болып тұрған кезде бұл мезгілді һәм орынды шыққан жақсы бір кітап болды», - деп бағалайды. Одан соң кітап иесінің «Түрік қауымдарының ішіндегі ең сап болып тұрған жалғыз қазақ әдебиеті екен. Осы алтындай таза, гауһардай қымбат қазақ әдебиетіне қылған қызметіміз бүтін түрік қауымдарына қылған қызметіміз ғой» деген пікірін қоштай келе, бұл салада арта қалып келе жатқанымыз қазақта баспахананың, кітап бастырушының және кітап саудасымен айналушылардың жоқтығы деп көрсетеді. Осы кітапты бастырып шығарған Қ.Қоңыратбайұлынан үлгі алуға шақырады. «Қазақ» бетіндегі осы тақылеттес ой-толғамдардың молынан айтылуы, қазақ библиографиясының мәселелеріне тікелей қатысты болмағанмен сол бағыттағы жұмыстардың жандануына өз септігін тигізгені анық.

Қорыта келгенде, қазақ библиографиясының ізашары болып табылатын қадамдар көрініс тапты. Ғасыр басынан кеңес дәуіріне дейінгі уақыт аралығында ұлттық әдебиеттану ғылымы өзінің туа бастағанын нық қадамдар

жасауымен анық танытқан шағында ұлттық библиография саласында да алғашқы ізденістер жасағанын байқаймыз. Ғұмырнамалық мақалалардың жазылу барысында, жеке дарындардың тұлғасын танытуда олар туралы бұрынғы-сонды жарияланған мақалалар мен еңбектерді немесе шығармаларының жарық көрген басылымы мен уақытын көрсетуін де назардан тыс қалдырмауымыз керек. Жалпы алғанда төңкеріске дейінгі қазақ баспасөзінің бетінде жарияланған көркем шығармалардың, әдеби-сын мақалалардың, көсемсөз үлгілерінің мазмұндалған тақырыптық библиографиялық көрсеткішін жасайтын жетті деген ойдамыз. Бұл әдебиет саласына ғана байланыстысы. Ал, тарих, этнография, жағрафия ғылымдары және баспасөз жанрларына байланысты жасалып жатса, нұр үстіне нұр болар еді. Әзірше бұлардың барлығы Ү.Субханбердинаның ерен еңбегінің арқасында ыждахаттылықпен көрген «Дала уалаяты газетінің» 5-ші кітабы және «Түркістан уалаяты», «Қазақ», «Айқап», «Қазақ. Алаш. Сарыарқа» сияқты кітаптардың соңында берілген библиографиялық көрсеткіштерде ғана көрініс тауып отыр. Қандай да болсын ғылымның негізі библиографиялық көрсеткіштен басталатын болса, историографияға бару үшін бұларсыз аттап баса алмасымыз анық.

- 
1. Нарымбетов Ә. Қазақ совет әдебиеті. Әдебиеттану мен сынының библиографиялық көрсеткіші. 1917-40 ж. I том. Алматы, 1970, 9-бет.
  2. Қазақ кітаптары. Библиографиялық көрсеткіш. (1807-1917). Алматы, 1986, 128-бет.
  3. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. Алматы, Санат, 1994, 72-бет.
  4. Айқап. Алматы, Қазақ энциклопедиясы, 1995, 131-бет.

2004 ж.

## НҰРҒАЛИ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ ӘДІСНАМАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ұлттық әдебиеттану ғылымы тарихында ғасырлар бойы туып-қалыптасқан ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің өсу жолына көз салатын болсақ, қазақ әдебиетінің жанрлық тұрғыда зерттелуі мәселесінде филология ғылымдарының докторы, Ұлттық ғылым академиясының академигі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Рымғали Нұрғалидың алар орны ерекше. Тарихи тұрғыдан таразылағанда, біздегі ұлттық драматургияның тууы мен жанрлық тұрғыда қалыптасуының тарихи жолын ғылыми саралаған ғалым-әдебиетшілер онша көп те емес. Осы жанр тарихы мен теориясы мәселелеріне арналған ғылыми мақалалардан басқа, Ә.Тәжібаев, С.Ордалиевтің бірді-екілі зерттеу еңбектері ғана аталар еді. Ал ұлттық драматургияның тарихын ғылыми зерделеуде оның бүкіл болмыс-бітімін жүйелеген, түбегейлі қопара қарастырған бірден бір ғалым Р. Нұрғали ғана десек, артық айтқандық болмас еді.

Қазақ әдебиеттану ғылымында атақты да дарынды әдебиетшілер аз емес. Жалпы алғанда олар ұлттық әдебиетіміздің тарихы, теориясы, сыны, библиографиясы, текстологиясының күрделі мәселелері туралы монументальды зерттеулер жазу арқылы ХХІ ғасыр басында кең құлаш жая дамудың нық жолына аяқ басқан қазақ әдебиеттану ғылымын қалыптастырды. Әсіресе тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда кеңестік идеология мен тоталитаризм мүмкіндік бермеген әдебиет тарихы, теориясы мен сынындағы «ақтаңдақтардың» беті ашылып, тарихи шындыққа сай әділ бағалануына жемісті еңбек сіңірді. Дүниежүзілік кез келген өркениетті саналатын елдің әдебиетімен иық теңестіре алатын ұлттық әдебиеті ғана бар емес, сол әдебиетті әлемге таныта алатын әдебиеттану ғылымы да туып-қалыптасып, жан-жақты

даму дәуіріне қадам басты.. Бірақ академик З.Қабдоловтың «Әуезов» аталатын еңбегіндегі пікіріне сүйенсек, ұлттық әдебиеттану ғылымында үш ғана ғылыми мектеп бар екен. «Олардың бірі – қазақ әдебиеті тарихының көне және орта ғасырдағы тарихы (негізін қалаған профессор Б.Кенжебаев). Екінші мектеп (жетекшісі З.Қабдолов) бойынша әдебиет теориясының түбегейлі мәселелері кең зерттеліп, ...ғалымдар мен жазушылар, жалпы әдебиет сүйгіш қалың жұрт сусындап келеді. Үшінші сала - әдеби сын. Бұл проблеманы басында профессор Т.Кәкішев бір өзі жеке дара алып зерттеп, ...қазақ әдеби сынының оқулығын жазып шықты. Қазақ әдебиеті кафедрасында туып-қалыптасқан әдебиеттанудың үш (тарих, теория, сын) саласындағы үш түрлі ғылыми мектептің сыр-сипаты осындай» деп жазады [1, 31]. Ғалым бұл арқылы ұлттық ғылыми-зеттеушілік ой-пікірдің қалыптасу жолындағы орасан зор еңбекті жоққа шығарып отырған жоқ. Зейін салсақ, осы үш ғылыми мектеп ұлттық әдебиеттану ғылымының негізгі үш саласы, яғни әдебиеттің тарихы, теориясы, сынына байланысты болып шығады. Ал Аристотельден бері айтылып келе жатқан әдебиеттің үш тегі - эпос, лирика, драмадан ұлттық әдебиеттану ғылымында жеке ғалым ыждаһаттылығымен ғылыми мектеп дәрежесіне жауап бере алатын сан-салалы зерттеулер жүргізілгені драма саласы екен. Ендеше оны ұлттық әдебиеттану ғылымында жеке жанрдың зерттелуіне байланысты алғанда, ғылыми мектеп дәрежесінде қалыптастырған – академик Р.Нұрғали. Сонау 1968 жылғы «Трагедия табиғатынан» бастап, 2002 жылы жарық көрген «Эпическая драматургия» еңбегіне дейін ұлттық драматургияның барлық ғылыми проблемалары зерттеушілік тұрғыда салмақты түрде сараланғаны бүгінде айтуға ғана жеңіл. Маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы, халықтығы, партиялығы аталатын

қатаң да қате қағидаларының тар шеңберлі талабының құрсауында ұланғайыр еңбек жазу оңай бола қойған жоқ. Ұлттық мүддеге тамыр тартатын кез келген жаңаша ұмтылыстағы ой-пікірдің жолы кесіліп, қолдан жасалып мадақталған социалистік реализм әдісін дәріптейтін, маркстік-лениндік әдіснама ықпалында ғана жазылған зерттеулер талап етілгені белгілі. Осындай кезеңде оған еуропацентристік теріс көзқарас пен ұлы державалық шовинистік менсінбеушілік қосылып, «дәстүрлі өнері мен мәдениеті жоқ көшпелі елдің» драманың аулынан алыс жатпағанын дәлелдеу оңай шаруа болмағаны анық. Бұл жерде «жалғыз шапқан ат жүйрік» дегіміз келіп отырған жоқ. Сан қырлы талант иесі Р.Нұрғали ғылым жолына арнаған ғұмырында ұлттық драматургияның туып-қалыптасу тарихының бүкіл проблемаларын кешенді түрде саралауды басты мақсат етіп қойғандықтан да ғылыми мектептің негізін қалады. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» демекші ғалымның ғылыми мектебінің ізбасар шәкірттері қазірі таңдағы қазақ драматургиясының келелі мәселелері мен күрделі жақтарын жан-жақты қарастыру жолында. Бұл жерде оларды санамалап жату артық. Әрине олардың бұл жолда алға ұстар ұстанымы - Р.Нұрғалидың ғылыми концепциясы. Себебі Р.Нұрғалидың драматургия саласындағы зерттеулерінде осы жанрдың кез келген проблемасына байланысты негізгі жүйе мен басты бағыт-бағдар жатыр. Шынында да ұлттық драматургияның тарихы, теориясы мәселелеріне қатысты қандай да болсын соны ізденіс ғалым еңбектеріне соқпай өте алмасы анық. Тіпті кешегі кеңес дәуірінде заман талабына байланысты айтылғандықтан бүгінгі күнгі көзқарас тұрғысынан алғанда артық-кем болып көрінетін кейбір ой-пікірінің өзінде сол шақтағы ұлттық әдебиеттану ғылымының басындағы қиын-қыстау кезеңнің шындығы жатыр деп ұққан жөн болар еді. Мәселе ғылыми атақ, дәреже алу

үшін ғана емес, ұлт әдебиетінің кескін-келбетін танытсам деген халық алдындағы перзенттік парызды өтеудің мақсаттылығында жатыр. Қазан төңкерісіне дейін «үш қана пайызы сауатты, қараңғы, надан» саналып, кемсітушіліктен көз аспаған халықтың драматургия аталатын ұлы өнерден құр алақан болмауы ғажайып құбылыс. Дүние аласапыран болған төңкерістен кейін жаңа заман ұсынған тақырыптарды жырлауда дәстүрлі тастр өнері жоқ деп есептелген қазақ халқының бұл жанрды бірден игеріп әкетуі таң қаларлық жағдай. Оған дейін бірді-екілі ғана драмалық шығармасы бар әдебиетімізде тек 1920 жылдардың өзінде-ақ отызға тарта сахналық туындының жазылуы тегін емес қой. Тіпті төңкерісті өздері жасағандай, оны жырлауда да ұшқырлық танытқанын академик Р.Нұрғали атап көрсетеді. Расында да дәстүрлі жолы бар орыс әдебиетінде В.Ивановтың «Бронепоезд 14-69», А.Треневтің «Любовь Яровая» тәрізді драмалары С.Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарынан» бірталай кейін, төңкерістің он жылдығына арналып жазылғаны тарихи шындық.

Академик Р.Нұрғалидың сан қырлы талант ретіндегі тұлғасы, әдебиетші ғалым, жазушы, сыншы ретіндегі ғылым мен әдебиетімізге қосқан үлесін зерттеу саласындағы ізденістер енді ғана қолға алынып жатыр. Үнемі ғылыми тың проблемалар мен соны идеялар бастап жүретін жаңашыл ғалымның ұлттық әдебиеттану ғылымын қалыптастыру, дамыту жолында ғана емес, оның тарихы мен әдіснамасы туралы да назар аударарлық пікірлер білдіргенін байқадық. Бірақ оның барлығына бірдей тоқталып жатуды мақала көлемі көтермесі анық. Ғылыми жұмысымыздың нысанасына байланысты дерек көздерін іздестіру барысында қарағанымызда, әлемдік әдебиеттану ғылымының әдіснамасы, оның ғылыми мектептері мен теориялары туралы ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-

пікірде алғаш сөз қозғаған Р.Нұрғали екен. 1972 жылы «Білім және еңбек» журналының №4 санында жарияланған ол мақала «Әдебиеттану жайында бірер сөз» деп аталады. Төңкерістің елу жылдығын мерекелеуге байланысты «Советтік Қазақстан ғылымы 50 жылда», «Қазақ әдебиеттануы мен сыны 50 жылда» деген құлаш-құлаш баяндамалар мен мақалалар жазылып, маркстік-лениндік әдіснаманы жадағай мадақтаудан аса алмады. Сол шақта бұл мақала көзі ашық, көкірегі ояу, ғылымға икемі бар жастарға жаңаша ой тастады. Өйткені маркстік-лениндік әдіснама қағидаларынан, оның зерттеу әдістері мен соцреализмінен басқа «керемет» жоқ деп насихатталып жатқанда, әдебиетті ғылыми тексерудің басқа да теориялары мен әдістері бар екенінен мағұлмат беріп қана қоймай, басты бағыттары туралы баяндап берген мақаланың қызығушылық тудыруы заңды нәрсе. Адамзат баласының қашан да болса тыйым салынған нәрсеге ерекше құмарта түсуі сонау Адам ата - Хауа анадан бастау алып жатыр.

Кеңестік идеология мен маркстік-лениндік әдіснаманың құрсауында отырған, әрбір тың ізденісі қатал қадағалануда болған, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге әлемдік әдебиеттанудағы зерттеу әдіснамасының өзіндік әр салалы ерекшелігі туралы алғашқы ұғым-түсінік осылайша көрініс тапқан еді. Ол әдебиетші ғалымдар ортасында белгілі бір дәрежеде қызығушылық пен таным-білік жолында ынта туғызбады дей алмасақ керек. Заман талабына сай іріп-шіріген буржуазиялық қоғамдағы зиянды саналған әдебиеттанудың ғылыми мектептері мен теорияларына қарсы сол кездегі идеологиялық талапқа сай сыншылдық көзқараста баға беру мақсаты жатқанымен, мақаланың ғылыми танымдық маңызы зор болатын. Кеңес Одағы елдерінде бұл кезеңде буржуазиялық қоғамдағы ғылым, оның керітартпа әдіснамасы, мектептері мен

теориялары туралы біржақты көзқарас мүлде орныққан еді. Маркстік-лениндік идеология талаптарына сай келмейтін тың көзқарас, жаңа қадам болса, социализм идеяларынан ауытқу, «батысқа бас июшілік, космополитизм, либерал буржуазиялық ұлтшылдық, саяси сана соқырлығы» саналғаны жалған емес. «Тырнақ астынан кір іздейтіндерге» мақала авторына «объективтік либерализмге ұшыраған ұлтшыл» деген кінә тағу оп-онай еді. Құдай сақтап мақала қазақ әдебиетіне «жаны ашығыш ондай достың» жазалағыш назарына ілікпеген. Ал ғалымның ғылыми шығармашылық тағдырында ондай «достың» болғаны белгілі. Біз бұл жерде осы мақала арқылы Р.Нұрғалиды «ұлтшыл» атанған күрескер жасайын деп отырған жоқпыз. Мақаладағы негізгі ой сол кездегі үстемдік құрып отырған әдіснаманың қасаң қағидаларынан аулақ та кетіп тұрған жоқ. Мәселе марксизм-ленинизм классиктері негізін қалаған методологияның жасампаздығын паш ету мақсатын ұстана отыра сынаған болып, әлемдік әдебиеттану ғылымындағы негізгі мектептер мен теорияларға әділ баға беруге ұмтылуында.

Кейін ғалымның «Телағыс» (1986) монографиясына толықтырылып енгізілген бұл мақала шынында да ұлттық әдебиеттану ғылымының әдіснамасы мәселесінде тырнақ алды еңбек еді. Ал дұрысында қазақ әдебиеттануының әдіснамасының мәселелері әлі де болса мақсатты ғылыми зерттеу нысанасынан тыс қалып келе жатқаны жалған емес. Қазіргі таңдағы әзірге бары әдебиетші ғалымдар Н.Жұбанышбеков пен М.Маданованың тарихи салыстырмалық мектеп (компаративизм) туралы зерттеу еңбектері ғана. Өкінішке орай олардың барлығы да орыс тілінде. Ал ұлттық фольклорлық және классикалық рухани құндылықтарымызды ғылыми тұрғыда игеруде әлем әдебиеттануына тән игіліктерден біздің де шет қалмағанымызды айтатын уақыт жетті.

Ғалым өз мақаласында «филологиялық деп аталатын мектептің историяграфия, библиография, текстология үшін маңызды табыстары болғанын айту ләзім» деп әділ бағалаған осы мектептің зерттеу әдіс-тәсілін ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір өз тарихында бастан өткерді. XIX ғасыр мен XX ғасырдың 40 жылдарына дейінгі әдеби мұраны игеру саласындағы зерттеу жұмыстарында басты бағыт-бағдарға алған әдіс-тәсіл осы филологиялық мектептің дәстүрі мен үрдісіне сай болғаны рас. Автордың бұдан да басқа жетістігі мен кемшілігін қатар саралаған биографизм мектебі, мәдени-тарихи мектеп, тарихи салыстырмалық мектеп (компаративизм), психологиялық мектеп, психоаналитикалық мектеп (фрейдизм), формализм мектебі, социологиялық мектеп, маркстік-лениндік әдіснама секілді мектептер мен теориялардың көпшілігі ұлттық әдебиеттану ғылымының туып-қалыптасуының қиын-қыстаулы тарихи жолында бізге де жат болған жоқ. Мысалы, абайтану ілімінен бастау алатын ұлттық әдебиетіміздің ғылыми тарихын жасау жолындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің 1900-1940 жылдар арасындағы ғылыми ізденістері мен іркілістері биографизм мектебінің талап-тілегіне толығымен сәйкес келеді. Тек биографизм мектебі ғана емес, кемеңгер Ш.Уәлихановтан, атақты Ә.Бөкейхановтан бастап ұлттық әдеби мұраны игеру бағытында ғылыми зерттеу жұмысымен шұғылданған фольклорист, әдебиетші, сыншы дарындарымыздың еңбектерінен мәдени-тарихи мектеп, тарихи салыстырмалық мектептің әдіс-тәсілдерін молынан кездестіруге болады. Себебі әдеби мұраны игеруде тек қазақ халқы ғана ойлап шығарған, тек сол ғана пайдаланған дейтін әдіснама тарихта жоқ және болмайды да. Айтты-айтпады Шоқанның орыс фольклортануындағы жетекші мән атқарған Р.Буслаев пен Ф.Афанасьевтардың жолымен мифологиялық мектеп пен «ауысып алу

теориясына» байланысты көңіл аударарлық тұжырымдарын «халық поэзиясына деген ағартушы-демократтық көзқарасынан шегіншектеуі» деп те бағалап жібердік. [2, 19]. Ондағы мақсатымыз ұлы ғалымды қайткен күнде де орыс революционер-демократтарына жақындату болғанын енді байқап отырмыз. Бізде қазір кеңес дәуірі деп аталып жүрген кезеңнің бәрінде де ұлттық ғылыми зерттеушілік ой-пікір тек маркстік-ленинлік әдіснама ықпалында болды деген біржақты көзқарастағы жалпылама түсінік бар. Шындығына келсек, бұл әдіснаманың толық үстемдік алуы тек 1945-1988 жылдар еншісінде деп ойлаған дұрыс болар еді. 1918-25 жылдар арасында «пролеткультшылдық теориясы» үстемдік құрса, 1926-40 жылдары «тұрпайы социологизм» теориясы ғылыми ой-пікірді әуре сарсаңға салды. Бұларға қарсы тұра алған Алаш арыстарының ғылыми зерттеу жұмыстарында негізге алған «бірыңғай ағым теориясы» ғана бола алды. Қайта оралған арыстарымыздың шығармашылық және ғылыми мұраларын зерттеушілер арасында бұл теорияның жетістігі мен кемшілігін саралау жағы кем соғып жатыр.

«Тұрпайы социологизм» туралы академик Р.Нұрғали: «Бұлар ең алдымен жазушы шығармасын оның таптық тегімен байланыстыра қараған. 1920 жылдары Мирский – Пушкинді, Кравченко – Гогольді, Нусинов – Успенскийді орыс әдебиетінің тарихынан сызып тастады. Жаңа іргесі қаланып келе жатқан қазақ әдебиеттану ғылымына осы ағымның жаман салқыны тиді. Проза жауһары саналатын «Қаралы сұлу», «Қараш-Қараш», «Қыр суреттері», «Қилы заман» сынды туындылардың әділ бағаланбай, бұрмалана түсіндірілуін эстетикалық талғамның саяздығынан деп білеміз» деп жазады [3, 52]. Ғалым кейінде кеменгер жазушының «Қилы заман» шығармасының тағдыр-талайы туралы ғылыми зерттеуінде «тұрпайы социологизм»

теориясының қате тұжырымдарының тек шығармаға ғана емес, суреткер тағдырына да қатты әсері болғанын орынды көрсетеді. Біз шартты түрде ғана «тұрпайы социологизм» теориясы 1926-40 жылдары болды деп отырмыз. Әйтпесе ол маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы қағидасына сай КСРО құлағанға дейін өмір сүріп келді. Оған дәлел - таптық тұрғыдан зиянды деп табылған тарихи жырлар мен Дулат, Мұрат, Шортанбай және басқа да көптеген көрнекті дарындарымыздың шығармашылығының әділ де дұрыс бағаланбауы. «Ұлтшылдық» таңбасы басылып руханят әлемі мен ғылыми ортадан аластатылған Алаш арыстарының мұрасының дұрыс бағаланбай келуіне социологиялық мектептің бұл теориясының әсері болмады дей алмасак керек. Ашығын айтқанда, кенестік идеологияның бұлжымас қағидаға айнала жаздаған қате тұжырымының негізгі арқауында осы «тұрпайы социологизм» теориясы жатыр десек, шындықтың аулынан алыс кетпес едік» [4, 31].

Негізінен белгілі бір ұстанымдағы әдіс-тәсілдің ғылыми мектептерде жетекші бағытқа айналғанынан кейін ғана ғылыми ортада дәлелденген теориялар мен бағыт-бағдарлар пайда болады. Ендеше ұлттық әдебиеттану ғылымының әдіснамалық мәселелерін кешенді түрде тұтастай қарастырып, ал жоғарыда біз тілге тиек еткен төрт ғылыми мектептің зерттеушілік бағыттағы әдіс-тәсілдері жолындағы ізденістерін ғылыми саралап, тарихи тұрғыда таразылау алдағы күннің міндетінде жатыр. Себебі, Тарих - қашан да болсын тарих және ол классик жазушыларымыздың бірі Ғ.Мұстафин айтқандай, «Ұлы сыншы - тарих». Ал оның жақсысы мен жаманы болмайды. Мәселе оны саясат пен идеология талаптарына сай емес, сол тарихқа қатысты ұлттың мүддесінің негізінде бағалауда жатыр. Белгілі ойшыл Сантаянның сөзімен

нақты айтсақ, «Тарихтан тағылым алмаған халық сол тарихты қайталауға бұйырылады». Сондықтан әлемдік әдебиеттану ғылымының әдіснамасына тән ғылыми мектептер мен теориялар, олардың әдіс-тәсілдерін ұлттық әдебиеттану ғылымы қандай дәрежеде игере және меңгере отырып қолдана алды дейтін мәселені зерттейтін уақат жетті деген ойдамыз. Өткен тарихтан сабақ алғанда ғана ұзақ жылдар бойы қағидаға айналған қате тұжырымдар ықпалында қалу қауіпінен арыламыз. Оған кешегі Кеңестер Одағындағы елдердің ішінде ұлттық әдебиетінде «ақтаңдақтар» көп орын алған біз болғанымызды айтсақ та жеткілікті.

- 
1. Қабдолов З. Әуезов. Алматы: Санат, 1992.
  2. Қазақ әдебиетінің тарихы. I том. Алматы: Ғылым, 1960.
  3. Телағыс. Әдеби дәстүр және әдеби даму. Алматы: Жазушы, 1986.
  4. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Алматы: Қазақ университеті, 1999.

2006 ж.

## ҚАЗАҚ БИБЛИОГРАФИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН

Қазақ зиялылары ХХ ғасырдың 1920 жылдарының бас кезінен-ақ төңкеріске дейінгі әдеби мұраны жинау, жариялау, ғылыми тексеру, сол арқылы ұлт әдебиетінің тарихын жазу жолындағы жұмыстарды қызу қолға алды. Бұл бастама өзінің туу дәуірін бастаған ұлттық әдебиеттану ғылымында библиография саласында соны қадамдар жасауға да мұрындық болды. Себебі, әдеби мұраны игеру мәселесі ХҮІІІ-ХІХ және ХХ ғасыр басында жарық көрген қазақ кітаптарына, қолжазбаларға, жылнамалар және шежірелерге деген ғылыми мақсаттағы танымдық сұраныстар мен ізденістерді туғызды.

Ол заңды құбылыс еді. Академик Ә.Марғұланның «кей ғалымдар библиографияның қадірін түсіне бермейді, ғылым дегенің библиографиядан басталады» деген пікірінде үлкен шындық жатыр. Ағарту халық комиссариатының қолдауымен қазақ тілінде басылған кітаптардың тізімін алу, анықтау, көрсеткіш ретінде шығару жолындағы жұмыстар жүргізіле бастады. Бұл бір жағынан кеңес өкіметінің өткендегі әдеби мұра туралы саясатына да байланысты еді. 1920 жылы 30 маусымда «РСФСР-дағы библиография ісін Ағарту халық комиссарлары Советіне беру» туралы Халық Комиссарлары Советінің В.И.Ленин қол қойған декреті шыққан болатын. Библиография жұмыстарына мемлекеттік дәрежеде мән берген бұл құжаттың маңызы зор еді.

Біріншіден, өткендегі әдеби-мәдени мұра атаулының барлығы «үстем тап идеологиясы ықпалында жасалған, сондықтан оларды тарихтың күл-қоқысына лақтырып тастап, бұрын болмаған жаңа пролетариат әдебиетін жасаймыз» деп даурыққан пролеткульшыл

көзқарастағыларға аз да болса тоқтау салды. Кітапханалардағы әлемдік әдебиеттің үлгілерінен көшеде от жағып жылынған жұмысшы-шаруа солдаттарын көрген М.Горький В.И.Ленинге жыларман болып барып «Тоқтат, ана варварларыңды» деп жалынғаны тарихтан мәлім. Қазақстанда тура осындай дәрежеде бола қоймағанымен, араб алфавитінде жазылған рухани көне жазба жәдігерлік мұра иелеріне «ескішіл, хандық дәуірді аңсайтын керітартпа, тап жауы» деген айыптар тағылып, ел арасындағы біршама қолжазбалар мен кітаптардың көзі құртылды. Біразын «діншіл» және «тап жауы» аталудан қорыққан ел жерге көмді, өртеді, жойды.

Екіншіден, оған кеңес дәуірінде де жалғасын тауып келе жатқан отаршылдық саясат та өз әсерін тигізбей қалмады. Арап әрпінен латыншаға көшу науқаны басталғанда қазақ оқығандары екіге жарылды. Алаш арыстары «араб әрпінен жасап алған әліп-биімізге жер жүзінде әліп-би баласы жетпейді» деген қағиданы ұстанды. Латыншаға көшу ғасырлар бойы халқымыздың рухани азығына айналған жазба мұраларымыз көзін құрту арқылы орыстандыру саясатының құйтұрқы әрекеті еді. Онсыз да «пролеткульшылдық» және «тұрпайы социологизм» теориялары көзқарасында таптық тұрғыдан теріске шығарылып жатқан жазба жәдігерлік мұрадан түгелдей айырылу қаупі төнді. Бұған орыс большевиктерінің пантюркизм, панисламизмге қарсы күресі белгілі бір дәрежеде әсер етпей де қалмады. Түркі тілдес халықтар мен ұлттардың басын құрайтын Түркістан Федерациясын құру идеясының көтерілуі оларды қатты қауіптендіргені де рас. Латыншаға көшуге қарсы жазған А.Байтұрсынұлының: «Түрік жұртының 90%-ы баяғыдан бері араб әріпін пайдаланып келеді. Әрқайсысының араб әрпімен жасалған хат мәдениеті бар. Хат мәдениеті деп әріпке қатысы бар нәрсенің бәрі айтылады, мәселен,

сауаттылық, оның жүзіндегі дағдылы өнер-білім, ілім, емле үйрету әдісі, баспа істері, баспа мамандары жазба мамандары, жазылған\_басылған барша\_сөздер, тағысын тағы сондайлар» (1), - деген пікіріндегі асты сызылған сөздердің мағынасы бұрынғы әдеби мұраны игеру, оның ғылыми библиографиясын жасау мәселесіне қатысты екені анық.

Үшіншіден, осы декрет кеңес өкіметінің ғылым мен мәдениетті, әдебиет пен өнерді дамыту саясатына байланысты, библиография және баспа ісін жан-жақты өрістетуге арналған мемлекеттік мәндегі үлкен жоспардың жасалуына негіз болды.

Қазақстанда алғашқы қадам деп 1920 жылы Бүкілресейлік мемлекеттік баспаның қазақ бөлімшесінің Орынбор қаласында ашылуына айтар едік. Егер библиография баспасөз бен кітаптану ғылымына тікелей байланысты болатын болса, кейініректе «Қазақстан» атанған бұл баспаның сол жылдарда атқарған қызметі орасан зор. Осы жоспарға сай библиографиялық іс-шараларды жүзеге асыру мәселесін қазақ оқығандары 1924 жылы 12 шілдеде Орынборда өткізілген «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде» талқылады. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жарыққа шығару мәселесі сөз болғанда, жазба жәдігерлер мен бұрынғы шыққан кітаптардың библиографиясын жасап, қажетті деп табылатын таңдаулыларын қайта бастырып шығару керектігіне айрықша көңіл аударылды (2). Соның негізінде библиографиялық көрсеткіш жасау ісі ғылыми мақсатта қолға алынды. Оған алғаш үн қосқан А.Затаевич болды. 1925 жылы «Қазақ халқының 1000 әні» кітабын жариялағанда осы еңбегін жазуға пайдаланған материалдар негізінде «Қазақтың халық музыкасы туралы әдебиеттердің библиографиялық көрсеткіш» деген тарауды қосты. Орыс тілінде басылғанымен, онда халқымыздың

ұлттық музыкасы мен ән-өмірі туралы осыған дейін жазылған барша материалды қамтуға деген оң бастама болды. Ғылыми сипаты жағынан алғанда тақырыптың библиография жасау жолындағы алғашқы барлау ретіндегі маңызын атап өткен орынды болмақ.

Біздің ойымызша, білімпаздар съезінде қазақ кітаптарын жинап-жариялау және зерттеуді ұйымдастыру жұмыстары М.Дулатовқа сеніп тапсырылған. Нақты алғанда ұлттық библиографияның негізін қалаушы деп М.Дулатовты атаған дұрыс болар еді. Ол осы сала бойынша төңкеріске дейін-ақ азды-көпті тәжірибе жинақтап үлгерген-ді. Бұл турасында, яғни төңкеріске дейінгі қазақ библиографиясының ізашары болған бастамаларға монографиялық еңбегімізде біршама тоқталған болатынбыз (3). Сондықтан тек М.Дулатовқа байланысты ғана қысқаша айтып өтелік.

«Қазақ» газеті өзі жарияланып тұрған бес жылдың ғұмырында «Жаңа кітаптар», «Қазақ басқармасында сатылатын кітаптар» және оқу-ағарту, әдебиет тақырыптарында жариялаған хабарлар мен мақалаларда жарық көріп жатқан хрестоматия, оқулықтар, фольклорлық шығармалар, жекелеген көркем шығармалар және әдеби жинақтар туралы үзбей мәлімет беріп отырды. Оны жолға қойған – М.Дулатов, әрине А.Байтұрсыновпен бірге. Мысалы газеттегі «Кітап сұраушылар ескерсін» (1915, № 105) аталатын мақалада Ғ.Қарашев кітаптары туралы библиография тұрғысынан алғанда аннотациялық және анықтамалық сипаттама берілген. «Қазақтың» библиографиялық ізденістерінде «Қазақ басқармасында сатылатын кітаптар» айдарымен редакция тарапынан жазылған мақалалардың мәні де назар аударарлық. Мысалы, 1915 жылғы осы атаумен шыққан хабарда қазақ тілінде басылған 10 кітаптың тізімі берілген. Олар: А.Байтұрсыновтың «Әліппе», «Маса», «Тіл құрал» (1-жыл

үшін), «Тіл құрал» (2-жыл үшін), М.Дулатовтың «Қазақша қирает кітабы», «Бақытсыз Жамал», «Есеп құралы» (1-жыл үшін), «Есеп құралы» (2-жыл үшін), Ғ.Қарашевтің «Аға тұлпар», Б.Өтетілеуовтің «Жиған-терген» кітаптары. Міне, осындай дәрежедегі хабарлар газеттің он тоғыз санында жарияланғанына қарасақ, газет өзі шығып тұрған жылдарда қазақ кітаптарының библиографиялық сипаттағы тізімін толық көрсетуге бар мүмкіндігін жұмсады деуге толық негіз бар. Бұл жеке кітаптар туралы анықтамалар мен дәйектемелерді есептемегенде. Сол сияқты М.Шоқаевтың 1915 жылғы № 156 санында жарияланған мақаласына орай, ғалым бастырған этнографиялық материалдар мен фольклорлық үлгілерді «Ертегі-хикаялар», «Мысалдар», «Тарихи қағаздар» деген үш топқа бөліп, олардың толық тізімін берген. Бұл – төңкеріске дейінгі тақырыптық библиография жасау жолындағы тың ізденістің болып жатқанының да айғағы.

«Қазақтағы» библиографиялық сипаттағы ізденістер басқарма тарапынан жарияланып жатқанымен негізгі салмағы М.Дулатовқа түскенге ұқсайды. Оны жазушының өз атынан жариялаған мақалалары да дәлелдейді. Мысалы, 1914 жылы жарық көрген «Ш.Ш.Уәлихан» мақаласында ғалымның «Записи императорского Географического общества» ХХІХ томында (1904) Н.Н.Веселовский бастырған еңбектерінің тізімін келтірсе, 1923 жылы «Еңбекші қазақтағы» «Баспасөз үлесі» мақаласында осы кезге дейінгі 42 газет-журналдардың тізімін келтіреді. Олардың 32-сінің жабылып қалу себептеріне анықтамалық деректер беруімен қатар, баспасөзді шығару мен тарату мақсатында атқарылатын негізгі деген он бір іс-шараны атап-атап көрсетеді (4).

«Қазақ» газетін шығаруда библиографиялық сипаты айқын танылатын еңбектер жариялауда азды-көпті тәжірибе жинақтаған М.Дулатовтың 1920 жылдардағы

ұлттық библиография жасау жұмысына тайсалмай араласуы сондықтан деп ойлаймыз. 1926, 1927 жылдары шыққан «Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші» және «1929 жылдың 1 тамызына дейін шыққан кітаптардың тізімі» (1929) деген атпен жарық көрген библиографиялық көрсеткіштер дәрежесінде көрініс тапты. Оларды баспаға дайындаған М.Дулатов еді. Бұлар тек төңкерістен бері қарай жарық көрген қазақ тіліндегі кітаптарға арналған библиографиялық көрсеткіштер болатын. Толық әрі жан-жақты жасалмағанымен, бұлар қазақ библиографиясының бір қадам алға басқанын танытатыны анық еді. Бұдан басқа мерзімді баспасөз бетінде «Советская степь» газетінде «Алексей П-ко» дегеннің «Библиография о книге Г.Тверина «Песень о Козы Корпеш и Баян сулу» (1927, № 44), Ага деген автордың «Библиография» [О книге «Молодой Казахстан»] (1928, № 260) аталатын мақалалары жарияланғанмен, мардымды ештеңе жасалған жоқ. Алаш арыстарының қудалануына байланысты осы игі бастама еріксіз үзіліп қалды. «Ұлтшыл-алашордашыларды» әшкерелеу науқанының әсерінен олар жазған оқулықтар мен ғылыми еңбектер зиянды саналып, қолданыстан алынып тасталып жатқан 30-жылдардың басында библиография саласындағы ізденістердің жалғасын таппауы заңды да еді. Бар-жоғы «Еңбекші қазақта» Қ.Әбішұлының «Библиография жұмысын жандандыру туралы» (1931, № 24) мақаласы ғана жарық көрді. Басқасын айтпағанда Ұлы Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуын республикалық дәрежеде атап өтіп жатқанда да ақын шығармаларының толық жинағы жарияланды. Бірақ ол туралы танымдық-тағылымдық, ғылыми-зерттеу мақалалар мен еңбектердің библиографиялық көрсеткіші жарық көрмеді. Бұл бағыттағы жұмыстар тек қырқыншы жылдары ғана жалғасын тапты. Оның өзінде маркстік-

лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы, партиялығы қағидаларының негізінде жазылуы талап етілді. Қазақ библиографиясының білгір маманы Ә.Нарымбетовтің пікірімен айтсақ: «Орыстың әйгілі библиографы Н.А.Рубакиннің «Кітаптар арасында» атты библиографиясының II томына жазған рецензиясында В.И.Ленин кемшіліктерін де қатал сынаған болатын. Осы рецензияда В.И.Ленин библиография жасау ісінің ғылыми принциптерін талдап көрсетті. Библиографияның да үнемі партиялық болуын талап етуімен бірге, оның халықты саяси тәрбиелеуде маңызды орын алатынын айтып берді. Сондықтан библиография жасаушы әр уақытта да озат көзқарасты жолбасшылыққа алғанда ғана, қалың бұқараға пайда келтіретінін, ал библиографиядағы «бипартиялық» буржуазиялық идеяның батпағына батырып, еңбекші халықтың санасын улайтыны нақты да ашық түрде дәлелдеп беруі» қажет екендігін кеңестік идеология қырағылықпен қадағалап отырды (5). 1920-30 жылдардағы азды-көпті ізденістер алашшылдарды қудалауға байланысты, бұл іс еріксіз үзіліп қалды да, тек қырқыншы жылы қайта жалғасты.

Негізінен библиография уақыт тұрғысынан алғанда ағымдық және ретроспективті деп екіге, мазмұны жағынан жалпы, персональды, тақырыптық библиография деп үшке, ал мақсаты жағынан көпшілікке арналған және ғылыми-зерттеу жұмыстар үшін ғылыми библиография болып екіге бөлінеді екен (5, 23). 1940-55 жылдар аралығындағы сөз еткелі отырған библиографиялық көрсеткіштер негізінен ретроспективті (белгілі тарихи кезең материалдарынан құрастырылған, персональды және ғылыми-зерттеу жұмысына арналғанын байқаймыз. Бұл бағыттағы жаңа кадам 1940 жылы Абайдың екі томдық жинағын бастырып шығаруға байланысты жұмыстарға орай көрінді. Ұлы ақынның туғанына 95 жыл толуына арналған «Абай» атты

библиографиялық көрсеткішті Ы.Дүйсенбаев, Е.Ысмайылов, Қ.Бекхожиндер 1940 жылы бастырып шығарды. Осыдан бастап жеке ақын-жазушы шығармашылығына арналған (персональды) библиографиялар жасау ісі қолға алынды. Осы кездегі қазақ библиографиясының дамуына ерекше еңбек еткен Н.Сәбитов болды. Абайға арналған алғашқы көрсеткіште сыни библиографиялық материалдар, өлеңдер ғана қамтылған болса, Н.Сәбитов оны толықтыра дамыта отырып, 1946 жылы «Абай» атты (қазақша-орысша) өз еңбегін шығарды. Онда ақынның 1889-1945 жылдар аралығында басылған шығармалары мен ол туралы жазылған танымдық, зерттеушілік еңбектердің барлығы библиографиялық тұрғыда жүйеленді.

Бұл библиографиялық көрсеткіштердің ғылыми танымдық мәні зор еді. Себебі, Абай шығармашылығын зерттеуге негіз боларлық еңбектерді бір жүйеге келтіріп қана қоймай, ақынның академиялық толық жинағын шығаруға, текстология мәселелерінің нақты сөз бола бастауына өз әсерін тигізгені анық. Мысалы, текстология, яғни ақын шығармаларының түп нұсқасын анықтау, нақтылау мәселесі осы академиялық жинақтағы түсініктерде біршама көтерілсе, Б.Жақыпбаевтың «Абай шығармаларының текстісі» (Майдан, 1945, №2) мақаласында да біршама сөз болады. Абай өлеңдеріндегі шумақтар мен кейбір жолдардың өзгеріске ұшырауын салыстыра қарап, түпнұсқасын табу жолында кейбір жаңсақтықтар жібермеу жағы қатты ескертіледі. Абайдың 1933 жылғы толық жинағы текстологиялық жағынан сапасы төмен болғандығын М.Әуезов өзі ескерткен болатын. Енді М.Әуезов айтқандай, «текстологиялық талдаулар үшін Абайдың творчестволық методы мен индивидуалдық ақындық ерекшелігі негіз болатыны» басшылыққа алына бастады. Ол Т.Әбдірахмановтың «Абай

шығармаларының текстологиясы жайында» атты мақаласында біршама тарамдатыла баяндалды да, ақын өлеңдерінің бастапқы түпнұсқасын қалпына келтіру ғылыми тұрғыда қарастырыла басталды.

Абайға арналған осы екі көрсеткіш қазақ библиографиясының алғашқы іс-тәжірбиесі болғандықтан және абайтанудың барлық мәселелерін «ұлтшылдар» мен «халық жауларына» байланысты көзқарастың кесірінен қамти алмағандықтан, толық мәнді еңбек бола алмағаны айтпаса да түсінікті. Алайда, олар жеке ақын-жазушы шығармашылығын библиографиялық тұрғыда жүйелеуге бастама салды. Н.Сәбитов бұл саладағы ізденістерін жалғастыра отырып, Ғылыми академиясының «Хабаршысында» (1950, № 2, 5) Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин туралы жарияланған материалдардың библиографиялық көрсеткішін орыс тілінде жариялады. Бұл секілді сәтті қадамдар қазақ библиографиясының өзге түрлерінің де туа бастауына әсерін тигізбей қалмады. Енді ретроспективті сипаты анық, ғылыми-зерттеу жұмыстарына бағытталған жалпы библиографиялық көрсеткіштер жазыла бастады. Ол алғашқыда «Әдебиет және искусство» журналындағы Ә.Тоқмағамбетовтің «Революцияға дейінгі басылған қазақ көркем әдебиетінің библиографиясы» (1940, №7-8) атты еңбегінде біршама қарастырса, Н.Сәбитов «Қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» атты кітабында 1862-1917 жылдар аралығындағы әдеби, ғылыми материалдарды бір жүйеге келтірді. «Бұл библиографиялардың олқы жері: оларға әр түрлі себептермен байланысты көптеген маңызды материалдардың енбей қалуында. Толық болмаса да, тұңғыш тәжірибелер ретінде қазақ әдебиет библиографиясының тарихында Н.Сәбитов құрастырған библиографиялық көрсеткіштерінің өзіндік орны бары даусыз» (6). Бұлардың қатарына 1948 жылғы «Қазақ

әдебиеті тарихының» 1 томындағы көрсеткіш пен Ғылым академиясы басылымдарының библиографиясын (1952) қоссақ, ағымдағы және бұрынғы баспасөз бен басылымдардағы әдебиетке қатысты материалдарды бір жүйеге келтіру, пайдалану жұмыстары үздіксіз жүріп отырғанын көрер едік. Бұны айтқан уақытта 1940-55 жылдар аралығындағы қазақ библиографиясында орны елеулі екі еңбекті ерекше атаған орынды. Олар қазақ библиографиясында ретроспективті тақырыптық, ғылыми-зерттеушілік жұмыстарға көмегі тиетін көрсеткіштерге тән негізгі сипаттарды толық көрсетуімен құнды еді. Алғашқысы — В.М.Сидельниковтің 1951 жылғы халық ауыз әдебиетіне арналған орыс тіліндегі еңбегі. Онда қазақ фольклорына байланысты 1771-1916 жылдар аралығындағы барлық материал қамтылған. Жарияланған және жарық көрген фольклорлық үлгілер мен зерттеу еңбектер енгізіліп, бұрынғы көрсеткіштерде қамтыла қоймаған тың деректермен толықтырылып шықты. Негізінен орыс тілінде жарияланған басылымдар бойынша жұмыс жасау басты назарда болып, қазақ тілінде жарияланған бірталай материалдар енгізілмей қалғанымен, бұл еңбек фольклортану саласындағы да ғылыми ой-пікірлерді бір арнаға жүйелеп, библиографиялық тұрғыда нақтылып берді. Ал келесісі — Ғ.Әбетовтің «Қазақ совет әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» аталатын қазақша-орысша шыққан еңбегі (1956). Бұл кеңес дәуіріндегі әдебиет туралы қырқыншы жылдарда әр түрлі сипатта және мазмұнда шыққан көрсеткіштердің барлығын ғылыми тұрғыда саралай отырып, толықтырған көрсеткіш болды. Онда ақын-жазушылардың 1917-1946 жылдар аралығындағы басылған идеологиялық саясатқа қарсы келмейтін көркем шығармалары және олар туралы сын мақалалар, ғылыми еңбектер енгізілген. Көрсеткіштің таза әдебиет мәселесіне арналмай марксизм-ленинизм

классиктерінің еңбектері, партиялық құжаттар мен қаулы-қарарлардың орын алуын сол кездегі заман талабы деп ұғар болсақ, бұл көрсеткіш те қазақ библиографиясының алға басқан сәтті табысы дер едік. Қазақ библиографиясы мен текстологиясы жайында бұл айтылғандардан шығар қорытынды: ұлттық әдебиеттану ғылымы өзінің даму жолын бастаған кезеңінде бұл салаларында да көңіл аударарлықтай ізденістер жасап, келешекте туатын сүбелі еңбектердің іргетасын қалап жатқанын көреміз.

2009 ж

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫНДА КӨРКЕМДІК ӘДІСТІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕЛУІ (1920-30ж.ж.)

СОКП-ның 1925 жылғы «Партияның көркем өнер саласындағы саясаты туралы» қаулысы алға қойған «пролетариат әдебиетінің үстемдігін орнату, ұлтшылдық-буржуазияшылдық элементтерді әшкерелеу» секілді кезектегі міндеттері орындалып шыққан соң, 1930 жылдардың бас кезінде маркстік-лениндік идеологияны басшылыққа ала отырып, «түрі ұлттық, мазмұны социалистік әдебиет» жасауға қадам жасалды. Әдебиет осы жаңа идеологиялық талап-тілектеріне сай жанрлық тұрғыдан дами бастады. Осыған орай ғылыми-сыни және әдеби-теориялық ой-пікір азды-көпті жинаған тәжірибесін пайдалана отырып өркендеуге тиіс еді. Бірақ, 1920 жылдардың екінші жартысында сыншылдық ой-пікір ҚазАПП басшылығы тарапынан болған әдебиеттегі жікшілдік мәселесімен айналысып кетті де, «тұрпайы социологизмнің» солақай көзқарасының ықпалынан шыға алмады. Бұл әдеби-теориялық ой-пікірге де әсер етіп, ҚазАПП ұсынған «Д.Бедныйша жазу керек» деген ұранға, «байлар әдебиетін басып озу керек» деген шақыруға сай, сол кездегі РАПП-тың позициясынан туындаған «жанды адамды көрсету», «Плеханов ортодоксиясы үшін», «төтен әсер» сияқты теориялық теріс қағидаларды сөз ете бастады. С.Мұқановтың «Блокшылдықтан демьяншылдыққа» («Жаңа әдебиет», 1931, №2), «Әдебиеттегі семеновехшылдыққа қарсы» («Қазақстан большевигі», 1931, №5), М.Қайыпназаровтың «Көркем әдебиеттің кезектегі міндеттері» («Жаңа әдебиет», 1931, №1) және тағы басқа мақалаларда орыс әдебиеттануындағы проф. В.Ф.Переверзевтің бұл идеяны жоққа шығарып, көркем образды ғана алған концепциясын

талқандауға үн қосу байқалады. Д.Бедныйша жазуға үндеу арқылы көркемдік дамудың заңды жолдарына тежеу салып, әдебиетті бір ғана таптың мүддесіне сай тар шеңберде ғана болуын талап ету, ақын-жазушы таптық ортаның жемісі екенін дәлелдеу басым болды.

Профессор В.Переверзевтің концепциясына қарсы дискуссияда нәтижесі де қабылданды: «Только тот критик и историк близок к марксизму, который не отходит от точки зрения Плеханова» деген тұжырымынан кейін әдеби-теориялық ой-пікір «Плеханов ортодоксиясы үшін» деген қағиданы түсіндіру мен теориялық тұрғыда негіздеуге көшті. С.Мұқановтың «Пролетариат көркем шығарманың әдістері туралы» («Жаңа әдебиет», 1931, №4-5) аталатын мақаласы, Ғ.Тоғжановтың «Әдебиет және сын мәселелері» (1922) атты еңбегіне қарсы жазылған. Ғ.Тоғжановтың «бізде пролетариат табы жоқ, ол жоқ болған соң пролетариат әдебиеті де жоқ. Кедей-шаруа мен оқығандардан шыққандар пролетариат әдебиетін жасай алмақ емес» деген секілді пікірлеріне қарсы тойтарыс беру басты мақсат ұсталғандықтан, атақты Г.В.Плехановтың сыншылық-эстетикалық ой-көзқарасын басшылыққа алады. Ол әсіресе, сыншы Воронскийдің «ақын-жазушылар көркем шығарманы жазарда ішкі түйсікке сүйенетіні» туралы теориясына негізделген Ғ.Тоғжановтың «ақын сезгенін сезген күйінде жазады, сезіммен жазады, ақылға жорытпайды» деген тезисінің қате екенін дәлелдеуі барысында анық байқалады. «Сезгенін ақылға төрелете, өзінің табының тілегіне үйлестіріп жазбайтын ақын жоқ» екенін дәлелдеу үшін Плехановтың идеологияға, оның ішінде көркем әдебиетке қойлатын бес түрлі заңдылығын ұсынады. Соның негізінде «Таптан тысқары ақын жоқ. Тап ақыны осы Плеханов айтқан бес заңмен байланысты. Ақынның ақындығы сыртқа шыққанда, бастапқы сезген

күйінде емес, осы бес жағдайға сәйкестендіріліп қорытылып шығады» деген түйін жасайды [1, 80].

Маркстік эстетиканы дамыту жолында біршама үлес қосқанмен Г.Плехановтың методологиялық теорияларының бір жақтылығы, әсіресе, Толстойдың суретшілдігі мен ойшылдығын бір-біріне метафизикалық тұрғыда қарама-қайсы қоюын, Е.Онегин туралы «жұмысшы адам бұл романның ішкі мазмұнын мүлде түсінбейді» деген секілді пікірлерін, В.Г.Белинскийдің ғылыми мұрасы туралы біржақты көзқарасын маркстік-лениндік әдіснама көп ұзамай қатты сынап, «Плеханов ортодоксиясы үшін» ұраны заман талабынан шығып қалды. Алайда осы ұранға сай жазылған мақалалардағы әдеби-теориялық ой-пікірдің ізденісін түбегейлі қате деп табу дұрыс емес. Заман талабына сай үстемдік құруға қолдан келгеннің бәрін жасап жатқан маркстік-лениндік әдіснаманың қағида-қисындарына икемделу жолындағы ұмтылыстары болатын. Өйткені, бұқарашыл ақын-жазушылар, яғни Алаш арыстары «ұлтшыл және тап жауы» ретінде жойылғаннан кейін, ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірді дамытушы төңкерісшілер ғана болды да, алға ұстар жалғыз-ақ бағыт қалды. Ол - маркстік-лениндік әдіснама еді.

Бұл белгілі бағытта ізденістер сипатын танытқанымен, 1930 жылдардың бас кезіндегі сыншылдық және әдеби-теориялық ой-пікірдің тұрпайы социологизм ықпалында қалуына басты себеп болды да, қазақ әдебиетін теориялық тұрғыда зерттеудің негізгі мәселелері назардан тыс қалды. Тұрпайы социологизм ықпалындағы солақай сыншылдыққа сол кездегі өлкелік партия комитетінің саяси басшылығының да әсері аз болмады. Негізінен тұрпайы социологизм - маркстік-лениндік ілімнің туын көтеріп шыққан теория еді. Бірақ кемшілігі тапшылдықты тым дәрежелендіріп жіберді. Мысалы, тұрпайы

социологизмнің 1930 жылдардың басында қатты өріс алуына Сталиннің «Большевизм тарихының кейбір мәселелері туралы» атты хаты қатерлі мән атқарды. Бұл хат бойынша өлкелік партия комитеті мен марксизм-ленинизм институтының «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстандағы күрес міндеттері туралы» қаулысы жарияланды. Онда «алашордашылардың ықпалынан шыға алмай келе жатқан қазақ әдебиеті мен сынының мәселелеріне ерекше назар аударылуы қажеттігі» атап көрсетілді [2, 89]. Профессор Т.Кәкішев: «Осы қаулыда С.Сейфуллиннің шығармашылығында ескі феодалдық рушыл қоғам дәріптеледі, Ғ.Тоғжановтың әдебиет жайлы еңбектерінде маркстік емес, Плехановтың ықпалына түсіп, сорақы қателіктер жіберілді деп атап көрсетті» деп жазады. [3, 30]. «Әдебиет майданы» журналының 1932 жылғы № 4 санында шыққан 14 тармақтан тұратын іс-жоспарда «ұлтшыл-алашордашылардан» қалған әдебиеттің зиянды бетін ашу, пролетариат ақын-жазушылардың шығармаларын тексеру ғана емес, сол жылы қай қаламгердің не жазатындығын көрсеткен міндеттемелер қабылдауын талап етті.

Міне, әдеби сында әсіре тапшылдықты насихаттаған «тұрпайы социологизм» дәуірлеп тұрған, ғылыми зерттеу ісінде орыс әдебиеттану ғылымындағы В.Фричениң, П.Н.Сакулиннің еңбектерінен туындаған социологиялық және формальды-социологиялық әдіс белгілері орын алып тұрған кезде [4], Сталиндік түзетулерге ұшыраған маркстік-лениндік әдіснама оларға қарсы күресе отырып өз позициясын нығайтуға ұмтылды. Ол бүкіл Кеңестер Одағына кіретін ұлт республикаларының әдебиеті ендігі жерде «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» болатынын анықтап берді де, оның әдеби дамудағы негізгі әдісі социалистік реализм болып табылатынын шұғыл күн

тәртібіне қойды, кеңестік идеология батыл насихаттай бастады

Негізінен бұл әдісті проф. Х.Әдібаев айтқандай, «социалистік реализмнің теориясы мен практикасын біздің еліміздегі қоғамдық сана мен қоғамдық өмірдің өзі туғызды» [5]. Жаңа дәуірдегі әдебиеттің көркемдік әдісі қандай болуы керек деген ой жазушылар мен әдебиетшілерді 1920 жылдардың бас кезінде-ақ толғандырған болатын. 1923 жылы В.Маяковский ендігі жерде негізгі әдіс «тенденциозный реализм» болуы керек дегенді ұсынған болса, 1924 жылы А.Толстой «монументальды реализмнің» буржуазиялық эстетикаға қарсы тұратындығын дәлелдеуге ұмтылды. 1929 жылы РАПП-шылар «пролетарлық реализм» деген терминді қолданды. 1931 жылы И.В.Сталин жоғарғы партия мектебін бітірушілер алдында сөйлеген сөзінде «социалистік реализм» деген атауды алғаш рет қолданды да, кеңестік идеология ғылыми тұрғыда негіздеуге көшті. «Халықтар көсемі» өзі басқаратын қоғамға қандай әдебиет қажет болатынын білді. Оған тек азусыз, құс таңдай, қызыл иек әдебиет керек еді. Жазушылар қаламында қандай ұлы күдірет жатқанын сезді де, оларды әрдайым ауыздықтап ұстауға, қажет бола қалса, өз жыршысына айналдыруға күш салды» [5].

Өйткені, 1920 жылдардың соңы мен 1930 жылдардың басында Л.Троцкийдің еңбектері оқылудан, пайдаланудан шығарылып тасталғанымен, «Литература и революция» еңбегіндегі жаңа замандағы әдебиет туралы идеялары жойылып та кете қоймаған еді. Оның «творчество Демьяна Бедного есть пролетарская и народная литература, т.е. литература, жизненно нужная пробужденному народу. Если это не «истинная» поэзия, то нечто большее ее» деген пікірі 1930 жылдардың басында «демьянша жазу» ұранының тууына негіз болды [6, 167]. Ал Блокқа берген:

«И все же «Двенадцать» - не поэма революции. Это лебединая песня индивидуалистического искусства, которое приобщилось к революции. Конечно, Блок не наш. Но он рванулся к нам. Рванувшись, надорвался», - деген бағасы блокшылдықтан бас тартуды туғызса, орыс әдебиетіндегі футуризмді сынаған ойлары «жанды адамды көрсету» қағидасының өріс алуына себепкер болды. Л.Троцкийдің «методы марксизма не методы искусства» деген тезисін әдеби-теориялық ой-пікірден біржола жою үшін И.Сталин, коммунистік партия көркемөнер мен әдебиет саласындағы саясатын нақтылап алу жолында шешуші бетбұрыс жасауды ұйғарды. Соның негізінде 1932 жылы 29 сәуірде «Әдебиет, көркемөнер ұйымдарын қайта құру туралы» Орталық партия комитетінің қаулысы дүниеге келді. Іле-шала (20 мамырда) И.М.Гронский партия өкілі ретінде «социалистік реализм әдісі» деген терминдік анықтаманы жария етті [7, 210]. Қаулы шыққаннан бастап социалистік реализмді кеңес әдебиетінің негізгі әдісі ретінде теориялық негіздеу мен насихаттау, оның принциптерін анықтау, әдебиеттің партиялық, таптық болуы керектігі мен идеология құралы екендігін дәлелдеу науқаны басталды.

Қазақ әдебиеттану ғылымы да социалистік реализм аталған осы «өлшемді эстетиканы» меңгеру жолындағы іс-шараларға жұмыла кірісті. Соңғы кезге дейін социалистік реализмді қазақ әдебиеттану ғылымында «Қызыл ат» және социалистік реализм» мақаласына байланысты алғаш рет сөз еткен М.Қаратаев деп санап келген едік. Мезгіл жағынан қарағанда, соцреализмді теориялық тұрғыда негіздеуге кіріскен бүкілодақтық науқанға алғаш үн қосқан С.Мұқанов болды. 1933 жылдың 12-қаңтарында педогогикалық институтта «Социалды реализм және төңкерісшілдік романтизм» деген тақырыпта лекция оқыса, 11 сәуірде осы лекцияның негізіндегі «Социалды

реализм туралы» мақаласы жарияланды («Социалды Қазақстан», 1933, №84). Бұл баяндама мен мақалада социалистік реализм туралы автор көзқарасы орталық басылымдардағы теориялық барлаулар ықпалында туындап жатса да, оның советтік әдебиеттің басты әдісі болатындығы мен партиялығы, таптығы принциптері ұлттық әдеби-теориялық таным-тілікте алғаш рет түсіндіріліп берілді. «Мазмұны социалистік, түрі ұлттық» әдебиет жасау жолындағы азды-көпті табыстарды саралай келе, социалистік реализмнің өмір шындығын революциялық дамуда бейнелеудегі бұзылмас заң екенін дәлелдеді. Әсіресе, сол кездегі идеология майданындағы таптық күрестің шиеленісуінің әсері мен таптық қоғамда әдебиеттің тек қана таптық болатынын айрықша көрсетіп, кейбір ақын-жазушылардағы осы принциптен ауытқуды сынады. Ал М.Қаратаев мақаласының жазылуына 1930 жылдардың басындағы әдеби сында ерекше «талқыланған» С.Сейфуллин шығармаларына орай ұйымдастырылған дискуссия себеп болды. Оның ішінде: «Мен де дискуссияға араласып кеттім. «Қызыл ат және социалистік реализм» деген ұзақ мақала жаздым. Ол «Лениншіл жас» газетінің 1933 жылғы февраль-март айларының 4-5 нөмірінде жарияланды», - деп автор атап жазғандай [8, 268], «Қызыл ат» поэмасына арналған пікірталасқа байланысты жазылған болатын.

ҚазАПП сыншыларынан, М.Қайыпназарұлының баяндамалары мен мақалаларындағы солақай сыншылдықтан көз ашпай келе жатқан Сәкен шығармашылығы «Қызыл ат» поэмасы жазылғанда да ерекше талқыға түсті. Арнайы ұйымдастырылған пікірталаста поэманың колхоз құрылысына жабылған жала екені, онда ауыл мен қаланы бір-біріне қарсы қоюшылық басым көрінетіні, қызыл ат деп отырғаны астармен айтылған кедей-шаруа екені, оның өткен күнін артық

көріп, сол уақытын аңсайтыны баса айтылып, саяси айып тағуға дейін барған пікірлер оңды-солды айтылып жатты. Осындай шақта жазылған М.Қаратаевтың мақаласы И.В.Сталиннің «Табыстан бас айналғанда» атты еңбегінің жазылуымен және социалистік реализм әдісін бүкілодақтық деңгейде теориялық негізделуімен тұспа-тұс келді. Сол себептен де автор бұл әдістің негізгі нысанасы социалистік өмір шындығын жырлау екенін ашып беру арқылы «Қызыл ат» поэмасын солақай сыншылдықтан сақтап қалды. Міне, С.Мұқановтың, М.Қаратаевтың осы мақалаларынан бастап социалистік реализмнің қазақ әдебиеттану ғылымындағы «алтын дәуірі» басталды. Әдеби сын мен әдеби-теориялық ой-пікір социалистік реализмді насихаттау, үлгі-өнеге ету науқанына белсене кірісті. Қ.Өтепұлының «Социалды реализм» (Әдебиет майданы, 1933, №2), З.Шашкиннің «Әдебиет және социалды реализм» (Социалды Қазақстан, 1933, 18 ақпан). Ғ.Тоғжанұлының «Қазақ әдебиетіндегі сын туралы кейбір өзгешеліктер» (Социалды Қазақстан, 1933, №195), Ә.Қоңыратбаевтың «Әдебиетіміздегі реализм туралы» (Әдебиет майданы, 1934, №5) т.б. мақалалардың жазылуын - соның айғағы деген дұрыс. Оларда маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы, халықтығы, партиялығы принциптеріне тереңдеп бара қоймағанымен, осы ұғымдардың берік орын тебуіне жолбасшылық сипат танылды. М.Қаратаевтың жоғарыдағы мақаласының ізімен қазақ әдебиетіндегі социалистік реализмді анықтау мен көркем шығарманың осы әдісте жазылуын қадағалау басты назарда ұсталды. «Біздің творчестволық тәжірибеде қолданатын көркем әдісіміз де, оны зерттейтін ғылыми еңбектерде қолданатын принципіміз де айдан анық. Ол - маркстік-лениндік дүниетанымға сәйкес социалистік революция дәуірінде туып қалыптасқан, көркем әдіс ретінде әдебиет процесінде әдеби жүзеге асқан социалистік

реализм принципі» екені қағидаға айнала бастады [9, 85]. Нәтижесінде көркем әдебиет партиялық істің бір бөлшегіне, саясат пен идеологияның сойыл соғар белсенді құралы болу қасиетіне ие бола бастады да, сын мен әдебиеттану жаңа эстетика мен теорияның қасаң қағидасының құрсауына түсті. 1930 жылдардағы ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің өсу, кемелдену жолындағы ізденістерінде сәтті қадамдар жасауға деген талпынысын әдеби даму процесіндегі күрделі мәселелерге араласуы да танытады. Кеңестік әдебиеттану ғылымында бүкілодақтық деңгейде сөз болған натурализм, формализм туралы айтысқа тартынбай баруы оны тағы да дәлелдей түседі. М.Горький «Правда» газетіндегі мақаласында шығарманың формалық және идеялық тұтастығы туралы ой-толғамын ортаға сала келіп, кеңінен пікір алысуға шақырған үндеуіне қазақ әдебиетші-сыншылары да қызу үн қосты [10]. Қазақ әдебиетіндегі натурализм, формализм туралы Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастырған пікірталас 1936 жылдың 2 сәуірінде басталып үш күнге созылды. Әдеби айтыс дәрежесінде еткен бұл пікірталастағы негізгі ойлар баспасөз бетінде жарық көрді. «Социалды Қазақстан» газетінде «Көркемөнердегі формализмге қарсы» (№64), «Жазушылардың әдебиет жөніндегі айтысы» (№ 86,87) деген мақалаларға, «Қазақ әдебиеті» М.Әуезов, С.Мұқанов, Р.Жаманқұловсың сөздері мен, Ә.Тәжібаевтың «Адал сырым» мақаласына орын берді (1936, № 16).

Негізінен алғанда орыс әдебиеттану ғылымындағы формализм мен натурализм туралы дискуссияның тууы социалистік реализмнің ендігі дамудағы негізгі көркемдік әдіс болып танылуы жолындағы ұмтылысы мен өз позициясын анықтау үшін жүргізген күресінен туындады. Орыс әдебиетіндегі формалистер және тағы басқа да әдеби ағымдар өкілдері социалистік реализм алдағы көркемдік

даму процесінде символизм, футуризм, имажинизм, конструктивизм, формализм, натурализмдердің осы кезеңге дейін қол жеткізген табысын негізге ала отырып, кеңінен пайдалануы керек деген көзқарас туғызған болатын. Мысалы, К.Зеленский: «Я думаю, что последнее должно соединить стилевые черты трех основных школ: реализма, символизма, конструктивизма», - деп жазды [11, 223]. Формализм, натурализмге қарсы шабуылдың күшті болғаны соншалық, орыс формалистерінің ірі өкілдерінің бірі В.Шкловский: «Формалисты вместо того чтобы поднимать целину, пашут там, где было распахано» деген мойындауға дейін барды [12]. Көркем шығармада адам тұлғасын сомдауға селқос қараушылық, антигуманизмге ұрыну, шындыққа менсінбей қарап, таптық күресті толық аша алмау т.б. кемшіліктері ашылған формализм мен натурализм «были осуждены с позиций жизни и искусства, и во имя жизни и искусства как явления антихудожественные и антинародные» [13, 185]. Дискуссия қорытындысы жаңа ізденістерге шектеу салып, әдебиетті социалистік реализм қағидаларының қалыбынан шығармауды жоспарлаған партиялық басшылық пен кеңестік идеология саясаты жемісі болып шықты.

- 
1. Мұқанов С. 16 том. шығ. жин. 14-том. А. Жазушы, 1978, 368 - б.
  2. Большевик Казахстана, 1932, №1, с. 88.
  3. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. А. Санат, 1994, 448-б.
  4. Сакулин П.Н. Социологический метод в литературоведении. М. Мир, 1925; Фриче В. Социология искусства. М-Л. ГИЗ, 1926.

5. Социалистік реализм керек пе? Қазақ әдебиеті, 1991, 25 қаңтар.
6. Троцкий Л. Литература и революция. М. Политиздат, 1991, 339-б.
7. Советское литературоведение за 50 лет. Л. Наука, 1968, с. 429.
8. Қаратаев М. Әдебиет және эстетика. А. Жазушы, 1970, 352-бет.
9. Қаратаев М. Революция рухымен. А. Жазушы, 1978, 416-б.
10. Горький М. О формализме. Правда, 1936, 9 апрель.
11. Зелинский К. Поэзия как смысл. М. Федерация, 1929, с. 223.
12. Литературная газета, 1936, 15 март.
13. Советское литературоведение за 50 лет. М. МГУ, 1967, с. 555

2011 ж

## ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ БҮКІЛТҮРКІЛІК БАСТАУЛАРЫ

Қазақ халқының өнері, мәдениеті, әдебиетінің тарихы, дүниетанымдық ой-көзқарасы бүкіл түркі тілдес халықтардың тарихымен тығыз байланысты. Демек, қазақ әдебиетінің тарихын, сыншылдық-эстетикалық, әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің туу, қалыптасу кезеңдерін туысқан елдер әдебиеттануының өткен жолымен бірге алып тексерудің маңызы зор. Өйткені, әдебиет туралы ұлттық ғылым белгілі бір білімдер жиынтығы және таным құралы ретінде ғылым саласына сай өзіндік ұғым-түсініктері, теориясы, методологиясы, зерттеу әдістерімен бірден пайда бола қалған жоқ. Басқа да қоғамдық ғылымдар секілді қиын да ұзақ жолға толы туу, қалыптасу тарихын бастан кешірді.

Әрбір халықтың әдебиет туралы ғылымы сол елдің тарихи өмір жолы, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, философиялық-эстетикалық танымы және көркем әдебиетінің өркендеу деңгейіне сай туып дамиды. Әрине, бұл айтылғандардың ішінде көркем әдебиет басты роль атқаратыны сөзсіз. Себебі, әдебиеттану ғылымының негізгі зерттеу нысанасы сол ұлттық әдебиеті екені белгілі. Бұл өте күрделі мәселе болып табылатын әдеби мұраны игеру үдерісіне әкеледі.

Әдеби мұраны игерудің алғашқы баспалдағы белгілі бір шығарманы эстетикалық талғаммен қабылдаудан, өнер туындысы ретінде танудан, рухани азық ретінде қажетсінуден, көркем сөз күдіретін түсінуден, танымдық-тағылымдық мәнін ұғынудан басталады. Белорустық әдебиетші ғалым И.В.Гутаров: «Истоки литературоведения относятся к глубокой древности, когда зародились первоначальные формы устно-поэтического народного

творчества и появились первые попытки их осмысления, примерения, оценки», - деп жазады [1, 6 б.].

Әдебиетті сөз өнері ретінде тану әдеби мұраны бағалау мен жинау, жариялау жұмыстарына басты себеп болады. Бұл жерде ғасырлар бойы халықтық эстетиканың талап-таразысынан өтіп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келген фольклорлық үлгілердің ел аузында сақталып келуі, яғни халықтың ауызша тарихнамасы ғана емес, олардың тарихи жазба ескерткіштер түрінде алғаш рет хатқа түсуі, әдебиет нұсқалары деп танылып кітап болып шығуының тарихи маңызы зор. Көне дәуірден бергі әдебиет нұсқалары көркем туынды дәрежесінде ғана емес, өткеннің шежіресі, кешегі тарих ретінде де халықтың рухани өмірінде жоғарғы мән атқарған.

Сол себептен де оны хатқа түсіру, әдеби-тарихи мұра деп бағалап әр түрлі тарихи жазба ескерткіштерге, сөздіктер мен шежірелерге енгізу, алғашқы ғылыми сипаттағы еңбектер мен трактаттарда қарастыруды әдеби-теориялық ой-пікірдің тұңғыш рет көрініс табуы, әдебиеттану ғылымының ертедегі сілемдері, белгілері деп санау керек. Негізінен кітап бастыру ісі мен әдеби мұраны хатқа түсіру әдебиеттану ғылымының туа бастауына жетекші роль атқарып, сол ұлттың әдеби-теориялық, сыншылдық-эстетикалық ой-пікірінің ояна бастауына қозғаушы күш болатыны белгілі. Мысалы, орыс әдебиеттануын зерттеуші ғалымдар ұлттық әдебиет туралы зерттеушілік ой-пікірдің ояна бастауына филологиялық білімдер жүйесінің тарала бастауы мен кітап шығару ісі бастама болғанын атап айтады. Бұл турасында: «Другим важным моментом, ускорившим этот процесс, явилось введение книгопечатания. Надо отметить, что вообще введение в европейских странах книгопечатания повсеместно оказало огромное, если не сказать решающее, влияние на развитие и распространение знаний, в том

числе и научных», - деп оларды осы ғылымның бастаулары болды деп таниды [2, 23 б.].

Әдеби мұраға бағалаушылық және ғылыми танымдық бағыттағы көзқарастың пайда болуы қоғамның мәдени-әдеби тұрғыдан жетілуінің объективті заңдылығы болып табылатын көркемдік дамудың тарихи сабақтастығы мәселесін туғызады. Әдеби мұраны игеруде алғашқы қадам болып табылатын жинау, жариялау және насихаттау саласындағы жұмыстарды жүргізгенде өнердегі көркемдік дамудың тарихи сабақтастығы принципі қатаң ұсталмайтын болса, өткен дәуірдегі халық мұраларынан бас тартып, оны жоққа шығаруға дейін баратын өрескел кателіктерге жол беріледі. Сондықтан да «әдеби мұра және оны игеру жайын әңгімелеген уақытта, ең күрделі проблемаға, яғни көркемдік дамуға тарихи сабақтастық (историческая преемственность) мәселесіне айырықша көңіл аударған жөн» [3, 54 б.]. Себебі, әдебиет туралы ұлттық ғылымның тарихи тамыры сол кезеңдегі көркемдік дамудың дәрежесіне сай бастау алатыны сөзсіз. Әдебиетте көркемдік дамудың тарихи сабақтастығы мәселесінде бұрынғы қалыптасқан дәстүрдің кейінгі дамуға ықпал жасауындағы, яғни өткен дәуірдің рухани мұрасынан шығармашылық үйрену, үлгі-өнеге алу процесінде әдеби мұраны бағалау, жинау-жариялау, пайдалану, кітап етіп басып шығару бағытындағы жұмыстар жетекші себеп-салдар атқаратыны анық. Бұлар әдебиетті өнер саласы деп тану жолындағы ізденістерге кең жол ашады да, филологиялық білімдер жүйесінің мол жинақталуын туғызады.

Ендеше бұл саладағы зерттеу жұмыстарын, яғни ұлттық әдебиеттану ғылымының қайнар көздері туралы ізденістерді, бұрынғыша XVIII-XIX ғасырдағы қазақ даласын зерттеген орыстың ориенталист-фольклорист ғалымдарының еңбектерінен бастап қана қарастыру тарихи ақиқатты жоққа шығарып, еуроцентристік көзқарас ықпалында қалу болып

табылады. Біздің ойымызша, қазақ әдебиеттану ғылымының тууына негізгі фактордың бірі болып саналатын ұлттық әдеби мұраны игерудің алғашқы қадамдары ұлт әдебиетінің арғы бастаулары болып саналатын көне түркі жазбалары мен ескерткіштерінен басталады. Оны ұлттық әдебиеттану ғылымының туу процесіне әкелетін тарихи алғы шарттарға толы кезеңінің ең басы санаған орынды. Бұл кезең қоғамдық дамудың сатыларына сай өте ұзаққа созылды және Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі ұлттық әдебиеттің негізін салған мәнді арнаны қалыптастырған дәуір ретінде бағаланып жүр. Сондықтан VI-XV ғасырларда жасалған әдеби мұраны түркі тілдес халықтарға ортақ рухани қазынадан бөлек алып қарамай, әр халыққа тікелей қатысы бар нұсқаларды тарихи шындық тұрғысынан зерттеп білудің сол ұлт әдебиеттануының арғы кезеңдерін таныту үшін маңызы зор.

Орыс әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихын зерттеушілер ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің арғы негізін түрлі жылнамалардағы (летопись), шіркеу кітаптарындағы алғашқы айтылған ойлардан: «В России первые суждения теоретико и историко литературного характера встречаются уже в XII в. «Слове о полку Игореве», а первые библиографические работы - списки книг - восходят к XIII в.», - деп «Игорь жасағы туралы сөздің» алғашқы хатқа түсумен байланыстыруының ғылыми негізі жоқ емес. «В «Слове о полку Игореве» к теоретико-литературным относятся рассуждения автора о двух художественных манерах: «по былям нашего времени» и «по замышлению Бояна». Эти рассуждения являются первым опытом национальной русской теоретико-литературной мысли, опирающейся на национальную художественную практику. Они имеют самобытный, оригинальный, а не заимствованный характер. Упоминание о Бояне - первый дошедший до нас

факт истории древнерусской литературы, важное свидетельство существования самобытной русской поэзии, представителем которой и выступал этот поэт. Историко-литературное значение этого факта невозможно переоценить», - деп жазады [4, 12 б.]. Сол сиякты француз әдебиетшілері де өз әдебиеттану ғылымының алғашқы бастауын ең көне жазба мұрасы «Роланд туралы жырдың» хатқа түсуімен байланыстыра қарайды.

Әдеби мұраға осы көзқарас тұрғысынан келсек, көне жазба ескерткіштердің әдебиеттанудың арғы бастаулары ретінде осылайша танылуы бізді де ежелгі дәуір әдебиетіне жетелейді. «Күлтегін» тарихи-әдеби жазба ескерткішін тас кітапқа түсіруші Иолығ тегін - өз заманының ірі идеологі, мемлекет қайраткері, тарихшы ғана емес, үлкен ақыны. Оның өз дәуіріндегі әдебиеттің үлгілерін танымдық тұрғыдан бағалап, жазуға түсіруші ретінде «Игорь полкі туралы сөздің» авторы секілді тарихтағы орны да үлкен, ол да ежелгі дәуір әдебиетінің басы саналатын әдеби нұсқа бар екенін дәлелдеп берді. Ал Боян туралы айтылуын «Қорқыт ата кітабындағы» Қорқыттың өнерпаздық тұлғасының сөз болуымен байланыстырса да болады. Осы көне жазба ескерткіштерді әдебиет тарихы үшін ғана емес, әрбір түркі тілдес халықтың ұлттық эстетикалық таным-білік бастаулары санауымыз керек.

Өйткені, әдеби туындының рухани қазына ретінде қажеттілікке айналуы әдебиетті өнер деп тануға әкелетін сыншылдық-эстетикалық талап-талғамды, бағалаушылық мәндегі көзқарасты тудырады. Міне, әдебиетті өнер деп тануға деген ұмтылыс, халықтың өткен тарихтағы оқиғалары туралы шығармалар мен фольклорлық үлгілерге деген қызығушылығы мен талап-талғамы әдебиеттану ғылымының алғашқы қадамы болып табылатын әдеби мұраны жинау, жариялау жұмыстарын туғызады. Ендеше біздің ұлттық әдебиеттану ғылымының арғы бастаулары

қайда деген уақытта, ертедегі поэзиялық дастандар мен фольклорлық үлгілердің көне түркі жазба ескерткіштерден орын алуын тарихи құбылыс деген орынды.

Әдеби мұраны игеруге деген қадамның тұңғыш ізашарын Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен көреміз. Бұл ескерткіштер осы күнде тарихы белгілі ең көне шығарма үлгілері болып табылады. Ғалым И.В. Стеблева өзінің «Поэзия тюрков VI-VIII веков» атты еңбегінде осы кезеңнің жазбаларын тұтас күйінде «поэзиялық дастандар» деп бағалайды. Әрине, бүгінгі таңдағы талғаммен салыстырғанда кейбір тілші ғалымдар айтып жүргендей, қара сөз түріне жақын болып көрінуі мүмкін. Алайда «өлең тілі халықтарда тіл әлі толық жетілмеген кездің өзінде-ақ жасала бастауы мүмкін» екені тарихтан белгілі [5, 200 б.]. Ғалым Қ. Өмірәлиев Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің ұлттық әдебиеттегі орны туралы айта келіп: «Тоныкөк», «Күлтегін», «Могилян хан» сияқты ескерткіштер - жазба әдеби нұсқалар. Олар - хан жарлықтары мен шежірелік үлгі-нұсқалар негізінде жазылған көркем шығармалар», - деп жазады [6, 31 б.].

Ежелгі дәуірдегі түркі тілдес халықтар тарихындағы көрнекті оқиғалар туралы поэзиялық дастандар, шежірелер, аңыздар мен өлең-жырлардың сақталуының екі түрлі жолы болған деп ойлаймыз. Біріншіден, фольклорлық үлгі дәрежесінде халық ауызында сақталды, екіншіден, жазба ескерткіш ретіндегі бітіг тастарда, яғни тас кітаптарда хатқа түсу арқылы сақталып қалды. Әдеби мұраның, оның ішінде фольклорлық нұсқалардың, тас кітапқа жазылуының орасан зор мәні бар. Жазба әдеби ескерткіштер арқылы алфавит жасау сияқты аса зор мәдени, тарихи құбылыс жүзеге асты. Бұл құбылысты сол дәуірдегі өнер мен мәдениеттің, тіл мен әдебиеттің тарихи даму сатысына сай өркендегенінің айқын дәлелі деуге болады. Мысал үшін бір ғана «Күлтегін» жазба ескерткішін алалық. Оны ертедегі түркілердің ғасырға

созылған мәдени-әдеби өмірінің тұтас тарихы деп қараса да болады. Онда сол кездегі тілдің айшықты сөз тіркестері, өлең-жырлары, мақал-мәтелдері, шешендік сөздері, образды сөз өрнектері, эпостық жырға тән суреттер, тарихи-шежірелік баяндаулар көрініс тапқан.

Қорыта айтсақ, тас кітапқа түскен көне жазба ескерткіштер Түркі қағанатының тарих сахнасына шығуы мен ұлттық тұрғыда өзін танытудың тарихи куәсі екені анық. Халық тарихындағы екі ғасырда өткен заманауи оқиғалар туралы поэзиялық дастандардың әдеби көркем туынды ретінде бағаланып хатқа түскенін әдеби мұраны игеру саласындағы жұмыстардың алғашқы соқпағы, яғни ғылыми-зертеушілік, сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің арғы сілемдері деп тану қажет. Тас кітапқа түскендер - Білге қаған, Тоныкөк қаған, Күл Тегін батыр туралы тарихи дастандар ғана. Ал оған осы түрік қағанаты дәуірінде жырланған, тек XII не XIII ғасырда ғана «Оғызнаме» деген атпен хатқа түскен Оғыз қаған туралы эпостық жырды қоссақ, бұл дәуірдегі әдеби мұраны көпшілігі тарих қойнауларында ұмытылып қалғанын байқаймыз.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің табылуы ұлттық әдебиеттану ғылымына тікелей қатысты үш түрлі мәселенің басын ашып берді.

Біріншіден, бүкіл түркі халықтарының жазба әдебиетінің түп-тамыры осы түрік қағанаты дәуірінен басталатынын дәлелдейді.

Екіншіден, өз дәуірінің кескін-келбетіне сай дамыған мәдениеті мен өнерінің болғанын айғақтады.

Үшіншіден, бұл жазба жәдігерлер поэтикалық қуатымен, тарихи-шежірелік сипатымен және ой тереңдігі, мазмұн байлығы, көркемдік қасиеті жағынан көне түркі тайпаларында сөз өнерінің жоғары дәрежеге жеткенін көрсетеді.

Жазба әдебиеті қалыптаса бастаған, мәдениеті мен өнері дамыған, сөз өнері жоғары сипатта танылған рухани дамудың мұндай сатысында сыншылдық-эстетикалық, танымдық-зерттеушілік ой-пікірдің тасада қалуы немесе бағалаушылық мәнде болса да айтылмай қалуы мүмкін емес. Ендеше профессор Т.Кәкішевтің: «Қазақ әдебиеті сынының қайнар көзі, мәнді бір арнасы ретінде сонау көне заман ескерткіштерінен бастау алғаны жөн», - дей келіп, көркемдік танымның алғашқы белгілері мен сыншылдық көзқарасқа жататын пікірлер мен ойларды Орхон-Енисей, Талас-Шу ескерткіштерінен бастап іздеуі заңды [7, 19 б.]. Себебі, халықтардың тарихы қай кезеңнен басталса, олар туралы зерттеу еңбектердің де сол дәуірден басталатыны - дау тудырмас шындық. Оған ертедегі гректердің әдебиеті мен өнері айқын дәлел. Сондықтан ұлттық әдебиеттану ғылымының тарих алдындағы кезеңінде (предистория науки) көне түркі жазба ескерткіштердің алатын орны ерекше. Себебі, солар әдебиеттану ғылымының негізгі пәні болып табылатын көркем әдебиетті тудырды.

Түрік қағанаты құлағаннан кейін түркі тілдес тайпалардың мәдениеті, өнері, әдебиетінің тарихи дамуы мен өркендеуінің негізгі орталығы болған Қазақстан мен Орта Азияда Ислам дінінің тарала бастауы ғасырларға созылған далалық мәдениетке отырықшылық қала мәдениетін енгізеді. Ірі қалалар пайда болып, олар ел басқару, сауда орталықтары болуымен қатар, мәдени, діни, өнер-білім, ғылым орталықтары ретінде да таныла бастады. Ислам дінінің толық қанат жая бастауы кең қолданылып келген руна жазуын, яғни көне түрік жазуын тарих сахнасынан ығыстыра бастады. Мешіттердің салынуы, медреселер мен мектептердің ашылуы, қалаларда діндар ғұламаларды, өнер адамдарын, оқымысты адамдарды топтастырды. Алғашқыда арабтар ислам дінін күшпен тарату мақсатында өздері басып алған елдердің мәдени

және ғылыми мұраларын тас-талқан етіп қиратып, жаңа дінді таратуға кедергі келтіретін ештеңе қалдырмауды мақсат тұтты. Әрине, бұл көркем әдебиеттің дамуына да әсерін тигізбей қалмады. Ұлы ғалым Әбу Райхан Бируни «Өткен ұрпақтар ескерткіштері» аталатын еңбегінде: «Араб қолбасшысы Кұтайба озбырлықпен бұрынғының бәрін талқындады, жойды. Хорезмдіктердің жазу-сызуларын, кітаптарын, бумаларын өртеді, өнер адамдары мен білімпаздарды, ғалымдарды түгел құртты. Хорезмдіктердің исламға дейінгі тарихы түгел көрге көмілді, оны қазір ешкім білмейді», - деп жазады.

IX ғасырдың соңына қарай Қазақстан жері мен Орта Азияда араб мәдениеті мен ғылымының ықпалы артты. Оқу, білім, өнер, әдебиет - барлығы да араб тілі, араб мәдениеті ықпалында дами бастады. Ежелгі грек ғалымдарының ілімдері тарала бастауы ғылымды дамытса, араб поэзиясы әдеби байланыс дәстүріне сай жаңаша өсіп-жетілуіне әсер етті. Кешегі түрік тілдес тайпалардан шыққан Әбунасыр әл-Фараби, М.Хорезми, Әбу Райхан Бируни, Әбуғали Ибн Сина, Ә.Фирдауси, Рабғузи, М.Қашқари, Қ.А.Яссауи, О.Хайям, Ж.Баласағұни, А.Жаухари, Ысқақ әл Фараби, Жанақ әл Қимаки сияқты даналардың, өнер иелерінің, ғылым қайраткерлерінің көркем шығармалары мен ғылыми зерттеу еңбектерінің әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихына тікелей қатысы бар. Бұл ғұлама ғалымдардың еңбектерінен X-XII ғасырлардағы түркі халықтарына тән ортақ мұра болып саналатын көркем әдебиеттің өркендеуіне орай туындаған сыншылдық-эстетикалық, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірдің ғылыми ояну дәуірін көреміз. Бұл кезеңде мәдениет, ғылым, әдебиет, сәулет өнері өркендеді. Оның ішінде сөз өнеріне деген құрмет ауыз әдебиетінің, жазба әдебиеттің дамуына ықпал жасады, филологиялық білімдер жүйесімен айналысу тек қана көркем әдебиет өкілдері ғана емес, барша зиялы қауымға тән

құбылыс болды. Шешендік өнерді меңгеру, нақышты сөйлей білу, өлең шығару қабілетіне ие болу - білімді деп саналатын адамдардың міндетті түрде игеруге тиісті қасиеттері еді. Ғылыми еңбектердің көркем үлгіде келуі басты сапаларының бірі ретінде танылды. Сондықтан ғылыми трактаттардың өлең түрінде жазылуы таң қаларлық іс-әрекеттен көрі, солай болуға тиіс дәрежесінде қабылданды. Тіпті жаратылыстанушылар да филология, поэтика, риторика мәселелері туралы трактаттар жазды. Мысалға Ә.Р.Бируни мен Ибн Синаның еңбектері оған айқын дәлел.

Әдебиеттану ғылымының алғашқы қадамы саналатын әдеби мұраны жинау-жариялау, хатқа түсіру жұмыстары VIII-IX ғасырларда өз жалғасын тапты. Осы дәуірде жырланған «Қорқыт ата кітабын» кұрайтын он екі жыр мен «Оғызнаменің» көне түркі жазуымен немесе арабша жарияланбағанын дәлелдеу қиын. Біздің ойымызша жарияланған, яғни хатқа түскен де, түпнұсқасы бізге жетпеген. Бұл жерде біз: «Қорқытқа байланысты аңыз-әңгімелер, эпостық жырлар «Қорқыт ата кітабы» деген шығармада жинақталған. Оның авторы, жазылған уақыты, қайда жазылғаны туралы мәлімет жоқ. Шығарманың екі түрлі қолжазбасы бар. Олар кейін XV ғасырда жазылған», - деген тілші-ғалым Ә.Кұрышжановтың, «Қорқыт ата кітабы» сол кездегі оғыз-қыпшақ тайпаларының бәріне бірдей түсінікті ортақ тілде жазылған», - деген әзербайжан ғалымы Ә.М.Дәмирчизаденің, «Тегінде Оғыз батыр жайындағы хикаяның осы алғашқы түпнұсқасы сақталмаған», - деген Н.Келімбетовтің және тағы да басқа пікірлерге сүйенеміз. Сонда «Қорқыт ата кітабының» XV ғасырда, «Оғызнаменің» XII-XIII ғасырда хатқа түскен нұсқалары түпнұсқаның қайтадан жариялануы немесе көшірмесі болып шығады. Өйткені «қандай да болсын халық өзінің тарихын жасауға бейім тұрады. Жазуы дамыған халықтарда бұл тарихи жылнама не ұлы қолбасшылар мен патшалардың

жорық жолын баяндау түрінде хатқа түскен. Ал жазуы жоқ халықта бұл тарих ата-бабалар және атақты қолбасшылар туралы ауызша туған аңыз-әңгімелер түрінде, не басы осы аңыз-әңгімелерге барып тірелетін шежірелер түрінде жасалып отырған. Ертедегі түркілер осы тарихтың екі түрін де иеленген еді». Олай болса Орхон-Енисей көне жазба ескерткіштерінен бастап келе жатқан әдеби мұраны хатқа түсіру үрдісінің жалғасын таппауы мүмкін емес. Түпнұсқа көне түркі жазуымен жазылып, оның тағдырына жергілікті халықтың тілін, жазуын, мәдениеті мен әдебиетін жұтып жіберуге ұмтылған, араб тілін мемлекеттік тілге айналдырып, ежелгі түркі жазуының қолдануына тыйым салған арабтардың әсер етуі мүмкін. Немесе араб жазуымен хатқа түсіп, Қарахан мемлекеті тұсында жоғалуы да мүмкін. Қалай дегенмен де «Қорқыт ата кітабы» мен «Оғызнамедегі» тарихи оқиғалардың деректілігі мен шежірелік сипаты кейінгі ғасырларға фольклорлық туынды емес, жазба әдеби мұра ретінде жетпеді ме екен деген ойға жетелейді.

Көне кезең әдебиетін зерттеуші ғалымдар бұл екі мұраны Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен басталатын ежелгі дәуір әдебиетінің алтын арқауы ретінде қарастырып жүргені мәлім. Сол себептен де қазақ әдебиеттану ғылымының арғы бастаулары саналатын кезеңнің де салмағы арта түсетіні сөзсіз. «Қорқыт ата кітабындағы» он екі жырдың, Оғыз батыр туралы жырдың хатқа түсуі әдеби шығарманы өнер туындысы деп танудағы танымдық-бағалаушылық көзқарас, сыншылдық-эстетикалық талғамның өсе түскенін байқатады. Әрине, ол мақсатты түрде жүзеге асудан көрі, әдеби мұраны рухани қажеттілікке айналдыруға деген талап-тілектің нәтижесінде көрінді. Яғни, айтылып жүрген фольклорлық жырлардың ең үздігі, таңдаулысы болғандықтан, халықтың эстетикалық талғамына сай келгендіктен жазуға түсті деп ойлау керек.

Фольклорлық шығарманың хатқа түсу барысында толықтырылмауы мүмкін емес. Мысалы, «Қорқыт ата кітабы» эпос тіліне өте жақын. Онда фольклордың шешендік сөз, мақал, өсиет-нақыл, бата секілді түрлері де кеңінен орын алған. Дрезден нұсқасының неміс тіліне аударылған басылымында 400-ден астам мақал-мәтелдің бар екені осыған дәлел. Біздің ойымызша, «Қорқыт ата кітабын» құрайтын он екі жыр фольклорда жеке-жеке жер болып айтылып, хатқа түсу барысында Қорқыт тұлғасына байланысты біріктірілген. Оғыз қаған туралы өлең-жырлар тұтастанып, жүйеленіп қағазға түсуі де ықтимал.

Қорыта келгенде, көне әдеби мұралар саналатын Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін, «Қорқыт ата кітабы» мен «Оғызнаменің» әдеби тілде хатқа түсуін, түркі тайпаларынан шыққан халықтардың әдебиеттану ғылымының бастауы, сөз өнерін ғылыми тұрғыда танудағы жұмыстардың ең алғашқы баспалдақтары деп санаған дұрыс.

- 
1. Гутаров В.И. Основы литературоведения. – Минск, Вышэйшая школа, 1967. – 352 с.
  2. Возникновение русской науки о литературе. – М.: Наука, 1975. – 427 с.
  3. Кәкішев Т. Оңаша отау . – Алматы: Жазушы, 1982. – 224 б.
  4. История русского литературоведения. – М.: Высшая школа, 1980. – 349 с.
  5. Гегель. Сочинения. Т. XIV. – М.: Наука, 1968. – 307 с.
  6. . Өміралиев Қ. VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. – Алматы: Мектеп, 1985. –112 б.
  7. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 448 б.,

2011 ж.

## **СЫН САРДАРЫ** **немесе «Толғамдағы» толғаныстар**

Әдеби сын көркемдік процестің алдында тұрған көп мәселелердің ішінен біреуіне, не бірнешеуіне назар аударып, шешімін табуға ұмтылады. Алдында қандай міндет қойғандығы сын мақаланың көлеміне, тіліне, композициялық құрылымына, т. б. тікелей әсер етіп, оның тұрақты жанрлық белгілерінің қалыптасуына жеткізеді. Сыншы бір ғана әдеби жаңалықты хабарлауды, немесе бір кітап, жазушы жайлы пікір білдіруді, не әдеби процестің маңызды бір-екі мәселесін көтеруді алдына мақсат етіп қойып, айтпақ ойларын ұтымды жеткізу үшін түрлі көркемдік құралдарды, әдеби әдістерді қажетінше пайдалана алады. Міне, осындай ұтымды ойлар және бағалы пікірлер мен құнды деректер Тұрсынбек Кәкішевтің «Толғам» атты еңбегінде сәтті көрсетілген.

Сын жанрларын айқындаудың басты белгілерінің бірі - зерттеу объектісі болса, әдеби процесс, шығарма, жазушы турасында әдеби сын мәселелері тұрғысында айтқан толғамдарын сын жанрларына ажыратуға әбден болады. Еңбекте, әсіресе сынның өзекті жанры шығармашылық портреттің, эссенің, әдеби хабардың көбіне-көп көрініс табуы заңды құбылыс. Себебі Т. Кәкішев зерттеулерінің тұтастай бөлігін құрайтын Сәкен, Мағжан, Сәбит, Мұхтарға қатысты тың деректерден алынған дүниелер, сыншының жазушылармен, қоғам қайраткерлерімен, өнер иелерімен кездесулеріндегі жылы жүздесулерден алған әсері, азаматтығы мен адамзаттық, адамгершілік рухтарына тәнті болған тебіреністері аса шеберлікпен баяндалған. Сондай-ақ сын жанрларының әдеби шолулар, әдеби есеп, мақалалары мен академиялық пікірлері де орын алған.

Көркем әдебиетте басты тұлға – суреткер. Сондықтан қандай да бір әдеби шығарма, құбылыс жайлы әңгіме еткенде, оның авторына соқпай өту қиын. Әдебиет туралы пікір білдіру – белгілі бір дәрежеде жазушы жайлы да әңгімелеу. Ал, жазушы шығармашылығы хақында пікір айту жалпы әдеби сынның басты міндеттерінің бірі. Сондықтан да Брюсов айтқандай, «әдеби сын да суреткер жүріп өткен шығармашылық жолдармен жүріп, көріп, сана сарабынан өткізетіндей». Бұл жолда жазушы көркемдік жинақтаулар жасаса, сыншы осылардың барлығын ой көзінен, талдаудан өткізіп, ғылыми қорытындылар түйеді. Сыншының осы ғылыми талдаулары мына төмендегі шығармашылық портреттерінен көрінеді: «Матасқан тағдырлар», «Сәкен және Мұхтар», «Өз дәуірінің перзенті», «Парасат сілемдері», «Тірілген әндер әуені», «Сын мен ғылым сардары», «Әдебиетіміздің Қазбегі мен Эльбрусы», «Алыптар тобының зергері», «Сан қырлы талант», «Құлагер», «Алыптардың айқасы», «Қазақ поэзиясының жарық жұлдызы», «Сәкен һәм Троцкий», «Пенденің бәрі азамат емес», «Қуанышты қауышу», «Б. Кенжебаев – тарихи мектептің негізін салушы». Осылардың бәріне ортақ белгі – белгілі бір суреткердің бүкіл шығармашылық болмысы сынның нысанына айналуы. Онда кез келген қаламгер емес, әдетте бүгінгі әдебиетте өзіндік орны бар, дарынымен жұртшылық назарын аударған көрнекті қаламгерлер, қайраткерлер жайында сөз болады.

Шығармашылық портреттің негізгі нысаны суреткер дегенде оның шығармашылығына ден қойылады. Мұнда өмірбаяндық, естелік, толғаныс, құжат сияқты түрлі мағлұматтар мен әдістер кеңінен қолданылған. Сондай-ақ талдаушылық тәсіл, пікір айтушылық, бағалаушылық сипаттары де кең өріс алған. Бұл оның әдеби портреттің басқа түрлерінен ажыратып тұратын басты белгілерінің

бірі. Мысалы, «Сәкен және Мұхтарда» екі тұлғаның шығармашылық болмысын, өзара теке-тірестерін сынның нысанына айналдырады. Мұнда талдаушылық тәсілдің орын алуы «Сәкен және Мұхтар» мақаласынан бірнеше ұнамды сипатта байқалады. Біріншіден, бұрынғыдай сарт еткізіп, кесіп-пішу машығы байқалмайды, нені айтса да сендіріп, көзін жеткізіп айту жағы басым, яғни эстетикалық сынның арнасы бар. Екіншіден, қатардағы жазушының емес, Мұхтардың шығармасы туралы айтып отырғанын еш ұмытпаған. Оның жазушылығына, кемеңгерлігіне, парасаттылығына іштей ілтипаты мол екендігі сезіледі. Өзіндік ой-бағамдарын, байқауларын ортаға салушылық бар. Көркем өнер туындысын туғызған суреткер тұлғасын сомдауда ғылым сыншыдан парасаттылықты, білімдарлықты, әділдікті талап етеді. Осы орайда «әлеуметтік өмір көрігінің не бір ыстық-суығында «қорытылып» сомдалған суреткер болмысының шығармашылық қырларын ашып көрсету осы процесті жақсы айыра алатын нағыз әдебиетші-ғалым, сыншының ғана қолынан келеді. Демек, шығармашылық портрет сыншыдан жан-жақты білімдарлықты, ой-өрісінің кеңдігін, яғни жазушы өмірінің жекелеген фактілерінен бастап, ол өмір сүріп отырған әлеуметтік-мәдени ортаның, әдеби процестің кейбір қыр-сырларына дейін жақсы хабардар болуды қажетсінеді», - деген Дандай Ысқақұлының пікірімен келісуге әбден болады.

Сын жанрының бұл түрінде Сәкеннің, Мағжанның, Сәбиттің, Мұхтардың («Матасқан тағдырлар», «Сәкен және Мұхтар», Алыптардың айқасы», «Сәкен һәм Троцкий», «Пенденің бәрі азамат емес»), Ғаббас Тоғжановтың («Өз дәуірінің перзенті»), Мәлік Ғабдуллиннің («Парасат сілемдері»), Илия Жақановтың («Тірілген әндер әуені»), Есмағамбет Ысмайыловтың («Сын мен ғылым сардары»), Ғабит Мүсіреповтің

(«Әдебиетіміздің Қазбегі мен Эльбрусы», «Алыптар тобының зергері»), «Оқымысты» (Құлбек Ергөбек), Тұрсынхан Әбдірахманованың («Сан қырлы талант»), Лияс Жансүгіровтің («Құлагер»), Әбділда Тәжібаевтың («Қазақ поэзиясының жарық жұлдызы»), Бейсенбай Кенжебаевтың («Б. Кенжебаев – тарихи мектептің негізін салушы»), Көлбай Төгісовтің («Қуанышты қауышу») шығармашылық портреттері ашылып, ақындарымыз бен қоғам қайраткерлеріміз сан қырлы жағынан танылып, оқырман қауымға біраз шындықтың беті ашылғаны қуантады, осыған дейін ауызға алынбай келген қалам қайраткерлерімізбен табыстырады, қазақ әдебиеті тарихының тағы бір беті тың деректерге толыға түсері хақ.

Осы табыстыруда сыншы шығармашылық портрет жасауда тарихи фактілер мен мұрағат деректерін былай қойғанда, эссенің, академиялық пікірдің, әдеби хабардың элементтерін шебер үйлестірген. Енді осы элементтер көрініс тауып жатса, неліктен сын жанрының тура осы түріне (шығармашылық портрет) жатқызамыз деген сұрақтың төбесі көрініп қалды. Сыншы әдеби хабарды, кітап, жазушы жайлы пікір білдіруде, не әдеби процестің маңызды мәселесін көтеруде айтпақ ойларын ұтымды жеткізу үшін түрлі көркемдік құралдарды, әдеби әдістерді қажетінше пайдаланады. Бұл - заңды құбылыс. Міне, осындай жағдайларда туындаған сын материалдарының өзара ұқсас бір тобында ұдайы қайталанып, оның басты, сипатты қасиетін айқындайтын белгілер оның жанрлық айқындауышына айналады. Демек, сөз болған элементтеріміз жанрлық айқындауыштар қызметін ғана атқарады.

«Толғамда» шығармашылық портреттер көптеп келтірілуі сыншының ұлттық әдебиеттануға қосқан сүбелі үлесі деп білеміз. Қаламгер жайында сөз қозғауда алдымен қойылатын талап - ол жөнінде толық дерек көздері,

сондықтан бұл талай архивтің шаңын қаққан ерен еңбектің жемісі болып табылады. Шығармашылық портрет қатарына жататын «Матасқан тағдырларда» бұлардың қым-қуыт қарым-қатынасы әншейінгі қазақы әңгіменің ауқымынан шығып, әдеби шығарма, эссе, ғылыми зерттеу, монография, мақала деңгейінде ел-жұртқа жария болып, дабыраға айналған өте қиын тақырып деп көтерген мәселесінің салмағын сезіп, «Мағжан – Сәкен – Сәбит түйінін» шешуде қайраткерлеріміздің бір-біріне жазысқан хаттарын сөйлетіп, олардың шынайы қатынастарын архив деректері арқылы беріп, дәлелдей түсуі мен осыған қатысты естеліктер деректік молдығымен құнды. Қиын қыстау кезінде үш алыптың бір-біріне деген зор құрметтің белгісі мен адамгершілік қатынасы оқырманды тәнті етеді.

Сондай-ақ әдеби сын көркем әдебиеттің болашақ даму жолдарын көрсетіп отыратын болғандықтан, оның пікірлерінде болжамдық (гипотеза) сипат болады. Бұл сынның маңызды жақтарының бірі болып табылады. Бұл сыни еңбекте молынан қамтылған. Мәселен, «Матасқан тағдырлар» деген шығармашылық портретте Омбы – Новосібір – Барнауыл – Семейлетіп Алматыға жететін ұзақ жолдың қай бұрылысында қаншама күн болып, неше поездға ауысып мінгені, қаражатсыз адамның қай жерде қанша ашыққанын кім білсін, әйтеуір 25 наурызда қалаға жетеді. Жол үстінде Мағжанның теңіздей терең ойларға батып келгені еш шүбә тудырмайды. Станса басында жападан-жалғыз қарсы алған Сәбитке Мағжан «мені Сәкенге жолықтыр» деген тілекті айтудың өзі оңай емес қой, өмір бойы өнер бәсекесіне түсіп, кейде пенделіктің жетегінде кетіп қалып жүрген ақын адамға. Оның үстіне Соловкиде жүргенде Сәкеннен хат-хабар, қаржы алғаны камшы болған шығар. Әйтеуір, Алматыға аяғы тиген сәтте бүкіл Қазақстанда өзіне жәрдем қолын созар жан Сәкен болар, өзгелердің панасы онша қалқанды бола қоймас

деген шешім жасап келген көрінеді. Сәкенге өкпелеп те, базына қылып та, теңдес құрбысы, тіпті ақындық бақталасы ретінде айтатыны, қалайтыны да бар болса керек», - деп Мағжанның тығырыққа тірелгенде Сәбит пен Сәкеннің қол ұшын беруі сипатталады. Немесе «демек, Алматыға келгеннен кейін ең әуелі жұмыс орны – Орталық мемлекеттік музей болуы әбден болуы мүмкін, өйткені Мирзоянның тапсырмасымен Жазушылар одағының бастығы Сәбит Мұқанов араласқан соң, осындай қызмет орны ыңғайлы да лайықты деп табылуы ғажап емес» дегенде Мағжанның Омбыдан Алматыға жеткендегі қызметке орналасуы жайындағы болжам. Әрі қарай сыншы осы бағыты дұрыс болжамды нақтылайтын Әди Шәріпов, Мағжанның жары Зылиқа апайдың айтқан естеліктерімен нақтылай түскен. Көріп отырғандарымыздай, Мағжанға Сәбит пен Сәкеннің көп көмегі тигені әлгі келтірілген сыншының болжамынан бірден аңғарыла кетеді. Демек, мұнда жай ғана болжам емес, алған беті дұрыс болғандықтан, әрі қарай іздестірсе, табылған тарихи фактілермен нақтылана түсетіні, сонымен қатар бұл болжамда әдеби тұлғалардың образын, портретін ойша жасап беріп-ақ тұр. Бұл жерде сын болжамының шығармашылық портреттің жанрлық айқындауышы десек, қателеспеген болар едік.

Сонымен мұнда өмірбаяндық деректер мен дәйектерді сөйлетушілік басым. Нақты деректер мен сыншылық болжам - оның басты өзегі. «...Сәбит Мұқанов қол ұшын беруге ыңғайланғанмен, қыңырайғандар мен күдіктенушілер аз болмады. Сонда да Сәбенің Мағжанмен хабар-ошары үзілмеді. Оған мына хат дәлел», - деп Мағжанның саяси айыптау себептерінен қызметтен қуылып, қаражаттан тарығып жазған хатын толығымен келтіреді, одан Мағжанның Омбылатып Алматыға жеткендегі Сәкен мен Сәбиттің құшақ жая қарсы алуы

олардың тарихи құжат пен гипотезаны шебер үйлестіруі арқылы адамгершілік абыройын асқақтата түседі, осындай ұлы дарындар тағдырындағы бауырмалдық қасиеттер халық мерейін өсіреді.

«Өз дәуірінің перзенті» атты шығармашылық портретінде қазақ әдебиеті мәселелерінің бастыларын көрсетуде Ғаббас Тоғжановтың публицистік, журналистік, сыншылық жағы бар қырынан танылады. «Парасат сілемдерінде» Мәлік Ғабдуллиннің шығармашылық тұлғасы паш етіледі. Батыр ағамыздың ғылымға қосқан үлесі де айтарлықтай екендігі тартымды баяндалады. «Тірілген әндер әуенінде» сыншы Илия Жақановтың шығармашылық бейнесін автор онымен көптен таныстығынан бастап, шығармашылық жолын баяндаудан өнер адамының парасаттылығын өмір жолымен таныстырып, шығармаларын топырлатып талдап жатпай, зор талантына оқушы қауымды тәнті етуі арқылы танытады. «Мен оған қосылуға жақынмын, басқалар да осы кітапты оқығаннан кейін ән арқылы халық тарихын, өнерпаздың тағдырын әсем сырмен, оралымды тілмен жеткізе білген Ильяға қосылар деп шамалаймын», - дейді.

«Сын мен ғылым сардарында» белгілі сыншы Е. Ысмайыловтың ғылыми шығармашылық жолы зерттеу объектісіне айналады. Сол сияқты «Алыптар тобының зергерінде» Ғабит Мүсірепов жайлы қалам тербегенде интервью әдісін қолданған. Демек, сұрақ-жауаппен жазушының өзін сөйлету арқылы автопортретін жасауға ұмтылған. Мұндағы авторлық позиция айқын: өзін толғандырған сұрақтарды ғана қояды. Ал «Әдебиетіміздің Қазбегі мен Эльбрусында» Ғабитті таныту басқа жағынан қамтылған. Мұнда Ғабиттің жазушы ретінде қалыптасуына Сәбиттің көмегі тиіп, екі алып арасында бір-біріне деген зор құрметпен қоса, «өнер айдынында көрген-білгендерін ашық та анық айтудан еш тартынбаған. Осы тұрғыдан

келгенде менің көңілімде Кавказ шындарының бір-біріне қасқая қарап тұрулары ғана емес, өзіміздің «Оянған өлкедегі», Жұман мен Игіліктің «Тағы да таласып келіп, тағы да тақасып келіп, іргесін айыра алмайтын қос ағайындарша бір бұлақтың басына иық тіресе қонып жатқан» тірлігі болып көрінеді» деп тұлғалар танытуда сәтті аяқтау сыншыдан жазушылық шеберлікті талап етеді. Байқауымызша, «Толғам» бойы осы көркемдік шеберлік әр қырынан көрініп, қайта одан әрі ширатыла түсуде.

«Алыптардың айқасы» - маңызды да күрделі шығармашылық портреттің көрінісі. Бұл сын жанрының ерекшелігі тарихи фактілерді былай қойғанда, эссемен жымдаса қоян-қолтық араласып жатқандығы. Мұнда философиялық толғау аясынан өрбітілген Алыптарды басқа жағынан танытуда алдымен, Мұхтар мен Сәбитті бір-біріне жазысқан хаттары арқылы айтыстырып, одан Лениндік сыйлық «науқанындағы» пенделік бақталастарын деректер мен естеліктер арқылы «баяндатып қойып», сыншы соңын бағып отырғандай, кейін әрқайсысы өз әділ бағасын алып шығатындай әсерде қалдырады.

Т.Кәкішевтің келесі қалам жебеген сын жанрының түрі - эссе. Эсседе ғылыми талдаулардан гөрі автордың өзіндік әсерлері, шығармашылық тәжірибелеріне негізделген ойлары басым, шағын көлемді, еркін құрылымды келіп, көркем әдеби стильде жазылады. Бұған «Ғибратты сапар», «Ғабенмен құпия сұхбат», «Аға арманы», «Достыққа не жетсін», «Сурет - тарихи айғақ», «Екі мезет», «Өлеңмен енген естелік» және «Беймәлім қайраткерлік» жатады.

«Ғибратты сапарда» Сегіз серінің әндері мен маңызды шығармаларын жинауға аттанған экспедиция жайлы сөз қозғалады. Осы сапардан көрген-білгендерін, алған әсерлерін баяндайды. Сол сияқты «Беймәлім қайраткерлікте» Ресей федерациясында Қазақстан республикасының елшісі Таир Мансұровтың «Полпред

Назир Тюрекулов. Дипломат, политик, гражданин» атты кітабынан алған әсерлерден басталып, «мына кітапты оқып шыққаннан кейін бұрынғы ой-пікірлерімнен түгелдей арылдым демегенмен, өрелі азаматтың ерен еңбегін қадірлей білуіміз керектігі кейінгі ұрпаққа жазылмаған заң болуға тиісті деп ойлады», - деп әрі қарай өзінің Нәзір Төрөқұлов жөніндегі еркін пайымдауларына салады.

Жалпы, барлығына ортақ қасиет көркем суреттеулерден гөрі ағынан жарылып, өз ойларын ортаға салушылық байқалады. Көркем тілмен әсерлі жазылып, оқырманын баурап алары хақ. Мұндай жанр әдеби сынымыздың құрғақ ғылыми талдаулардан көркемдікке, әсем өрнектеліп берілген субъективті әсерлердің ғылыми негіздерге ұмтылыстарындағы тоғысар бірден бір жемісті жолына айналуға.

«Толғамда» бұдан кейінгі келетін сын жанры - академиялық пікір мен әдеби хабарлары. Негізінен бұл екеуі бір-біріне өте ұқсас жанрлар. Кейде бірінің ішіне бірі кірігіп кетуі ғажап емес. Д. Ысқақұлының «Сын жанрлары» еңбегінде «академиялық пікір деп отырғаны – академиялық басылымдарға, ғылыми жинақтарға жазылатын ғылыми пікір. Сонымен бірге көбіне жабық түрде болатындығы – басты ерекшелігі» деп атап көрсетеді. Ендеше, жанры жағынан рецензияға жақын. Айырмашылығы рецензия жариялы түрде (официально) болып, академиялық пікір жабық пікірлердің қатарында болуы. Сондай-ақ академиялық пікірдің аудиториясы тар, белгілі мамандарға ғана арналады. Бұлардың қатарына Т. Кәкішевтің «Игілікті ізденіс», «Толымды туынды», «Сәкентануға сүбелі үлес» атты белгілі бір еңбекке жазған ғылыми пікірінен сәл болса да әдеби хабардың белгісі қылаң береді. Ғылыми талдаулар мен ғылыми-субъективті пікірлердің айтылуынан әдеби хабардың жанрлық шеңберінен асып барып, академиялық пікірге айналып тұр.

Келесі сын жанрының тағы бір көрінісі – мақала жанры. Мақала ұзақ ізденістерден кейін жазылады. мақала жазу ойға алдымен, әдеби өмірде болып жатқан елеулі жетістіктер немесе кемшіліктер жетелеуі мүмкін. Мұндай жағдайда сыншы осы тектес фактілерді зерттеп, белгілі бір қорытындыларға көз жеткізген соң барып жазылады. Кейде алдымен ой туып, содан кейін сол ойды нақтылай түсу мақсатымен әдеби фактілерді іздестіріп, айтылар ой нақтылы көркемдік құбылыстар арқылы жеткілікті түрде дәлелденген тұста ғана барып мақала өмірге келеді.

Мақала жанры көтергелі отырған негізгі мәселеден, яғни жалпыдан жалқыға қарай әңгімелеуден басталады. Кіріспеде мақалаға өзек болар басты мәселе айқындалып болған соң, негізгі бөлімде авторлық ойлар дәлелденеді. Ал қорытындыда осы мәселе бойынша сыншының негізгі пікірлері тұжырымдалады. Көп жағдайда мақала проблемадан басталып, соған қатысты нақтылы шығармаларды талдауға құрылса, кейде керісінше, жекеден жалпыға қарай өрбиді. Мұнда алдымен ұқсас әдеби фактілер, құбылыстар әңгімеленіп, соның негізінде проблемалық мәселе қозғалады, идеялық-эстетикалық талдаулардың барысында ғылыми топшылаулар мен көңіл аударарлық нақты тұжырымдар жасалады.

Мақаланың мақсаты - әдеби өмірде болып жатқан маңызды құбылыстарды, оқиғаларды талдап-бағалау, оның заңдылықтарын ашу, оқырмандарға түсіндіріп отыру. Ал зерттеу объектісі - әдеби процестің жекелеген зәру мәселелері. Осы мақсат, белгілердің барлығын дерлік төмендегілерден көруге болады. «Оралмандарға қамқорлық», «Алтын ұяның абыройы», «Білімге базар саудасы жүрмейді», «Жекпе-жектің өресін кеңейтейік», «Профессорлар толғамы», «Иран-Тұран әдебиеттерінің байланысы», «Әдебиеттің арғы бастау хақында», «Тарихты түптен тартайық». Бұларды өзара жіктей түссек, ғылыми

мақалалар қатарына «Иран-Тұран әдебиеттерінің байланысы», «Әдебиеттің арғы бастау хақында», «Тарихты түптен тартайық» жатса, проблемалық мақалаларға «Алтын ұяның абыройы», «Білімге базар саудасы жүрмейді», «Жекпе-жектің өресін кеңейтейік», мүшелтой мақаласына «Оқымыстыны» жатқызуға болады. Ал «Профессорлар толғамын» сынның әлеуметтік сипатының жүгін көтеріп тұрған проблемалық мақалаға шартты түрде жатқызуға болады.

Сын жанрының әдеби есебі де байқалады. Жалпы әдеби есеп өмірдің маңызды жиындарында жазылады. Бұл түрлі әдеби талқылауларға, жыл қорытындыларына, жазушылардың құрылтайына жазылса, әдеби есептің белгілі бір әдеби мәселенің төңірегіндегі дау-дамайы көп даурықпа сөздерге ғылыми жауап ретінде де болатынына еш шүбә келтірмейміз. Оған мысал ретінде «Толғамдағы» Т. Кәкішевтің «Сәбит өз халқына дұшпандық ойлады ма?» туындысын жатқызуға болады. Себебі, әңгіме С. Мұқанов төңірегінде өрбігендіктен, Сәбиттің шығармашылық портреті жасалады, тарихи құжаттар мен архив деректері, естеліктер келтірілгенімен, бәрі жабылып бір-ақ сұраққа жауап іздейді.

Т.Кәкішевтің күнделікті әдеби ағымға белсене араласып, бағыт – бағдарлы сын, келелі пікір айтып отырғандығы баршамызға белгілі. Бұл ретте ол бүгінгі қазақ сыңының көш басшыларының бірі екендігін айтпаса болмайды. Сонымен бірге Тұрсекең жай сыншы ретінде шектеліп қоймай, қиын жанрдың өз табиғатын да алғаш рет кең ауқымда зерттеп жүрген ғалым. Сын тарихының күрделі де қиын мәселелеріне арналған мақалалары, зерттеулері, жекелеген сыншы - әдебиетшілер тұлғасы туралы танымдық мақалаларын сөз ету барысында Тұрсынбек Кәкішевтің орасан зор еңбек еткендігіне көз жеткізу қиын емес. Тоқырау заманының көзқарастарына

қарсы тұрып, қаймықпай айналысқан қажымас қайраты мен ғалымдық талантының арқасында дер едік.

Сын мен әдебиеттану атақты ғалымның қос қанаты сияқты. Сондықтан да оларды бөлмей бір тұтастықта қарастыру керек. Т.Кәкішев сын тарихын, сәкентану, сәбиттану ілімін ғана зерттеп қойған жоқ, осы «Толғамдағы» сыни толғаныстары арқылы қазіргі қазақ әдебиеттануының да көкейкесті мәселелерін батыл айта алған. Ғалымның аталған еңбектегі соны ізденістеріне көз жіберсек, үлкен ғылыми ерліктің куәсі боламыз. Т.Кәкішев десе сын, сын десе Т.Кәкішевсіз сөйлеуге болмайтынын осы шағын мақалада айта алсақ, алға қойған мақсатымыздың орындалғаны.

2012 ж.

## ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТІҢ ҒЫЛЫМИ ТАРИХЫН ДӘУІРЛЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ СИПАТЫ

Кенестік идеология мен маркстік-лениндік әдіснама қағидалары құрсауына ұшыраған қазақ әдебиеттануы 1940-жылдары бұрынғы ізденістерін жалғастыра отырып біршама жетістікке қол жеткізді. Қазақ әдебиет тарихын дәуірлеуде, жеке ақын-жазушылар шығармашылығын монографиялық тұрғыда зерттеуде, фольклортану мен әдебиет теориясының мәселелерінде көңіл аударарлық соны қадамдар жасады. Бірақ, партиялық қаулы-қарарлар ұлттық мүддеге сай бағыт алған ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге тағы да тоқтау салды, көрнекті әдебиетші-ғалымдарды қуғынға ұшыратты. 1950-жылдардың орта кезінен басталған жаңа бетбұрыс жеке басқа табынушылықтың зардаптары мен бұрмалаушылықтарды түзете бастағанымен, қазақ әдебиеттануының ұлттық мақсат-мүддеге сай ізденістер жасауына еш мүмкіндік бермеді. Маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы, халықтығы, партиялығы қағидалары, оның «тұрпайы социологизмді» ұтымды пайдаланып отырған саясаты, ұлттық нигилизмнің өріс алуы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің адымын аштырмады. Әйтсе де кенестік дәуірдегі әдебиетті тексерудегі зерттеулер мен монографиялардың көбеюі, қазақ әдебиеті тарихының көп томдығының шығуы, әдебиет теориясы мен әдебиет сыны тарихының зерттеу нысанасына алынуы, төңкерістен бұрынғы әдебиет тарихының ежелгі дәуірден бері зерттеу мәселесінің көтеріле бастауы, тағы да басқа өзекті де көкейкесті мәселелерді шешіп алуы, қазақ әдебиеттануының қалыптасу дәуірінде қол жеткізуге ұмтылған жаңашыл табыстары болды.

Маркстік-лениндік ілімге қарай бетбұрыс жасаған 1959 жылғы «Әдеби мұра және оны игеру» аталатын

конференция әдебиет туралы ұлттық ғылымның қалыптасу кезеңіндегі зерттеу жұмыстарының осы әдіснама негізінде жинақтала айтылуына басты себеп болды (1). 1960-67-жылдар аралығында жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихының» көп томдығы ұлттық әдебиеттанудың әдеби мұраны ғылыми игерудегі алғашқы қадамдарынан бері қарай ұзақ дәуірге созылған үрдісінің бір жүйеге түсіп нақтыланған қорытындысы болып табылады. Олардың қазақ әдебиеттану ғылымындағы маңызы мен ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді жаңа арнаға бастаудағы, ұлттық әдебиеттің тарихи курсына жасау мен дәуірлеудегі және оның орта және жоғарғы мектепте жүргізілуіндегі жетекшілік рөлі мен мәні туралы асыра айтылса да біршама пікір айтылды. Оларды қайталаудың немесе «жауырды жаба тоқып» сол ізбен кетудің енді жөні жоқ. Сондықтан ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге қосылған табыстары мен бүгінгі күн талабымен қарағанда жетіспеушілік болып табылатын жайларында атап көрсету керек. Оны айтқан уақытта жекелеген зерттеушілердің немесе көп томдықты шығарушылардың кемшілігі деп емес, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ұлттық әдебиет тарихына байланысты қандай да болсын мәселені маркстік-лениндік мұраттар тұрғысынан қарауға мәжбүр болғанын көрсету мақсатына қарай қарастырған дұрыс болмақ. Сонда біз көп томдықты сөз етуде егемендік алғаннан кейінгі алғашқы жырларда өткендегінің бәрін мансұқтай бастаған жалған бағыттан да, кейбіреулердің Сәкенді «ұлт сатқыны» деп жүрген тұрпайы көзқарасынан да аулақ боламыз.

Көп томдықтың, яғни «үлкен қоғамдық мәні бар күрделі еңбектің аз ғана уақыт ішінде жасалуы - әдебиеттану ғылымының қаншалықты өркен жайып өскеніне дәлел. Әдебиет тарихы көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары негізінде жасалды. Бұған дейін жарық көрген

еңбектердің бәрі және әр қилы себеп-сылтаумен әдебиеттанудың арнасына тартылмай келген әдеби мұралардың да қадір-қасиеті де ескерілді» [2, 343]. Бұл кезде фольклорлық мұраны зерттеудің лениндік теорияға сай әдіснамалық мәселелері қырғыз эпосы «Манас» туралы жиында (Фрунзе, 1952), «Қазақ эпосы туралы» айтыста (Алматы, 1953) СССР халықтарының эпосы туралы (Москва, 1954) «Алпамыс» туралы (Ташкент, 1956) республикалық ғылыми мәжілістерде бүкілодақтық дәрежеде бір жүйеге түсірілген де болатын. Сондықтан көп томдықтың 1960 жылғы бірінші кітабы 1948 жылғы «Қазақ әдебиеті тарихының» 1 томына байланысты қабылданған партиялық құжаттардағы сыннан «қорытынды» шығара отырылып жазылды. Оған кеңестік фольклортану ғылымының мақсат-мұраттарына орай жазылған М.Ғабдуллиннің 1958 жылғы «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» оқулығы мен басқа да ғылыми мақалалардағы таптық сипаттағы ізденістердің барлығы қамтылды. Осы кезге дейінгі ғылыми еңбектерде әр сипатта болып келген фольклорлық жанрлар мен оның түрлерінің кеңес дәуіріндегі ғылыми классификациясы жасалды. Олардың жиналуы мен жариялануы және зерттелу тарихы туралы мол мәліметтің берілуі, әлі де болса ғылыми тұрғыда анықтайтын мәселелердің көрсетілуі, жеке жанрлар мен шығарманы талдаудың әдеби-теориялық сипатының тереңдей түсуі, сөз жоқ, айтарлықтай табыс еді. Әрине, бүкіл кеңес еліндегі фольклортануда басшылыққа алынып отырылғандықтан, әдеби мұраның халықтығы және таптығына сай бағалаудан аса алмады. Әйтсе де саяси әсіре сақтықтың орын алуы салдарынан аңыз әңгімелердің ертегілер құрамында көрсетілуі, жұмысшы жырлары деген жаңа жанрдың енгізілуін қателік деп есептемеген күннің өзінде бұрын зерттеу нысанасына түсе қоймаған жанрлық түрлер туралы тың барлаулар жасалмай қалуын атап айту

керек. Сонымен қатар, Қазан төңкерісіне дейінгі және кейінгі қазақ фольклорының туу, даму жолына арналған тараулардың ғылыми жаңашылдығы болмағанмен, әдіснамалық талдаудан көрі шолу мәніндегі сипат басым түсіп отырған. Олар да қазақ фольклортануының қалыптасуында аса зор үлес болып қосылғанымен, тыйым салынған еңбектердің қамтылмауы - заман талабынан туғандығы айтпаса да түсінікті. Ақиқатында I томның алғашқы кітабының негізгі жобасы 1959 жылғы конференция өтпей тұрып-ақ дайын болған еді. Оған тек конференция шешімдеріне сай әдіснамалық сипаттағы түзетулер енгізілгенмен, аса көп өзгеріске ұшырай қойған жоқ. Әйтсе де жекелеген жанрлардың поэтикасына баруы, эпикалық жырлардың тарихи-эволюциялық генезисіне және көп варианттылығының ғылыми қарастырылуы - конференция ұсыныстары нәтижесінде жүзеге асқаны анық. Сол секілді ол фольклорлық мұраны зерттеудегі «тұрпайы социологизм» мен «бірыңғай ағым теориясына» сай қателіктердің атап-атап көрсетілуінен де айқын сезіледі. Негізінен алғанда, қазақ фольклортануының үлкен табысы болып табылатын бұл еңбекті қалың жұртшылық жылы қабылдады, ол жоғары оқу орындарын оқулықпен қамтамасыз етудегі аса зор міндетті атқару жүгін де көтеріп әкетті.

Көп томдықты шығару ісіне Қазақстан Ғылым Академиясында жаңадан құрылған Әдебиет және өнер институты жұмыла кірісті, оған көптеген ғалым-әдебиетшілер тартылды. Соның нәтижесінде 1964 жылы «Қазақ әдебиеті тарихының» екінші кітабы жарық көрді. Оның кеңес дәуіріндегі фольклордың даму жолы мен тарихына, жанрларына және өкілдеріне арналуында заңдылық та жоқ емес еді. Ғасырлар бойы фольклор мен жазба әдебиеттің бір-біріне ықпал жасай отырып өркендеуі көшпелі өмір салтына лайықталған және басқа елдерде

кездесе қоймайтын ғажайып құбылыс еді. XV-XIII ғасырлардағы ақын-жыраулар поэзиясының жазба әдебиет атқаратын міндетті көтеріп әкетуінде де терең сыр жатыр. 1920-30-жылдары революция мен кеңес өкіметі жеңістерін жазба әдебиетпен қатар жырлап шығуда кейін қалмаған фольклордың да өрістеуінде бұрыннан келе жатқан осы дәстүрдің жалғастығы жатыр. Ұлттық шығармашылық зиялы қауымды сталиндік зұлматтың кесірінен жау санаған кезде қазақ әдебиетін одақтық деңгейге дейін танытқан да, сол себептен ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің назарына көбірек түскенде осы халық творчествосы еді. Міне, осындай келелі мәселелерге арналған бұл кітап кеңес дәуіріндегі фольклор туралы зерттеулердегі ғылыми ізденістерді бір жүйеге түсіріп, монографиялық тұрғыда қарастырды. Маркстік-лениндік әдіснама қағидалары қатаң сақталғанымен, ұлттық әдебиеттанудың сол кезеңдегі деңгейі тұрғысынан қарасақ, фольклортанудағы соны қадам болып табылады. Алайда, осы кітап туралы Д.Мыңбаевтың: «Рас, бұл зерттеуде кеңес дәуірінде туған дастан-жырларды мадақтайтын, олардағы жалаң ұранды толғауларды шығарманың үздік белгісіне балайтын кейбір ұранды тұстары ұшырасады. Бірақ мұндай танымның тамыры қоғам ұстаған идея-бағытта жатыр еді» деген бағасымен келіспеу қиын [3, 221]. Әсіресе халық ақындары шығармашылығындағы таптық көзқарастың айрықша дәріптелуі қазақ поэзиясында жарлы-жақыбайдан шыққанын мақтан етуді жырлауға өз әсерін тигізбей қалмады. Бұған қосарымыз, жанрлық түрлер мен Ж.Жабаевтан бастап Н.Ахметбековке дейін қарастырылған он екі ақын-жыраудың шығармашылығына арналған бөлімдерде әдеби-теориялық тұрғыда талдау жасау аз. Соның әсерінен де болар халық ақындарын жекелей қарастырған бөлімде ғылыми әдіснамалық және теориялық

талдау мәніндегі зерттеуден гөрі монографиялық очерктік сипат басым түскен. Маркстік-лениндік әдіснаманың ықпалынан шыға алмады дегенімізден, ұлттық мүддеге тамыр тартатын жаңа жол, соны бағыт ізднелмегенінің айғағы десек, жалған айтқандық болмас.

Шындығын айтқанда, қазақ әдебиеттануының осы көп томдықты шығаруда жаңаша қол жеткізген жетістігі деп II томның бірінші (1961) және екінші (1965) кітаптарын атау керек сияқты. I томның 1-кітабының тез арада жарық көруі көп жайды аңғартады. Қ.Жұмалиев концепциясын жақтаушылардың оны жылдам орнықтыруға жасаған әрекеті ме, әлде ұлттық танымға бой ұрған ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді шектеп қоюдың амалы ма, ол жағы бізге түсініксіз. «Қазақ әдебиеті тарихының» екінші томының құндылығы қазақ әдебиеті тарихының әлі де болса бір шешімін таппай жүрген кезеңдерін маркстік-лениндік әдіснама тұрғысынан болса да жүйелеп беруінде ғана емес, ғылыми-зерттеу нысанасында ағартушылық бағыттағы дарындар деп табылып, жеке-жеке қарастырылған ақын-жазушылар шығармашылығының монографиялық тұрғыда тексерілуіне жол ашуында да еді. XVIII ғасыр мен XIX ғасыр басындағы және XIX ғасыр орта кезі мен соңындағы қазақ әдебиеті тарихының дамуы мен өркендеу жолдарына арналған бірінші кітаптың мәні зор. Бұқар жыраудан бастап Ә.Найманбаевқа дейінгі он алты ақын-жырау шығармашылығы ғылыми-зерттеушілік тұрғыда қарастырылып, әдебиет тарихындағы алатын орындары айқындалған. Алайда осы арқылы сол дәуірдегі әдебиет тарихын бір жүйеге салуда, дәуірге бөлуде хронологиялық тұрғыдағы даму жолдарын анықтауда, «әрбір ұлтта екі түрлі мәдениеттің элементі болатынын тұжырымды материалдар арқылы дәлелдей отырып тану, білу, кейбіреулерінің туындыларындағы қайшылықтарды аша отырып, маркстілдік сын көзімен пайдалану» басты

мақсат тұтылды [4, 8]. Сол себептен және бұрын көбірек зерттелгендіктен де Махамбет, Абай, Ыбырай, Шөкән шығармашылықтарына мол орын беріліп жан-жақты сөз болған. Ал Шернияз, Сүйінбай, Біржан, Ақан сері, Әсет шығармашылығын сөз етуде өмірбаянды деректер мен қалдырған мұрасының зерттелу деңгейін, өлең-жырларының тақырыптық, мазмұндық сипатын таныту жағы басым түскен. Керісінше, «өмір құбылысын, әлеуметтік мәселелерді феодалдық таптық көзқарасымен түсінген» - Бұқар жырау, «керітартпа көзқарас пен ескішіл идеядағы ағымның өкілі» - Дулат, «ескішіл ақын, феодал табының мұңшысы, жаршысы, идеологі» - Шортанбайларға арналған тараулар үлкенді-кішілі мақала деңгейінен аспады. Олардың мұрасына 1959 жылғы конференцияда айтылған тұжырымдардан әрі тереңдеп бармаудың салдарынан ескішіл-феодалдық ағымдағы қайшылығын ашу басты назарда болса да, қазақ әдебиетін дамытудағы үлестері бұрмалана түсіндірілді. Жалғыз дастанымен әдебиет тарихына енген Алмажан, немесе әлеуметтік болмысты таптық тұрғыдан түсініп айтысқан Сүйінбай деңгейіндегі бағаға да ие бола алмауын замана қысымынан болды деп қана түсіну қажет. Бұдан ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің маркстік-лениндік әдіснаманың таптық, халықтық қағидасы бұғауындағы хал-ахуалы бір көрінсе, екіншіден, «тұрпайы социологизм» теориясындағы көзқарастан да әлі толық арылып бітпегені байқалады. Ол еңбекте қате бағаланған ақын-жыраулар тұлғасымен ғана шектелмейді. Әдебиет тарихынан орын алмақ түгіл, аты да аталмай қалған М.Мөңкеұлын, немесе «Бес ғасыр жырлайды» жинағы бойынша санағанда XVIII ғасырдағы Ақтамберді, Шал ақын бастаған алты ақынның, болмаса XIX ғасырдағы жиырмадан астам ақын-жыраудың шығармашылығын еске алсақ, бұған да болса шүкіршілік деп қазақ әдебиеттануы «тұрпайы социологизмге» бой

алдыра отырса да ғасырлар мұрасын зерттеудегі қатып жатқан тоңды бұзды демеске болмас. Шындығында ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің кеңес дәуіріндегі ғылым талаптарына сай болса да қазақ әдебиетінің бар-жоғын түгелдеуге деген ұмтылысының заман ыңғайына орай көрінген ізденісі еді деп бағалау орынды болмақ.

Міне, осы сипаттағы бағыт-бағдар ХХ ғасыр басындағы әдебиетке арналған осы томның 2-кітабында да көрініс тапқан. «Екі түрлі мәдениет туралы» қағида қатаң басшылыққа алынғандықтан, еңбекте ағартушы-демократтық бағыттағы ақын-жазушылар шығармашылығы жан-жақты қарастырылған. Олар туралы тарихи деректердің молдығы мен көбісінің шығармаларының жарық көруі зерттеушілерге ғылыми және теориялық тұрғыда терең талдаулар жасауға кең мүмкіндік бергені анық байқалады. Солай дей тұрғанымызбен, енді ғана зерттеу нысанына түсіп, әдебиет тарихындағы орны белгілене бастаған Жаяу Мұса, Әріп, Балуан Шолақ, Бекет секілді ақындардың шығармашылығын сөз етуде биографизм мен монографиялық очерк сипатына бой ұру басым. Қазақ аулындағы тап тартысын жырлаудағы «шеберлігін» танытуға қарай көбірек ден қою, ағартушылығын танытуға ұмтылу маркстік-лениндік қағидалар шеңберінен шығармай қойған. Өнерпаздық, ақындық тұлғасы мен шығармашылық мұрасы кеңінен таныстырылған С.Торайғыров, С.Дөнентаев, С.Көбеевтердің өзі екі түрлі мәдениет туралы лениндік қағиданы дәлелдеуге деген тұсаулы ой өлшемімен қарастырылды. Оның заман талабынан туындаған себептер де жоқ емес еді. В.Ленин көрсеткен «буржуазиялық-ұлтшылдық» әдебиеттің бағыт-бағдары мен сипатын танытуға ерекше көңіл аударылып отырылған кезеңде қалыптасып отырған әдіснама ықпалынан шығу еш мүмкін болмады. Содан да болар

еңбекте «ескішіл, діншіл, ұлтшыл» деп табылған ақын-жазушыларға жеке орын беруден көрі, олар туралы атылар ой-түйіні мен берілер баға «XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті» аталатын алғашқы тарауда тұжырымдалып тасталған. Онда бұлардың осы дәуір әдебиетінің өкілі ретінде орын ала алмау себептері бір түсіндірілсе, екіншіден «тұрпайы социологизм» ықпалында айтылған ой-пікір ғылыми әдіснамалық тұрғыда дәйектелді. Дегенмен еңбектің орта және жоғары мектепте осы дәуір әдебиетті өкілдерінің шығармашылығын оқыта бастауға негіз болуы мен ғылыми зерттеу нысанасына жан-жақты алуына жолбасшы болғанын жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, «Оқу-ағарту жүйесі және баспасөз» атты тараудың тарихи деректерге негізделген танымдық сипаты ұлттық баспасөз тарихын зерттеуде жаңа қадамдар жасауға негіз салды.

«Қазақ әдебиеті тарихының» кеңестік замандағы дәуіріне арналған III томның екі кітабы 1967 жылы жарық көрді. Олардың ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің бағыт-бағдары мен жалпы сипаты өзімізде қазақша (1958), орысша (1960) және Мәскеуде 1960 жылы басылған «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркіндегі» жүйеден көп ауытқи қойған жоқ. Кеңес дәуіріндегі әдебиетті іштей кезеңдерге бөлгенде «соғысқа дейінгі бесжылдықтар дәуіріндегі әдебиет» деген атау «30-жылдардағы қазақ совет әдебиеті» деген атпен ауыстырылған. Ал «Қазіргі дәуір әдебиеті» деген тарауда соңғы он жыл ішіндегі әдеби дамуға шолу жасалуы тың ізденістердің нышанын ғана емес, еңбек шыққанға дейінгі уақыттағы социализм заманындағы әдебиеттің тарихи жолын жинақтап, қорытындылап шығуға деген мәні зор ұмтылысты да байқатады. Ал монографиялық портрет берілген қаламгерлерден II томның 2-кітабына енгізілгендіктен Ж.Жабаев ғана алып тасталған.

III томында осы кеңес дәуіріндегі әдебиет мезгіл жағынан шартты түрде бес кезеңге жіктелінген де, олардың әрқайсысына шолу тараулар берілген. Олардан әр кезеңдегі әдеби процесс пен көркемдік дамудың жалпы сипатты, жанрлық өсіп-өркендеудегі ізденістерді, тарихи-әлеуметтік өзгерістер мен оқиғалардың көркем әдебиетке әсері, сол кезең әдебиетінің даму жолына үлес қоса алды деп есептелген ақын-жазушыларға, соны жаңалық әкелген туындыларға салыстырмалық талдау жасай отырып ғылыми тұрғыда саралау анық байқалады. Ғылыми шолу міндетін атқаратын тараулар болғандықтан, оған көрнекті дарындар шығармашылығын таныту мүмкін еместігінен әр кезеңге сай топтастырылған он екі ақын-жазушының монографиялық портреті жекелей сөз болады. «Сөйтіп шолу тарауларымыз бен монографиялық портреттеріміз бірін-бірі толықтыра, тереңдете отырып, әдебиет процесін әр қырынан тануға сөзсіз себін тигізіп көмектесуге тиіс» делінген мақсат толық орындалып шыққан [4, 9]. Әрине, маркстік-лениндік ілімнің қағидаларына сай. Сондықтан да болар, ғылыми шолуларда кеңестік идеологияның сынына ұшырап, жан-жақты әшкереленіп жатқан жеке басқа табынудың қазақ қаламгерлерінің тағдыр-талайына әсері толық ашылып көрсетілмеді. Керісінше, олардың шығармашылығындағы қателіктер мен қайшылықтар да болғаны ұмыт қалмады. Басқаны былай қойғанда, революционер ақын деп бағаланып отырған С.Сейфуллиннің «Азия» өлеңінде марксизм-ленинизм қағидасына қайшы ұранға бой алдыруы болғанын, оны партиялық сын әділ де дұрыс сынағаны секілді асқан қырағылықтардың орын алуы әдебиетшіге де, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге де абырой әперер ізденістер емес еді. Бейімбеттің де «ұлтшылдық» қателіктерге ұрынғанын іздеп тауып, «Қазаққа» деген өлеңін талдау арқылы дәлелдеу де партиялық сын мен коммунистік

қырағылықтың нәтижесі. Ешкім солай жаз деп қаламын қадағалап отырмағанымен, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде қалыптасып отырған бағыт-бағдар, қай жерімізден қателік тауып қалар екен деген секемшіл хал-ахуал әдебиетші-ғалымдарды осыған мәжбүр етті. Оның әдіснамалық және идеологиялық тұрғыдағы себептері де жоқ емес. Өйткені, бұл томда ұлтшыл-буржуазияшыл әдебиеттің бет-пердесін ашу үшін «екі түрлі мәдениет туралы» қағида басшылыққа алынса, ерекше дәріптеліп отырған әдебиеттің таптығы принципіне сай «тұрпайы социологизмнің» де белгілері сезілмей қалмады. Оған шолу - тарауларда алашшыл қаламгерлер мұрасына берілген баға нақты дәлел. Сол себептен де бұл дәуірдегі әдебиет тарихы жарым-жартылай, оның өзінде маркстік-лениндік әдіснама қағидаларына орай бұрмалана баяндалды, саясатқа дөп келмейтін тұстары ақтаңдақ күйінде қалды. Монографиялық портрет беріліп отырылған ақын-жазушылардың бір кезде буржуазиялық объективизмге салынуы, ескілікті аңсауы мен ұлтшылдық пиғылдағы сарынға ұрынуы, партияның сара жолын түсінбеушіліктерінің болуы секілді қателіктеріне ерекше көңіл бөлуінің бір себебі осында жатыр. Бұл сол кезеңдегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің партиялық тұрғыдан әділ, ғылыми жағынан терең, идеялық мәні дұрыс сипатта көрінген жаңа ізденісі болып табылғанымен, кеңестік дәуірдегі әдебиеттің көрнекті өкілдерінің шығармашылығының өзі де идеологиялық тазартудан өткенін байқатады.

Маркстік-лениндік әдіснаманың талап-тілегіне сай тұсауға түскен ғылыми-зерттеушілік ой-пікір төңкеріс пен кеңес өкіметін, социализм жеңістерін, тап тартысы мен колхоз құрылысын т.б. тақырыптарды шабыттана жырлаған туындыларды асыра дәріптеді. Олардың таптық сипаты мен еңбекшілер тұрғысынан алғандағы халықтығы,

партия саясатына үн қосудағы мән-маңызы мадақталды. Соның салдарынан қазақ әдебиетінің бір кездегі ұран-үгіт, насихат, рапорт беру деңгейіне дейін төмендеген, «халықтар көсемін» суреттеуге тең таппай қиналған тұстарындағы шығармаларды ғылыми саралап, кемшілігін талдап беруге мүмкіндігі шектеулі болды. Олар үздік шығарма деп бағалана қоймағанмен, социализм кезеңінде гүлдене дамыды деп дәлелденіп отырылған ұлттық әдебиеттің жасампаз келбетіне шіркеу түсірмеу жағы көбірек назарда болды. Рас, төңкеріске дейінгі деңгеймен салыстыра қарағанда кеңестік дәуірдегі әдебиетіміздің қарыштап дамығанын, жанрлық тұрғыда кемелденгенін, дүние жүзіне танылғанын жоққа шығаруға болмас. Бірақ ұлттық әдебиеттің көркемдік көкжиегін кеңіткен шығармалармен қатар, өмір шындығынан алшақ, тап тартысын арқау еткен, «тартызсыздық теориясы» мен схематизмге құрылған, идеологиялық шақыруларға үн қосуды ғана мақсат тұтқан туындылардың көбірек болғаны да жалған емес. Біздің ойымызша, бұл томның тың ізденістер сипатын танытатын екі түрлі жаңашылдығын атап айту керек. Біріншісі - әр кезеңге арналған шолу тарауларда сол жылдардағы проза, поэзия, драматургияның даму жолын ғылыми тұрғыда саралануы. Осыған сай әр жанр түрін дамытуға үлес қосқан, бірақ монографиялық портрет беруге мүмкін болмаған ақын-жазушылар туралы қысқаша ғана танымдық мәндегі түсініктемелердің берілуі құптарлық қадам еді. Ал екіншісі - әр шолу тарауларда сол кезеңге сай «Әдебиеттану және сын» атты тараушалардың берілуі. Сонымен қатар, көп томдықта Ғ.Әбетов, Ә.Нарымбетов, Т.Кәкішевтер жасаған «Әдеби өмір шежіресінен» қазақ библиографиясының да біршама жүйеленіп қалғанын көреміз.

Ең бастысы кеңестік дәуірдегі ұлттық ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық ой-пікірдің ізденістері мен

іркiлiстерi тарихи тұрғыда талқыға түсті. Сол арқылы алғаш рет ұлттық әдебиеттің ғылыми тарихи курсы жасалып, оны дәуірлерге бөлудің әдіснамалық жүйесі құрылды. Рас, маркстік-лениндік теория тұрғысынан ұлттық мүддеге сай көрініс тапқан қадамдары «бірыңғай теориясының» ықпалына ұрыну деп бұрмаланғанымен, қазақ әдебиеттануының өткен жолын заман талабына қарай болса да таразыға салуы алға басқандық деп тану керек. Ол бұл көп томдықтар арқылы қазақ әдебиетінің ғылыми тарихи жасалғанын дәлелдеп қана қойған жоқ, ұлттық әдебиеттану ғылымының кемелдену үстінде екенін көрсетіп берді.

Көп томдықтың жарыққа шығуы ұлттық әдебиеттануға талай жылдан бері қордаланып келе жатқан, әлі де болса шешуді талап ететін және оны маркстік-лениндік әдіснама тұрғысынан ғана қарастыруға мәжбүр болған көптеген мәселелердің бетін ашып берді. Ғылыми-зерттеушілік ой-пікір қолда бар мүмкіндікті пайдалана отырып, әр түрлі себептермен кеткен олқылықтардың орнын толтыруға ұмтылды. 1960 - жылдардағы сын мен әдебиеттанудың өсу деңгейін, әр саладағы өзекті мәселелерге қол созғанын көрсететін біршама ғылыми еңбектер жазылды (5, 269). Салыстырмалық тұрғыдан алғанда, зерттеу нысанасына XX ғасырдың басынан бергі қазақ әдебиетінің мәселелері көбірек алынғанын байқау қиын емес. Оның ішінде жеке дарындар шығармашылығын монографиялық тұрғыда зерттеу жұмыстарының ерекше қарқын алғанын атап айту керек.

«Қазақ әдебиеті тарихының» көп томдығын шығару арқылы ұлттық әдебиеттану ғылымы ізденістері мен іркiлiстерi, жетiстiгi мен кемшiлiгi қатар түсіп отырған, маркстік-лениндік әдіснама қағидалары мен кеңестік идеология қыспағында бола отырса да ұлттық әдебиеттің тарихын, теориясын, фольклорын зерттеуде, әдеби көркем

сынын қалыптастыруда осындай табыстарға дейін қол жеткізе алған қалыптасу дәуірін аяқтады. Қалыптасу кезеңі үшін айтарлықтай жеңіс саналатын осы ізденістері арқылы келешек даму жолында мәнді арналарға бастайтын мәселелерді шама-шарқынша шешіп алды. Ұлт әдебиеті тарихындағы «ақтандақтарды» жоюға дейінгі жетістікке жетуі қалыптасу дәуірі үшін аз табыс емес еді. Біз мұны маркстік-лениндік әдіснама мен тоқырау заманындағы идеологиялық қатал бақылауда болғандығын ескере отырып айтып отырмыз.

Қорытындылай айтқанда, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір ұлттық әдебиеттің ғылыми тарихын жасау мен дәуірлеуде әдіснамалық сипатта алғанда төмендегідей нәтижелерге қол жеткізді:

– қазақ фольклортану ғылымы жеке сала болып оңаша отау тікті, оның жазба әдебиетпен байланысы, кеңес дәуіріндегі фольклордың тарихи жан-жақты зерттеліп, түйінді тұжырымдар жасалды.

– төңкеріске дейінгі және одан кейінгі әдебиет тарихының көрнекті өкілдерінің өмірі мен шығармашылық мұрасы ғылыми тексеріліп, монографиялық тұрғыда тұтас және толық қарастырылды, абайтану, шоқантану ілімдері қалыптасты, мұхтартану, сәкентану және тағы басқа да ілімдердің іргетасы қаланды. Алайда, «ұлтшыл-алашшылдарға» байланысты көзқарас әсерінен ұлт әдебиетінің біршама беттері «ақтандақ» күйінде қалды.

– әдебиетті теориялық тұрғыда зерттеу алға басты, бүкіл әлемдік теориялық ұғым-түсініктерді ұлттық сипатта меңгерумен қатар, жеке жанр түрлерінің туып-өркендеу жолдары маркстік-лениндік әдіснама талаптарына сай болса да жан-жақты сөз болды.

– қазақ әдебиетінің сыны жеке жанр ретінде қалыптасты, көркемдік дамудағы жетекшілік рөлі артты,

эстетикалық өрелі биіктіктерге көтерілді, әдебиеттанудың жеке пәні ретіндегі кескін-келбетін анықтады.

– әдеби мұраны игеру мәселесіне сай ғылыми-зерттеу әдіснамасы, теориясы, тарихилық принципі біршама дұрыс шешілді.

– қазақ әдебиетінің тарихи курсы мен әдебиеттік оқыту жүйесі сараланып, мектептер мен жоғары оқу орындарына жеке пән ретінде жүргізілуде тұрақты оқу құралдарымен қамтамасыз етілді.

– ғылыми-зерттеушілік ой-пікір кеңес дәуіріндегі әдебиетті теориялық, методологиялық тұрғыдан тексеруде, сыншылдық тұрғыда бағалауда бүкіл әлемге таныта алатындай дәрежеге көтерілді.

– кеңестік идеология мен маркстік-лениндік ілімнің әсерінен түрлі бұрмалаушылықтарға барған теріс тұжырымдардың біршамасын түзетіп, тарихи тұрғыда әділ, ұлттық сипатта дұрыс, ғылыми бағытта терең зерттей алуына кең жол ашты.

Сонымен, көне дәуірден алғашқы бастауларын алған қазақ әдебиеттану ғылымы өзінің тарих алдындағы алғышарттарға сай өсіп-өркендеу және жеке ғылым ретінде қалыптасу дәуірлерін бастан өткерді. 1960-67-жылдар аралығында жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихының» көп томдығын шығаруға қол жеткізе алған қадамдарынан кейін, 1970 жылдардан бастап даму жолындағы жаңа ізднеістер жасауға бет алады. Егер әдебиет туралы ғылым әдіснамалық тұрғыдағы өзінің сандық және сапалық мәніндегі сипатын өткен тарихындағы бар-жоғын түгелдеп алғанда ғана толық таныта алатын болса, оның әлі де нақтылай тексеріле түсетін мәселелері аз емес.

- 
1. Әдеби мұра және оны зерттеу. - Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1961. – 376 б.
  2. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 448 б.
  3. 40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті. 2-кітап. – Алматы: Ғылым, 1998. - 400 б.
  4. Қазақ әдебиетінің тарихы. II т. 1 кітап. - Алматы: Ғылым, 1960. – 740 б.
  5. Смағұлов Ж. Ұлттық әдебиеттану әлемі. Қарағанды. Болашақ-Баспа. 2005, 327 б.

2012 ж.

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынов қалдырған рухани және ғылым-білім саласындағы орасан зор мол мұра ел тарихында алатын орнымен ғана емес, бүгінгі таңда да мән-мағынасын жоймаған көкейкестілігімен ерекшеленеді. Бүгінде филологиялық ғылым-білімдер жүйесіндегі қалам тартқан кез келген соны ізденіс ғылыми мұрасына соқпай өтпейді. Себебі А.Байтұрсынов – ұстаз, ақын, фольклортанушы, әдебиетші, тілші, ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің негізін қалаушы. Кеңестік дәуірде: «А.Байтұрсынов қазақ әдебиеттануы ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым екендігін мойындамау шындық алдындағы қиянат» болып келді [1,7].

1920 жылдары ғылыми-зерттеушілік ой-пікір әдеби мұраның тарихи және теориялық мәселелерін ғылыми сөз студі күн тәртібіне шұғыл қойды. Бұл салада ерекше маңызы бар, жалпы өнер туралы, әдебиеттің тарихы мен теориясы туралы ұлттық әдебиеттану ғылымында ең алғаш жазылған еңбек «Әдебиет танытқыш» (1926) болды. Үлкен білімдарлықпен, ғылыми терең дәлдікпен жазылған бұл еңбек авторы ұсталып кеткендіктен, көпшілік арасына кеңінен тарап үлгермеді Р.Нұрғали: «Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» десе, Р.Сыздықова: «А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты көлемді еңбегі - әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихына арналған тұңғыш зерттеу жұмысы. Мұнда автор көптеген жайттарды өзі шешіп, көптеген ұғымдарға терминдік атаулар ұсынады», - деп нақты жазады [2].

Міне, осы терминологияға байланысты қазіргі ұлттық әдебиеттанудағы бірінші көкейкесті мәселе туындайды. Біздіңше, «Әдебиет танытқыш» ғылыми зерттеу ретіндегі маңызы қалыптасқан әлемдік теориялық ұғым, түсініктерге қазақша балама тауып, нақты мысалдармен дәлелдеуінде ғана емес. «Ол - өз кезеңінде әдеби-теориялық білімдер жүйесінің қалыптасуына ерекше ықпал жасап қана қоймай, қазақ әдебиеттану ғылымының тууына негіз де бола алған еңбек. «Әдебиет танытқыш» - жалпы көркем өнер, оның ішінде әдебиеттің барлық болмысы мен бітімін, көркем шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін анықтау жолында ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірді ғылыми бір жүйеге түсірген және әдебиет теориясына ұлттық сипат дарытуда терминдерді қолданудың жаңа үлгісін ұсынған автордың жан-қиярлық еңбегінің жемісі» [3, 296].

Еңбектегі өнертану, әдебиеттану, фольклортану салалары бойынша терминдер жүйесінің жасалуынан Ахаңның кемеңгер ғалымдығы танылады. Мұнда әдебиеттануға қатысты 327 термин қолданылған болса, оның 60-ы (18%) осы күнге дейін пайдаланылып жүр. 267-сі (80%) қазір қолданылмайды. Ғалымдар Ж.Смағұлов пен Ш.Жалмаханов: «терминдердің жасалу жолына лингвистикалық тұрғыдан қарағанда, 67 термин дара тұлғада, 223 термин күрделі тұлғалы (2 сөзден 7 сөзге дейін) болып келеді. Белгілі бір сөз өнер құрылысына берілген атау, термин сол құбылыстың адам, қоғам өмірінің рухани-әлеуметтік табиғатынан туындап жатқандықтан да (атау, терминдердің мағыналарына құбылысты телу емес) ойға оралымды, көңілге қонымды болып шыққан», - деп көрсетеді [4, 26]. Сондықтан да жалпы әдебиет дегеннің болмысы мен бітімін толғаған сөз өнерінің - әліпбиі бола алған «А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» - қазақ әдебиеттану ғылымының

үлкен көрсеткіші болумен қатар, теориялық ой-жүйесіне мықтап түрен салған, қазақтың парасатты толғамын, ойшылдығын эстетикалық таным-білігінің молдығын танытқан туынды», - деп Т.Кәкішев өте дұрыс бағалайды [5, 137].

«Әдебиет танытқышты» оқып-үйрену, игеру және пайдалану үшін, ең алдымен, бұл еңбектегі әр атау, ұғым-түсінік, термин және категориялық мән-мағынаны, мазмұнын түбегейлі түсініп алу керек. З.Қабдолов: «Ахаң қалыптастырған әдеби теориялық терминдерге мұқият жауапкершілікпен қараған жөн. Ахаң терминдерін жапатармағай жіпке тізе бермей, таңдау керек, сөйтіп барып талдау керек», - дей келіп, бүгінгі теориялық деңгейден табыла қоймайтын кейбір атауларды оп-онай формализмге, абстракционизмге, болмаса канон жасап қисық қисынға, қасаң қағидаға айналдырып алмау керектігін атап көрсетеді. Алайда «Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай үш түрлі арнауды әрқайсысымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кейде тіпті қиыннан қиыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайылов та, мен де) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ, амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай, Қажекене сілтеу жасауға мәжбүр болдық», - деп З.Қабдолов айтқандай кейінгі еңбектерде қолданылған теориялық терминдердің баламаларын былай қойғанның өзінде, ғылыми айналымға енгізуге сұранып тұрғандары да баршылық [6, 17]. Мысалы үшін, көсемсөздің қазіргі ғылыми термин ретінде қолданылып кеткеніндей, «нақыл сөз», «қанатты сөз» деп жүрген афоризмді ділмар сөз, эссені - заман хат деп А.Байтұрсынов берген атаулармен атасақ, ұтылмаймыз. Немесе «Шешен сөз» дегендегі оның саясат шешен сөз, билік шешен сөз, қошамет шешен сөз, білмір шешен сөз, уағыз шешен сөз деген түрлерінің атауларын орнын тауып дәл пайдалансақ, ұлттық танымнан алыс жатқан жоқ.

Рас, «Әдебиет танытқышта» әдеби ағымдар мен көркем образ, тақырып және идея, сюжет және композиция туралы әдеби-теориялық тұрғыдағы жүйелі баяндалған тараулар жоқ. Бұлардың қамтылмауы кемшілік болып табылмайды. Ахаң өз еңбегінде талданып отырылған жанрлық түрге байланысты мысал келтіргенде, «Ғұрып сөзінің нұсқаларын «Нұсқалықтың» 120,126-нші номерлерінің қара» немесе «Діндар дәуір әдебиет нұсқаларын «Нұсқалықтың» 131,165-нші номерлерінен қара» деп сілтеме жасайды. Яғни, «Әдебиет танытқышқа» қосымша хрестоматиялық мәндегі «Нұсқалық» атты жинақты да бастырып шығару ойында болған. «Нұсқалықта» алынған әдеби үлгілердің еңбекте көрсетілген реттік саны 275-ке келіп тоқтағанына қарасақ, оның көлемі де мол болғанын байқау қиын емес. Ал сол «Нұсқалық» қайда және оның тағдыр-талайы не болды? Бұл - ахметтанушы ғалымдар тарапынан қазіргі ұлттық әдебиеттануда індетте зерттелетін екінші өзекті мәселе.

А.Байтұрсынов қара сөз бен дарынды сөз жүйесін сөз ету барысында, әдебиеттің тегі мен түрі мәселесіне келгенде фольклор және әдебиет тарихына шолу жасап өтеді. Бұл турасында З.Қабдолов: «Мұның өзі бір қарағанда әдебиет туралы ғылымның екі саласын (тарихы мен теориясын) қосып, қойыртпақтап жібергендей көрінеді. Бірақ байыбына барыңқырасақ, ол мұнда да әдеби-теориялық ұғымдар қалыптастырып, өзінің «Әдебиет танытқышын» тағы да сөз өнерінің әсем әліппесінде айналдырады», - деген пікір білдіреді. Біздің ойымызша, автор фольклор туралы ой-толғағанда оны жанрлық тұрғыдан классификация жасаудың жобасын жасап, ғылыми анықтамасын жазып шықты. М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927), Х.Досмұхамедовтің «Қазақ халық әдебиеті» (1928) еңбектеріндегі қазақ фольклорының жанрлық тұрғыда жүйеленуіне негіз болған

да осы «Әдебиет танытқыш» екені даусыз. Жалпы алғанда фольклортанудағы еңбектерге Ахаңның «Әдебиет танытқышының» теориялық және әдіснамалық тұрғыдағы жетекшілік мәні назардан тыс қалып келеді. Ахаңның жанрлық тұрғыдағы классификациясының жанашылдық сипатын таныту мақсатында арнайы кестенің жобасын да ұсынған болатынбыз. [3, 297]. Бұл - қазіргі ұлттық әдебиеттануда кешенді зерттелуге тиісті үшінші көкейкесті мәселе.

Ал әдебиет тарихына келгенде, А.Байтұрсынов оны дәуірге бөлуде өзіндік көзқараспен қарайды. Жазба әдебиетті діндар дәуір және ділмар дәуір деп бөлгенімен, кейін оны сындар дәуір деп тармақтайды да, ол ұлы Абайдан басталады деп көрсетеді. XX ғасыр басында жазба әдебиетті Абайға дейін және кейін деп бөлген көзқарас ғана бола алды. Р.Мәрсеков «Қазақ әдебиеті жайынан» («Қазақ», 1914, №112) мақаласында «жазудың қазақ арасына көбірек тараған заманындағы әдебиет» деп атаған дәуірді, М.Әуезов «Қазақ әдебиетінің дәуірі» («Шолпан», 1923, №5) мақаласында «көшпелі дәуір әдебиеті» атаған кезенді сөз еткенде діни сарын мен шығыстық сюжетті желілерді жырлау басым болғанын атап көрсеткен болатын. Сондықтан да болар, А.Байтұрсынов бұл кезенді «діндар дәуір» деп атап, оған қисса, хикаят, мысал, насихат (үгіт), мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, термені жатқызады. Бәрін дұрыс демеген күннің өзінде қисса мен хикаятты фольклорлық жанрға енгізбей келгеніміз, тіпті орын бермегеніміз шындық.

Негізінен А.Байтұрсыновтың «Жазба әдебиеттің өзі екіге бөлінеді: діндар дәуір, ділмәр дәуір. Діндар діншіл деген мағынада, ділмар-тілшен деген мағынадағы сөздер. Қазақ әдебиетінің діндар дәуірі де, ділмар дәуірі де халық әдебиетін дамытып, күшейтуден туған дәуірлер емес, басқа

жұрттардың әдебиетінің әсерінен туған дәуірлер. Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы, әдебиетінен үлгі алып, соларды еліктегеннен пайда болған [7, 227]. Ділмар дәуір орыс әдебиетінен үлгі алып, соларды еліктегеннен пайда болған», - деген пікірі аса нақты емес. Әрине бүгінгі таңдағы өсіп-өркендеген көзқарас тұрғысынан алып қарағанда. Жоғарыда айтқанымыздай, діндар дәуір деп қай кезеңді айтып отырғаны белгілі болғанмен, ділмар дәуір деп атағаны қай кезең екенін нақтыламаған және анықтама да бермеген. «Орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып, соны еліктеуден пайда болып отыр» деуіне қарағанда, 1910 жылдардан бергі әдебиетті айтып отырған секілді көрінеді. Оны анықтауды мақсат тұтпай әдебиеттің тегі мен түрін сөз етуге орай сындар дәуірін әліптөп кетеді. Оны түсіндіргенде, орыс әдебиетін қоспай «Европа әдебиетімен танысқаннан кейін қазақ ақындары сөздің асыл болатын сырын біле бастады. Қазақ әдебиетінің сындар дәуірі Абай сөздерінен басталады», - деп тағы да ескертеді [7, 217]. Бұл біздің 1910 жылдан бергі әдебиетті айтып отыр ма деген пікіріміздің негізсіз екенін дәлелдейді. Олай болса, А.Байтұрсынов жазба әдебиетті хронологиялық жолмен дәуірлемеген.

Анықтап қарасак, А.Байтұрсынов ұлт әдебиеті тарихын дәуірге бөлу негізіне көркемдік әдісті алып отыр. Ендеше бұл үш дәуірді көркемдік әдіске орай талдап көрелік. Орыстың әдебиетшісі Г.Н.Поспелов романтизм әдеби дамудың сатысында әуелде ол діни-моральдық (религиозно-моралистический) сипатта көрінгенін айтады. «В результате социально-политической революции, происшедшей во Франции... все передовые европейские литературы приняли в основном романтический характер. Ранние английские романтики, поэты Бордсворт и Колридж, выступившие еще в 1770-х годах и образовавшие «озерную школу» искали свои идеалы в историческом прошлом. По специальной

проблематике они были продолжителями сентименталистов, а романтический пафос вытекал из их реалистично-моралистических стремлений, иногда доходящих до мистицизма и таящих в себе примирение с действительностью. Это был религиозно-моралистический английский романтизм. А гражданский романтизм Байрона и Шелли был самым прогрессивным течением в английской литературе начала века», - деп жазады [8, 263]. Оны дәлелдеу үшін әр елдің әдебиетіндегі діни-моральдық және азаматтық романтизмнің пайда болуын атап-атап көрсетеді. Мысалы, «В 1820-х годах Лимартин своей лирикой создал религиозно-моралистическое течение французского романтизма... Крупнейшим представителем гражданского романтизма в Франции был Виктор Гюго», «В Германии сначала возник религиозно-моралистический романтизм представленный творчеством Новалиса и Гофмана. Гражданский романтизм в Германии не обладал ни отчетливостью идеалов, ни сильными талантами», - деп нақтыласа, орыс әдебиетіне келгенде «Сначала в России развивался религиозно-моралистический романтизм, особенно ярко представленный творчеством Жуковского», - деп жазады. Бұларды М.Горький: «Керек десе француз әдебиетінде лаулап өскен романтизмнің жалпы бағыты бірдей емес, бір жағы мистикаға ұрынған нағыз реакцияшыл болса, екінші жағы, өсіп әдебиет әлемінде ірі өзгеріс жасаған романтизм», - деп жіктегеннен кеңестік әдебиеттануда «революцияшыл романтизм», «реакцияшыл романтизм» деген атаулар пайда болды [9, 15].

Бұл тұрғыдан келгенде, «Әдебиет танытқыштағы» діндар дәуір деп отырғаны - діни-моральдық романтизм, маркстік-лениндік әдіснама бойынша айтсақ, реакцияшыл кертартпа романтизм болып шығады. Ал ділмар дәуір - азаматтық романтизм, яғни кеңес дәуірінше атасақ, революцияшыл романтизм. Сындар дәуір - сыншыл

реализм атауының баламасы екені анық. Бұдан шығатын қорытынды: А.Байтұрсынов әдебиет тарихын тарихи кезеңдерге бөліп отырған жоқ, әдеби дамудың заңдылығына орай көркемдік әдіс тұрғысынан дәуірлеп отыр. Олай болса, Абайға дейінгі ақын-жыраулар шығармашылығы реализммен дамып келді де, сыншыл реализмге ауысты деген пікір туындайды. «Абай қазақ әдебиетінде сыншыл реализмнің негізін қалады» дегенде оның аспаннан түспегенін, әдеби дамудың тарихи сабақтастығы бойынша қалыптасқанын ғылыми негіздеу қажет-ақ. «...Осы сыншыл реализм туралы сонау 1920 жылдары А.Байтұрсыновтың сындар дәуір деп атағанын ұмытпайық. Сындар дәуірге деген ойлардың бәрі де профессионалдық әдебиеттің көркемдік әдісіне, алған бағытына кұйылатын таным-білік екені даусыз», - деген Т.Кәкішев пікірінде үлкен шындық жатыр. Бұл - қазір ұлттық әдебиеттануда кешенді зерттелетін төртінші өзекті мәселе.

Хаңның осы «Әдебиет танытқышының» мән-маңызынан қазіргі ұлттық әдебиеттанудың аса қажетті бесінші заманауи мәселесі туындайды. Ол ұлттық әдебиеттанудың тарихын дәуірлеу мәселесіне тікелей қатыстылығы турасында. Нақты айтсақ, осы еңбектің жазылуынан әдебиеттану ғылымы туды ма, жоқ әлде ол оның қалыптасқанын дәлелдеді ме деген пікір қайшылығы орын алып отыр. Бұл бағытта қазіргі таңда үш түрлі көзқарас бар.

Біріншісі - ұлттық әдебиеттанудың Абызы Т.Кәкішевтің қазақ әдебиеті сынының тарихын зерделеген монументальды еңбектерінде сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің қалыптасу жолдарына байланысты дәуірленуі.

Екіншісі, осы мақала авторының «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (1999), «Ұлттық әдебиеттану әлемі» (2005) атты монографиялары мен «XX ғасырдағы қазақ

әдебиеттану ғылымы» оқулығындағы ұлттық әдебиеттанудың тарихын зерттеуде ұсынған дәуірге бөлу нұсқасы.

Үшінші, «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (2008, 2009) аталатын академиялық басылымдар мен ғалым А.Ісімақованың «Алаш әдебиеттануы» (2009) зерттеуіндегі дәуірге бөлу жобасы.

Қазақ әдебиеттану ғылымы тарихын дәуірлеуде осылайша үш жақты болып жүрген пікір қайшылығын бір ізге түсіретін уақыт жетті. Қазіргі ұлттық әдебиеттанудағы осы заманауи мәселелерді сөз еткендегі діттегеніміз - «біз болмасақ, сіз барсыз» деп назар аударту мен ой салу. Себебі, Ә.Марғұлан айтқандай: «Бірдеме білеміз, білгеннен соң айтамыз».

- 
1. Нұрғали Р. Алып бәйтерек. // Ақжол. Алматы, 1991.
  2. «Қазақ әдебиеті» газеті. 1989. 6 қаңтар.
  3. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Алматы, 1999.
  4. Смағұлов Ж., Жалмаханов Ш. А. Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттану терминдерінің негізін салушы. Қарағанды, 1997.
  5. Кәкішов Т. Қазақ әдебиет сынының тарихы. Алматы, 1994.
  6. Қабдолов З. Ахың һәм әдебиеттің әліп-биі. // Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. Алматы, 1993.
  7. Байтұрсынов А. Ақжол. Алматы, 1991.
  8. Поспелов Г.Н. Введение в литературоведение. М., Высшая школа, 1983.
  9. Горький.М. Романтизм және Жуковскийдің халықтығы. «Русская критика» №6, 1937.

2013 ж.

## «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ ТАНЫМ ТАБИҒАТЫ

Кеңес дәуірінде Алаш зиялыларының төңкеріске дейін жазған мақалалары қазақ әдебиеттану ғылымында аталмай, егер аталса теріс көзқараста түсіндіріліп келді. Бұл еңбектердегі жеке ақын-жыраулар туралы айтылған әрбір пікір мен әр автордың өзіндік ой-көзқарасы әдебиеттану ғылымы мен сынының өсу дәрежесін көрсетіп қана қоймай, әдеби-теориялық және әдеби-тарихи бағыттағы ой-пікірдің әдебиет тарихына байланысты нақты айтыла бастағанын байқатады. Бұл жолда «Қазақ» газетінде жарияланған А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың Абай творчествосына байланысты шыққан мақалалары осының айғағы. Абай өмірбаянына байланысты деректер Ә. Бөкейханов жазған нұсқадан туындап жатса да, әр автор ақын поэзиясына, оның жаңашылдығы мен ағартушы-реалистік сипатын танытуға өз пікірін, өз ойын білдіруге ұмтылған. Сол кездегі қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерінің Абай творчествосын танытуға, насихаттауға қалам тартудағы басты мақсаты - ақынның өнерпаздық тұлғасын барынша ашу, өнер қуған жастарға Абай жолын нұсқау. Абайдан үйренуге шақырумен қатар, жазба әдебиетінің негізін салушы ретінде әдебиет тарихындағы орнын белгілеу де болған. Себебі, әр түрлі жинақтарға кірген ақын-жырауларды былай қойғанда, жеке жинақтары шыққан Дулат пен Шортанбай творчествосынан көрі Абайға ерекше көңіл аударулары ұлттанушылық идеяның барынша өріс алып бара жатқанынан болса керек.

Ұлы ақынның классикалық мұрасы жайында өз пікірі мен бағасын айтуға талпынған А.Байтұрсыновтың 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласының ғылыми зерттеу ретіндегі маңызы ерекше. Автордың айтуына қарағанда Абай

өлеңдерімен 1903 жылы Мүрсейіт қолжазбасы арқылы танысқан. Абайдың ұлылығы мен кемеңгерлігі «Қазақтың бас ақыны - Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы - соңғы заманда біз білетін ақын болған жоқ» деп бағалана келе, «тарихи миссиясы, рухани болмысымыздағы орны, көркемдік-эстетикалық сипаттары дұрыс көрсетіліп, терең талданып, алғаш рет қазақ оқырмандарының алдына тартылды» [1, 207 б.]. Мақала Абай поэзиясы табиғатының қыр-сырын түгел ашып бермегенімен, бүгінгі таңда Абайтану аталатын ғылымында сала-сала болып зерттелген басты ерекшеліктерін тап басып танып, нақты пікір білдірген. Біріншіден, Абай өлеңдерінің жаңаша леппен, өзгеше өрнекпен құрылғанына назар аударып, реалистік және жаңашылдық сипатының ерекшелігін айырықша атайды. «Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік, артық. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қарамай жазады» деген баға алғаш айтылуымен ғана емес, ғылыми-зерттеушілік тұрғыдан нақты айтылуымен де құнды. А.Байтұрсынов «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» ұғу үшін «Сөз түзелді, халқым-ау, сенде түзел» деп Абайдың өзі айтқандай түзеліп, түсініп, үлгі ала отырып оқу қажеттігіне ерекше тоқталады. Алғаш оқыған адамға Абай өлеңдерінің ауырлау соғатын себебі ақынның кінәсі емес, «оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік» деп көрсетеді. Ұлы ақынның дүниетанымдық және эстетикалық көзқарасының қалыптасуында орыс әдебиетінен алған танымы мен тәлімін сөз етеді. Мақаланың ғылыми-зерттеу еңбек ретіндегі мәнін танытатын құнды жері - Абай поэтикасын тереңдеп қарастырған тұсы. Тіл білімі ғылымында алғашқы қазақ тілі оқулықтарын жазған, кейін әдебиет теориясының мәселелерінен «Әдебиет танытқыш» атты

еңбек жариялаған А.Байтұрсыновтың білімді әдебиетші ретінде қазақ өлеңінің құрылысы мен жүйесіне жетік екенін байқалады. «Ғылымды жұртта өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін» орыс әдебиетінің әсері арқылы ұққан Абайдың өнерпаздық тұлғасының қалыптасуы өлеңді өнер деп бет бұрған кезеңінен басталғанын дәлелді түсіндіреді.

«Орыс ақындарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет, ықыласпен күтіп алып, төр түгіл, тақтан орын берген» Абай өлеңдерін «қандай үлгілі, қандай мағыналы, қандай асыл, қандай терең сөздер» деп бағалайды. «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы» аталатын өлеңін түгелдей тұтас келтіріп, ақынның поэзияға, сөз өнеріне деген көзқарасын, талғамын, өлеңге өнер туындысы ретінде қоятын талабын танытады. Абай поэтикасындағы ой шеберлігі, жаңа үлгі, өзгеше өрнек (яғни мазмұн, түр, ырғақ. Ж.С.) пен бунағы туралы ой-тұжырымдары назар аударарлық. Себебі, бұл пікірлерінде Абай өлеңдеріне теориялық тұрғыдан ғылыми талдау жасау ниетімен қоса, ақынның новаторлық тұлғасын таныту мақсаты да жатыр. Мақаланың «Абайды қазақ баласы түгел танып, тегіс білуі керек! Абайды қолымыздан келгенше қадірлі жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып, көпке көрсетпекшіміз» деп аяқталуы да сондықтан.

Қазақ әдебиетінің тарихын ғұмырнамалық мақалалар төңірегінде таныту жолында М.Дулатовтың «Уақыт» газетіндегі «Ибрахим ибн Құнанбаев» (1908, №383) және «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақ ақыны» (1913, №9), «Абай» (1914, №67), «Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов» (1914, №71,73-77), «Хазірет Сұлтан» (1913, №16-17) секілді мақалаларының маңызы зор болды. «Қазақ ақыны» - Ақмолла ақынды, «Хазірет Сұлтан» - Қожа Ахмет

Яссауиді, «И.Құнанбаев» - Абайды оқырман жұртқа таныстыруды ғана мақсат тұтқан мақалалар. Бұларда ғылыми-зерттеушілік ойдан көрі насихаттау, үлгі ету жағы басым болса, Абай мен Шоқан туралы қалған екі мақала әдеби-тарихи бағыттағы ғылыми ой-пікірдің әдебиет тарихын сөз етуге ойыса бастағанын байқатады. Себебі, бұларда ғұмырнамадан көрі әдебиет тарихының мәселесі нақты қойылған. М.Дулатов «Абай сынды ақынның қадірін білмеу қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды, себебі - қазақ басқа жұртпен үзенгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы тарихи әдебиеті жоқтықтан. Тарихи әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар сіңісіп, жұтылып жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны - әдебиет, жансыз тән жасалмақ емес», - деп жазған уақытында халық тарихы мен әдебиетін жоққа шығарып отырған жоқ, керісінше зерттелмегенін айтып отыр. Оны тексеру біздің ескеретін бірінші борышымыз деп атап көрсетуі де сондықтан. М.Дулатов бұл жолда алғаш назар аударатын ақын деп ұлы Абайды атайды. «Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш - Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттылығы сол. Бәлкі мұнан кейін Абайдан үздік ақындар, жазушылар шығар, бірақ, ең жоғарғы, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз-Абай», - деп қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуді Абай өмір сүрген дәуірдегі жаңа жазба әдебиеттен бастауды ұсынады.

М.Дулатовтың ұлт әдебиеті тарихын зерттеуді қолға алуды көтерген идеясы «Ш.Ш.Уәлиханов» аталатын мақаласында да орын алған. Бұл - ұлттық әдеби-тарихи ой-пікірдің қалыптасу жолында Шоқан туралы ғылыми-

зерттеушілік сипаты жан-жақты танылған құнды еңбек. «Дала уалаяты газетіндегі» Ш.Ибрагимовтің мақаласы ғұмырнама дәрежесінен аса алмаса, бұл мақалада Шоқанның өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеушілік тұрғыдан бағалау айқын танылады. Ұлы ғалымның ата-тегі, балалық шағы, білім алуы, орыс достары, саяхаттары мен қызметі, зерттеу еңбектері - барлығы да жүйелі түрде сөз етілген. Зерттеу мақаланы жазу барысында автор Г.Потанин, Н.Ядринцевтердің естеліктері мен Ш.Ибрагимовтің мақаласына сүйенген және қажет жерінде олардың пікірін келтіріп те отырған. Негізгі ой Г.Потаниннің Шоқан туралы айтқан пікірінен туындап жатса да, ұлы ғалымды: «Заманында қазақтан оқушы болса, Шоқан қазақ әдебиетіне бірінші негіз құрушы болмақ еді, бірақ заман һәм тағдыр оға қылмады. Шоқан арманда кетті», - деп бағалауы көңіл аударарлық. Бұл мақалалардың қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірі үшін орны зор, себебі, әдеби-тарихи бағыттағы ой-пікір ұлттық жазба әдебиеттің негізін қалаған кірпіш Абай екенін, алғашқы негізін құрушылардың бірі Шоқан екенін анықтап алды. «Қазақ» газетіндегі ұлт әдебиетінің көрнекті өкілдері туралы жарияланған мақалалардың мақсаты ғалым Ө.Әбдиманов айтқандай тек «ел көсегесін көгертуге өмірін арнаған халық ұлдарын жұртқа таныстырып, өлмес ісін кейінгіге паш ету» ғана емес, олардың өмірі мен шығармашылығын зерттеу арқылы әдебиет тарихын тексеруді қолға алу, бұл саладағы жұмысқа жаңаша бастама салу да еді [2, 146 б.].

Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтардың қазақ әдебиетінің көрнекті дарындары туралы мақалаларында олардың өмірі мен творчествосын танытуға деген талап-тілек те анық көрінді. Сол кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді көтерген және сыни мақаламен салыстыра қарағанда, бұлар - ғұмырнамалық негіздегі ғылыми-

зерттеушілік сипаты нақты танылатын еңбектер. Сол себептен де ұлт әдебиетінің дарынды өкілдері Ш.Уәлиханов пен А.Құнанбаев шығармашылығын ғылыми тұрғыдан бағалауда, әдебиет тарихындағы және мәдениетіндегі орнын белгілеудегі алғашқы қадам деп қарасақ, классикалық мұраны зерттеудің бастауы мен сара жолға апарар негізгі соқпағы Қазан төңкерісіне дейін-ақ көріне бастады деген тұжырымға келеміз.

Себебі, әдебиет туралы ғылымның туу дәуіріндегі алғашқы еңбектердің ғұмырнамалық сипатта болуы заңды. Орыс сыншысы В.Г.Белинский «источник творческой деятельности поэта есть его духа, выражающийся в его личности, и первого объяснения духа и характера его произведений должно искать в его личности», - деп жазған болатын [3, 308 б.]. ХХ ғасырдың басындағы ғұмырнамалық зерттеулердің кейінгі әдеби-тарихи бағыттағы монографиялық еңбектерге жолбасшы болғандықтан, қазақ әдебиеттану ғылымын тудырудағы тарихи маңызы зор еді. Францияда Ж.Ж.Руссо, Германияда Г.Гердер, Россияда А.Н.Пыпин және басқалары әдебиет туралы ғылымның туу дәуіріндегі ғұмырнамалық зерттеулердің, яғни биографизмнің, әдебиет тарихын ғылыми тексеруге апаратын жетекшілік ролін айрықша атайды. Биографизм негізінен аса дарынды тұлғалар туралы болады да, сол арқылы әдеби дамудың басты кезеңдерін айқындайды. Бұл - әдебиет тарихын зерттеу мен дәуірге бөлу проблемасына апарар бірден-бір жол. Ол сол ақын-жазушылар ғұмырнамаларының жазыла бастауы, олардың шығармашылығына баға берілуі көркем шығарманы әдеби-теориялық тұрғыдан талдауға әкеледі.

Бұл секілді мақалалардың шығуы ұлт әдебиетін тануға, оны өркендетуге, тарихын зерттеуге деген көзқарастың таралуына себепкер болды. Семей, Омбы және Торғай қалаларында әдебиет кештерінің өтуі оған айқын айғақ.

Әдебиет кешін Семейде Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтар екі рет өткізсе, Торғайда Ғ.Албасов, Қ.Жабағин деген азаматтар ұйымдастырды. Біздің ойымызша, әдебиет кештерін өткізу тек ойын-сауық үшін емес. Олардың басты мақсаты, бір жағынан елге рухани азық беріп, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді ұмытпауды насихаттаса, екіншіден - сол кездегі мақалаларда атап жазылғанындай «қазақ ұлтының басқа елге сіңісіп құрып кетпеуі үшін» өз әдебиеті мен тілін қадірлеу мен тану арқылы ұлттық сананы дәуір талабына сай ояту. Өйткені, «Оян, қазақ!» ұранының бүкіл қазаққа арналып айтылғаны белгілі.

Әдеби-тарихи ой-пікірдің тіл мен әдебиет тағдыры туралы және ғұмырнамалық негіздегі ғылыми мақалалардағы, әдеби кештер секілді игі шаралардағы ұлт әдебиетінің тарихын зерттеуге деген ізденісі жемісті қадам болды. 1915 жылы Семейде өткен әдебиет кешінде Р.Мәрсеков сөйлеп, қазақ әдебиетінің тарихына шолу жасап берді. Ол «Қазақтың» 1915 жылғы №112, 113 сандарында «Қазақ әдебиеті жайынан» деген атпен басылып шықты. Мақаланың негізгі мақсаты ұлттық әдебиеттің өткені мен бүгінгі хал-жағдайын саралай отырып, ғылыми тұрғыда зерттеу болғаны байқалады. Бұл мақалада әдеби-тарихи ой-пікір ұлт әдебиетінің тарихын дәуірге бөлу мәселесіне тұңғыш қадам жасады. Ол әдебиеттану ғылымының туу дәуірінің алғашқы жылдары үшін аз олжа емес еді.

Р.Мәрсеков қазақ әдебиеті тарихының даму кезеңдерін үш дәуірге бөліп, әрқайсысының өзіндік ерекшелігін танытуға ұмтылады.

1.Қазақтың ескі ауыз әдебиеті.

2.Алғашқы жазба әдебиетінің басталу кезеңіндегі ауыз әдебиетінің кері кете бастаған дәуірі.

3.Жаңа әдебиет дәуірі.

Әдебиет тарихын осылайша дәуірлегенде автор хронологиялық тәртіптен гөрі, әдеби дамудың негізгі бағыт-

бағдарына орай жүйелеуді ұстанған. Алғашқы қадам жасап отырған еңбектен оны талап ету де орынсыз. Ең бастысы, осы кезеңдердегі қазақ әдебиетінің қандай дәрежеде болғанын зерттеушілік көзқараста танытып беруінің өзі үлкен табыс еді.

«Бірінші дәуір, - деп жазады Р.Мәрсеков, - ескі замандағы қазақ арасына жазу тарамай тұрғандағы кез, ол заманда қазақ өз алдына тұрып, кең далада еркін дәурен сүріп..., ойлауға уақыт кең, сөз сөйлеуге тіл еркін болған заман». Осы анықтамадан сезіліп отырғанындай, автор алғашқы дәуірге қазақ даласының Ресейге қарағанына дейінгі кезенді жатқызған. Бұл дәуірдің негізгі белгісі ретінде шешендік өнер мен суырып салмалық дәстүрді тілге тиек етіп, олардың ауыз әдебиетін дамытудағы маңызына жан-жақты тоқталады. Мысалы, Үйсін Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Қаражігіт билердің айтқан сөздерін дәлел ете отырып, ауыз әдебиетінде халық даналығы мен тұрмыс тіршілігі жатқанына зерттеушілік тұрғыда көңіл аударады. Импровизациялық өнердің ауыз әдебиетіне тән дәстүр екенін дәлелдеу мақсатында Орынбай, Кеншімбай, Болық секілді ақын өлеңдерін мысалға келтіре отырып талдау жасайды. Негізінен бұл дәуірдегі қазақ әдебиетін шешендік, импровизаторлық және музыкалық өнермен байланыстыра отырып қарауды мақсат тұтқан.

Автор «жазудың қазақ арасына көбірек тараған заманы» деп нақтылаған екінші дәуірге Ресейге қарағаннан бастап Абайға дейінгі кезенді жатқызған болуы керек. Жазба әдебиеттің белгілері осы дәуірде жазудың шығуына байланысты көріне бастағанын айта отырып, оның дамуы күрес үстінде болғанын, діни сарын мен шығыстық желідегі шығармалардың тым басым болып, ұлт әдебиетінің өзінің басты сипаттарынан айырылып қала жаздауға дейін барғанын дәйекті түрде сөз етеді. Ұлт әдебиетінің көркемдік дамуда осындай тығырыққа

тірелуінің себептерін іздестіреді. Алғашқы себебі қазақтың өз еркінен айырылып, отаршылдық саясаттың күшейе түсуінен деп көрсетсе, екіншіден, мәдени дамуда артта қалудан деп түсіндіреді.

Міне, осындай қиын-қысталаң жағдайда тұрған ұлттық әдебиетке көркемдік дамудың жаңа жолын көрсетіп берген Абай болғанын айтып, «Абай марқұмнан бері қарай қазақ әдебиетінің үшінші дәуірі басталады», - деп жазады. Абайды осы үшінші дәуірдің басы деген уақытта ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде айтылып жүрген «жаңа жазба әдебиеттің көш басшысы» деген көзқарасты зерттеушілік тұрғыда қарастыруды мақсат тұтқаны байқалады. «Абайдан бері һәм одан үлгі алған кейінгі жастарымыздың ыждахатымен әдебиетіміз түзу жолға түсті. Енді мұнан былай сөз қадірі ұлғайып, өлең керектігі байқалып, өзге жұрттарда қандай болса, біздерде де сондай болар», - деп алдағы күнге зор сенім артуы оны анық дәлелдейді [4].

Р.Мәрсековтің мақаласындағы бұрынғы және жаңа әдебиет туралы көзқарастың ғылыми негізделуі зерттеушілік ой-пікірдің ғылыми сипатқа ауысу жолындағы мәні зор. Орыс әдебиеті тарихын дәуірге бөлушілер өз алғашқы қадамын В.К.Третьяковскийдің поэзияны «О древнем, среднем и новом стихотворении российском» (1755) деп бөлген еңбегінен, оны дамыта келіп орыс әдебиетін хронологиялық жолмен «первый период от начала X века до половины XV в., второй до начала XVIIIв., а третий включает в себе произведения российской словесности до нынешнего времени», - деп 1808 жылы И.М.Борн ұсынған жүйеден бастайды [5, 133 б.].

И.М.Борн өз жобасында алғашқы дәуірге Ресейге христиан діні мен жазу кірген X ғасырдан татар-монғол шапқыншылығы біткенге дейінгі XV ғасырды жатқызса, екінші кезеңін I Петр заманымен байланыстырады да, үшінші дәуірді XIX ғасырдан басталды деп көрсетеді.

И.Борнның бұл дәуірге бөлуді ұсынған жүйесін ғасырға жуық уақыт өткен соң ғалым А.Н.Пыпин «до ордынского нашествия, от конца ордынского ига, образования Московской Руси и до второй половины XVII века, литература нового периода от второй половины XVII века до современности», - деп үш дәуірге бөліп, нақтылай түскен болатын [6, 308 б.]. Бұлармен салыстыра қарағанда, Р.Мәрсековтің ұлт әдебиетінің тарихын дәуірге бөлуінде әдеби-тарихи ой-пікір дұрыс бағыт ұстағанын байқаймыз. Әдеби-тарихи шолу ретіндегі сипаты басымдау болғанымен «Қазақ әдебиеті жайынан» мақаласының әдеби-тарихи бағыттағы ой-пікірдің даму тарихындағы орны да ерекше. Ол қазақтың ұлттық әдебиетінің бірнеше дәуірлерден тұратын тарихы бар екенін алғаш рет ғылыми тұрғыда дәлелдеп берді. Сол арқылы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге жаңа бастама салып, келешек зерттеу жұмыстарына бағыт-бағдар жасады. Оның бұл саладағы ізденістері сол кездің өзінде-ақ көріне бастады.

«Қазақ» газетінде жарияланған «Н» деген автор жазған «Әдебиетімізге көз салу» деген ғылыми-зерттеу мақала - ғасыр басындағы аздаған жылдардың ішінде-ақ әдеби-тарихи ой-пікір ғылыми ұғымдарды меңгеруге батыл кірісе алғанына нақты мысал. Ол көркемдік дамудағы әдеби байланыс, озық үлгілерден үйрену арқылы жанрлық тұрғыдан өркендеу, тарихи сабақтастық принципіне сай дәстүр мен жаңашылдық, әдебиет тарихын тексеру сияқты проблемаларды нақты көтеруінен анық танылады. Автор бұл мәселелерді жаңа қалыптасып келе жатқан қазақтың жазба әдебиетін өркендету жолында кімнен үлгі алуымыз керек, ұлт әдебиетінің ендігі бағыты қандай болуы қажет деген сұрақтар төңірегінде ой қозғау арқылы шешуге ұмтылған. Бұл кезеңдегі қазақ әдебиетінің ендігі ұстар бағыты еуропа әдебиеті екенін айтып, үлгі-өнеге алу жолындағы еліктеу барысында әдебиетіміздің ұлттық

сипатынан айырылып қалмау жағын ойлау керектігіне көңіл аударады. Әдеби өркендеуде басқа елдің әдебиетіне еліктеудің болмай қоймайтын құбылыс екенін ғылыми дәлелдеуі ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде жаңалық екенін айтуға тиістіміз. Шағатай әдебиетіне араб, парсы әдебиетінің ықпалын айтқан уақытта Ә.Науаи секілді ірі ақындардың Ширази, Сағди, Хайям сияқты классиктерден үйрену арқылы өз әдебиетін дамытқанын айтуы - бұрын кездеспеген соны пікір. Сонымен қатар үлгі-өнеге алу жолындағы еліктеу, жаңашылдыққа ұмтылу барысында әдебиеттің өзіне тән ұлттық сипаттан айырылып қалмауы қажеттігін ескертіп, осман-түріктердің еліктеуге қатты ден қойып, өз әдебиетіндегі ұлттық дәстүрлерін жоғалтуға дейін барғанын мысалға келтіреді.

Автор басқа ел әдебиетіне еліктеу мен үлгі-өнеге алудың осындай жетекшілік және кері әсері болатынын дәлелдеп алғаннан кейін, қазақ әдебиетінің не себептен Еуропадан үйренуі керек екеніне тоқталады. «Үйткені Еуропа мәдениетінің бар асылы - рух сыны - дух критицизма, - деп жазады автор - бұл бізді жүре алмайтын тұйыққа, шыға алмайтын шыңырауға алып кетпес. Еліктеуіміз өлшеуден шығып бара жатса, рух сыны бізді жаңа көзімізді ашып, қатамызды көрсетер. Абай - адабиятымыздың атасы, бұл жолдың қорқынышсыз, біздің үшін пайдалы екендігін сезіп, сол жолға бұрылды. Әйтпесе, Абай үшін ғараб, ғажам (парсы) жолы ашық еді» [7]. Бұл пікірден ғасыр басындағы ұлт әдебиетін өркендетуге бағыт-бағдар беру ғана емес, әдебиет тарихына зерттеушілік тұрғыдан қараудағы көзқарас та танылып жатқаны айтпаса да түсінікті. Оны жоғарыда сөз еткен мәселелермен сабақтастыра отырып: «Ұлт әдебиетін майданға шығармақ үшін ең әуелі өз тұрмысымызды білмегіміз, үйренбегіміз, халық аузындағы адабиятымызды жиып бір тәртіпке белгілі сарынға салмағымыз, өз жұртымызды әр жақтан білмегіміз

керек», - дегенде ұлт әдебиетінің тарихын ғылыми тұрғыда зерттеуді көтеріп отырғаны анық. Автордың «бір тәртіпке, бір сарынға салу керек» дегендегі негізгі айтпақ ойы осында жатыр.

Мақаланың ұлттық әдебиет туралы ғылымының туа бастаған кезеңіндегі елеулі ғылыми-зерттеу еңбек екенін айтқан уақытта, әдеби-тарихи ой-пікірге қосқан тағы бір жаңалығын айтпай кетуге болмайды. Ол - ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдебиет тарихын тексеру бағытында мәнді арна табудағы ұмтылысында, басқа мақалаларда кездесе қоймаған әдебиеттің халықтығы мәселесі. Ғылыми-теориялық тұрғыда негізделе қаралмаса да автордың әдебиет қашанда ел өмірімен тығыз байланыста болғанын, алдағы әдеби өркендеуде де бұл үрдістен айырылмау қажеттігіне тоқталуын көңіл аударарлық ой қорытындысы деу керек. Нақты айтсақ, «адабият һәр қашан тұрмыспен айырылмай қол ұстасып бірге кетсін. Тұрмыстың һәрбір сазына адабият жаңғырық - саз қайтарсын, халықтың һәр бір қайғысын адабият айнадай көрсетсін. Сөздің қысқасы, адабият тұрмыспен берік байлаулы болсын», - деген тұжырымның танымдық қана емес, ғылымилық мәні де зор. «Әдебиетімізге көз салу» мақаласы әдебиетке ғылыми-зерттеушілік тұрғыда көз салып, бар-жоқты түсіндіруге, келешегін түзетуге ұмтылды.

Бұл айтылғандарды қорыта келгенде, ұлттық әдебиетті басқа да қоғамдық-әлеуметтік мәселелермен бірге қарастырған мақалалар мен ғұмырнамалық сипаттағы зерттеулер, әдебиет тарихының мәселесін нақты көтерген ғылыми мақалалар қазақ әдебиеттану ғылымы өзінің туу дәуірін бастағанда алғашқы ізденістері сәтті болып, енді толысу, нығаю жолына бет алғанын нақты дәлелдеп берді.

Ұлттық ғылыми таным-біліктің алғашқы қадамдарын айтқан уақытта, оны нық баса алғанын ХХ ғасыр басындағы қазақ баспасөзіндегі әдебиеттің библиографиясына қатысты

мәселелердің нақты сөз болғанынан көреміз. «Айқап» журналында басталған библиографиялық сипаттағы игі істері «Қазақ» газетінің бетінде де өз жалғасын тапқанымен, ғылыми сипат ала терең өркендеп кете алмады. Оған ел тағдырына байланысты саяси-әлеуметтік, қоғамдық мәселелерге көбірек көңіл бөлген газеттің мүмкіндігі де бола бермеген болуы керек. Сонда да болса «Қазақ» газеті «Жаңа кітаптар», «Қазақ» басқармасында сатылатын кітаптар» және тағы басқа тақырыптарда беріп отырған хабарларында жарық көріп жатқан фольклорлық үлгілер, оқу құралдары, жеке ақын-жазушылар шығармалары туралы мәлімет беріп отырды. Мысалы, «Кітап сұраушылар ескерсін» (1915, №105) атты мақалада Ғ.Қарашев кітаптары туралы айтса, «Жаңа шыққан кітаптар» деген айдармен С.Дөнентаевтың «Уақ-түйек», М.Сералиннің «Топжарған», М.Дулатовтың «Оян, қазақ!», «Терме», А.Байтұрсыновтың «Маса», «Тіл құрал» және тағы басқа да кітаптар басылғанын хабарлады.

«Қазақтың» библиографиялық ізденісінде «Қазақ» басқармасында сатылатын кітаптар» деген атпен басқарма тарапынан шыққан мақалалардың мәні зор. Мысалы, 1915 жылы осы айдармен шыққан хабарда қазақша басылған 10 кітаптың тізімі берілген. Олар: А.Байтұрсыновтың «Әліппе», «Маса», «Тіл құрал» (1-жыл үшін), «Тіл құрал» (2-жыл үшін), М.Дулатовтың қазақша «Қираэт кітабы», «Бақытсыз Жамал», «Есеп құралы» (1-жыл үшін), «Есеп құралы» (2-жыл үшін), Ғ.Қарашевтің «Аға тұлпар», Б.Өтетілеуовтің «Жиған-терген» кітаптары.

Газеттің библиографиялық тізіміндегі кітаптардың нақты нарқы мен почтамен жіберілгендегі бағасын қоса көрсетіліп отырылған. Міне, тура осындай дәрежедегі тізім газеттің он тоғыз санында шыққанын ескерсек, газет өзі шығып тұрған кездегі қазақ кітаптарының библиографиялық тізімін толық көрсетіп берді деуге негіз

бар. Бұл жеке кітаптар туралы хабарларды есептегенде. Бұған М.Шоқаевтың 1915 жылғы № 156 санында жарияланған «Ә.Диваев» мақаласында фольклорист ғалым бастырған этнографиялық материалдар мен фольклорлық үлгілерді «Ертегі-хикаялар», «Мысалдар», «Тарихи қағаздар» деген топқа бөліп, толық тізімін беруін қоссақ, біршама жұмыс жүргізілгеніне куә боламыз.

Негізінен газет қазақ кітаптарының басылуы мен таралуы, олардың сапасы деген мәселеге аса селқос қарамаған. М.Дулатов М.Тұрғанбайұлының «Пайғамбар заманы» деген оқу құралына жазған мақаласында (1915, №139): «Бұл кітаптың тілі сұлу, түсінікті, айқын қазақша жазылып, бастауыш мектептің соңғы жылына арналған. Басылуы да көркем, емлесі қазақша. Мектеп кітаптарымыз жеткіліксіз болып тұрған кезде бұл мезгілді һәм орынды шыққан жақсы бір кітап болды», - деп бағалайды. Одан соң кітап иесінің «Түрік қауымдарының ішіндегі ең сап болып тұрған жалғыз қазақ әдебиеті екен. Осы алтындай таза, гауһардай қымбат қазақ әдебиетіне қылған қызметіміз бүтін түрік қауымдарына қылған қызметіміз ғой» деген пікірін қоштай келе, бұл салада арта қалып келе жатқанымыз қазақта баспахананың, кітап бастырушының және кітап саудасымен айналушылардың жоқтығы деп көрсетеді. Осы кітапты бастырып шығарған Қ.Қоңыратбайұлынан үлгі алуға шақырады. «Қазақ» бетіндегі осы тақылеттес ой-толғамдардың молынан айтылуы, ұлт библиографиясы мәселелеріне тікелей қатысты болмағанмен сол бағыттағы жұмыстардың жандануына өз септігін тигізгені анық.

Қорыта келгенде, XX ғасыр басынан кеңес дәуіріне дейінгі уақыт аралығында ұлттық әдебиеттану ғылымы өзінің туа бастағанын нық қадамдар жасауымен анық танытты. Ғұмырнамалық мақалаларда жеке дарындардың тұлғасын танытуда тарихи тұрғыдан келді. Әдеби-тарихи ой-пікірге тән ұғымдар қалыптаса бастады. Р.Мәрсеков пен

«Н» деген автордың мақалалары әдебиет тарихы, оның дәуірлері, өткені мен келешегі туралы ұғымның берік орын тебуіне жол ашты. Фольклорға алғашқы классификация жасалды, енді оның жанрлық түрлерін анықтау мен зерттеу ісінің қолға алынуына бағыт-бағдар жасалды. Әдеби-теориялық ой-пікір әдебиет, оның қоғамдық орны мәселесінен бастап, өлеңтану және жеке жанр табиғаты туралы ғылыми ұғымдарды игеру жолында батыл қадамдар жасап, ұлт әдебиетін теориялық тұрғыдан тексеруді қолға ала бастады. Қазақ библиографиясының ізашары болып табылатын қадамдар көрініс тапты. Бұл секілді нәтижелі ізденістерді айтқан уақытта, бізде орыс әдебиеттану ғылымы тарихындағыдай академиялық тұрғыда зерттеудегі мифологиялық, биографиялық, мәдени-тарихи, салыстырмалы-тарихи мектептер болмағанын есте ұстау керек. Жоғарғы оқу орны түгіл, дұрыс мектеп те болмай, әдебиет жеке пән ретінде оқытылу деңгейіне жеткен жоқ та еді. Бұл қазақ әдебиеттануының жеке ғылым саласы ретінде сол кездегі қоғам дамуының деңгейіне сай өзіндік ерекшелікпен туа бастағанына басты дәлел. Оған өткен ғасыр басындағы қазақ баспасөзі, оның ішінде «Қазақ» газеті ерекше еңбекпен ықпал еткенін ашық айтқанымыз абзал.

- 
1. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989.
  2. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. - Алматы: Қазақстан. 1993.
  3. Белинский В.Г. Полн.собр.соч. Т.VII. - М.: Изд. АН СССР, 1953.
  4. Қазақ, 1915, № 113.
  5. Борн И. Краткое руководство к российской словесности. Спб., 1808.
  6. Пыпин А.Н. История русской литературы. Т.2. - Спб., 1902.
  7. Қазақ, 1916, № 164.

2013

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ МЕКТЕПТЕР ХАҚЫНДА

Уақыт пен кеңістік өлшемін ұлттық әдебиеттану ғылымына, оның тарихы мен дәуірленуіне байланысты қарастырар болсақ, ғылыми пікірдің оларға лайықты деңгейдегі кендігі, биіктігі, тереңдігі мәселесі туындайды. Бұл үш санат кез келген гуманитарлық ғылымдар саласының болсыс-бітімін танытады десек, артық айтқандық емес. Ал оларды ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихи өткен жолына сай таразыласақ, мән-маңызы жоғарылай түседі. Себебі, әр ұлт әдебиеті өзіне тән ғана ерекшелікпен қалыптасатын болса, оны тексеретін ғылым саласы да басқа елдің әдебиет туралы ғылымын қайталамайтыны сөзсіз нәрсе. Әдеби мұраны игерудегі жалпы заңдылықтар мен зерттеу әдіс-тәсілдері ортақ болғанмен әр ұлт өз әдебиетінің тарихы, теориясы, сыны, библиографиясы, текстологиясы мен тарихнамасын тек өзі ғана тексереді. Бұл жерде әдебиеттану ғылымы белгілі бір дәрежеде жоғары елдің ориенталист-фолклорист және әдебиеттанушы ғалымдарының басқа ұлт әдебиетін зерттеген еңбектері сол елдің әдебиеттануына қосылған үлес болып табылмайтынын естен шығармаған абзал. Олардың зерттеулері сол өзі өкіл болып табылатын елдің әдебиеттануына қосылатын табыс болып саналады. Сондықтан әр ұлт өзіндік ғылыми-зерттеушілік таным-білік аясындағы ізденістерін белгілі бір дәрежеде саралап алған соң ғана барып әлемдік әдебиеттанужетістіктеріне көз салатыны анық.

Ендеше қандай да болсын ұлт өзінің әдебиеттану ғылымы мен сынын тудыруда және қалыптастыруда әлемдік ғылыми-зерттеушілік әдіснамалық ізденістерден шет қалуы мүмкін емес. Кез келген халықтың әдебиеттану ғылымы өзіне ғана тән ерекшелікпен туып-

қалыптасатынын ескеретін болсақ, әлемдік ғылыми мектептер мен теорияларға қарама-қатысы да анықталар еді. Себебі, олар әдеби мұраларды зерттеуде өз кезінде кеңінен таралған әдіс-тәсілдерді қолдана отырғанымен, ешбір ұлттың әдебиет сыны мен әдебиеттану ғылымы басқадан үйреніп барып жасалмақ емес. Әдеби және фольклорлық мұраны жинап-жариялаудағы танымдық сипатта көрінетін қарапайым жұмыстардың өзі-ақ филологиялық мектептің әдіс-тәсілдерінің алғышарттары болып табылары анық. Егер әлемдік әдебиеттану ғылымының тарихына көз жіберсек, онда оның зерттеу бағыттары мен салаларына сай бірнеше түрлі теориялар мен ғылыми мектептердің қалыптасқанын байқар едік. Ең көп тарағандарын атасақ: а) филологиялық мектеп, ә) эстетикалық догматизм мектебі, б) биографизм, в) мәдени-тарихи мектеп, г) тарихи салыстырмалық мектеп (компаративизм), д) психологиялық мектеп, е) психо-аналитикалық мектеп (фрейдизм), ж) формализм мектебі з) социологиялық мектеп деген атаулармен белгілі. Ал теорияларға келетін болсақ, олар фольклортануда мифологиялық және ауысып алу теориясы деп аталады. [1, 6 б.]. Социализм дәуірі өз идеологиясы мен саясатының ықпалын жүргізу үшін маркстік – лениндік методология деген зерттеу әдістерін, социалистік реализм деген көркемдік әдісті қолдан жасап насихаттағаны да тарихи шындық.

Әлемдік әдебиеттанудағы осы ғылыми мектептері мен ғылыми зерттеу жұмыстарындағы негізгі теориялары белгілі бір дәрежеде кез келген ұлттық әдебиеттануда орын алуын ғылыми заңдылық деп тану қажет. Бұл ғылыми мектептердің өзіндік ерекшеліктері, жаңашылдық сипаты мен кемшіліктері және олардың қазақтың әдебиеттану ғылымының туып, қалыптасу жолындағы, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдеби мұраны игеру саласындағы

ізденістеріндегі көрініс табуы да сондықтан. Әдеби мұраларымызды ғылыми игеру жұмыстары мен зерттеуде осы теориялар мен мектептердің әдіснамалық тұрғыдағы бағыттарының қайсысы сирек, қайсысын жиі қолданғанымыз туралы ой толғайтын уақыт шын мәнінде жеткен секілді. Жалпы алғанда ұлттық әдебиеттанудың әдіснамалық мәселелері мүлде жабық жатыр демесек те, нақты қолға алынған жағдаяттары аздық етіп отыр. Ғалым атанып әдебиет туралы ұлттық ғылымда азды-көпті үлес қосқан әдебиеттанушылардың әрқайсының өзі қалыптастырған ғылыми мектебі бар дей алмасақ керек. Егер де шын мәнінде ғылыми мектеп атауының түп-төркініне үңіліп тарата баяндасақ, көптеген академик ағаларымызды өкпелетіп аларымыз анық.

Кешегі тоталитарлық-әкімшілік жүйеге негізделген коммунистік идеология заманында ұлттық әдебиеттану, оның тарихы мен дәуірленуі мәселесі Қазан төңкерісінен әріге бара алмағаны да белгілі. 1959 жылы өткен «Әдеби мұра және оны зерттеу» аталатын қазақ әдебиеті тарихының негізгі проблемаларына арналған конференцияны қорытындылар сөзінде М.Әуезов: «Қазақ әдебиеті тарихы деген ғылым біздің барлық мәдениетімізді тәрізді жас ғылым. Осында отырған көбіміздің жас кезімізде бұл ғылым басталар-басталмас қалыпта еді. Революциядан бұрынғы кез-кездерін алсақ, онда қазақ әдебиеті мұраларын әдебиеттану ғылыми жолымен зерттеу жұмысы мүлде басталған жоқ-ты. Бұрынғы еңбектердің бәрі де деректер, ескерткіштер атаулыны жинауға арналатын. Ал, міне, бүгін «Қазақ әдебиеті тарихы» деген келелі, ұзақ сөрелі әдебиеттану ғылымы туғанын көреміз. Кемшіліктері бола тұрса да біздің әдебиеттану ғылымымыз жыл санап даусыз өсіп келеді деп айта аламыз» деген болатын [2, 363 б.]. Ал Е.Ысмайлов болса «Қазақ әдебиеттануының тарихына көз жіберсек, оның негізінен

екі кезенді бастан кешіргендігін байқауға болады. Бірінші – үйрену, идеялық, творчестволық принциптерді игеру кезеңі. Бұл революцияның алғашқы кезінен соғысқа дейінгі дәуірді қамтиды. Екіншісі – соғыстан кейінгі, яғни қалыптасып, даму дәуірі» деген сипаттағы деңгейде ой толғаған болатын. [3, 35 б.]. Міне, осы екі пікір негізге алынғандықтан соның нәтижесінде 1960-1967 жылдар аралығында жарыққа шыққан «Қазақ әдебиеті тарихының» көптомдығында ұлттық әдеби сын мен әдебиеттану ғылымы екшеуге түсіп кетті. Сондықтан 2, 3 томдарындағы «Әдебиеттану және сын» аталатын тарауларында шолу дәрежесінде қалуға мәжбүр болды. Оның өзінде таптық идеология қағидаларына сай келетін ғана зерттеушілік ой-пікір есепке алынды. Көркем әдебиеттегі ақын Т.Жороков айтқандай, «өзім де қумын ғой, Октябрьден арғыға аяқ баспаймын» дегеніндей кертарпа көзқарас әдебиеттанудағы ғылыми зерттеу жұмыстарына да ауысып, тіпті тенденцияға айналып кете жаздады. Сондықтан «мүйізі қарағайдай» академик ғалымдардың ғылыми мектеп қалыптастыра алмағанының себеп-салдарын олардың ғалымдық тұлғасынан емес, заман ағымынан іздеген абзал.

Бізде ғылыми мектептер ұғымын саналы түрде демесек те білместікпен немесе пендешілікпен шатастырушылық орын алып отыр. Академик ғалымның жетекшілігімен қорғап ғылыми атақ алғандардың барлығы бірдей сол адамның ғылыми мектебінің шәкірттері деп танушылық бар. Шынына келгенде, бұл – қате тұжырым. Ол әлемдік әдебиеттану ғылымындағы ғылыми мектептердің қалыптасу үрдісі мен үдерісіне қайшы келеді. Себебі тек белгілі бір ғана бағыттағы ғылыми мектеп қалыптастыру үшін көкейкесті және кешенді мақсатта ғана зерттелетін проблемалардың қамтылуы керек. Яғни, сол ұлттық әдебиеттану үшін ортақ мақсат-мүддедегі бір ғана

бағыттағы зерттеулердің кендігі, биіктігі, тереңдігі танылатын болса ғана ғылыми мектептің дәрежесіне жете алады. Бұл - ғылыми мектептердің туып-қалыптасуы үшін басты шарт.

Ұлттық әдебиеттануымызда осы проблема туралы алғаш пікір білдірген академик З.Қабдолов болды. Ғалым әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дағы қазақ әдебиеті кафедрасының ғылыми мектептер қалыптастырудағы үрдісін айта келе, бұл турасында: «Қазіргі қазақ әдебиеті мен әдебиет тарихы саласында өзі ашып тұрақтандырған үш түрлі ғылыми мектебін айрықша атап айтқан жөн» деп көрсетеді. [4, 314 б.]. Ал нақтылауға келгенде «Олардың бірі – қазақ әдебиеті тарихының көне және орта ғасырлардағы тарихы (негізін қалаған профессор Б.Кенжебаев). Бұл мектеп бойынша басы Х.Сүйіншәлиев болып, Қ.Сыдықов, М.Мағауин, М.Жолдасбеков, А.Қыраубаева секілді ғалымдар алпысыншы жылдарға дейін Бұқар жыраудан басталып келген қазақ әдебиетінің тарихын мың жылға әрі жылжытып, YIII ғасырдан бастау алғызды» деп жазады. Б.Кенжебаевтың өз тұсында керітарпа көзқарастағы кейбір тұстастарымен айтысатартыса жүріп қалыптастырған осы ғылыми мектебі шын мәнінде де ұлттық әдебиеттануда іргелі салаға айналып отыр. Ол егемендік алғаннан кейінде А.Егеубаев, Т.Еңсегенов, М. Иманғазиев, Қ.Сейітжанов және тағы басқалардың зерттеулерімен толықты. Ұлттық әдебиеттің арғы бастауларын анықтауда және сол кезеңдегі әдеби-мәдени байланыстар мәселесінде жаңашыл толымды бастамалар жасады. Енді оның жекелеген және ішкі проблемаларын ғылыми зерделеу қолға алынып жатыр.

Ұлттық әдебиеттану ғылымындағы «екінші мектеп (жетекшісі З.Қабдолов) бойынша әдебиет теориясының түбегейлі мәселелері кең зерттеліп, терең талданып, жоғарғы мектепке арналған оқулық жазылды» деп

нақтылай келе З. Қабдолов: «Қазақ әдебиеттануының бұл саласы сонау А.Байтұрсынов еңбегінен (Әдебиет танытқыш) бастап, Қ.Жұмалиев (Әдебиет теориясы), Е.Ысмайылов (Әдебиет теориясының мәселелері) еңбектеріне жалғасатын. Соңғы кітапта (Сөз өнері) осылардың тәжірибесі пайдалана тұра, әдебиет теориясы бұрынғындай тек терминдер маңында ғана қисын-қағида қалыптастырумен тынбайды, әдебиеттің ең бір өзекті теориялық мәселелері жазушының шеберлігі және әдеби шығармашылықтың психологиясымен тығыз байланыста байыпталып, түбегейлі тексеріледі және талданады» деген пікір түйеді. Оған мысал ретінде Р.Нұрғалиев, Ж.Дәдебаев, Б.Майтанов, Б.Кәрбозов секілді әдебиетшілерді атайды. Негізінен автор тек өз кафедрасындағы ғалымдарды ғана атап отыр. Бұл тізім кейінде З. Ахметов бастаған теоретиктермен және А.Исмақова, Г.Пірәлиева, Е.Тілешов, К.Ахметов және басқа да есімдермен толықты. Әсіресе ақыл – парасат азаттық алғаннан берідегі Алаш арыстарының ғылыми және әдеби мұраларын зерттеуге мүмкіндік туғанан соң, бұл ғылыми мектеп барынша қанат жая өркендеу үстінде. Бірақта А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегі мен 1920-30 жылдардағы әдеби теориялық бағыттағы зерттеу мақалаларды ескере қарайтын болсақ, бұл екінші мектептің негізін қалыптастырған А. Байтұрсынов екендігіне дау болмаса керек. Оны жоғарыдағы пікірінде «осылардың тәжірибесі пайдалана тұра» деп З.Қабдоловтың өзі де жоққа шығармайды. Сондықтан ұлттық әдебиеттануда теория саласы бойынша ғылыми мектепті қалыптастырушы А.Байтұрсынов болды десек, ақиқаттың ауылынан алыс кетпес едік. Оған мысал ретінде кеңестік тоталитарлық жүйе ғылыми айналымнан шығарып тастағанмен «Әдебиет танытқыштың» Түркия мемлекетінде әдебиет теориясынан

бірден бір құрал ретінде пайдаланылып келгенін атасақ та жеткілікті.

Егерде А.Байтұрсынов өз еңбегін жазғанға дейін ұлттық әдеби-теориялық ой-пікір бұл салада мүлдем ізденіс жасаған жоқ десек, тарихи шындыққа қиянат жасаған болар едік. Ол, яғни, әдеби теориялық ой-пікір ізденістері, әр түрлі сипаттағы сыни және ғылыми ғұмырнамалық мақалаларда белгілі бір дәрежеде жүріп жатты. Мәселе А.Байтұрсынов өз еңбегін жазғанға дейінгі уақытта бүкіл түркі әлемінде табан тірей басшылыққа алатын бірде бір ғылыми зерттеудің болмауында жатыр. Қалай дегенмен де А.Байтұрсынов Еуропа және Ресей әдебиеттануындағы теориялық қисындарға арналған зерттеулерді толық меңгергендігіне дау жоқ. Және қандай кезеңде десеңіші?! «Ұлтшыл-алашордашыл» атандырған тапшылдардың кез келгені көзге шұқып отырған аласапыран заманда «Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» деп келешекті ойлаған Ахаң кемеңгер емес пе! Ең маңыздысы сөз өнері туралы Аристотельден бері келе жатқан теориялық қисындар мен ұғым түсініктерге тек ұлт әдебиеті өкілі ретінде қарауында жатыр. Қазір бір мақала жазсақ, оннан астам ғылыми еңбекке сілтеме жасауға дағдыланып алдық. Белгілі бір дәрежедегі өз пікірінді айтуың үшін белгілі ғалымдар еңбегінен цитат келтірмесең болмайтын ауруға ұшырадық. Өйткені, талап солай.

Ал А.Байтұрсынов өз еңбегінің «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» аталатын екінші бөлімінде жақшаның ішінде «нұсқалықтың 1 номерін қара» деген ескертпелер келтіріп отырады. Бұл - ахметтанушылар назарынан тыс қалып жүрген мәселе. Ұлт ұстазы осы «нұсқалықты қара» дей отырып, оның санын 1 ден 197-ге дейін көрсетеді. Сонда бұл нұсқалық деп отырғаны не нәрсе? Біздің ойымызша, «Әдебиет танытқыштың» «Нұсқалық» аталатын хрестоматиялық қосымшасы болған. Тарата айтсақ, Ахаң

сөз етіп отырған теориялық қисын бойынша мысал дәрежесінде алынған көркем шығарма мәтінін белгілі бір жүйеде топтастырып беріп отырған деп ұғу керек. Алаш арыстары алғаш ұсталғанда жоғалды ма, әлде қолды болды ма, ол жағы бізге беймәлім. Қалай дегенмен де осы «Нұсқалық» төңірегінде зерттеу жұмыстарын жалғастыру керек секілді. [5, 394 б.].

Академик З.Қабдолов ұлттық әдебиеттанудағы ендігі ғылыми мектеп профессор Т.Кәкішевтің мектебі деп көрсетеді. Оны: «Үшінші сала - әдеби сын. Бұл проблеманы басында профессор Т.Кәкішев бір өзі жеке дара алып зерттеп, талай архивтердің қоңыржай қоймаларын ақтарып-төңкеріп, одан тапқан құжаттар мен жазбаларды жан-жақты пайдалана келе, қазақ әдебиеті сынының оқулығын (Сын сапары) жазып шықты», - деп нақтылайды. Қазіргі ұлттық әдебиеттануда қарышты қадамдар жасап отырған бұл ғылыми мектептің негізі профессор Т.Кәкішевтің «Сын сапары» (1972), «Оңаша отау» (1982) атты монографияларынан бастау алды. 1970 жылдарға дейін жоғарғы мектепте тек арнаулы курс ретінде оқытылып келген әдеби сын тарихы дербес жеке пән дәрежесін алды. Ғалым оны «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (1994), (2003) оқулықтары, «Сандалтқан «Садақ» (2002), «Жанр жайлауы» (2007) және тағы басқа да аталатын зерттеулерімен толықтыра түсті. Жалпы алғанда проф.Т.Кәкішевтің кез келген зерттеу еңбегі ұлттық әдеби сын тарихының келелі мәселелеріне соқпайтыны жоқ десе де болады.

З. Қабдолов Т.Кәкішевтің ғылыми мектебі дей тұрғанмен, оның өкілдері ретінде ешкімді атай қоймаған. Сондықтан оны толықтыруға тура келеді. Бұл ғылыми мектептің шәкірттері ретінде Н. Жұбанышбеков, Қ. Егөбек, Д.Ысқақұлы, Ө. Әбдиманов, Р.Тұрысбек, К.Ахмет, А.Жүсіпова және жеке сыншылар шығармашылығынан

қорғаған тағы басқалар бар. Оны толықтыра түскен Ж.Смағұлов, С.Жұмағұлов, С.Такиров, Қ.Қалыбекова, Ж.Жұмагельдиндер ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихы мен әдіснамасы мәселесін осы мектептегі жеке ілім саласы ретінде қалыптастыру жолында еңбек жасап жатыр. Бұған қоса Т.Кәкішевтің ғылыми мектебі қазіргі таңда ұлттық әдебиеттанудағы сәкентану және мұқановтану ілімдеріне байланысты өнімді қадамдар жасап жатқанын атап айту қажет.

Ұлттық әдебиеттану ғылымындағы осы үш ғылыми мектеп туралы ойын қорытындылай келе З. Қабдолов: «Қазақ әдебиеті кафедрасында туып-қалыптасқан әдебиеттанудың үш (тарих, теория, сын) саласындағы үш түрлі ғылыми мектебінің сыр-сипаты осындай», - деген ой қорытады. Бұған алып-қосарымыз жоққа тән. Негізінен алғанда, осы ғылыми мектептердің қалыптасу тарихын зерттеп-зерделеудің уақыты жетті ғой деген ойдамыз.

- 
1. Кәкішев Т., Смағұлов Ж. Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері. Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 30 б.
  2. Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1961. – 374 б.
  3. Бұл да сонда.
  4. Қабдолов З. Өуезов. Алматы: Санат, 1992. -350 б.
  5. Байтұрсынов А. Ақжол. Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

2013 ж.

**ҚОЛЫМА ҚАЛАМ АЛДЫМ,  
АЙТСАМ БА ДЕП**



## ӨНЕР ӨРЕСІ КЕҢЕЙСІН ДЕСЕК

Соңғы кезде облыстық баспасөз бетінде ойлы мақалалармен жиі көрініп жүрген С.Жұмағалиевтің «Ұлттық өнеріміздің өрісі» атты мақаласы («Орталық Қазақстан», 4.03.1992) қазақ әдебиеті мен драматургиясындағы, театрындағы бүгінгі дәуір талап етіп отырған елеулі мәселелерге арналған. Өнердегі көркемдік дамудың тарихи сабақтастығын жоққа шығарған кезеңдегі тыйым салынған драмалық шығармалар мен тоқырау жылдарындағы жасанды интернационализм мен идеологиялық жалған саясаттың ықпалында жазылған туындылар, театрлық қойылымдар туралы ой-пікірлері көңіл аударарлық. Автор әдебиет ауылына да із тастап, драмалық образдардың жасалу табиғатына, қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынында көбірек сөз болып жүрген тарихи тұлғалар және көркемдік шындық мәселесін де сөз ете кеткен. Осы мақаланы оқып шыққаннан кейін ондағы кейбір пікір қайшылықтары мен бір жақты айтылған субъективтік ой-толғамдар қолға қалам алғызды.

«Заман талабына орай М.Әуезовтің «Қаракөз», «Еңлік-Кебек», Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ақан сері-Ақтоқты» шығармаларындағы Нарша, Еспенбет, Қарабай, Жалмұқан сынды бейнелер сахнада жағымсыз кейіпкер ретінде көрсетілді. Ойланып көрейікші, шын мәнісінде солай ма?» деп жазады автор. Расында, ойланып көрелікші. Мақала иесінің негізгі айтайын деген ойы түсінікті. Советтік дәуірдегі қазақ әдебиетіндегі көркем шығармалардағы қазақтың ұлы хандары мен билері, сұлтандары мен байлары ұнамсыз сипатта, суреттеліп келгені рас. Әдебиеттің партиялығы мен таптығы принципті, социалистік реализм әдісі кезінде осы талап

етілді. Бұл туралы ашық жазылып та жүр. Бірақ біздің айтайық дегеніміз, мақалада мысалға алынған кейіпкерлер турасындағы пікірдің ғылыми тұрғыда дәйексіздігі төңірегінде болып отыр.

Мақаладағы «Қаракөзді жан-тәнімен сүйген, сол үшін өліп-өшкен Наршаның жазығы неде, кінәсі байдың тұқымы болғаны ма?» деген пікірге назар аударалық. Әуезовтің «Қаракөз» трагедиясында Нарша жағымсыз сипатта сомдалған бейне емес. Осы шығарма туралы пікір айтқан Ә.Тәжібаев, С.Ордалиев, Р.Нұрғалиев т.б. әдебиетші-ғалымдар Наршаны іс-әрекет үстінде даралана ашылған, тек ұнамды планда көрінетін образ деп бағалайды. Шынында да Нарша–Қаракөзге деген махаббаттан дертті болған, оны аяйтын, қамқор болғысы келетін, сезімтал, нәзік жанды бейне. Бай тұқымы деген көзқарас болса оны байлыққа масаттанған о жар, ұрда-жық, топас дәрежесінде немесе ақсақ, соқыр секілді кемтар қалпында көрсетем десе жазушының еркі өзінде еді ғой. М.Әуезов керісінше, Наршаның өзі де сүйе алатын, өзгенің де махабатын қадірлей білетін, кекке ұласып кетерліктей қызғанышты азаматтықпен баса алған кесек тұлғада көрсетпей ме? Қаракөздің өзі де: «Наршаны кінәламаймын дегенім – айтқаным айтқан. Ол топас болса, озбырлық, зорлық, қара күш иесі болса, оңай еді барлық емі. Ол мені өзгеше бір момындық, жуастық майдалығымен тұсағандай болады» деп мойындауының өзі көп сырды аңғартады. Әрине, режиссердің Наршаны қандай сипатта көрсетем десе ол өз шаруасы, бірақ бұл кейіпкер туралы автор позициясы даусыз да анық көрінген. Біле білсек трагедиялық хал Сырым мен Қаракөздің табыспауында ғана емес, Наршаның өз басында да тұр. Себебі, жазушы пьеса соңында Наршаны жан күйігінен аурулы, үміті үзілген кейіпте көрсетудің орнына оған «мал аман болса, қатын табылар» деген бір ауыз сөз айтқызса образдың бүкіл-болмыс бітімі өзгеріп

шыға келер еді. Міне, сондықтан да С.Жұмағалиевтің Наршаны «Ақан-Ақтотыдағы» Жалмұқан бейнесімен салыстыруына тіпті де келісе алмаймыз. Рас, Жалмұқан Ақтоқтыны сүйетін секілді, қимайтын сияқты. Ғалым Ғабдуллин айтқандай «бірақ оның мұнысының бәріде- ездiң мінезі, ездiң күйкi, хал- күйi» (Ғ. Мүсірепов – драматург. 96-бет). Өзі жасаған озбырлықтан құты қаша түсуі, кек қайтардым деп көңілі өспеуі оның қатыгездігін ақтап ала алмайды. Қайта Науан Хазіреттің айтақтаған иті болғанын, ездiгiн дәлелдей түседі. Халық қадірлеген Ақанды соққыға жығып, ару Ақтоқтыны масқаралап ағашқа таңдырып тастаған Жалмұқанды жаңа режиссерлік шешім екен деп ұнамды сипатта көрсеткенмен көрерменді сендіре қою қиын. Өйткені, Жалмұқан әйел теңдігі тақырыбына жазылған шығармалардың көбіне тән озбырлық күштің иелері секілді бейнеде қалса, Нарша образы -өзіндік мұңды махаббатымен, үлкен адамгершілік көзқарасымен көрінген ерекше тұлға. Ал бұл театрлық қойылымдарда ескерілетін мәселе.

Мақаланың бас кезінде келтірілген «Ұлтымыздың мақтауға тұрарлық ізгі қасиеттері, мейірілік, кішпейілділік, имандылық, салт- дәстүр, әдет- ғұрып (бұл сөзді ерекшелеген автор) осының барлығы жалған саясаттың құрбаны болып кете барды» деген пікірге сүйенетін болсақ, қанша махаббат, ғашықтық дегенімізбен күмәнмен қарайтын кейіпкерлер Сырым мен Қаракөздің өзі емес пе? М.Әуезовтің трагедияның 1926 жылғы басылымындағы Сырым мен Қаракөздің немере туыстығын 1960 жылғы нұсқасында алты атадан барып туысатын етіп өзгертуі тегін емес. Жазушы-драматург Қ.Ысқақовтың сөзімен айтсақ: «Қарындасын қатын, келінін тоқал қылса, халықта не ұрпақ, не мораль, не қасиет қалар еді?» (Жұлдыз, № 7, 1989 жыл).

Сол секілді «Ал, Қарабай ше, оның қандай кінәсі бар? Таудағы жалаң аяқ Қозы дегеннің Баянды көрген жерден

сүйдім-күйдім деуін қалай түсінуге болады? Өмір бойы жанында жүрген өзінің малын баққан батыр да батыл, қорғаныш бола алатын Қодарды күйеу бала қылғысы келсе несі айып?» деген пікір де ұшқары айтылған. Қазақ әдебиеттану ғылымында 20 жылдары әдеби мұраны зерттеуде орын алған бірыңғай ағым теориясының ықпалы сезіледі. Лиро-эпостық жырда халық Қарабайды жағымсыз сипатта жырласа, оны бай болғаны үшін емес, сараңдығы, дүниеқоңыздығы, анттан тайған аярлығы үшін айыптамай ма? Драматург бұл образды тереңдете, жан-жақты толықтыра келіп әлемдік драматургиядағы Мольердің Гарпогоны, Гогольдің Плюшкині секілді классикалық дәрежедегі сараңның дәрежесіне жеткізген. Қарабайды Қозыдан бездіріп отырған оның кедейлігі де, Қодарды қолдап отырғаны малын Баянға бола шауып әкеткенде айыпқа беремін деген он бір қос, қалыңға беремін деген он қос жылқысы үшін емес пе? Тоқсан мың жылқы айдаса да көзі тоймаған малқұмар, қомағай Қарабайдың тасбауыр, қатыгез екені де ашылып тұр. Сонда осынша ерекшеленген ұнамсыз, жат қасиеттердің бәрін жоққа шығарып, С.Жұмағалиевтің Қарабайды сахнада қандай тұлғада көрсеткісі келетіні түсініксіз. Образ сомдаудағы жазушы позициясы сақталмайтын, ескерілмейтін болса, шығарманың идеялық- тақырыптық, тәрбиелік мәніне нұқсан келетіні анық. Осындағы Қозыны «жалаң аяқ» деп оның махаббатын «сүйдім-күйдім» деп кемсіту де орынсыз. Біле білсек, онда халықтың ғашықтық туралы дүниетанымы жатыр. Жырдың он алты вариантында да Қозы мен Баянның атастырылып қоюының ешбір өзгермей сақталуында үлкен мән бар. Халықтық көзқарас бойынша бұлар тағдырдың өзі қосқан, тек бір-бірі үшін туған жандар. Бұлардың сүйіспеншілігі – қазіргі драмалық шығармаларда суреттеліп жүрген жалаң сезімге емес, халықтың ғасырлар бойы қастерлеп келген

әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне тамыр тартатын махаббат. Оны Ғ.Мүсірепов те тап басып танып, трагедия жазылған кезде әйелдер теңдігі басты арқау болып, құда түсу, қалың мал төлеу, айттырып қою ескіліктің қалдығы деген пікір қатты өріс алып тұрған шақта да сол күйде алып, жырдың идеясына нұқсан келтірмеген. Міне, сондықтан да театрда ұлттық дәстүрді дәріптеу дегеніміз актерді сахнаға қазақтың ұлттық киімімен шығару ғана емес, халықтық салт-санаға, әдет-ғұрыпқа негізделген жақсылық пен жамандық, махаббат пен зұлымдық, адалдық пен арамдық, әділдік пен озбырлық т.б. қасиеттерді бүкіл адамзаттық гуманизм тұрғысында ашып көрсете білуде жатыр.

Ал мақала авторының ақтап алғысы келіп отырған Қодарына келетін болсақ, егер Қарабай малына қорған болар жан іздесе, Қозының ерлігі де, жүректілігі де, батырлығы да Қодардан асып тұр. Және оны білмей де отырған жоқ. «Қодарды байлап әкеліп тұрғанда да оның ерлігіне сүйсінудің орнына: «Уә, қайдасың, төскейде малым қосылған теңдесім! Төсекте басым сенімен қосылсын да! Мен саған бердім Баянды! Ал да, тын, құтқар мына пәледен! — деп Қодарға құшақ жайып, малы көп, қазынасы мол, жан дүниесі өзіне сәйкес келетін адамды теңім деп табады». (Н.Ғабдуллиннің жоғарыдағы еңбегі. 58-бет).

Мақаладағы Қодар Қарабайдың «өмір бойы жанында жүрген, малын баққан батыр» деген сөздер негізсіз емес, бірақ бір жақты айтылған. Себебі, осы лиро-эпостық жырдың он алты вариантында Қодардың шыққан ортасы төрт түрлі жағдайда суреттеледі. Шөже вариантында Ноғайлының атақты Шақшақ деген байының мырзасы, кейбір варианттарда қалмақ батыры, енді бірінде Қарабайдың асыранды баласы немесе жай құлы болып көрінеді. Ал Жанак вариантында Қодар Қарабайдың малы қырылуға шақ қалғанда ен далада кездеседі. Бәрінде де өзімшіл, күншіл, қиянатшыл, есер, мақтаншақ Қодарды

көреміз. Жазушы осы төрт түрлі алынған сипаттың барлығын екшелей отырып, бай баласы дегенге тоқтаған ғой. Жарайды, асыранды баласы не құлы бола қойсын. Сонда Қодарды мал баққаны үшін, не Баянды сүйгені үшін ақтауымыз керек пе? Онда мұнымыз көркем шығарманы бағалаудағы «тұрпайы социологизм» теориясының өңі кері айналған түрі болып шығады. Сауатты оқырман көркем шығарманы оқығанда, сыншыл көрермен пьесаны көргенде кейіпкерді оның қай таптан шыққанына қарап емес, іс-әрекет үстінде ашылатын жан дүниесінің жақсылы-жаманды көрінуіне қарай бағалар болар.

Енді «Шын жан-тәнімен беріле сүйген Қодардың Баянның алдындағы кінәсі қандай, оған кім жауап береді? Сондықтан Қарабайды да, Қодарды да ақтап алуға болады. Бірақ сол уақыттың үкіміне орай Қарабай да, Қодар да жағымсыз образ ретінде суреттелген» деген тұжырым турасында ойланып көрелік. Егер С.Жұмағалиев «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жырын және трагедияны талдаған ғылыми еңбектерімен таныс болмаса, соларға сүйене отырып, Қодардың қандай кінәсі барына біз жауап беріп көрелік.

Лиро-эпостық жырда да, трагедияда да Қодар бейнесі айқын берілген. Ол — зорлықшыл қара күштің иесі, махаббат атты ғажайып сезімнен жұрдай есерсоқ, екі жүзді зұлымның өзі. «Қодар — алып. Бірақ батыр емес, тек жай қайрат иесі. Өзінен бағы, күші артық батыр кез келгенде жасқаншақ, қорқақ. Жомарттығы жоқ. Жауын жеңсе аяуды білмейді, жеңілсе жалына бастайды, намыссыз» (Қазақ әдебиетінің тарихы. 1 том. 1-кітап, 545- бет).

Қодарға бұдан артық мінездеме беру қиын. Тіпті, Қозыны өлтірудегі кінәсі қызғаныштан болды деп ақтаған күннің өзінде Баянды сүйеді екен деп осы ұнамсыз қасиеттерінің бәрін қалай жоққа шығарамыз? Рас, драматург трагедиядағы Қодар бейнесіне аңғалдық,

сенгіштік сипат береді. Ол өзінің озбырлыққа сүйенген қателігін түсініп, Баян жүрегін адамгершілік сезіммен оятуға тырысатын сияктанады. Мысалы, «Баян! Бір тындап көрші мені де! Қайдан білесің жан сөзі құлағыңа қонбаса, жүрегіңе қонар!» -- деп қыздың ықыласын өзіне аударуға да ұмтылады. Бірақ оның Қозыдан айнымас түрін көргенде: «Сұлу қыз, үйітілген күшіктей, жұлынған тотыдай етермін! Құшағымнан жиренсең, қанжығамда қыңсылатармын!» деп зорлықшыл қалпына қайта түседі. Бұл – Қодардың шын сөзі. Баянға таласатын тоқсан серіні құлша жұмсап, «қыз менікі» деген берік сенімде жүрген даңғой Қодар бейнесін трагедияда жан-жақты ашу үшін жан дүниесін тереңдете көрсету үшін де драматург образға осы өзгертулерді енгізген. Сонымен қатар Қодарға осы аңғалдық сипат беру арқылы Жантық бейнесін Шекспирдің «Отеллосындағы» Ягоның дәрежесіне дейін көтеруге ұтымды пайдалана алған.

Қодар мен Қарабайдың жағымсыз суреттелуіне лиро-эпостық жырдың ғасырлар бойы жырлап келген халыққа да, Ғ.Мүсіреповке де белгілі бір уақыт үкімі әсер етті дегенге сену қиын. Мүмкін, жырда Баян қолынан өлетін Қодардың пьесаның соңында азып—тозып тентіреген қалыпта көрінуі тым қатты жаза секілді көрінер. Бірақ мұндай зұлымдық иелерін осылай жазалау халқымыздың көптеген ертегі-аныздарында кездеседі. Ендеше, жазушы бұл шешімге халықтық талап-тілек тұрғысынан, ұлттық салт- сана, дәстүрге сай көзқарасты ескергендіктен келген. Сондықтан режиссер назарынан актерлердің сөз сөйлеу мәнері ғана емес, осы мәселелер де тыс қалмауға тиіс деп ойлаймыз.

Ал ақтап алғымыз келсе, көркем шығармаларда бұрмаланып көрсетілген тарихи тұлғалар толып жатыр. Ол мақалада аталған жалғыз Еспембет қана емес. Қ.Ысқақовтың «Кеңгірбай десе, Қараменде десе, Құнанбай десе Қалқаман мен Мамырды, Еңлік пен Кебекті, Қодар мен Қамқаны көлденең тарта қоятын әдетіміз бар» дегенінде

шындық жатыр. Ел жерден көшпейді деп переселендерге жер беруге және күштеп шоқындыруға қарсы болғаны үшін сақалы күзеліп Семейге жаяу айдалған Кеңгірбайды, отарлау саясатына, қазақтарды жаппай шоқындыруға қарсы болып, Түркияға елші жіберіп, орыс патшасына нота тапсырттырған, сол үшін он жылға жер ауған Науан хазіретті, халқы үшін шырылдап отқа түскен, жазықсыз жазаланып жетпіс жыл бойы қараланып келген Ахмет, Мағжан, Міржақып, Жүсіпбектердің өмірін драматургтеріміз тарихи шындыққа сай жазып, режиссерлеріміз бүгінгі талапқа сай көрсетсе кім қой деп отыр. Бұл жерде біз С.Жұмағалиевтің халық тарихына байланысты шығармалар көбірек жазылса, көбірек қойылса деген талабын қолдаймыз. Алайда, мақаланы оқу барысында ондағы «біздің көптеген режиссерлеріміздің білім деңгейі саяз, ізденісі аз» дегеніне тағы да келісе отырып, актерлеріміз де қазақ драматургиясының тарихын зерттеген, театрлық қойылымдарды ғылыми - сын тұрғысынан сөз еткен еңбектерді көбірек оқыса деген тілек айтамыз. Театр сыншысы болмасақ та облысымыздағы ұлттық театрдың беделі ондағы сахналық қойылымдардың сапасы көрермен ретінде бізді де толғандырады.

Сабақта Қарабайлар мен Қодарлар әлемінің зұлымдығын әңгімелеп тұрған ұстазға шәкірті: «Ағай, ендеше С.Жұмағалиев ағамыз бұларды сахнада жағымды тұлға ретінде көрсету керек деп неге жазып отыр?» деген сұрақ қойса, оны дәлелдеу үшін мұғалімге біраз тер төгуге тура келер. Атақты ғалым ағамыз Ә.Марғұлан «бірдеме білеміз ғой, білгеннен кейін сөйлейміз ғой» деген екен. Біраз жылдан бері әдебиет саласында еңбек етіп жүргендіктен газетке шыққан мақалаға орай айтқан пікірлерімді автор дұрыс қабылдар деп ойлаймын.

1992 ж.

## ЖОҒАЛҒАН ПЫШАҚТЫҢ БӘРІ АЛТЫН БА?

Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 1930—40 жылдар мен 1950-жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу хөнінде құрылған комиссияның қорытындысы («Егеменді Қазақстан», 1989, 9.XII) шыққаннан бері қазақ әдебиеттану ғылымында тың серпіліс пайда болып, халқымыздың фольклорлық және классикалық мұрасын жаңаша зерттеу мен бағалау қолға алынды. Бұрындары таптық тұрғыдан біржақты бағалағандықтан тыйым салынған ауыз әдебиетінің көптеген үлгілері, әсіресе қазақтың атақты хандары мен батырлары туралы тарихи жырлар, Абылай, Кенесары-Наурызбай жайындағы жыр-өлеңдер, халықтың бата сөздері, жоқтау жырлары, тағы да басқа нұсқалары жарияланып, әдебиет сүйер қауымның рухани азығына айналуға айналуда. Сол секілді қазақ әдебиетінің тарихындағы өздеріне тән орны әділ бағаланбай келген Нарманбет, Мәшһүр Жүсіп, Шәңгерей, Ғұмар Қарашев секілді ақындар мұрасы жарияланып, бүгінгі заман талабына сай зерттеліп те жатыр. Жоғарыда аталған жылдардағы қаулылардың әсерінен ғылыми айналымға қосылмай, пайдаланудан алынып тасталған, қайта бастыруға рұқсат етілмей келген, қазақ әдебиеттану ғылымының ізашарлары болған М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы», Х.Досмұхамедовтің «Қазақтың халық әдебиеті», С.Мұқановтың «XX ғасыр басындағы әдебиет», «XVIII—XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихының очерктері» және 1930 жылдардағы оқулықтар мен оқулық-хрестоматиялардың ғылыми зерттеушілік ой-пікірге қосқан үлесі тарихи ақиқат тұрғысынан өз бағасын алып жатыр. Турасын айтсақ, әдеби мұрамен толық таныстырмай, оның әдебиеттегі таптығы принципіне сәйкес келетін жекелеген нұсқаларын ғана ілтипатқа алып, ондаған жылдар бойы жұртшылыққа

рухани ескерткіштер туралы жартыкеш мағлұмат беріп келген, көбінесе қолдан жасалған біржақты догматикалық құрастырмаларды ұсынып келген қазақ әдебиеттану ғылымы кешегі тоталитарлық-әкімшілік кезеңдегі жіберген қателік-кемшіліктерді түзету үстінде.

Біз секілді өз тарихын өзі білмей келген және тілінен айырылып қала жаздаған халыққа ашылмаған, әділ бағаланбаған әдеби мұралардың танымдық тәрбиелік, рухани-эстетикалық мәнінің жоғары екені анық. Міне, сондықтан да соңғы кезде халық аузында ғана сақталып келген бата сөздердің, кейбір жоқтау жырлардың, шешендік сөздердің, халық шажіресінің және тағы басқа да халық творчествосының шағын жанрларының көптен жариялануы осының айғағы. Әсіресе қазақтың тайпалық-рулық құрамы шежіресінің әртүрлі қол-жазбаларда және халық аузында сақталып қалған үлгі-нұсқаларының жарияланып жатуы құптарлық іс. Бұның бәрі де жақсы-ау. Бірақ әдеби мұраны жинау, жариялау мен игеру науқаншылықты көтермейтін, жүйелі түрде ғылыми нақтылықпен жүзеге асатын процесс екенін ескере бермейтініміз қынжылтады. Ал қазір біздегі жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кеткен газет-журналдар «бояушы дегенге сақалын бояйды» дегендей, «баяғыда бәлен шал айтып еді» дегенді желеу етіп, неше түрлі жыр-өлең, аңыз-әңгімені топырлатып басып жатыр. Олардың көбісінің көркемдік дәрежесі солғын, айтар ойы мен идеясы күңгірт немесе халық тарихында ерекше көрінбеген адамдар туралы. Ондағы сөз болатын кейіпкерлердің асыра дәріптелетіні соншалық, батыры - Қабанбай, Бөгенбайлардан, би-шешендері –Төле мен Қаздауысты Қазыбектен бір де кем емес секілді. Жинап, жариялаушылардың өз жері мен ауылының, өз руының би, батыр, шешен, ақын деген адамдары туралы мақтауларын оқығанда, бәсекеге түскен бе деген ойда қаласың.

Бабамыздың аты шыға берсін деген пендешілік көңіл де сезіліп жатады. Соның салдарынан тарихи нақты деректерден ауытқу мен бұрын жарияланған шығармаларды өзгерте отырып ұсыну да көрініс беріп қалып отыр.

Әдеби мұраны осылайша жаппай дәріптеу мен насихаттау көзқарасы бұрын да болған. 1920-жылдары төңкеріске дейінгі әдеби мұраның барлығы да мінсіз, бәрі де көркем, түгелдей халық қазынасы деген тұжырымға сүйенген «бірыңғай ағым теориясын» жақтаушылар басқаны былай қойғанда, бұл дүниенің қызығынан, еңбек пен күрестен безуге шақырып, о дүниенің рахатын насихаттаған дәруіштік-софилық, мистицизм рухындағы шығармаларды да асыл мұра ретінде бағалаған болатын. Халқымыздың біртуар азаматы А.Байтұрсынов 1924 жылғы қазақ білімпаздарының 1 съезінде сөйлеген сөзінде әдеби мұраны жинап, жариялау жұмысына мемлекеттік дәрежеде мән берудің қажеттігін атап өте келіп: «Бұл саладағы жұмыс істеймін деушілерге табиғаттың берген бейімділігі мен сыйы керек. Кім көрінгенге тапсырғанмен жұмыс болып шықпайды» деген болатын. Жаппай жинаушылыққа тыйым салып, оны жоспарлы түрде ғылыми зерттеушілік мақсатта жүргізу үшін фольклорлық-этнографиялық ғылыми экспедициялар шығып, оларды С.Сейфуллин, Х.Досмұхамедұлы, І.Жансүгіров секілді білімпаздар басқарған болатын. Соның арқасында өте бай материал жинақталып, сұрыпталды, ғылыми-зерттеушілік тұрғысынан екшеліп, зерттеу нысанасына алынды. Қазақ әдебиеттану ғылымының 1920 жылдары әдеби мұраны игеруде табысқа жетуінің сыры да осында жатыр.

Жоғарыда аталған комиссия қорытындысы шыққаннан кейін республикалық баспасөзде «Әдеби мұра» айдары мен жаппай жарияланған шығармалардың көпшілігі де осы кезде жиналған еді. Себебі кезінде оларға маркстік-

лениндік методологияның әдебиеттің таптығы принципінің кесірінен тыйым салынып, кітапханаларда сирек қолжазбалар мен ерекше қор аталатын бөлімдерде сақталды, рұқсат ғана танысуға мүмкін болды.

«Ел іші-өнер кеніші» дегендей, ел аузында айтылып жүрген, әлі хатқа түспеген әдеби мұралардың жариялануына ешкімнің де қарсылығы болмас. Мәселе ауылдық, рулық деңгейдегі ғана атақ—даңқы бар билер мен байларды, батырлар мен ақындарды бүкіл халықтық дәрежеде дәріптеудің ешқандай пайдасының жоқтығында. Халқымыздың тарихында бәрі де болған. Ақылды ел басшылары мен билерімен қоса, байлығына масаттанған даңғой да арамза, зорлықшыл ру басылары мен байлары болған. Батыры мен ержүрегімен қоса, қорқағы да, сатқыны да болған. Жер дауы, жесір дауына орай барымтасы, алыстан жылқы алдыратын ұрлығы да болған. Шежіресінде жиеннен тараған, асыранды ұлдан тараған, аттың бәйгісіне тігіліп келген құлдан да тараған ұрпақтар бар. Осы жайлар туралы аңыз-әңгімелер, өлең-жырлар бар екені анық. Олардың бәрін жасырып тастап, бізде бұрын бәрі жақсы еді, бұрынғылардың бәрі ақылды, батыр, ақын еді деп шындықты бүкемелеудің тарихқа ешбір пайда бермесі анық. Университеттің филология факультетінде декан, тәжірибелі ұстаздардың бірі, доцент М.К.Смағұловтың бір сөзінде айтқанындай: «Расында, біздің халықта қазіргі айтылып жүргендей осыншама беделді де білікті хандар көп болған болса, осыншама ержүрек батырлары, ділмар шешені мен ақылды билері, от тілді, орақ ауызды жырауы мен ақыны, сал-серісі көп болғаны шын болса, отарлаушы орысты былай қойғанда, Дулат, Шортанбай, Бұқар жырау, Абайлар кезеңінен бастап, кешегі Ахмет, Мағжандарға дейін сынаған қазақтың алтыбақан алауыздығын, күні бүгінге дейін жетіп отырған жүзге бөлінгіштігін неге жеңе алмағанбыз?».

Сондықтан әр дарынның тарихта өз орны болатынын ескеріп, оны қолдан жасауға деген ұмтылысты тоқтататын уақыт жетті. Ленин мен Сталинді қанша жырлағанымен, Мағжандар мен Сәкендер жазықсыз жазаланып, Сәбит, Ғабиттер қудалауға түскен кезде қазақ әдебиетін Одақ көлеміне танытушы құрметіне дейін көтерілгенімен, Жамбылдың жырау, жыршы деңгейінде қалғанын уақыт өзі дәлелдеп отыр. Сол себепті бұрын айтқызбап еді, енді айтып қалайықты сылтау еткенмен де, «жоғалған пышақтың сабы әрқашан алтын» бола бермейтінін де еске алайық.

Енді біраз сөз халық ортасында әлі де айтылып жүрген ауыз әдебиеті үлгілері жөнінде. Олардың бәрі жиналды, зерттелді деп тоқмейілсуге болмайды. Сондықтан да ел ішіндегі көзі қарақты, қаламының желі бар, әдеби мұраға жаны ашитын адамдар назарын мына жайларға аударғымыз келеді.

Қазақтың бірде-бір салты, әдет-ғұрпы өлең-жырсыз өтпегені белгілі. Қазақ фольклорында жеке жанр ретінде қарастырылмағандықтан қалтарыста қалып келген ырым сөздер мен өлеңдерді, емдеу өлеңдерді, түс жоруға байланысты өлең-әңгімелерді, алғыс және қарғыс сөздер мен өлеңдерді азайып бара жатқан көне көз қарттардан жазып алуға күш салу керек. Мысалы, бір ғана емдеу өлеңдері іштей жанрлық мына түрлерге бөлінеді: а) бақсы сарыны (жын шақыру өлеңдері), ә) оқу, алдау-арбау өлеңдер, б) жынды, періні басқа жерге көшіруге байланысты өлеңдер, в) үшкіру, қағу, дем салуға орай айтылатын өлеңдер, г) құдайы-садақа кезінде айтатын өлеңдер, д) бойтұмар сөзі, е) кітап ашу өлеңдері, ж) құмалақ салу, жауырын қарауда айтылатын сөздер мен өлеңдер. Сол секілді халқымызда «пері соқсын, жын ұрсын» деген сөздер бар да, олар ертегіде белгілі кейіпкер ретінде алынған. Ал «Марту бассын», «Қара бассын»,

«Обыр соқсын», «Үбе келсін» деген сөздерді қалай түсінер едік? «Албасты бассын» деп те айтады. Қарап отырсақ, бұлардың барлығы да қазақ ертегілерінде дию, пері, жезтырнақ сияқты жеке образдар болғанын байқаймыз. Осының өзі біздің фольклорлық мұрамыздың әлі толық игерілмегенін көрсетпей ме? Міне, елеусіз қалған осындай ескі мұраларымыз ұмытылып, жоғалып бара жатыр. Көп болып қолға алсақ, әлі де кеш емес.

1993 ж.

Репозиторий Қарғу

## АТАҚ-ДАҢҚ ПЕН АР АРПАЛЫСЫ

Сәкен Сейфуллин атындағы обылыстық қазақ драма театры көрермендерімен тағы бір жана қойылым арқылы жүздесіп отыр. Сан асуларды бастан өткерген ұжымның кезінде шарықтау, өнер биігіне ұмтылу сәттерімен қоса тоқырап, тіптен тарап кетудің сәл ақ алдында қалған қысыл-таяң кездері де болғанынан хабардармыз. Бірақ қаладағы қара шаңырақтың шын жанашырлары - көрермендер көңіліне жол табу үшін үнемі ізденісті мұрат тұтып, қалайда өнерге деген құштарлықтарын таныту мақсатында аз тер төкпегенін де білеміз. Бұған соңғы жылдары сахнада қойылып көрермендерімен қайыра қауышқан бірнеше спектакльдер мен ел өміріндегі елеулі оқиғаларға, түрлі мейрам- мерекелерге байланысты театрландырылған көріністер дәлел бола алады. Сол арқылы қасиатті қара шаңырақты қадірлеп-құрметтеудің, театр актерлерінің сахна өнерін қаншалықты бағамда бағалаудың, оған деген құрмет пен жанашырлықтың белгісін көрсетіп-ақ келеді. Оған театр есігін жиі ашып, өнерін тамашалайтын қарағандылық көрермендер ықылысы мен ризашылығы дәлел.

Міне, осындай бір талап пен ұмтылыстың мақсат-мұраттың жемісі бола аларлық туынды сахнаға қойылды. Ол - Назым Хикметтің «Елеусіз қалған есіл ер» драмасы. Бұл - тек түркі халықтары үшін ғана емес, әлемдік драматургияда классикалық туынды саналып, өз бағасын алған шығарма. Қамшының сабындай ғана қысқа ғұмыр кешетін адам өмірінің мән-мағынасы неде екені туралы философиялық ой толғайтын, күрделі ішкі психологиялық тартысқа құрылған, әр кейіпкері даралана сомдалған кесек дүние. Атақ-даңқтың, байлық-биліктің жетегінде кету талантты, дарынды адамдар үшін өте қауіпті індет екенін

тағы да бір түйсінесіз, түсінесіз. Сол себептен де драмадағы кез келген образдың әрбір сөзі, әрбір моноlogy, кимыл-қозғалысы үлкен мағына мен тереңде тылсым сыр арқалап тұр.

Бұл жерде Н.Хикметтің осы драмасын қазақшаға тәржімалаған Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, сөз өнері ғылымының зергері З.Қ.Қабдоловтың аудармашылық шеберлігіне еріксіз тәнті боласыз. Мәселе драма көтерген гуманизмге жат қылықтарды әшкерелеудің бүкіл түркі халықтары сияқты қазақ халқының да таным-түсінігімен, дүниетанымымен, ұлттық тәрбие үрдістерімен ұштасып жатқандығында. Атақ-даңқты жоғалтудан қатты қорыққан, оны сақтап қалу үшін өз қызына аборт жасатуға дейін баратын Доктордың іс-әрекеті - адамзат баласы кешірместей сұмдық қылмыс. Жалпы алғанда атақ-даңқтың адам тағдырындағы орны мен әсері драманың барлық өзекті жемісін құрап тұр.

Жас, сұлу болса да Ханымды Докторға әйел болуға душар еткен де, бедел мен билікке жету үшін жанталасқан Бас ассистентті адамгершілік ар-ұяттан аттатып, ұстазының әйелімен көңілдес болуға дейін апарған да – Атақ-Даңқ. Сол секілді эпизодтық дәрежеде көрінетін кейіпкерлер: қаншама жыл атақты адамдарды суретке түсіріп жүріп, екі-ақ рет суреті басылған (оның бірінде желкесі ғана түскен) Фотатілшінің де, өмірі малай болумен өтіп келе жатқан қызметшінің де, тіпті өлім жазасына кесіліп бара жатқан Баскесердің де ойлайтыны – Атақ-Даңқ. Оған кім қалай, қандай жолмен жетеді, кім қандай дәрежеде бағалайды, атақ-даңқа құл болғанда адам не жоғалтады деген мәселелер көркемдік шешіммен көрермен алдында таразыға тартылады.

Оны автор «Елеусіз қалғандар» кафесіндегі Спортшының (әртіс М.Садықанов), Шаштараздың (әртіс

Е.Жүнісбеков), Шалдың (әртіс М.Қисықов), Ақсары әйелдің (әртіс З.Әбдіхалықова) монологтары арқылы шығарманың алдағы дамидынын оқиға желісіне арқау еткен.

Міне, осындай күрделі де өзекті тақырыпты реалистік сипатта ұсына алған, бүкіл дүниежүзілік әдебиет пен өнерде есімі айрықша аталатын Назым Хикметтің өмірі мен тағдыры, бүкіл болмыс-бітімі әлі де болса, жұмбақ дүние. Оның шиеленісі мен тартысы көп психологиялық, әрі адами қарым- қатынасты өзгеше бір таным мен түр арқылы жеткізген бұл драмасын қою қай театрға да оңайға түспесі анық. Назым Хикмет сомдаған Доктор, Бас ассистент, Ханым мен Қыз бейнесін жасау үшін шеберліктің шыңына жеткен режиссерлік шешім мен теориялық білім, мол тәжірибеге сүйенген көзсіз ерлік қажет екендігі даусыз. Осы тұрғыдан келгенде театрдың бас режиссері М.Бекқожин мен оның ішкі ойын түсірген труппаның күш-қуаты мен қабілет-қарымын, жаңа бір қырын байқағандай болдық. Бұрындары М.Әуезов атындағы академиялық театр қойған спектакльдегі Доктор бейнесін жасаған Қазақстанның халық артисі, айтулы сахна шебері Н.Жантүриннің ойын үрдісінен кейін-ақ бұл бейненің қаншалықты нанымды әрі әсерлі шығарына күмәніміз болғаны шын. Өйткені Жантүрин ойнаған Доктор көрерменнің көңілінен әлде қашан-ақ жылы орын алып, сол биігінде жарқырып тұрғанын қалың көпшілік есте естен шығармайды.

Сондай-ақ драмадағы негізгі төрт таған - Доктор, Ханым, Қыз, Ассистент бейнелері дараланып қана қоймай, драмадағы қалған образдар арқылы толығып, толыса түседі. Психологиялық байланыс, ішкі сезім тартысы, бүкіл оқиға үрдісі Доктор тұлғасымен байланысты ғана толыққанды деңгейіне жетіп, бүкіл драманың тақырып аясын, айтары мен берер тағылымын байытып, ажарландырады ғой. Осы тұрғыдан келгенде Доктор

бейнесін сомдаған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Кеңес Жұмабековтің өзі тәлім алған ұстазы, атақты актерді қайталамай, өзінше жол салып, өзіндік өрнекпен өзгешелік сипатқа ұмтылу ниеті белгі береді. Ол мақсат белгілі бір дәлежеде орындалған да. Спектакль сонысымен де құнды. Өйткені Докторды бұрын сомдаған Нұрмұхан шеберлігі мен Докторды енді жасаған Кеңес арасында ешқандай айырмашылық болмаса, өзгеше бір талпыныс іздерінің көрінісі байқалмаса, онда драманың құндылығы сәл төмендейтіндей еді. Драманың жаңа қойылымындағы жетістік, міне, осындай қалтарыстардан айқын аңғарылып тұруы керек. Сонда ғана спектакльдің тағы бір ғұмырына жол ашылып, жаңаша сипаттағы талғам, актерлік ойынның жаңашылдығы мен сахналық психологизмді көрермен тың режиссерлік шешім туындайды. Ол өз кезегінде бүкіл труппаның ортақ мақсатқа жету жолындағы еңбегіне берілер бағамен үндесіп жатады.

Драманың сюжеттік желісіне көңіл аударсақ, көрермен сахнадан екі сипаттағы Докторды көруге тиіс. Бірі - Доктордың қызына өзі айтқандай «мейірбан, момын, бишара әке» болса, екіншісі – атақ-даңққа масаттанған, байлық буына бой алдырған атаққұмар, беделі әлемге тараған маман дәрігер. К.Жұмабеков образды сахнада сомдау барысында осының біріншісіне көбірек мән беріп кеткен. Атақ-даңқ үшін өз қызына операция арқылы аборт жасап, құрбандыққа шалу үшін жоғарыда айтылған екінші сипаттағы Доктордың сахнадағы іс-әрекеті көрерменді иландыра қоймайды. Бұл жерде бүкіл дүниежүзінің газет-журналдарына шыққан суреттерін жинау арқылы көрсету жеткіліксіз. Қызы: «Әке, сізге әлемдік сыйлықты береді дейді ғой» дегенде «Солай дейді ғой» деп самарқау жауап берген Докторды көреміз. Өз қызына аборт жасайтындай қатыгездік пен зұлымдық шешімге баруы үшін атақ-

даңқтың дақпыртына әбден бой алдырған, тіршілікте одан басқа мақсат бар деп ойламайтын, тоқмейілсінген, мардымсынған, адам өмірінің барлық мәні тек атақ-даңқта деп түсінген, соның жолында ар-намысын да құрбан еткен Доктордың іс-әрекетін әлі де шыңдай түсу қажеттігі қатты сезіледі. Себебі, драмадағы тартыс жақсылық пен жамандықтың, адалдық пен зұлымдықтың, пәктік пен опасыздықтың, ар-намыс пен ездіктің арасындағы қақтығысқа құрылған адам бойындағы сезімдер тартысы ғой. Осы жағына режиссер де, актер де көңіл аударса деген тілек бар.

Жалпы К.Жұмабековтің Доктор образының барлық болмыс-бітімін ашып беруге ұмтылған талабын құптаймыз. Тек көрерменді кейіпкер сөзімен нандырамын деген жадағайлықтан аулақ болған жөн. Міне, осы бір тұста, қызын операцияға жатқызар кезінде және бүкіл атақ-даңқты қиып, полицияға телефон шалу тұсында Доктордың ішкі психологиялық арпалысқа түскен сәтін әлі де болса жетілдіру керек-ақ. Бұл жерде адамның іштей ширығып, қаныпезерлік әрекетке барып тұрған сәті Кеңестің іс-қимылы мен бүкіл мимикасынан, жүріс-тұрысынан белгі беріп тұрғаны бар болмысымен көрінуі керек еді. Осы бір сәтте сахнадағы жарықтың ерекше роль атқарары анық. Жарық арқылы Доктордың бет әлпетінен қызынан айрылып күйзелген әкенің көрермен көңіліне сәтті қойылған музыкамен астасып (дәл осы тұстағы музыканың әлсіздігі байқалып қалатындай) берілгенін қалар едік.

Драмадағы оқиға желісінде шешуші роль атқарып тұрған тағы бір бейне – Бас ассистент. Оны сомдаған Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты С.Қажымұратұлы. Бұған дейін де көптеген шығармалардағы күрделі рольдерде ойнап жүрген Сердештің Ассистенті бір жақты

шыққан. Ұстазының тәлімі мен тәрбиесін көрген Ассистенттің жеме-жемге келгенде, одан бұрында Доктордың көзіне шөп салып, талай жымысқы әрекеттерге әуес мінезін Сердеш көрермендерге сәтті жеткізуге ұмтылғанмен, көрермен үшін орташа ғана қабілеті бар, Доктордың беделі мен білімін пайдаланып атақ-даңққа ұмтылған тоғышар, екіжүзді, атақ үшін барлық адамдық қасиеттерді тәрік етіп жүре беруге дайын образдың пендешілік болмыс-бітімі, жан-дүниесі ашылмай қалғандай. «Ұстазым» деп мүләйімсіп, жағымпазданып тұруға тиісті Бас ассистенттің орнына біз «мен сенің әйеліңнің нақсүйерімін, маған не істейсін» дегенді сездіргісі келіп тұратын дөрекі қылықты, болдым-толдым дегенді білдіргісі келетін арамза шәкіртті көреміз. Жоқ, Бас ассистентке тоқмейілсу әлі ерте. Доктордың атақ-даңқына жету үшін оған әлі біраз тер төгу керек. Оған таланты жетпейді. Сондықтан да ол адамшылық арды аттап, сол мақсатқа Ханым арқылы жетпекші. Түрмеде отырып келіп, өз үйіне бас сұққан Доктор мен Ассистент арасындағы диалог ұстаздық ұлағат пен шәкірттік құрметтің арасына нүкте қоярлықтай ең қорытынды, ең шешуші сәт.

Бас ассистент жететін атақ-даңқа баратын жолды Доктордың өзі салып беріп, шешуі қиын ғылыми жаңалықты сыйға тартып кетуі, кеше атақ-даңқы үшін ғана құрмет тұтқан, бүгінде ұмытқан алдамшы ортаның опасыз тірлігіне деген өзіндік лағынеті де емес пе? Осы бір тұста динамиканың жетімсіздігі мен бейнелер арасындағы ішкі психологиялық тартыс әлі де болса жетілдіріле түсуді талап етеді.

Спектакльдегі Ханым ролін актриса Н.Жансүгірова ойнады. Драмадағы характерлер қақтығысы осы образдың іс-әрекетімен өрістеп отырғандықтан, оған жүктелер міндет те жоғары. Ханым тұлғасы арқылы тартыс оқиға

желісін туындатып, көрермендерін жетелеп отырады. Сондықтан да Ханымның ішкі психологиялық жан-дүниесі үнемі өзгерістер үстіндегі аласұрған сезімдар арпалысымен тығыз байланысты. Ханым ролі осындай сәттерде кейде баяулап, оқиға үрдісінен сәл де болса кешеуілдеп жататындай.

Рас, Ханым секілді көп қырлы бейнені сомдауда Нұржібектің көп ізденіп, тер төге еңбектенгенін, рольдегі әрбір оқиғаға сай жасалатын қимыл-қозғалыс пен ішкі сезім толқындарын барынша шынайы беруге талпынғанын байқадық. Әйтсе де рольді жан-жақты шығаруда әлі де назар аударарлық тұстар баршылық. Бір ғана мысал алайық. Доктор түрмеден шығып келгенде Ханым жылайды. Неге? Бұл кеше ғана бүкіл елге ардақты, ал бүгінде ешкім еске алмастай елеусіз қалған Докторға деген аяушылықтың жасы ма? Жоқ әлде жан дүниесін астанкестен қылып, өзегін өртеген өкініштің жасы ма? Болмаса бар байлықты басып қалайын деп тұрған аяр әйелдің алдамшы жасы ма? Нұржібектің ойнауында осылардың ешқайсысының ерекшелене көрінбегендігінен көрермен екі ойлы күйде қалады. Көрерменнің барлығы бірдей драматургия теориясына жетік бола бермейтінін ескеріп, олардың эмоциялық қабылдау қабілетіне де көңіл аударуды ұмытпау керек.

Біздің ойымызша, Ана мен соқыр баланың ролін ойнаған Жетімтаева мен Б.Оспанованың сомдаған образдарының сәтті шығуының басты себебі осында жатыр. Олар тек актерлік шеберлікке ғана емес, көрерменнің эмоциялық қабылдауына сүйенгендіктен де халықтың ыстық ықыласына бөленді. «Эпизодтық рольдерді дарындар ойнайды» деген қанатты сөздің тегін айтылмағанына тағы да көз жеткізгендей боласың. Бұл жерде тағы бір эпизодтық роль Қызметші (әртіс С.Жұмағалиев) туралы айта кетуге тура келеді. Көрермен

оның соқыр балаға жасамақ жақсылығын сатып, шешесіне қол салған қатыгездік пен топастығына жирене қарап, фототілші алдындағы бейшаралығына аяушылықпен қарауы керек секілді. Ал актердің сахнаға шығаруында бұл образ сатиралық сипат алып кеткен. Сол себептен де атақ-даңқтың құрбаны болып жүрген басты рольдермен жымдасып, шығарма авторының идеялық айтар ойына қарай ден қойған дұрыс болар еді. Осы орайда кешегі тоқырау заманындағы мына бір әзіл еске түседі.

Құрбысы таныс келіншектен сұрайды.

- Күйеуің қайда істейді?

- Обкомда.

- О-о-о! Кім болып істейді?

- Вахтер.

- Е-е-е?!

Осы айтылғандай, Доктордың атақ-даңқына мәз, құлдық психологиямен жүрген Қызметшіні көрсету шығарма айтар шындыққа сай келер еді.

Біз спектакльге қатысқан әрбір актердің рольді сахнада сомдау шеберлігіне театр сыны тұрғысынан баға беруді, бағамдау-саралауды басты мақсат тұтпағанымызды ескерте отырып, қойылымды көру барысында көрермен ретінде аңғарған кемшіліктер мен жетіспеушіліктерге ғана тоқталғанымызды ашып айтайық. Сылап-сипап айту оңай, бірақ одан театрға да, көрерменге түсер пайда аз. Біздікі:

Қажет болса керегіне жаратарсың.

Қарапайым темірдің сынықтарын, - деп Мұқағали ақын айтқандай, ой салу мақсатында айтылып жатқан тілектер. Жалпы алғанда, өзіндік ойын өрнегімен көріне алған, көрермен көңілінен шыққан, тәлім-тәрбиелік мәні зор қойылым бар екені даусыз. Бұл жерде бас режиссер М.Бекқожиннің ізденгіштігі мен классикалық туындының бар болмысын іштей ұғына, түсіне отырып, өзіндік шешіммен шығара алған шығармашылық қабілетін жаңа

бір қырынан танығандай болдық. Тек спектакльдегі оқиға дамуының динамикалық баяулығы мен детальға көбірек бой ұрып кету жағын қайта қарау керек. Ал спектакльді қоюшы суретші Қ.Мақсұтовтың көп еңбек жасап, шығарма сырын ашып беретіндей сахна безендіре алғанын айтар едік.

Енді театрдың ішкі мүмкіндігі мен сахналық безендірілуі, дыбыс акустикасы жайында бірер сөз. Спектакль барысында актерлер дауысының анық жетпейтін сәттері жиі байқалады. Сонымен бірге кейде дикция, сөйлеу мәнері өз деңгейінде болмай шықты. Жарықтың да жетімсіз тұстары белгі беріп қалды. Бұл мәселелер келешекте ескерілсе, сондай-ақ актерлер ойындарындағы динамика, оқиғаны ізін суытпай, ілешала жалғастырып әкету қарастырылса, онда Назым Хикметтей дарын иесінің классикалық дүниесі Сәкен атындағы қазақ драма театрында сәтті шыққан қойылымдардың бірі болары даусыз. Көрермендердің ықыласына бөленер мұндай туындылар әлі бола береді деген үмітіміз де жоқ емес.

1994 ж.

## АРСЫЗ БОЛМАЙ АТАҚ ЖОҚ

Момыннан жаман қорқақ жоқ  
«Қу», «пысық» деген ат қайда?  
Арсыз болмай атақ жоқ  
Алдамшы болмай бақ қайда?

Абай.

Соңғы жылдары бұқаралық ақпарат құралдарында егеменді еліміздің мемлекеттік идеологиясы, бүкіл қазақстандық патриотизм, отансүйгіштік және халықтар достығы туралы жиі-жиі сөз болуда. Әрі-беріден соң қоғамдық, әлеуметтік, саяси т.б. тақырыптағы мәселелер туралы сөз қозғалғанда, ел тыныштығы, ұлттар татуластығына келіп тіреліп жататынын байқау қиын емес. Заман талабынан туындап отырған бұл мәселе көкейкесті де өзекті болғандықтан әр түрлі пікір қайшылығындағы көзқарастар айтылуда. Олардың атын–атап, түсін–түстеп, мақаласынан үзінді келтіріп жатпай–ақ қоялық. Көзі қарақты оқырманға онсыз да белгілі және сөзімізге де артық жүк болар. Біреулері «бізде идеология әлі қалыптасқан жоқ» десе, енді кейбіреулері «қазақтың ұлттық идеологиясы жоқ» деп жазады. Ал саясаттанушылар «мемлекеттік идеология болса, ұлттық идеологияның болуы қажет пе?» деген сияқты пікір білдіруде. Әрине, сөз Қазақстанның тәуелсіздік алғанынан бергі кезеңге байланысты көтерілуде. Ұлттық идеология жоқ болса, ол қандай сипатта орнығуы керек?! Ал ол қазір бар деп танылып жүрген мемлекеттік идеологияға негізделе ме, әлде керісінше ме? Күні кешелері бүкілодақтық кеңестік идеологияға ұлттық идеология негізделгенде тапқан пайдамыз шамалы еді ғой. Бұл жағы әлі анықталған жоқ. Қалай дегенмен де әрқилы пікір айтушылардың түпкі ойлары еліміздің идеологиясы (мейлі

ұлттық, мейлі мемлекеттік болса да) бағыт-бағдарын анықтап, өз дәрежесінде көріне алмай отыр дегенге саяды. Рас та шығар. Саясаттанушы немесе идеология саласы маманы болмағандықтан, ол жағына аяқ басқымыз келіп отырған жоқ. Сондықтан сөз идеологияға тікелей қатысты қазіргі көркем әдебиеттегі хал-ахуал мен әдеби сындағы теріс көзқарастар туралы ғана болмақ.

Рас болар деп отырғанымыз, оны ұлттық көркем әдебиеттің дағдарысқа ұшырап, құлдырауға дейін барып отырғанынан көруге болады. Қатты да айтып отырған шығармыз. Алайда «Платон менің досым, бірақ шындық одан да артық» деген бар емес пе?! «Ана тілі» газетінде (№ 46, 2004) М.Кенжебайдың «Сыйлық та саясаттың құралы» деген мақаласындағы: «әдебиет пен өнері осылайша құлдыраған елдің экономикасы қанша жерден көкке өрлеп кетті десек те ол мемлекеттің сол мемлекетті құрап отырған ұлттың өзіндік түр-тұрпаты, бет-бейнесі болмайтыны белгілі», - деген пікірі өте дұрыс айтылған. Көркемөнер, әдебиет қашан да болсын идеология құралы болып келгенін жасыруға болмас. Әлі де солай. Өнер әлсіреген кезде дүмбілездер, шипагерлік нашарлағанда «халық емшілері» көбейіп кететіні әлімсақтан белгілі жайт. Жоғары билік басында отырғандар ата-тегінен «ұлылар» іздеу науқанға айналып, оны пайдаланып ақша тауып, атақ алуға ұмтылған пысықайлар шықты. Әйтпесе лауазымды адамдар туралы ғұмырнамалық роман, хикая, естелік-эссе, өлең-жыр жауыннан соңғы саңырауқұлақтай қаптап кетпес еді ғой. Халық тарихындағы көрнекті тұлғалардан бірде бір кем түспейтін «жаңа» көсем туралы шығармаларды оқығанда, жағанды ұстайсың. Бәрі де «Түп-тұқияннан өзіме дейіннен» басталып жатқан дерт. «Ауылдастың атын оздырып» жүрген туындылардың барлығын қазіргі көркем әдебиеттегі сәтті ізденістердің қатарына жатқызуға бола қояр ма екен. Әрі кетсе жерлес, ата-ру көлеміндегі

оқырманның талап-талғамы деңгейінде бағалаумен шектелер.

Егемендік алғаннан бері республикада көркем өнер саласындағы саясат бір жүйеге құрылмағандықтан да болар, өнердің басқа да түрлері секілді ұлттық әдебиет халық мүддесі үшін қызмет жасау үрдісінен айрылды. Ол жүйе ұлттық мүдде мен мемлекет назары бір жерге тоғысқан идеологияны құрар еді. Қаламгерге өз күнін өзі көр, өз кітабын өзі сатады деп салған беттен шет ел жазушыларын мысалға келтіруден туған көзқарас нарықтық экономикаға, ашығын айтқанда капитализмге көшкен кезеңдегі ұлт әдебиетінің жаңа талапқа сай қайта құрылуына тірек бола алмады. «Сананы тұрмыс билегендіктен» (К.Маркс) де болар бірталай ақын-жазушы қолды бір сілтеп, осы әдебиетке жақын-ау деп баспасөз, музей, мұрағат, кітапхана, пресс-орталық секілді басқа кәсіп іздеп кетті. Олардың бәрі бірдей талантсыз еді дей алмасаң керек. Осындайда Ғ.Мүсіреповтің «Егер ақыны заманды түсінбесе, ал заманы ақынды бағаламаса, онда менің екеуіне де айтарым жоқ» деген сөзінің мәні тереңдей түседі. «Тесік моншақ жерде қалмастың» кері емес - ол. Бір жағынан-жан бағу, екіншіден - өмір бойғы серігі - қаламын қолдан түсірмеу. Жасы бар, кәрісі бар енді бір топ қаламгер кеңес дәуірінен естелік жазуға бой ұрды. «Есейген адам естелікшіл болады» дегеннің кері деп қана емес, осы сипаттағы кітаптар өтімді тауар болып тұрғаны да жасырын емес. Ал енді біразы әкім жағалап, демеуші тауып, ақшалы кәсіпкердің тілін тауып кітап шығаруға кірісті. Ол да дұрыс болар еді-ау, егер ұлттық әдебиетке үлес болып қосылып, қалың оқырман іздеп жүріп оқыса. «Түлкі заманын тазы болып шалған» пысықайлар ақшалы, лауазымды адамдарды жағалап, олар туралы құлаш-құлаш шығарма жазумен әдебиеттің беделін түсіріп бара жатыр. Ол дүмбілез халтураны жастар оқуы керек деп күнін әрең

көріп жүрген студенттерге, тіпті мектеп оқушыларына күштеп сатқызу ауруы етек алып бара жатыр. (Студент қызымның арқасында мен де біразымен таныспын). Оның түбі пайда тауып, баюды ойлаған мешандыққа, қазақша айтқанда тоғышарлыққа барып тіреледі. Сондықтан да оларды оқырман емес, олар оқырманды іздейді. Бедел салып мақтатады, алдайды, бұлдайды, бұлданады. Олардың атын-атап, түсін-түстеп жату керек пе? Қорыққандықтан немесе залалы тиер деген ойдан емес. Әрі алдын ала айтайық, ешкім жаздырып отырған жоқ, жазып отырмыз. Онсыз да дүрдеараз жүрген, ҚазАПП кезіндегі жікшілдік ауруына ұшырап отырған қаламгерлер ортасында жаңа дау туындатудың қажеті бола қоймас.

Сонымен әдебиетті пайда табу көзіне айналдырған хальтуршиктің бұлдап өткізген туындысы оқыла ма, бағалана ма, ол оны толғандырмайды. Әрі кетсе тағы да бедел салып, сақал-сатып бір-екі тапсырма рецензия жаздырар. Осымен бітті шаруасы. Келесі халтурасына кіріседі. Ендеше заманын түсінген болып шығады да ! «Алдамшы болмай бақ қайда?». Қайран Абай-ай!

Ашығын айтар болсақ, қазір халық кітап оқымайды дегенді шығарып жүрген де осылар. «Қанша ұлы болсаң да биікпін деп айта көрме халқыңнан» деген аксиомалық қағиданы жоққа шығарып жүрген де осылар. Әдебиеттің өнер ретіндегі қоғамдық, әлеуметтік рөлін, оның эстетикалық мұраты адам тәрбиелеуді түсінгісі келмейтіндердің осы іс-әрекетінен ол шығармашылық ортада орнығып, қоғамдық пікірге айналып бара жатыр. Жақсы кітап өтпейді немесе оқылмайды деген бекер. Әйтпесе Т.Кәкішевтің «Сәкен сүйген сұлулары» мен «Мағжан-Сәкенін», М. Мағауиннің «Менін», Б.Мұқаевтың «Өмірзаясын», Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», С.Ақсұңқарұлының «Адам-Ата - Хауа Анасын» жұрт талап әкетті. Нарық талабы оқырман қауымды біршама

тығырыққа тірегені де рас. Оған мешандық пен дүниеқоңыз тоғышарлық қосылды. Ол бұрын да болған. Олар кітаптың көп тарауына өз септігін тигізетін де еді. Сондықтан екiнiң бiрi кiтап оқитындай көрiнетiн. Себебi қолы ұзын, ақшасы бар тоғышар кiтапты хрустальмен қатар сәндiк бұйым ретiнде жинайтын, өйткенi ол оқыған зиялы болып көруге тырысатын. Қалған жұрт iздеп жүрiп, нәпақасынан бөлiп сатып алатын. Ал қазiр ақшалылар кiтап орнына «Цептер» ыдысын жинайды, кедей байғұс - кiтапханада. Евроремонт пәтерi, шетел көлiгi бар, бiрақ үйiнде бiр кiтап та жоқ жаңа сипаттағы «ұлт зиялылары» пайда болды.

Ал халтура да бұрын болған. «Әдебиет және искусствоның» И.Сталин өлiмiне арналған санында басы М.Әуезовтен бастап, «халықтар көсемiн жоқтап» еңiремеген қазақ ақын-жазушысы жоқ. Ленин ше, Леонид Ильич туралы жазылған, мақталған шығармалар қайда өзi қазiр? Кеттi тарих қоқысына сыпырылып. Ғасырлар бойы сөз өнерiнде асылды арзаннан айырып үйренген халықты алдай алмайсың. Халық қашан да сыншы және ардақтысын аялай бiлетiн қатал да қателеспейтiн сыншы. Атақ-даңқ, оқалы түймелi шен-шекпенге сатылмай, байлықты, дүние бокты ұлт мүддесi, тәуелсiздiгi үшiн тәрк етiп, басын бәйге тiккен Алаш арыстарын кеңестiк идеология тарихтан қанша өшiргiсi келгенiмен халық оларды ұмытқан да жоқ, ұрпағына ұмыттырған да емес. Олардың мұрасын жариялауға да, зерттеуге де тиым салынғанымен, халық өз тарихына өшпестей жазып тастаған-ды. Немесе кәсiби сыннан әдiл бағасын ала алмай, әдеби орта шетке қаққан Мұқағалиды алыңыз. Ол басқалардай партия, революция, Ленин туралы жыр жазбап па екен?! Халық отаршыл кеңестiк идеология талабын түсiнгендiктен де ол үшiн кешiре отырып, сөз өнерiнiң әсемдiк әлемдiк мойындата алған таланты үшiн, рухани мұрасына байлық болып

қосылатындай шығарма жазғаны үшін, тіпті жеке басының пендешілік кемшілігін елеместен, жастығының астына жастап жатып оқыды. Оның «Ильич» поэмасын әдебиетшілер болмаса қарапайым оқырман баяғыда ұмытқан, ал өлеңдерін айтпағанда, «Менде атаңның басы бар» сөзіне дейін жұрт аузында жүр. Бұл кәсіби сынның халық сынымен есептеспегеніне нақты мысал. Одан әлі де арыла қойған жоқпыз. Шетелдерде халық сыны дәрежесін анықтауда ең көп оқылатын жазушы немесе шығарма деген ұғым бар. Тапсырмамен мақталған, дәріптеліп жатқан, сыйлыққа ұсынылған, атақ алған шығарманың бәрін бірдей оқырман халық қабылдаған жоқ. М.Кенжебай жоғарыда аталған мақаласында әдебиет саласындағы сыйлықтардың орынды-орынсыз, «бармақ басты, көз қыстымен» таратылып жүргенін орынды көтерген. Автордың мемлекет тарапынан жасалып жатқан әр түрлі даталық, мерейтойлық, тағы да басқа сыйлық тарату іс-шаралары туралы айта келіп: «Әрине бұл шаралар мына қиыншылық заманда өнер адамына деген қамқорлықтың зәрредей болса да шарапат ұшқыны болса болар. Бірақ сол шараларыңыздың дәл бүгінгі күні әдебиет пен өнерге пайдасынан көрі зияны көбірек тиіп жатыр ма деген ойға қаласың» - деген пікірінде үлкен шындық бар. Бәрі бірдей Б.Мұқаевтың «Өмірзаясындай» оқырман талғамынан табыла алмады. Өзін мәртебелі атақпен мойындатам деу де бос әурешілік. Әдебиетіміз тарихында ел басқарған хандар мен билер, байларды мақтап сый-сияпат алғандардан көрі, оларды сынап, дәуір шындығын жырлап өткен дарындар көп екені шындық. Қазірде де жоқ демейміз, бар. Бірақ оны ұлттық әдебиетіміздің кескін-келбетіне айналдыра алмай келеміз. Махамбет пен Шернияз кезінде өмір сүргендіктен Баймағанбет тарихта қалды, әйтпесе көп сұлтанның бірі емес пе еді?!

Кешегі кеңес дәуірінде халық үшін емес, кеңестік идеология талабы ұсынған тақырыпты жырлап, ақын-жазушы атанғандарды ХХІ ғасыр табалдырығынан аттаған ұлттық әдебиеттану ғылымы әдебиет тарихынан сызып тастауға дайын отыр. Әрі кеткенде белгілі бір тақырыптың жырлануы немесе жанрдың қалыптасу жолын сөз ету барысында «ол кезде осындайлар болған» деп келтірілген ұзақ-тізімде аты-жөні аталғаны болмаса, монографиялық зерттеу нысанасына алына қоймас. Әрі-беріден соң кейбір мемлекеттік сыйлық алғандар ұлт әдебиеті тарихында жеке тұлға ретінде оқытыла ма, жоқ па, оны уақыт таразылар. Әрине энциклопедиялар мен әдебиет саласындағы тақырыптық анықтамалар, көрсеткіштерге ғана болмаса... Сантаянаның сөзімен айтсақ: «Тарихтан тағылым алмаған ұрпақ сол тарихты қайталауға бұйырылады».

Демеуші тауып кітап шығарғандарды «заманы солай ғой», «бұрын әдебиет ауылы маңында жүрді ғой десек», енді байлық арқасында тарихта қалғысы келе ме, бизнесмен ақын-жазушылар пайда болды. Қаламгер атаулыға бұрын да кенде емес едік. Қалалық, облыстық баспасөзді былай қойғанда, республикалық газет-журналдар бетінен дүмбілез өлеңдерді оқып, «қайнайды қаның, ашиды жаның, тірліктерін көргенде». Әрине, «ақындыққа әркімнің бар таласы» болғанмен де олар қазақ әдебиетінің көркемдік деңгейін кеңейте ала ма? «Іші бокты, сырты түкті малды» мыңдатып айдатқандардың ел тарихында қалмағанын білген соң бүгінгі джип мінгендердің әдебиет тарихынан орын алғысы келетін айла-шарғысы демеске лаж жоқ.

Басқаны қойып, «қолынан келген қонышынан басып» бабасы – ақын, әкесі – ақын, өзі жазушы жинақ кітаптар шығару дәстүрге еніп барады. Үш жүзді алмағанда әр тайпа-рудың бір-бір Абайдай ақыны, Қазыбектей биі,

Ағыбайдай батыры қаптап бара жатқаны қалай?! Қолындағы мүмкіндікті пайдаланып ауыл үйдің ақынын – дүлдүл деп, барымташысын – батыр деп, әзілкешін шешен деп ұлт тарихына тықпалай беруден кім ұтады, кім ұтылады?! Ақын да, батыр да, шешен де халық шығармыз, өткенді жаңғыртып, тұлғаларымызды тірілту қажет те шығар. Бірақ олардың бәрі бірдей бодандықта отырғанда бастарын бәйгеге тікті ме? Бәрі де «қазақ ешқашанда бибауырмал (интернационалист) бола алмайды және боламын деп аз ғана қазақты қуыртып жегізе алмайды» немесе «Маркс солай айтты екен деп пікірімді өзгерте алмаймын» деген Әлихан мен Ахмет емес қой. Бұған да мысал көп. Бизнесмен ақын-жазушылар бес елі кітап шығарып қана қоймай, аузы дуалы деген қаламгерге мақтатып, аудартып, насихаттауға көшті. Олардың әйелі-баласы, қаласына арналған шала-шарпы өлеңдері қазіргі қазақ поэзиясының көркемдік көкжиегінің деңгейі демей-ақ қоялық, соны ізденістері болып табыла ма? «Әдебиет ардың ісі» емес пе еді. Сын неге үнсіз, әдебиетшілер неге самарқау?! Ертең толып жатқан сыйлықтардың бірін алып немесе «Тарлан» атанып жатса да үнсіз қаламыз-ау осы. Бір араб ғұламасының: «Досымнан қорықпаймын, азар болса сатып кетер, дұшпанымнан қорықпаймын, азар болса атып кетер, мен адамдардың немқұрайлығынан қорқамын» деген сөзі қандай білгірлікпен айтылған.

«Идеология өзгергенде оның құбыжық көріністері өзінің шын бет-пердесін ашып, даналық айнасына мезгілінен бұрын қарамық дақтар түсіріп жататыны да болады» («Абайдың жұмбағы», 6-бет). Өліара шақты пайдаланып жақсы атанамын деу әбестік. Әдебиеттануда «кешегі маркстік-лениндік әдіснама әсерінен кемшіліктер жібердік» деп жүрген профессор Т.Кәкішев секілді ақын-жазушылар неге жоқ. Ұлы сыншы – тарих қайда? Социалистік реализмның ықпалына ешқайсысы түспепті.

Естеліктерді оқысаңыз бәрі шетінен жәбір көрген, жапа шеккен. Ең құрығанда «екі шоқып, бір қарағаны» да айтылмайды-ау. Онымен өзімен-өзі алдамаса оқырман жұртшылықты алдау қиын. Қалың қазақтың кешегі отаршылдық саясат, ұлттық кемсітушілік шовинизмнен қорлық көргенде арқа сүйері, мақтанышы – ақын-жазушы, мұндасары – көркем әдебиет болғаны жасырын емес. Ол қарапайым халықтық өнерге әдебиетке деген ынтасынан, қаламгерлерге деген құрметінен сезіліп жататын. Кеңестік идеология қанша қадағалағанымен М.Шахановтың «12-3?» поэмасын көзі қарақты оқырман СОКП саяси бюросының қаусаған шалдарына қарсы жазылғанын ұға алмады деп ешкім дау айта алмас. Ол социализм кемелденген 1970 жылдар еді ғой. Бұдан біз кеңестік идеологияны ақтап алайық деген ойымыз жоқ. Бірақ тарих қашан да тарих. Жаман тарих немесе жақсы тарих болмайды. Тек кемшіліктері бар тарих ғана болады. Оны дұрыс саралай білу, әділ бағалау кейінгі ұрпақтың еншісінде. Кеңес дәуірінде жасалған әдеби мұраға деген бір жақты теріс көзқарастың белең алып бара жатқаны да өткенге парасатты қарай алмауымыздан. Үш бәйтерек Сәкен, Ілияс, Бейімбеттің 110 жылдық мерейтойларының мұрағат-музей, аудандық, әрі кетсе облыстық деңгейден ғана аса алмауын қанағат тұта береміз де. Оның басты себебі де осы кеңес дәуіріндегі әдебиетке қазір солақай сипатта өріс алып отырған жаңа «тұрпайы социологизм» теориясымен қараудан туындап жатқан жоқ па екен?! Кеше Мағжан жаман, ал бүгін Сәкен ұлт сатқыны? Өз тарихи тұлғаларымызды жоққа шығарудан алдына жан салмаған қазақтың өткеннен сабақ алатын уақыты жеткен жоқ па? Орыстар айтқандай «бір крайностьтан» екіншісіне секіруге құмар, еліктеу-солықтаудан арыла алмай-ақ қойдық. Қазір бүкіл америкалық стандартқа, оның идеологиясы мен патриотизміне аузымызды ашып,

көзімізді жұмып қараудамыз. Олар ұлттық идеологиясының негізіне мемлекеттік рәміздерін алады. «Менің Америкам», «менің президентім» деулерінің тірегінде де солар жатыр. Ендеше бізде де ұлттық идеология мемлекеттік рәміздерімізге негізделе құрылмаса бос әурешілік. Қазақстанның туы, елтаңбасы, әнұраны тек мерекелік шараларға, лауазымды басшылар қатысатын жиындарда ғана қажеттілікке айналатын қазіргі көзқарас алысқа апармайды. Осы жерде аспирантурада оқып жүргендегі бір оқиға еске түсіп отыр. КСРО-да социалистік елдерден аспиранттар келіп оқитын. Алматыда Куба, Болгария, Вьетнам т.б. елдердің жастары біршама болды. Хо Ши Миннің балаларымен бір жатақханада жаттық. Оларды тезірек орыс тілін үйренуі үшін алғашқыда әр бөлмеге бір-бірден бөліп орналастырды. Әрине бүкіл дүниежүзілік интернационализм, халықтар достығы т.б. үгіт-насихат жүргізілді. Әдет-ғұрып, салт-сана, менталитетіміз бөлек болған соң, ол біраз қиыншылықтар да туғызбай қалмады. Вьетнамның тәуелсіздік алған күніне беті ашық плитканың үстіне тұздалған (селедка) балықты ыдыссыз шыжғырғанда, күйген балық майының ісінен жатақханадан шыға қашатынбыз.

Сондай бір вьетнамдық біздің бір жігіттің бөлмесінде жатты. Аспирантурасы бітіп қалған, өзі диссертация жазып қиналып жүрген жігітіміз күнде ерте тұрады. Елдің есінде болар, таңғы сағат 6.00.-де радио өз жұмысын бүкілодақтық әнұран ойнаудан бастайтын. Әлде әзілі, әлде наразылығы ма, әлгі жігітіміз вьетнамдыққа «біздің елде әнұран ойналғанда орнынан тік тұрып тыңдау керек» деп ұғындырады. Өзі де тік тұрып тындап, көршісін де ұйқыдан тұрып тыңдауға мәжбүр етеді. Бір айдай уақыт өткенде бір күні «қышқылдап» кеш келген жігітіміз таңғы әнұранға тұрмайды. Оятқан вьетнамдықты да тындамайды.

Вьетнамдық сол бетімен барып факультет деканына шағым түсіреді. «Солай да солай, таңертең гимнге тұрмады, гимнды масқаралады» деп сайрайды. Алғашқыда түк түсінбеген декан мән-жайға қанған соң, вьетнамдықтан шара қолданамыз деп алдап-сулап құтылады. Содан біздің жігітті шақырып алып, «жерден алып, жерге салады». Оқиға ушығып, аспирантурадан шығып кете жаздады. Бұл не, ұлтжандылық патриотизм бе, әлде есерлік пе? Өзі қалада өскен орысшалау физиктің кеңестік жүйеге қарсылығы ма? Өз ақыл-парасатыңыз деңгейінде таразылап көріңіз. Сөз өзегіне алынып отырған мәселеге қатысы болған соң ғана айтып отырмыз.

Біздің ойымызша, ұлттық сапалы әдебиеті жоқ елдің идеологиясы да жоқ. Большевиктер көсемі В.И.Ленин Қазан төңкерісі болмастан бұрын-ақ 1905 жылы «Партиялық ұйым және партиялық әдебиет» деген мақала жазып, сөз өнерінің мемлекет идеологиясындағы мәні мен орнын айқындап алған. Коммунистер көркем өнер, оның ішінде әдебиеттің қоғамдық рөлін жақсы білгендіктен де кеңестік идеологияның тірегі мен негізіне айналдыруы да сондықтан. Ендеше идеологияның басты құралы сөз өнері екенінде дау жоқ. Бұл жерде ұлттық тіл мен жер тағдыры мәселесін қозғағымыз келіп отырған. Сонда да болса қысқаша айта кетелік. Тілсіз әдебиет жоқ, ал мемлекеттік мәртебе алмай тілдің болашағы жоқ. Мемлекеттік тіл тағдыры жерге тығыз байланысты. Жерді айтсақ, сіз де жылайсыз, мен де жылаймын. 40 миллион курдтердің тілі мен әдебиеті жоқтығы - мемлекеттік территориясы болмағандықтан. Жеке ел ретінде жерге ие болған соң ғана еврейлер көне тілдерін тірілтіп, мемлекет дәрежесіне жеткізе алды. Ал біз жер сатамыз, көршіге береміз, саудаға саламыз... «Судың да сұрауы» бар деп халқымыз қалай тауып айтқан. Осындай бір шешімін таппаған саяси, әлеуметтік мәні бар мәселелер секілді, көркем өнер мен

әдебиеттің идеология құралы ретіндегі қоғамдағы танымдық-тағылымдық, тәрбиелік және эстетикалық рөлі төмендеді.

Әдебиеттің осыншама құлдырауы, татымсыз шығармалардың молынан жариялануы мен сапасыз кітаптардың көптеп шығуы әділін айтар әдеби сын жоқтықтан болып тұр-ау деп те ойлайсың. Ендеше кінә әдеби сында! Ол өзінің қоғам, халық алдындағы міндетін толық атқара алмай отыр. Жадағай мақтау мен жалпақшешейлік тіпті өріс алды, болмаса кесіп айтамын деп кесірін тигізу, солақайшылыққа апарып соғып отыр. Бұл ғылыми зерттеушілік және сыншылдық ой-пікірде кеңес дәуіріндегі әдебиетке деген біржақты бағалаушылық көзқарастың тууына да себепкер болуда. Бұдан үш-төрт жыл бұрын ғой деймін, бір ғылым докторы «Қазақ әдебиеті» газетінде «Қазақ әдебиеті әлі туған жоқ» деп, Асан Қайғыдан бастап Ғ.Жайлыбаевқа дейінгі бүкіл ұлт әдебиетін солақай сыншылдыққа негізделген нигилистік көзқараста жоққа шығарып, айды аспанға шығарған еді. Тәуба, бұған қарсы болған үш-төрт ой-пікір жарияланды да. Бірақ барлық ақын-жазушымыз, әдебиетші-ғалымдарымыз бар, неге өре түрегелмедік? Сол баяғы «сен тимесең, мен тименің» кері. Мұқағали тірі болса, намыстан жарылып кетер ме еді, қайтер еді?! Сол ғалым апамыз жуырда Астанада өткен Сәкен мерейтойында «сәкентану жаңаша жазылуы керек» дегенде әлі тумаған әдебиетті қадай зерттеу керек екенін айтпай кетті. Қайран Абай-ай! «Бір сөзінде тұрса екен, жанса-күйсе» дегенді бекер айтпағансың-ау, сірә. Ақынға арналған мүшәйрада жүлде алған Т.Молдағалиев, С.Ақсұңқарұлы ағаларымыз «бірталай жасқа келдік, біз қазақ әдебиетін тудырып жүрміз бе?» деп мақала авторынан сұрады ма екен. Әй, қайдам сұрамаған шығар-ау. Бірақ, «Ит үріп, керуен

көшті» секілді позиция әрдайым өзін-өзі ақтай бермейді ғой.

Ол ол ма, іле-шала «Қазақ әдебиеті» бесіктен белі енді ғана шыққан екі-үш «жаңа сыншылардың» ұлттық әдебиет туралы пікірін жариялады. Олардың «XXI ғасырда екі-үш қана жазушы қалады» деп түңілуінің себебі де осында жатқан жоқ па екен?! Құдай оңдап сол екі-үш ақын-жазушы бір жүзден немесе бір жерден болып кетпесе жарар еді. Оларды осы «жаңа сыншылар» өздері атап қалдыра ма, жоқ ұлттық әдебиеттану ғылымы ғылыми тұрғыда дәлелдей ме, кім білсін... Осы тұрпайы тұжырымға бірде-бір қаламгердің, ғалымдардың селт етіп жауап қатпауы тағы да түсініксіз.

***Шыңғырып айтқанның бәрі шындық па?*** Осы екі пікірдің айтылуының себебі - ұлттық көркем әдебиет дамуының жоғарыда айтылған дағдарысқа ұшыраған қазіргі кезеңге де байланысты. Өйткені қандай да болсын өтпелі кезеңде, ескі қирап, жаңаны құрамыз деп жатқанда, өткендегі мұраға менсінбеушілікпен қарайтын нигилистік көзқарастың болатыны тарихтан белгілі жайт. 1920 жылдар басында социализм құрушы төңкерісшілдер пролеткультшылық нигилизм ықпалында «бүкіл әдеби мұраны, тіпті ұлы Абайдың өзін тарих қоқысына лақтырып тастау керек» деп даурыққаны белгілі. Ол кейіннен әдеби мұраны таптық тұрғыдан ғана бағалаған «тұрпайы социологизмге» ұласты. Негізсіз айтылған осы екі пікірді «тұрпайы социологизм» теориясының жаңаша сипаттағы көрінісі деуге болар еді. Егер бұған кейбір ақын-жазушылар тарапынан кеңес дәуіріндегі дарындар туралы айтылып қалып жүрген қисық-қыңыр пікірлерді қоссақ, кеңестік дәуірде жасалған әдебиетті «тұрпайы социологизм» теориясының жаңаша сипатында бағалау өріс алып бара жатқан жоқ па екен?! Ойланып сөйлейік те!

**Шынында да немқұрайдылық қауіпті дерт.** Бүкіл ұлт әдебиетінің тарихын жоққа шығару, болашағына үкім жасау білгендік те білімділік те емес. Әлімсақтан бері келе жатқан дәстүр жалғастығын ұстанбаған бір де бір ұлт әдебиеті өсіп-өркендемек емес. Көркемдік дамуда тарихи сабақтастық сақталмаса, ол сол ұлт әдебиетінің құруына дейін апарады. Осман түріктері Еуропа әдебиетіне еліктеуге қатты ден қойып, өзінің ұлттық сипатынан айырылып қала жаздағаны да бар. Қазіргі жаһандастыру идеясы көтеріліп жатқан кезде, субъективтік көзқарас болғанымен, «ауылдастың аузы сасық» деген ойда шетелге табынып жүргендерден, масыл буржуазия мен элина тобынан қолдау тауып, қағидаға айналып кетуінен сақтану қажет-ақ. Сол дәстүр мен жаңашылдықтың сабақтастығын сақтамағандықтан да болар ақшалы қалтаның сойыл соғарына айналып бара жатқанымыз. В.И.Ленин «капиталистік қоғамда көркемөнер мен әдебиет ақшалы қалтаға тәуелді» деп дұрыс айтқан болып шығады да. Бұрын да бай-кедей болып келген халық едік. Алайда өнері саудаға салынбап еді. Қазіргі айтыстың ерекше беделге ие болып отырған себебі де өнердің бизнес көзіне айнала басталуында жатыр. М.Кенжебайдың «оқырман, көрермен, тыңдарман атаулының талғамын төмендетудің дәл осы күнгі басты себептерінің бірі – айтыс өнері» деген ойы мен айтыс туралы басқа да пікірлері кімді де болсын ойлантуға тиісті.

«Әкесі өлгенді де естіртеді», айтыстан басталған сый-сияпат буы жазба әдебиеттің беделін аз төмендетіп отырған жоқ. 1937 жылы басталған «халық жауын» әшкерелеу науқанынан соң бүкіл ұлт қаламгерлері атылып, сотталып, қуғындалған кезде қазақ әдебиеті Жамбыл бастаған халық ақындарының «шапанына» оралып қалған кезден сабақ алсақ болмас па? Арзан атақ пен пайда үшін елден ұялмаған соң қойыңыз. Тіпті әдеби

ортаға жап-жақсы танылған кей ақындар «нарық талабы осы екен» деп айтысқа араласып өзіндік стилінен айырылды демей-ақ қоялық, оқырман алдындағы беделін төмендетіп алды. Айтыстың тым даңғазалануына қарсы тұрғандарға мүшәйра шықты, яғни жазба ақындар жарысы. Сол арқылы «мерекелік дата, мүшелтойларда сендер де сый-сияпатсыз қалмайсыңмен» алдаусыратып қойды. Мүшәйрада ғана көрінетін жаңаша тұрпатты ақындар шыға бастады. Апыр-ау, сонда ақындар жақсы өлеңді мүшәйра жарысына қатысу үшін ғана шығаруы керек пе?! Бұл деген халқымыз ғасырлар бойы қастерлеп келген сөз өнеріне опасыздық демей көріңіз. Өнерді, оның ішінде әдебиеттің, эстетикалық мұраты – адам тәрбиелеуді жоққа шығару ғой. Бұрын пионерден пенсионерге дейін өлең шығарушы еді, ал қазір айтыс түрі көбейіп тұр. Сүре айтыс пен түре айтысты былай қойғанда, оқушылар айтысы, студенттер айтысы, облысаралық айтыс, жекпе-жек айтыс т.б. Кез келген айтыс жекпе-жек емес пе еді. Көрерменнен ұпай жинау арқылы жеңісті анықтауға байланысты айла-шарғыдан «Қазтелеком» мен ұялы телефон желілерінің иесіне қанша пайда түсті, оның айтысты ұйымдастырушыларға үлесі қанша екен?! Оны қарапайым халық білмей, сезбей отыр ма?! Жерлестік, рушылдық және жүзге бөлінуден арылмай-ақ қойған аңқау қазақтың жалған намысшылдығының арқасында пайда түсіруден басқа не бар? Менің енем тіпті басқа облыс, қалада тұратын, айтыстың иісі мұрнына бармайтын күйеу балалары мен қыздарына телефон шалып, жерлес ақынына ұпай бергізді. Ақыры не болды, тағы төрешілер құрамы жасақталды, олар бір жақ, халық бір жақ болып кетті. Өйткені жеңіл көлік ұтуды мақсат еткен айтыскерлер ел-жұрт көңілдегі шындықты айтудан алыстап кетті. Тақырып болса дайын, мерейтой, мүшелтой, тарихи дата, 100 жылдық, 150 жылдық т.т.с.с. Төрешілерге жағу керек (әділ

казы дегенді әдейі алмай отырмыз), әрі айтуға болмайтын тақырып деген тапсырыс та бар. Әділдік қайда, ар қайда? «Әсіре қызыл тез оңар» демекші біздің ойымызша айтыс қазір дағдарыс алдында тұр. Сондықтан Ж.Ермановқа бір идея тастамақпыз. Ақыры айтыс түрі көбейіп жатыр ғой, енді тартынар не қалды. Енді мынандай айтыстар өткізген ләзім. Олар: сүр бойдақ пен кәрі қыздың айтысы, шал мен шал, кемпір мен кемпірдің айтысы, бизнесмен мен кедейдің, маскүнем мен арақтың (ол жағынан кенде емеспіз) нашақор мен спидтің (құдайға шүкір, ол да бар) тағы басқа айтыстар. «Әдебиет - өмір айнасы» ғой, солар айтсын, бар бізде сөз бостандығы. Абай түзеген сөздің сиқы кетіп бара жатқан жоқ па осы! Әлде «Жазған соң жерде қалмас тесік моншақ» па? Қайран Абай-ай!

Жалпы айтыс та, мүшәйра да керек емес деп ешкім де айтпайды. Мәселе оның артында тұрған сыйлық алсам деген пендешілік арамза ойда жатыр. Ол үшін үкімет тарапынан өткізілетін әдеби-мәдени айтулы даталар мен мүшелтойларды ұйымдастырушылардың көңілін табу керек. Айтыс, мүшәйра, бәйге деп «кәмпит беріп алдаған бала» секілді дайын тақырыпқа өлең жазып үздік атанғандардың бәрін бірдей халық мойындамайды. Ендеше олардан тума таланты мен өскелең талабын ұштастыра алмай жүрген жас талапкерге не өнеге, не үлгі?! Жүлде алып жүргеннің бәрі бірдей бәйгені табиғи дарындылығымен тартып алып отырмағаны жасырын емес. Ал халықтың мұңын кім айтады? Ұлтымыздың тағдырын, мүддесін, ой-арманын, келешегі мен өткенінде жырланар тақырып толып жатыр. Сәкен көшесіндегі жұмыссыздардың, күйеуіне бала бақтырып базарда тұрған немесе перронда вагон жағалап су сатқан қазақтың қайыспас қара әйелінің мұң-зарын кім айтар. Саин көшесіндегі және темір тордың ар жағында жаутаңдаған қаракөздер тағдырын жырлаудан көрі, жеңіл көлік міну

құндырақ па екен. Айтпақшы, жезөкшелерге барып, сонда қарындасын кездестіргенді жазған жазушы не айтпақшы болды екен?! «История народа принадлежит поэту» деген А.С.Пушкин сөзіне сай қарасақ, қазіргі әдебиет күні ертең-ақ ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің таразысына түскен шақта келер ұрпақтың қандай үкім шығаратынын ойлаудың өзі қорқынышты. «Сананы тұрмыс билей» беретін болса, ақыры рухани ашаршылыққа апарып соқпасына кім кепіл? Ал білетіндердің сөзіне сенсек ол, яғни, рухани ашаршылық қазақ өнері мен әдебиетіне арыстанша аузын ашып тұр десек, қателесе қоймаймыз.

Әңгімені Абай сөзімен бастадық қой, ендеше солайша аяқтасак:

Малға достың мұңы малдан басқа,  
Аларыңда шара жоқ алдамасқа.  
Табысына табынып, қалтаң қағып,  
Тойғанынан қалғанын берсе алашқа.  
Мал жияды мақтанып білдірмекке,  
Көзге шұқып, малменен күйдірмекке.  
Өзі шошқа, басқаны ит деп ойлар  
Сорпа-сумен, сүйекпен сүйдірмекке.  
Ақылды деп, арлы деп, ақ пейіл деп,  
Мақтамайды ешкімді бұл күнде көп.  
Осы күнде мал қайда – боқ ішінде,  
Алтын алсаң береді боғынан жеп.  
Қайран Абай-ай!

2005 ж.

## МЕН ДЕ ЖЫЛАЙМЫН, СІЗ ДЕ ЖЫЛАЙСЫЗ

немесе Тілдерді дамытудың Қарағанды облысындағы  
басқармасының бастығына ашық хат

**Жұрт ұқпаса – ұқпасын, жабықпаймын,  
Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін.**

**А.Байтұрсынұлы.**

Құрметті Бақытқали мырза!

Сіздің «Орталық Қазақстан» газетіндегі (31.01.2006) «Облыс әкімінің есебі қарсаңында» айдарымен жарияланған «Мақсатымыз басқару ісін қалыптастыру» аталатын жүргізілген жұмыстардың есебі басым мақалаңызды зейін қоя оқып шықтым. Егер мақалада айтылған іс-шаралар өзіңіздің «2005 жылғы басқарманың жұмысы» деп бастағаныңыздай өткен жылы ғана жүзеге асқан болса, онда қыруар жұмыс атқарылған. Оны бес басымдыққа бөле отырып, «2001 жылы 30 қазанда қабылданған облыс әкімдігінің №42 қаулысына сәйкес Қарағанды облысы 2006 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік тілге көшірілді» деп кесіп айтқан екенсіз. Ал су жаңа министр Е.Ертісбаев «Егемен Қазақстанның» 4 ақпандағы санында берген сұқбатында: «2006 жылдың ішінде Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды облыстары және Алматы қаласында іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге көшу жоспарланып отыр» деп атап көрсетеді. Сонда өзі көштік пе, әлде көшеміз бе? Сіздің мақаланызға қарасақ, мемлекеттік тілдің барлық проблемасы шешілуге жақын, ал министр сөзіне бақсақ іс қағаздары қазақ тілінде жүргізілсе, бәрі орнына келетін сияқты. Біздің қолымызға қалам алдырған да осы пікіріңіз. Ол үшін алыстан толғауға тура келеді.

2005 жылдың 12 желтоқсанында Қазақстан Республикасы жоғарғы оқу орындары және одан кейінгі білім беру департаменттерінің ұйымдастыруымен жоғарғы оқу орындарындағы (ЖОО) мемлекеттік тіл оқытушыларының республикалық кеңесі болып өтті. Кеңеске қатысқан оқытушылар Білім және ғылым министрлігімен біріге отырып 22 баптан тұратын шешім қабылдады. Егер де онда көрсетілген келелі мәселелер жүзеге асар болса, ана тіліміздің ЖОО – дарындағы қолданылу аясы кеңіп қана қоймай, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» өз мәнінде орындалып шығуына үлкен үлес болып қосылары анық.

Осы кеңес өткен соң іле-шала, яғни 2006 жылдың 13 қаңтарында республикалық «Ұлт тағдыры» қозғаласы «Жоғарғы оқу орындарындағы қазақ тілі: проблемалары мен шешілу жолдары» атты дөңгелек үстел ұйымдастырды. Оған да министрліктің өкілдері, қоғамдық ұйымдар мен «Қазақ тілі» басқармаларының жетекшілері, Алматы қаласы және әр облыстардағы ЖОО-ның оқытушылары қатысқан. Дөңгелек үстел ҚР Білім және ғылым министрі Б.Әйтимова ханымға 10 баптан тұратын «Ашық хат» жолдауға шешім қабылдады. Ол «Азамат КЗ» газетінің 19 қаңтардағы №2 санында жарияланды.

ЖОО-дарындағы қазақ тілі тағдырының осындай бүкіл республикалық деңгейдегі басқосуларда талқыға түсіп, кемшіліктері мен жетістіктері сараланған пікірталас өзегі болуы құптарлық құбылыс. Себебі ол – нағыз кемеліне жетіп, енді терең де жан – жақты сөз етпесе болмайтын толғағы жеткен мәселе. Оны соңғы кездегі мерзімді баспасөз бетінде (әсіресе ұлт газеті – «Ана тілінде») ЖОО-дарындағы қазақ тілінің жүргізілу жағдайы мен абырой – беделінің төмендеп бара жатқандығы туралы

әр түрлі сипаттағы мақалалардың көптеп жариялануы дәлелдейді. Ал Сіздің есеп-мақаланызда бүкіл облыстағы демей-ақ қояйық, қаламыздағы ЖОО-дарындағы мемлекеттік тілдің қолданылуы мен «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңының орындалысы туралы бірде бір сөз немесе пікірдің болмауын қалай түсінсек екен?! Мемлекеттік тілдің жанашыры болып жүрген қоғамдық ұйымдар мен үкімет органдары талап ете қалған жағдайда кез келген мекемедегі «Қазақ тілі» қоғамы немесе жаңадан ғана ашылған «Тілдерді дамыту орталықтары» формальды түрде қажетті ақпарат пен есеп беруден аса алмай отырғаны жалған емес. Мемлекеттік тілдің осындай жағдайға дейін төмендеуі «Қазақ тілі» қоғамдарының жабылуынан басталды. Сол-ақ екен олар әр ЖОО-дағы қоғамдық қана ұйым, ешқандай шешуші мәселеге араласуға құқы жоқ, «аты бар да, заты жоқ» дәрежеге түсті де қалды. Іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге байланысты ақпараттық есеп беруден өзге бітіріп отырған басқа түгі де жоқ. Себебі ол биліктің айтқанынан шыға алмайтын дәрменсіз күйге түскендігі сондай, биліктің аполегеті болудан басқа шарасы да жоқ. Нақты айтқанда кез келген ЖОО-дарындағы «Қазақ тілі» қоғамы немесе «Тілдерді дамыту орталықтарының» атқарып отырған жұмыстары сын көтермейді. Рас, ЖОО-дарындағы қағазбастылықпен отырған олар жоғарыда айтылған республикалық кеңестен кейін өз жұмыстарын қайта құруға талпынып-ақ жатыр. Бірақ оған Сіздің басқармалықтың қандай дәрежеде үлес қосып жатқаны туралы мақаланызда көрініс таппауы бізді таң қалдырды.

Атамыз қазақтың «Арқада қыс жылы болса, арқар ауып несі бар» деген дана мақалы бар. Жоғарыда айтылған республикалық кеңес пен дөңгелек үстелдің ұйымдастырылуының өзі ЖОО-дарында қазақ тілінің аса бір ауыр жағдайда қалғандығына нақты айғақ. Жалпы

қарап отырсақ, ЖОО-рындағы мемлекеттік тілдің толық мәртебеге ие болуында ортақ кемшіліктерден арыла алмай отырғанын байқау қиын емес. Ол оқу орнының ең жоғарғы басшылық органы болып табылатын ғылыми кеңестің орыс тілінде жүргізілуінен бастап, онда қолданылатын мәтіні қазақ тілінде жазылмаған бланкілер мен құжаттар, емтихан және сынақ мәліметі тізімдері (ведомость), басқа да түрлі жазбалардың қазақ тілінде жазылмауына дейінгі мемлекеттік тілдің мәртебесін түсірердей толып жатқан жағдаяттар бар. Сорақылығы соншалық, «Қазақ тілінің практикалық курсы» кафедраларынан оқу жүйесіне байланысты берілетін жазбаша есепті орыс тілінде талап ету секілді келеңсіздіктер де орын алуда. Әрине ол оқу процесі мен ғылым жүйесінде әр түрлі сипаттағы мәселелерге байланысты болуы мүмкін. Бірақ барлығы да бір ғана қазақ тілінің тағдырына келіп тіреледі. Алысқа бармай-ақ өз қаламыздағы ЖОО-рындағы «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңының орындалысын тілге тиек етсек те жетеді.

Егемендік алғанымызға бір мүшелден аса уақыт өтті, ал қаламыздағы ЖОО –дарындағы көптеген мамандықтардың сырттай оқыту бөлімдерінде қазақ топтары жоқ. Ал бола қалса, енді ғана ашылып жатыр. Мысалы ертеден келе жатқан іргелі оқу орны саналатын ҚарМТУ-да сырттай оқыту бөлімінде қазақ топтары былтырға дейін болған жоқ және ол барлық мамандыққа дерлік ашылған жоқ. Ал олар жаңадан бастап жатқандықтан құр аты демеске лаж жоқ. Көптеген пән орыс тілінде өзге ұлт өкілдерінің жүргізуімен өтілуде. Ендеше ұлты қазақ студенттің азаматтық құқы бұзылып жатқан жоқ деп ешкім де кесіп айта алмайды. Осы оқу орнында «Мемлекеттік тілде іс жүргізу» пәні оқытылатын. Биылғы оқу жылынан бастап қысқартылып тасталған. Ал «Қазақ тілі» қоғамының жұмысы осындағы «Қазақ тілі

және мәдениеттану» кафедрасының иелігінде болмау себебін қалай түсінеміз? . Олар жоғарғы биліктің айтқанынан шыға алмайтын қосымша жұмыс атқарушылар дәрежесінде жүр. «Егінді сепкенге орғызбаушы» ма еді?

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-де ешқандай шешуші мәселеге араласа алмай келген «Қазақ тілі» орталығы өз жұмысын қайта құру мақсатында «Тілдерді дамыту орталығы» болып қайта құрылды. Ал филология факультетіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ филологиясы» және «Журналистика» мамандықтарында қазақ тілінде оқитын студенттерге орыс және шетел әдебиеті тарихынан дәрістер орыс тілінде жүргізіледі. Факультет кеңесінде, деканат мәжілісінде, тіпті университет ректорымен кездесуде де өткір мәселе болып қойылғанымен әртүрлі сылтаумен кейінге ысырылумен келеді. Университет, факультет басшылары осындай ұлттық, әрі-беріден соң мемлекеттік мәні бар мәселені қаперіне де алар емес. «Орыс және шетел әдебиеті» кафедрасында бұл пәндер бойынша дәріс жүргізетін арнайы дайындығы бар ұлты қазақ мамандар болғанымен, олар мемлекеттік тілге шорқақ. Себебі - қалада туып, тілі орысша шыққан, орыс мектебін бітіріп, орыс филологиясында оқып, осы тілде диссертация қорғағандар. Сонда да кафедра өз ұжымындағы қазақ тілін шала білетіндерге сабақ жүргіздіртіп, жағдайдан шыққысы келеді, алайда ауыз екі тілді меңгергенмен, дәріс оқу оңай емес екенін кез келген оқытушы біледі. Кафедра осы пәндер бойынша бөлінетін сағаттардың түбінде «қазақ әдебиеті тарихынан» жұмыс істейтін екі кафедраға ауысып кетуінен қауіптенеді. Бірақ мәселе онда емес, оларға сағат саны қажет те емес. Мәселе - «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңның орындалмай отырғанылығында. Егемендік алғанымыздан бері қаншама уақыт өтті, сол жылдар ішінде кафедра мемлекеттік тілде дәріс жүргізетін маман дайындауға еш көңіл

аудармағанының айғағы деуге тура келеді. Ал факультетте үштен екісі «қазақ тілі мен әдебиетіне» мамандығына қатысты студенттер оқитын бола тұрса да, бұл мәселе бір шешімін таба алар емес. Дәл осы айтып отырған мәселеге байланысты өз ұлтының тілі тағдырына алаңдаған студент қыздың жан айғайы Сіз басқарып отырған мекеменің басты басылымы саналатын «Ана тілі» газетінде жарияланды. (2 маусым, 2005). Сол Айзат Игенберлі деген студенттің «Орыс тілі әлі де өз күшінде» атты мақаласы назарыңыздан неге тыс қалғаны түсініксіз. Ал бастықтардың қазақша газет оқымайтыны, оқи қалса өздеріне тиетін мәселеге енжар қарайтыны белгілі жайт. Жалпы алғанда, облыстық ЖОО-дарындағы қазақ бөлімдерінде мемлекеттік тілді жете меңгермеген мамандардың сабақ беруі соңғы кезде қатты белең алып бара жатыр. Соның әсерінен жүргізілетін дәрістердің сапасы мен оны студенттердің толықтай ұғынуы ақсап жатыр десе де болады. Не оны ұғып, шамасы келгенше көмек көрсетіп отырған басшылар жоқ. Қазақ халқының тарихы мен тағдырына, тілі мен діліне байланысты мәселе көтеріп шыққандарға «осы өзі ұлтшыл емес пе» деген сенімсіз көзқарастан арыла алмай отырмыз. Ал өз ортасында «әй, кәпір» атана беру кімге де болсын оңай тимесі анық.

Бұл айтылғандар мемлекеттік ЖОО-дарындағы жағдай. Ал жеке меншік оқу орындарына келсек, жылағанды қоя тұрып, дауыс салып көрісуге тура келеді. Қазақ тілінің қашаннан мемлекеттік мәртебе алғанын ол оқу орындарының ректорларына да, сіздің де есіңізге салмай-ақ қоялық. Олардың көбінен «Қазақ тілінің практикалық курсы» кафедраларын таба алмайсыз. «Валют-Транзиттің» жеке меншігі саналатын МГТУ-де (Көп салалы гуманитарлық-техникалық университет) осы аталған кафедра атымен жоқ. Мемлекеттік тілді жүргізетін оқытушылар «Психология және әлеуметтік жұмыс»

кафедрасы құрамында жүруін қалай ұғынуға болады. Ондай кафедраны «Фемида» заң академиясынан да таппайсыз. Өйткені қазақ тілін жүргізетін оқытушылар «Экономика және құқық негіздері» кафедрасының шылауында жүр. Ал «Лингва» институтында қазақ тілі «Әлеуметтік – гуманитарлық пәндер» кафедрасындағы көп пәннің бірі болып жүрсе, Д.Қонаев атындағы университетте, Қаржы институтында және толып жатқан коммерциялық колледждерде қазақ тілі «Тілдер» кафедрасының құрамындағы пән ғана болып жүр. Міне - өз ұлтымыздың өкілдері басшы болып отырған ЖОО-дарындағы мемлекеттік тілдің мәртебесі. Міне - сізге мемлекеттік тілдің мерейін өсіріп жүргендерден мысал. «Жаны ашымастың жанында басың ауырмасынан» басқа айтарымыз жоқ. Қазақ тілі кафедрасы жоқ ЖОО-дарында мемлекеттік тілге байланысты мәселелер оң бағытта шешіліп жүр дегенді ешкім де кесіп айта алмас. Жеке меншік оқу орны болғанмен, олар «Қазақстан Республикасының Тіл туралы» заңын орындауда өрескел кемшіліктерге орын беріп отыр. Әр меншік иесі өз ойына келгенін жасай беретін болса, онда «Білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» күр бос кезектегі науқан дәрежесінде қалары анық. Тек «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандарын дайындайтын болғандықтан да шығар, Ресей-Қазақстан университеті мен «Болашақ» институтында «Қазақ және орыс филологиясы» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедралары бар. Алайда мемлекеттік тілге жеке мәртебесі бар кафедра беру қажеттігін ойланған дұрыс болмақ. Біз негізгі деп санаған басты мәселені ғана айттық және тек қаламыздағы ЖОО-дарын ғана тілге тиек еттік. Облысымыздың басқа қалаларындағы ЖОО – дары мен колледждеріндегі жағдай оңып тұр дей алмассыз. Ал оны

түбегейлі тереңдеп, арнайы зерттеп көрсек, мен де жылаймын, сіз де жылайсыз.

Сіздің ойыңызша ЖОО – нында мемлекеттік тілді меңгермеген жас мамандар оны жұмысқа орналасқаннан кейін оқып алуы керек пе? Мемлекет неге екі-үш шығын жұмсауы керек? Себебі мемлекеттік тіл мектепте оқытылады, бұл-бір, ЖОО - нында оқытылады, бұл - екі, енді келіп әр мекемелердегі тіл үйрететін курстарда тағы оқуы керек. Ал біздің ойымызша, мемлекеттік тілді меңгертуге деген бірыңғай талаптың болмауынан осындай жағдай туындап отыр. Олай болса сіздің «Білім беру мен тілдерді оқыту саласындағы тілдік дамыту» аталатын 3-басымдықта мамандар дайындау мәселесі неге назардан тыс қалған? Облыстағы 5 колледж туралы сөз еткенде, «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығынан 286 мұғалім дайындалды» деп ауыз толтыра айтқаныңызбен, олар - бастауыш сыныпта сабақ жүргізетіндер. Сонда ЖОО-нындағы бұл мамандықты дайындау мен ана тіліміздің тағдыры мақаладан тыс қалғанына «апам да аң-таң, мен де аң-таң». Айтпақшы, мақалаңызда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Тіл комитетінде сіздің басқарманың есебі жақсы бағаланғанын жазыпсыз. Сонда облыстағы ЖОО-дарындағы мемлекеттік тілдің тағдыры басқарманың жұмысына қатысы жоқ па? Егер олай болса, кешірім сұрауға тура келеді.

Мемлекеттік тілдің мұң-зарын айта берсек сөз көп. «Ақыры бастан қан шықты» деп түгел тізе беруге газет бетінің көлемі көтермейді. Сондықтан тек сіздің назарыңызда жүруі үшін ең негізгі екі-үшеуін ғана атап өтелік.

Бірінші. Бізде қит етсе Қазақстан мемлекеті көп ұлтты деп шыға келу басым. Басқалар тек бір ұлттан ғана құрылғандар ма? Ресей ше, Еуропа елдері ше? Олардың барлығы да ұлтаралық татулық пен бірлікке ұмтылады.

Бірақ мемлекеттік тілге нұсқан келтіру арқылы емес! Ал жаңа министр Е.Ертісбаев жоғарыда айтылған сұқбатында : «Тілдердің қызмет етуі мен дамуының 2001-2010 жылдарға арналған бағдарламасы бар. Біздің көп ұлтты мемлекетімізде тіл саясатын жүргізуге қашанда бөлекше маңыз беріледі. Алайда тіл саясаты қазақ тілінің мәртебесін нығайтуға ғана бағытталған екен деп ойлаудың жөні жоқ» деп салды. Сонда мемлекеттік тіл мәртебесіндегі ана тіліміздің мерейін қай елде көтеруіміз керек екенін көп ұлтты облыстағы тілдерді дамыту басқармасы бастығы болып отырған сіз өз министріңізден сұрай аласыз ба? Әрине, ешбір де сұрай алмайсыз. Міне, мен сондықтан жылаймын, ал сіз жылай аласыз ба?

Мақаланың көлемді бөлігі 5-басымдықта айтылған мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдарындағы тіл дамыту жұмыстарына арналған. Алайда өзге ұлт өкілдеріне қазақша ән шырқатып, көркем сөз оқыту сайыстарын өткізе бергеннен мемлекеттік тілдің мерейі асқақтап кетеді деу бекер. Әрі-беріден соң ана тіліміздің беделін өзге ұлт өкілдері арқылы көтеремін деу де бос әурешілік. Мемлекеттік тілді дамыту мақсатында байқау, конкурс, фестиваль және сайыстар өткізіліп тұрғаны жақсы және оны құптаймыз. Бірақ өз басқармаңыздың жұмысын облыстық мәдениет департаменті атқаратын іс-шаралармен бірлестіріп өткізуге душар болып жүрген сізге кінә да жоқ және түсінеміз де. Бірақ «балық басынан шіріп жатқан жоқ па» осы? Оған «Орталық Қазақстан» газетінің 9 ақпандағы санында жарияланған А.Ақынның «Абрамова ханым ақталумен әлек» аталатын мақаласы дәлел.

Екінші. «Хабар» телеарнасының жаңалықтар бағдарламасында Әбдес бен Мынжасар секілді қазақша хабар дайындайтын журналистерді тыңдағанда айызың қанады. Ауылдың жердегі су тапшылығынан бастап, саяси-әлеуметтік тақырыптарға дейін сөз етеді. Елімізде

территория жағынан ең үлкен облыс саналатын бізде ондай проблемалар жоқ деуге болмас. Бірақ ол қазақша берілетін жаңалықтарда көрініс таба алар емес. Себебі, облыста «Хабардың» қазақ тіліндегі журналисі жоқ. Орыс тілді журналист В.Магайдың хабар, репортаж, сұқбаттарында қазақ ауылының жай-күйіне арналғандары некен- саяқ. Әрине ол сіздің құзырыңызда емес екенін түсінеміз. Дегенмен де әкімдік және басқарма тарапынан қозғау салуды ойлайтын уақыт жетті. Қазіргінің «басы алтын, құйрығы күміс» болса да, екі тілде бірдей сөйлейтін журналист болуын неге талап етпеске? Болмаса мемлекеттік тілде хабар жүргізетін екінші журналист болуын неге ойланбасқа?

Үшінші. Осы біз орыс тілді болып кеткен қазақтардан көресінді көріп жүрміз. Жазушы М.Ысқақбай: «Маригинал, «орыс тілді қазақтар» ауылдан шыққан ұлттық қалпы бұзылмаған қандастарымызды «мәмбет» атандырып, ана тілімізге шабуыл жасауы тегін емес» деп дұрыс жазады (Қазақ әдебиеті, 3 ақпан). Алды мәңгүрт, арты комполитизм ауруымен ауырғандардың іс-әрекеті жанға батып бара жатыр. Өзге ұлт өкілдерінен көрі осылар қауіпті болып тұр. Мысал керек пе? Өткен күзде қаламызда Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен понорамалық сабақтар өткізудің» республикалық конкурсы болып өтті. Оған өзіңіз де қатыстыңыз және ұмытпасаңыз жергілікті «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасына сұқбат беруімізге өтініш жасадыңыз. «Сарыарқа» ақпараттық бағдарламасының журналисі Ж.Бекбанова Гранпри жүлдесін алған жезқазғандық жігіт пен әділ қазалар алқасының мүшесі менен сұқбат алмақшы болды. Хабар орыс тілінде болғандықтан, осы тілде сөйлеуімізді талап етті. Сонда біздің «тек мемлекеттік тілде ғана сөйлейтінімізді, қажет болса аударып беруге

болатынын» айтқанымызға көнбей тұрып алды. Біз де келіспедік. Ақыры ол орысша сұрақ қойып, ал біз қазақша сұқбат бергеннен соң: «Какие вы националисты» деген сөз естідік. Міне, аяқ бассаң осы. Ең құрығанда «Хабардан» үлгі алсашы. Олар өзге ұлт өкілдерінен сұқбат алып, қазақша аударып беріп те жүр ғой. Алматылық бір ақсақалдың Алматыны «Алма-ата» деп жазғаны үшін сотқа беріп жеңіп шыққанын баспасөзден оқып едік. Сіз «Мемлекеттік тіл» атты хабар ұйымдастырды деп мақтап отырған ТВК телеарнасы әлі күнге дейін «Қарағанда» деп жазып жүр. Соттасып жатыр деген аты жаман, әйтпесе... Бірақ енді шегінерге жол да, жер де жоқ. Бұл айтылғандарды және жаза алмай қалғандарымды біліп, көріп отырып, амалсыздықтан мен жыдаймын, мүмкін тілдерді дамытудың облыстық басқармасының бастығы ретінде сіз де жыларсыз?

Құрметті Бақытқали мырза! Облыстағы мемлекеттік тілге байланысты кез келген проблема сіздің басқарманы айналып өтпесі анық. Сіздің мақалаңыздағы айтылғандар облыс әкімінің есебінде қаз-қалпында қайталанатынын ішіміз сезеді. Сонда да болса мына төмендегілер жайлы толығырақ білгіміз келеді:

- мемлекеттік тілді толықтай меңгерген мамандардың, оның ішінде өзге ұлт өкілдері мамандарының жетіспеуінің басты себеп-салдарын;

- қала көшелеріндегі қаптап кеткен сақау жарнамалалардың орын алу себепін және оны түзету жолдарын;

- халқымыздың біртуар тұлғалары Ә.Бөкейханов пен М.Бәпиұлы есімдерін мәңгі есте қалдыру жолындағы аудан және шағын аудан аттарын беру туралы бастаманың қолдау таппай қалу жағдайын;

- биылғы жылы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілмекші болып отырған жерлес ғалымымыз

А.Машанидың жүз жылдық мерейтойына байланысты ұйымдастырылатын іс-шаралардың бағыт-бағдарын;

- облыстық, қалалық және толып жатқан мекемелерден түсіп жататын әр түрлі сипаттағы бұйрық, нұсқау, шешім, есеп талап ету секілді құжаттардың орыс тілінде берілуінің қыр-сырын және жай көзге ұсақ-түйек болып көрінгенімен, мемлекеттік тіл тағдыры үшін өте маңызы зор, тіпті автобус ішінде аялдамалардың қазақша хабарланбау себебіне дейінгі басқа да жағдаяттар туралы оқығымыз келетіні рас.

Сонымен қатар өздеріне қатысты сөз етілген мәселеге байланысты ЖОО-дары басшылары ойланады дегенге сенгіміз келеді. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының «Мен бұқтым жаттым, Сен бұқтың жаттың» деп басталатын бір өлеңі болушы еді, өз ұлтының тағдыры үшін жаны ауыратын жамағат та, зиялы қауым өкілдері де қарап қалмас. «Орталық Қазақстан» газеті журналистік зерттеу жүргізу арқылы да өз сөзін айтар деген ойдамыз. Өйткені анда-санда көшедегі сақау жарнамаларды сөз етіп ғана қоятын облыстық басылымдар бұл мәселеге тереңдеп бара алмай жүргені жалған емес. Айтпақшы, бір республикалық газеттің И.Крыловтың «Пілге үрген қандені» секілді лауазым иелерінің шаужайынан ала беретін жазғышбек журналисі қайда жүр өзі?! Әлде оған мемлекеттік тіл тағдырынан төрі көшелерде бордюр ауыстырылуы маңызды ма екен?! Осымен әзірше біз айтар сөз тәмам.

Бірақ бір өтінішім бар. Енді бұдан былай «Тілдерді дамытудың Қарағанды облысындағы басқармасының бастығы» деп жазыңызшы. Осы дұрыс секілді. Жазылып жүрген «облыстық тілдерді дамыту басқармасы» деген ақылға сыймайды. Себебі тілдерді дамыту тек Қарағанды облысына ғана тиесілі шаруа емес.

2006 ж.

# ОҚУЛЫҚ ТУРАЛЫ ОЙЛАНУ ҚАЖЕТ

## 1. Андату

Егемендік алғаннан бергі бір мүшел жас уақыт ішіндегі сындарлы кезеңде елімізде бір арнаға түсіп, нақты бір бағыт-бағдардағы ұстанымға ие бола алмай, реформалаудан көз ашпай қойған күрделі проблема – оқу-ағарту саласы мен жақсы мамандар дайындау жұмыстары. Бұл екеуі бөліп - жаруды еш көтермейтін, бір-біріне тығыз байланыстылықта құрылған жүйе болып табылады. Алғашқысы мектепте болса, екіншісі – жоғары оқу орнында білім беруге, маман дайындау мәселесіне тіреледі. Осы екеуі де білім және ғылым министрі ауысқан сайын бір өзгерістен екіншісіне аттаудан құтыла алмай, шырғалаңға түсуде.

Бірақ мәселе министрдің ауысуында ма екен?! Біздің ойымызша, жоқ. Мәселе - Қазақстан үкіметінің оқу-ағарту саласындағы жүргізетін жұмыстарын жалпы халықтық талап-талғамға сай ұйымдастыра алмай отырғандығындағы мен тым реформашылдығында. Республикадағы халықтың бүгінгі саяси-әлеуметтік, экономикалық, тұрмыстық жағдайы мен министрліктің келешекке арналған жоспарларының бір-бірімен ұштаспай жатқандығында деуге болады. Қандай да болсын реформаның түпкі мақсатында халық мүддесі жатпайтын және сақталмайтын болса, ол бос әурешілікке апарады. Үкіметіміз бен министрлік оны есепке алмай, ойланбай отыр дей алмасақ керек. Бірақ оның жан-жақты зерттеліп, пайдасы мен зияны, кемшілігі мен жетістігінің барлығын таразыланып алмай басталып кететіні қатты ойлантуға тиісті. Бұл оқу-ағарту саласындағы қызметтегі және жас маман кадрлар дайындау саласындағы кез-келген маманды толғандырып жүрген күрделі мәселе. Сондықтан оқу-ағарту саласында

жұмыс атқарып жүргендіктен біз де өз ойымызды ортаға салуды жөн көріп отырмыз. Онда да тек бір ғана пәнге, өз мамандығымызға қатысты әдебиет пәніне байланысты ғана сөз қозғамақпыз. «Білгеннен соң айтам деп емес, осылай болса қайтер еді» деген жанашыр тілекте ғана қолға қалам алып отырмыз.

## **2. Бізге қандай адам керек?**

Мектепте білім беруде ең негізгі пәндердің бірі - әдебиет. Бұл – жүргізілетін басқа сабақтарға қарағанда әрі өзгеше, әрі маңызы басым пән. Басқа пәндерді төмендетіп отырғанымыз емес, себебі өзге пәндерде негізгі басты бағыт-бағдар білім беруге құрылса, әдебиет сабағында білім мен тәрбие беру қатар ұсталынуға тиісті. Әдебиетші мұғалім сөз өнерінің әсемдік әлемінен, тарихы мен теориясынан білім беріп қана қоймай, жаңа адам, жеке тұлға тәрбиелеп шығаруға міндетті. Жаратылыстану пәндері мұғалімінен бұл бірлікті талап ету артық болар еді. Себебі, әдебиет - өмір айнасы. Шәкірт өмірді көркем шығарма арқылы оқып үйренеді, үлгі-өнеге алады, еліктеу арқылы мінез-құлқын шыңдайды, жеке адам ретінде қалыптасады. Бұдан басқа пән мұғалімдері мектептегі тәрбие процесінен тыс тұр деген ұғым тұмауға тиісті. Мәселе, әдебиет сабағында өтілетін тақырыптық материал арқылы берілетін білім жүйесі барысында тәлім-тәрбиенің қатар ұсталынып отырылуының мақсаттылығында. Ол туралы сонау ерте кездің өзінде-ақ «даналық падишасы» әл-Фараби бабамыз: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне қауіп әкеледі» деген болатын. Ағылшындарда оқушы мектеп бітірген соңғы үш жыл ішінде қылмыс жасаса, сотқа куәлік беруге

әдебиет пәнінің оқытушысын шақыратын себебі неде?!  
Айта берсе мысал көп.

Көркем әдебиеттің өнер саласы ретіндегі эстетикалық мұраты - адам тәрбиелеу. Ол бүкіл адамзаттық гуманизмнің жақсылық пен жамандық, әділдік пен арамзалық, махаббат пен зұлымдық, сұлулық пен ажарсыздық секілді қарама-қайшы және бірінсіз екіншісі жоқ, бітіспес күрес үстіндегі осы ұғымдарға негізделгенде ғана сөз өнері ретіндегі міндетін толық атқара алады. Орыс жазушысы Ф.Достоевскийдің «Әлемді сұлулық қана сақтап қалады» (Красота - спасет мир) деуінің себебі де осында. Расында неге аузымыздан түспейтін, шам алып іздеп жүретін шындық немесе әділдік емес?! Жазушыдан асырып айту мүмкін емес. Тек сұлулықты толық бағалап, түсіне алған адам ғана қатыгездік пен қара жүректіліктен аулақ болады. Атақты жапон жазушысы, Нобель сыйлығының лауреаты Ясунари Кавабатының «Созерцание красоты пробуждает сильнейшее чувство сострадания и любви, и слово «человек» начинает звучать как слово «друг» деген ойы да осыған саяды. (Ойды нақты беру үшін әдейі орысша алдық).

Кеңес дәуіріндегі идеология «адам адамға дос, жолдас, бауыр» идеясын қанша насихаттағанымен «адам адамға - қасқыр» ұғымын түпкілікті жоя алмағаны бәрімізге мәлім. «Адам баласы - бауырың» деп өткен Абайдың өзі толық адам тәрбиелеуді аңсаған жоқ па? «Тәрбиеге көнбейтін адам болады» деген кісінің тілін кесер едім» дегенді бекер айтқан жоқ қой. Ең бастысы қалай, қайтып тәрбиелеуде. Ұлы ақын «Адам бол» қағидасын ұстанып, бүкіл өнер түрлерін, тіпті діннің өзін адам тәрбиелеудің құралына айналдырмақ болды. Абай поэзиясы мен қарасөзініңдегі этика-эстетикалық, педогогикалық көзқарастарының алтын діңгегі – «адамды Адам ету». В.Г.Белинский: «Балаларды алғашқыда чиновник, ақын, қолөнерші болуға емес, адам

болуға тәрбиелеу керек, содан кейін басқаларға тәрбиелеуге тиіс» деп жазған екен.

Олай болса ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігіне қол жеткізген қазақ еліне келешегінің тұтқасын ұстайтын қандай адам, қандай маман керек? Иә, ең алдымен қандай адам қажет? Рас бізге білімді жас ұрпақ керек. Алайда білімді, бірақ өзімшіл-менмен, парақор, алаяқ, жағымпаз адам керек пе? Өте білімді, алайда ешкімге жаны ашымас қатыгез жандардың шығып жатқанының себебі де осында жатқан жоқ па екен?! Бұл айтып отырғанымыз субъективтік көзқарас та болуы мүмкін. Әрине, бес саусақ та бірдей емес. Солай бола тұрса да, Арнайы бағдарламамен шетелдерде оқытып алып жатқан және оқыта беретін жастарымыз жақсы маман болып оралар-ау (егер оралса), бірақ біздің ұлтқа ғана тән адами қасиеттері де жоғары болады дегенге кім кепілдік бере алады? Өзіміздегі «асфальтта» туып-өскендердің көбі ұлттық таным-тағылымнан ада қалып жатқаны шындық.

Қазір мұғалімдер «оқушылар көркем әдебиет оқымайды» деп зар илейді. Қайдан оқиды, жас ұрпақтың қас дұшпаны - теледидар бар. Одан көрсетіліп жатқан неше түрлі қулық-сұмдық, қантөгіс, порнография, эротика, триллер баланың жан дүниесін жаулап алып барады. Оған компьютерді қосыңыз. Эфирден түспейтін даңғаза музыка тағы бар. Жаһандастыру идеясының астарында үстемдік алып бара жатқан осы зұлматқа қарсы қояр не бар?! Қандай іс-шара, амал-әрекет жасау қажет?! Әсіресе, қалалық жерлерде. К.Маркс «Сананы тұрмыс билейді» деп өте дұрыс айтады. Бүкіл адамзаттық гуманизм идеяларына негізделген биік мақсат-мұраттардың орнын қайткен күнде де бай болу, қала берсе мешандық, тоғышарлық ой-сана билеп бара жатыр. Бір араб ғұламасы «бала мінез жағынан тұқымына да, әке-шешесіне де тартпайды, бала заманына тартады» деген екен. Нарықтық заман,

капиталистік қоғам құрып жатқанда жас ұрпақ санасын тек тұрмыс билеп кетпеуі үшін оған қарама-қарсы қоятын бір ғана амал бар. Ол – білімді маман ғана емес, жақсы адам да тәрбиелеу.

Мектептен тек дене бітімі жағынан ғана емес, моральдық, психологиялық, тәрбиелік жақтан да шыңдалып шықпаған оқушы өмірдің кез-келген қиыншылығына төзімсіз келетіні қатты байқалып жүр. Қарап отырсақ, соңғы кезде қыз баладай сызылған, түртіп қалсаң үзіліп түсетіндей үлбіреп тұрған, ер балаға тән мінез-құлықтан ада жігіттер сипаты пайда бола бастады. Осының себебі неде? Ол біздің ойымызша тәрбиеде. Үйде – шешесі әйел, бала бақшада тәрбиеші - әйел, мектепте мұғалімі - әйел (әсіресе әдебиет пәні мұғалімі) тәрбиелейтін болғандықтан да жеке адам ретінде қалыптасуына олардың әсері болмайды демесек керек. Бұған дәлел ретінде - әскерге жарамды деп табылған ер-азаматтардың өз-өзіне қол жұмсауының көп орын алуы мен қылмыскерлер арасында 18-25 жастағылардың үлес салмағының көптігін айтар едік. Естіуімізше ұлттық Қорғаныс министрлігі әскерде бозөкпе бозбалалардың көбейіп кетуінің қоғамдық-әлеуметтік, педогогикалық-психологиялық себеп-салдарларын жан-жақты зерттеуді қолға алмақшы екен. Ендеше Қорғаныс және Әділет министрліктері Білім және ғылым министрлігінен соңғы кезде жасөспірімдер (13-17 жастағылар) арасында қылмыс жасаушылардың көбейіп бара жату себебін сұрауға толық хақылы. Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының 2003 жылғы жүргізген социологиялық зерттеуінің нәтижесінде «мектеп жасындағы оқушылардың 39% - ы ішімдіктің дәмін татып көргендігі, 10-15% - ы есірткі қолданғаны, 17 % - ы темекі шегетіні анықталған екен. Бұл мектепте мазмұнды тәрбиенің жоқтығын көрсетеді». (Қараңыз. «Жалын» журналы, №1, 2004).

Осы айтылғандардың барлығына апаратын алғашқы баспалдақ мектептегі әдебиет сабағында жатыр. Бұл әдебиетке қатысты екі түрлі іргелі мәселеге келіп тіреледі. Біріншісі – мектептегі әдебиет оқулықтарының жазылуы мен құрылымдық сапасы болса, екіншісі – пәнді оқытудың болмыс-бітімі. Осыдан екі жыл бұрын ғана болған білім беру қызметкерлерінің съезінде «тәжірибе астындағы үй қояны» болудан көз ашпай, реформалаудың астында қалған мектеп жағдайы өткір қойылды. Сонда басқа да келелі мәселелермен қатар Елбасымыз Н.Назарбаевтың ащы сынына мектеп оқулықтарының қатты ұшырауы таң қаларлық жағдай емес. Егемендік алғаннан кейін кеңестік жүйедегі құрылған әдебиет оқулықтарының мазмұндық құрылымы түгелдей өзгеріс жасауды талап етті. Оған уақыт тығыздығы қосылды да қиыншылыққа тап болғанымыз жасырын емес. Кезең талабын қалталылар мен қолы ұзындар бар мүмкіндігінше пайдаланып та қалды. Өтпелі кезге тән болғанымен, ол жауапсыздыққа ұрындырды, енді зардабын тартып отырмыз. Қазіргі заман түзеле бастаған шақта, осыған дейін шыққан оқулықтардың сапасын жақсарту кезек күттірмейтін мәселе болуға тиісті.

### **3. Бізге қандай оқулықтар керек?**

Мектептегі әдебиет пәнін оқыту үш жүйедегі сатыдан тұратыны мәлім. Алғашқысы бастауыш сыныптардағы «Ана тілін» оқыту, екіншісі V-VIII сыныптардағы әдебиеттік оқу, үшіншісі – IX-XI сыныптарда әдебиеттің тарихи курсы жүргізу. Бұл бағзы заманнан келе жатқан жүйе. Оны өзгеріске салу, инновациялай беру шарт емес, дәл қазір қажеттігі де жоқ. Себебі өзгеріс, реформа жан-жақты ғылыми тұрғыда зерттеліп, зерделеніп, талқыдан өткен соң барып қолға алынбаса, белгілі бір кезеңдегі

ұрпақ тәрбиелеу ісінде кемшіліктерге жол беріп алатынымыз ақиқат.

«Білімнің негізі - бастауышта» деген қанатты қағида бар. Нақтылай айтсақ, тек білімнің ғана емес, адамдықтың, жеке адам қалыптасуының негізі де осы бастауышта дер едік. Ендеше сөзді бастауыштағы «Ана тілі» оқулықтарының жазылу сапасынан бастауға тура келеді. «Әліппеге» тиіспей-ақ қоялық. Егемендіктің алғашқы кезеңіндегі «Әліппенің» ұстаздар тарапынан қатты сынға ұшырап, бірталай өзгеріске ұшырағаны белгілі. Ол жағына тоқталып, сөз көбейтіп, қайталауға ұшырау қажет емес.

Бастауыш сыныптағы «Ана тілі» әдебиет әлеміне апарар алғашқы бастау болғандықтан да мәні зор. Бастауыш оқу түрі екен деп немқұрайлы қарауға болмайды. Бастауыштағы «Ана тілі» сипатында оқытудың алғашқы үлгісін ұлттық халық ағарту саласында алғаш салған – Ы.Алтынсарин. Ұлы педогогтың «Қазақ хрестоматиясы» оған нақты мысал. Өкінішке орай, ұлттық топырағымыздағы халқымыздың ұлттық талап-тілегіне жақын «Қазақ хрестоматиясындағы» және Алаш арыстары жазған XX ғасырдың 30 жылдарына дейінгі оқулықтар жасау үлгісі ұмытылды. «Түрі - ұлттық, мазмұны - социалистік» әдебиет жасауды насихаттаған кеңес дәуірінде орыс мектебіндегі «Родной языктың» жобасы негізге алынып кетті. Ашығын айтсақ, тіпті «Ана тілі» аталуының өзі де соның аудармасы.

Ұлы ағартушының «Қазақ хрестоматиясын» алыңыз. Оның мазмұндық құрылымында бірде бір басы артық материал жоқ. «Бір құдайға сыйынып, кел, балалар оқылықтан» бастап, ең соңғы халық ертегісі «Алтын айдарға» дейінгі бүкіл оқуға ұсынылған өлең-жыр, әңгіме, аудармаларын тек тәрбиелік мақсатта ғана жинақтаған. Онда бәрі бар. Атап айтсақ, адамгершілік, еңбек, патриотизм, эстетика, этикалық т.б. тәрбие берудің бәрі

қамтылған. Гуманизм, ар, ұят, талап, т.б. ұғымдар тұрғысынан алғанда танымдық-тағылымдық мәні қандай зор. Сонымен қатар баланың жас ерекшелігіне қарай үлкен талғаммен таңдап алған. Көңіл аударсақ, Ы.Алтынсарин бірінші орынға оқылатын әдеби материалды меңгертуді емес, тәрбие мен тағылымды қойып отыр. Ұлт әдебиетінің алғашқы оқулығын құрастыруда аса үлкен жауапкершілікпен келген. Ол Л.Толстойдың «Азбука», Водавововтың, Паульсонның әдебиет хрестоматиясы кітаптарын үлгі үшін қарай отырса да, солардың жетегінде кетпеген. Н.И.Ильминскийге жазған бір хатында: «Бірінші кітабымды Паульсон кітабының құрастырылу тәртібімен жазып шыққалы отырмын. Әрине оны қазақ балаларына лайықтап, жазамын (Астын сызған біз.).

Мысалдарды (басня) енгізгім келмейді, өйткені қатаң тұрмыста өскен қазақтарға бұдан гөрі мәндірек әңгімелер керек болады. Мысалдарды қазақ балалары оқығысы келмейтінін, оқыса күлетінін, ал олардың ата-аналары «балаларымызға сауысқан мен қарға сөйлеседі» деген жоқ нәрсені үйретеді» деп, тіпті ренжитінін тәжірибемнен білемін. Қазақ балаларына меніңше мағыналы сөздер, жұмбақтар, ойына ой қосатын әңгімелер немесе оларды қызықтыратын әңгімелер тәуіререк болады. Өлең жағынан мен, мүмкін болғанша, қазақ өлеңдері арасынан іріктеп аламын. Екіншіден «кітабымды мен балаларға қызғылықты етіп, табиғат құбылыстары, күштері туралы, тарихи және географиялық-ғылыми әңгімелерді келтірмекпін», - деп жазады.

Осында бастауыш сыныптар үшін әдебиет сабағының оқулығын жасаудың негізгі қағидалары жатыр. Оны «Қазақ хрестоматиясынан» кейін жарық көрген ұлттық әдебиет оқулықтарының негізгі жүйесінен де байқауға болады. А.В.Луначарскийдің «Таза әдеби шығармалардан құралған хрестоматия ғана емес, тіл біліміне арналған

оқулықтардың өзі сыншылдық-ғылымдық, танымдық-тағылымдық ой-пікірмен сабақтасып жатады» деген пікіріне сүйенсек, ғасыр басындағы ғылыми және әдістемелік ой-пікірдің бір арнада тоғысып жатқанын аңғару қиын емес. Мысалы, М.Нұрбаевтың «Қазақша әліппе», «Ғалия» медресесі шәкірттері шығарған «Әліппе, яки төте оқу», Қ.Қожықовтың «Әліппе», М.Кәшімовтың «Ақыл кітабы» (1903), «Әдеп», «Үгіт» (1907), М.Малдыбаевтың «Қазақша ең жаңа әліппе» (1910), А.Байтұрсыновтың «Тіл құралы» (1915), «Оқу құралы» (1912, 1914, 1915), М.Дибердиевтің «Қазақ балаларына қирает кітабы» (1910), А.Андамасовтың «Қазақша оқу кітабы» (1912), Т.Жомартбаевтың «Балаларға жеміс» (1912), С.Көбеевтің «Үлгілі бала» (1912) атты оқу құралдарының шығуы мен қазақтарға арналған орыс тілін үйрену үшін букварьлар, оқулықтар, сөздіктердің шығуы құптарлық құбылыс болып қана қоймай, ұлттық әдебиетті жеке пән ретінде оқыту жолында тың ізденістер жасалғанын дәлелдейді. Сол кездегі ұлттық баспасөздегі сыни мақалалар оқулықтардың педагогикалық сипаты мен таза қазақ тілінде болып балаларға түсінікті жазылуын талап еткенде Ы.Алтынсариннің «Хрестоматиясын» әрқашан үлгіге ұсынып отырды. Кеңес дәуірінде бұл қадам бастауыш дәрежесіндегі әр түрлі мектептерге әліппе, сауат ашқыш құралдарын жасауға жалғасты. А.Байтұрсыновтың «Әліп-би» (1921), «Оқу құралы» (1921), «Жаңа құрал» (1926), Т.Шонанұлымен бірге жазған «Оқу құралы» (1927), М.Жұмабаевтың 1930 жылға дейін жеті рет басылып шыққан «Сауатты бол» (1923), Ж.Аймауытовтың «Жаңа ауыл» (1929) және тағы басқа да оқулықтар мен хрестоматиялар ұлт әдебиетінің жеке пән ретінде жүргізуді қолға алуға жетекші ықпал жасады.

Оқу құралдары мен оқулық-хрестоматиялардың болмауы салдарынан 1925 жылға дейін әдебиет қоғамтану,

тарих пәндеріне қосымша сабақ дәрежесінде қалғаны да тарихтан мәлім. Олардың құрылымына, мазмұнына тоқталып сөз созбай-ақ, бір ғана мысал келтірелік. М.Дулатов өзінің арифметикалық оқулығында «Кедейдің 5 қойының біреуін қасқыр жеді, екеуін кеңес милициясы параға алды. Сонда қанша қойы қалды?» деген мысал есеп құрастырады. Сол кезең үшін ұлтшылдық болып табылған осы мысалдың өзінде заманның ащы шындығы жатыр. Әрі-беріден соң паракорлықтың түз тағысы қасқырдан да жаман екенін ұқтыруға деген тағылымдық мақсат бар. Ал біз қазір математикалық оқулықта бұрынғы Москва-Ленинград арасындағы қашықтық орнына Алматы-Астана арасы алынды деп мәз болып жүрміз.

Әрине, біз қазіргі «Ана тілі» туралы сол Ы.Алтынсариннен бастап жоғарыда айтылған оқулықтардың жобасында қалсын дегіміз келіп отырған жоқ. Бірақ дәстүрге сүйенбеген жаңалық ешқашан да өзін ақтай да алмайды, өміршең де болмайды. Сөзіміз дәлелді болуы үшін пайдаланып жүрген «Ана тілі» оқулықтарына қысқаша тоқталып өтелік. Ол үшін I-IV сыныптардағы «Ана тілінің» бәріне бірдей тоқталып талдау жасау қажет емес. Көп орын алады және ой қайталауына ұшырайтынымыз анық. Сондықтан тек біреуіне, жалпы білім беретін мектептің 2 сыныбына арналған «Ана тілі» («Атамұра», 1998) оқулығын ғана нақты сөз етелік (Авторлары: С.Рахметова, Н.Жаманқұлова, Б.Қабатаева.).

Оқулық «Туған елім - Қазақстан», «Асыл сөз», «Адам болам десеңіз», «Еңбек түбі береке», «Өнегелі өмір», «Табиғат - тіршілік бесігі», «Біздің тілегіміз - достық» деген мазмұндағы тараулардан тұрады. «Ана тілінде» бастауыш сыныптағы баланың жас ерекшелігіне лайықты, танымдық, тағылымдық, тәрбиелік мәндегі мәтіндер мол. Бірақ әлі де болса толықтыруды, жүйелеуді қажет етеді. «Туған елім - Қазақстан» бөлімінде алынған шығарманың

барлығы бөлім атауына сай емес. Ұқыпсыздық орын алған. Осындағы 14 шығарманың (оқытуға алынған материалдың) тек 7-і ғана бөлім атына лайық. Олар «Ыстық қой шіркін туған жер» (Ж.Аймауытов), «Туған жер», «Отан туралы», «Туған өлкем», «Астана», «Кімнің мекені жақсы», «Ұланымыз ұлы елдің». Ал, «Кел, балалар, оқылық», «Мектеп - біздің анамыз», «Сен ғылымға», «Шәкірт балаларға» аталатын материалдар «Оқу – білім бұлағы» аталатын жаңа тарауға сұранып тұр. «Күн шыққанда», «Күз», «Ақбидай», «Бозқырау» шығармаларының орны «Табиғат тіршілік бесігі» тарауы емес пе? Бұлардың орнына Қазақстан Республикасының елтаңбасы, туы, ұраны, жері, картасы, мемлекеті, тарихы туралы көркем шығармалар мен танымдық материалдар бірінші сыныпқа қарағанда күрделендіре алынса сапасы арта түспес пе еді? «Баланы жастаң» дегенді халқымыз шегелей айтқан. Ендеше ұлттық мүдде мен идеологияға тамыр тартатын көркем шығармалардың басым болғанынан ұтпасак, ұтылмаймыз.

«Ана тілінде» әдеби-теориялық ұғымдан аңыз, мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақ, ертегі, шешендік сөз туралы анықтамалық түсініктеме берілген. Олар оқушы жас ерекшелігіне сай тілде жазылған. Бұлардан басқа анықтамасы берілмесе де ақыл сөз, нақыл сөз деп үлгілі тағылым сөздер келтірілген. Алайда оларға берілген ешқандай әдеби-теориялық түсініктеме, анықтама жоқ. Оқулық құрылымына әдеби-теориялық тек пен жанр түрін араластырған екенбіз, онда ол белгілі бір мақсатты көздеуі керек және бір жүйеге құрылуы қажет. Ендеше бұл бағыттағы алғаш қадам сөз өнері, өлең сөз бен қара сөз туралы ұғымдарды түсіндіруден басталуы керек. Асыл сөз бен нақыл сөзді келтірсең, шағын түсініктемесімен қоса беріңіз. Оқулыққа бірнеше мысал енгізілген. Алайда ешбір әдеби-теориялық анықтама, түсінік жоқ. Мысал өлеңдердің

жеке түр ретіндегі өзіндік ерекшелігі туралы бастауыш деңгейдегі білім беру мұғалім мойнында қалған. Тәжірибелі ұстаз болса жақсы, бүткілдей ақылы оқыту жүйесіне көшкен педколледжді бітірген, оқулықта берілгеннен ұзап шықпайтын жас мұғалімнің оған көңіл бөле бермесі хақ.

V-VIII сыныптарда оқытылатын әдебиеттік оқу жүйесі жалқыдан жалпыға, дарадан күрделіге қарай оқыту заңдылығына құрылатыны мәлім. Сонымен қатар оқушылар «Ана тілінде» ережесімен ғана таныс болған әдеби-теориялық ұғымдарды тереңдете меңгерту мақсаты көзделеді. Оқу құралдарындағы мазмұндық құрылым да соған негізделе алынады. Олар үш түрлі міндет атқаруға тиісті. Біріншіден, әдеби-тарихи білім беру, екіншісі әдеби-теориялық ұғымды меңгерту, үшіншісі – жеке адам тәрбиелеу. Мысалы М.Өтемісұлының «Соғыс» өлеңін (Ү сынып) өту барысында мұғалім ақын туралы әдеби білімді, осы өлең арқылы теориялық ұғымды және патриоттық, отансүйгіштік тәрбиені беруі керек. Бірақ осы V-VIII сыныптардағы оқулықтарда қамтылған ақын-жазушылардың толық немесе үзінді ретінде алынған шығармалары оқушылардың жас ерекшелігіне, ұғым-түсінігін ескере отырып жазылмаған. Мысалы, бұрындары V сыныпта М.Әуезовтің «Абай жолынан» «Шәкірт бала үш күндік жолдың бүгінгі соңғы күнінде барын салды» деп басталатын бала Абайдың оқудан қайтқан сапары туралы үзінді берілетін. Қазіргі оқулықта ол «Ақын қонақтар» деген атпен алынған Барлас пен Байкөкшенің Абай аулына келуі туралы үзіндімен алмастырылған. Мақсат дұрыс болғанмен, бастауыштан жаңа шыққан оқушы бала түгіл үлкен адамға қиындық келтіретін ұлы Мұқаңның тіліне, стиліне, классикаға апарып салып жіберудің өте ауыр екенін авторлар қалай ғана ойламады екен деп таңданасыз. Осы Ү сыныптың әдебиет оқулығының мазмұндық

құрылымын көбіне халық ауыз әдебиеті шығармаларынан түзгенде авторлар қандай мақсат көздегені беймәлім. (Авторлары Ә.Дайыр, Қ.Айтқалиев, Г.Құрманбаева. «Атамұра» баспасы, 2001). Біздің ойымызша, олар әбеби білім беру міндетін ғана алға қойып, танымдық, тағылымдық, тәрбиелік сипатын назардан тыс қалдырған. Олар фольклорлық үлгілерде жоқ демейміз. Бірақ осы сынып оқушысының жас ерекшелігіне сай гуманистік, этика-эстетикалық, тәлім-тәрбиелік мазмұндағы шығармаларға құрылғаны дұрыс. Себебі енді олар бастауыштың оқушылары емес. Егер оқулық жазушылар жеке адам тәрбиелеу мәселесін бастауыш сыныптарда шешіп тастағанбыз десе қатты қателеседі. Оқулықтағы «Толағай», «Дүние қайтсең табылады» секілді шығармаларға көптеп орын берсе абзал болар еді. «Ең оңай нәрсе – ақыл айту» екенін білеміз. Солай бола тұрса да.

Жалпы алғанда «Атамұра» баспасынан шыққан әдебиет пәні оқулықтары сын көтермейді. Республикалық мониторинг орталығының және ұстаздар қауымының сын ескертпелері Білім және ғылым министрлігіне барып түскенімен, олар ескерусіз қалуда. Мұғалімдер мен жас ұрпақ әлі де болса сапасыз оқулықтарды қанағат тұтуда. Бұл жауапсыздыққа кім жауап беретіні анықталған жоқ. Расында кім? Оқулық авторлары ма, Білім және ғылым министірлігі ме, жоқ әлде Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясы ма? Әдебиет пәні оқулығы тек білім бұлағы ғана емес, тәрбие құралы да болуы керек екені тек авторларды ғана емес, оқу-білім саласындағы кез келген мемлекеттік мекемелерді де қатты ойлантуға тиісті.

Негізінен V-VIII сыныптардағы әдебиет оқулықтарындағы оқытуға алынған шығармалар мен теориялық ұғым-түсініктер жүйесіне көңіл аударатын болсақ, түпкі басты мақсат білім беру екеніне көз

жеткіземіз. Олардың танымдық, тағылымдық, тәрбиелік сипаты екінші орында қалған. Ол мұғалімнің білім деңгейі, әдістемелік қабілеті, ақыл-парасатына тәуелді болып қалған. Ал олар кез-келген әдебиет пәнінің мұғалімі бойынан табылады деп ешкім де кесіп айта алмас. Мұғалім әдеби шығарманы меңгертуге күш салған соң, оқушы да сол ізбен кетеді. Яғни, баға үшін оқиды. Оқушы жаттап келсе немесе мазмұндап берсе, болмаса теңеу, эпитетті дұрыс тауып берсе болды «5» деген бағасы дайын. Сонда өтіліп отырған көркем шығарманың жеке адам тәрбиелеудегі мақсат-мұраты қайда қалады. Мұғалім еңбегі оқушы білімімен бағаланатын болғандықтан да аз ғана еңбекақымен отбасын асырауға жанталасқан әйел мұғалім еріксізден бір жарым жүктемеге жұмыс жасауға мәжбүр. (Ауылда болса, күйеуі жұмыссыз). Күніне төрт-бес, кейде алты-жеті сабақ беретін мұғалімнен оқулықтың негізгі құрылымы білім беруге арналғандықтан тәлім-тәрбие мәселесін кейінге ысырдың деп кінәлау қиын. Сөзіміз дәлелді болуы үшін ең соңғы яғни, 2004 жылы ғана шыққан VIII сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығын алалық. Авторлары – С.Мақыпұлы, Г.Құрманбай, А.Қыраубайқызы («Мектеп» баспасы, Алматы). Бұл оқулық туралы республикалық баспасөз бетінде біршама сөз болды, біздің ойымызша әділ сынға да ұшырады. Сонда да болса өз ойымызды айта кетуді жөн көрдік.

VIII сынып - мектептегі әдебиеттік оқу жүйесінің ең соңғы сатысы. Сондықтан да болар авторлар оқулықта әдебиеттің тарихи курысына барлау мақсатын алға қойған. Яғни, жоғарғы сыныптардағы жүргізілуге тиісті ұлт әдебиетінің негізгі дәуірлерімен таныстыра беру қажет деп саналған. Бірақ оқулықта бұл мақсат жүйесіздікке ұшыраған. Оқулық «Ежелгі дәуір әдебиеті», «XIX ғасыр әдебиеті», «XX ғасыр әдебиеті», «Әлем әдебиеті»

үлгілерінен» аталатын төрт тараудан тұрады. Оқулықтағы өтілуге тиісті материалды құрастырғанда ұлт әдебиетінің тарихи дәуірлеріне сай көрнекті тұлғалар мен шығармаларды таныстыру, оқыту мақсаты ұсталды дейін десек, ол бір жүйеде емес. Көне түркі жазба ескерткіштері мен Орта ғасырлар әдебиеті үлгілері бірігіп, не себептен бір ғана «Ежелгі дәуір әдебиеті» аталып кеткен? XV-XVIII ғасырлардағы қазақтың өзіне ғана тән төл әдебиеті өкілдері оқулықтан неге орын алмаған? XIX ғасыр әдебиеті неге жарымжан? Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, Д.Бабатайұлы, М.Мөңкеұлы секілді атақты тұлғалардың орнына Майлықожаны оқулыққа енгізудің артында «аталастың атын оздыру» бұғып жатқан жоқ па? Сол сияқты бұрынғыша айтқанда XX ғасыр басындағы, яғни, 20-30 жылдардағы және 40-50 жылдардағы әдебиет дәуірлеріне Ж.Жабаевты тықпалай берудің уақыты өткен жоқ па? Ұлттық әдебиет тарихы дәуірлерімен таныстыруды мақсат тұтқан екенсіз, ендеше әр дәуір әдебиетінің кескін-келбетін танытатын классик ақын-жазушыларды алыңыз.

Бұл «Қазақ әдебиетінде» оқулықтан көрі әдебиет хрестоматиясы сипаты басым түскен. Оған дәлел авторлар оқушылар V-VII сыныптарда әдеби-теориялық тұрғыдағы білім жүйесінің бәрін меңгеріп тастағандай бірде-бір әдебиеттанушылық бағыттағы жұмыс түрін көрсетпегендігі. Ал әр шығарма соңындағы берілген тапсырмалардағы әдеби-теориялық талдауға арналған талаптар мақсатты түрде оқуға арналмағандықтан оқушы толық меңгеру жолында жұмыс жасайды деу қиын. Ақын-жазушылар туралы шағын монографиялық мәлімет пен шығармаларының ғана берілуі хрестоматиялық еңбекке тән. Дәл осындай үлгідегі оқулықтар «халық жаулары» атанған дарындарымыз жазған кітаптар пайдаланудан алынып тасталған соң, 1940 жылдары шыға бастаған

болатын. Яғни, бұл оқулықты әдістемелік тұрғыда ақсап жатыр дер едік. Себебі берілген тақырыптық материалды меңгертуде барлық күш мұғалімге түскен. Оған көркем шығарманы әдеби-теориялық тұрғыда кешенді талдау жолындағы осыған дейінгі алынған білімнің бәрін бекіту, толықтыру, түйіндеу бағытында жұмыс жасауы керек. Нақты айтар болсақ, әдебиеттің тегі, жанрлық түрлері, тақырып, идея, сюжет-композиция, тартыс, кейіпкер, оған мінездеме мен портреттік сипаттама, автор тілі, стилі, сөздің көркемдегіш құралдары, лирикалық, эпикалық, драмалық шығармаларды талдау ерекшеліктері, т.б. туралы барлық білім жүйесі осы сыныпта қорытындылануы керек. IX-XI сыныптарда әдебиеттің тарихи курсы басталатын болғандықтан мұғалімнің мүмкіншілігі бола бермейді. Бұл сыныптарда әдеби-тарихи және ғылыми монографиялық сипатта оқытуға басты бағыт ұстанылады. Бұған қоса айтарымыз, егер авторлар ұлт әдебиетінің тарихымен таныстыруды негізгі мақсат ретінде алған болса, онда әр дәуір әдебиетінің өзіндік ерекшелігі, сол кезең ақын-жазушылары, жырланған басты тақырыптары, олардағы заман шындығы, тіпті әдеби ағымдар мен көркемдік әдістер туралы ғылыми шолу берсе, оқулық сапасы арта түскен болар ма еді. Сонда VIII сыныптағы әдебиет пәні жоғарғы сыныптардағы әдебиеттің тарихи курсына көпір болар еді. Әдістемелік тұрғыдан алғанда осыған дейінгі әдебиеттік оқумен бір жүйедегі жалғастық көрініс табар еді. Осыған байланысты келешекте шығатын оқулықтарға (олар қайта жазылуға тиісті) байланысты өз ойымызды қысқаша ғана ортаға сала кетелік. Жан-жақты тоқталуға мақала көлемі көтермейді.

Көркем шығарма, оның тағылымдық мәні және әдеби-теориялық ұғымға сай сипаты айқын материалдарды логикалық бірлікте орналастырудан оқыту концепциясының ұстанымдары анықталады. Жалпы

алғанда, оқу процесінде оқулық маңызы роль өте зор. Докторант З.Күзенова қазақ тілі оқулықтарының құрылымдық жүйесі туралы айта келіп: «Оқыту жүйесінің маңызды компоненттері мақсат, әдістер, оқу құралдары десек, оқулық оқыту құралдарына жата отырып, осылардың ішінде маңызды орын алады және процесін модельдейді, оқыту жүйесінің барлық компоненттерін білдіреді», - деп жазады. («Ақиқат» №12, 2004). Бұл пікірдің әдебиет оқулықтарына да қатысы бар. Расында да оқу жүйесінің тұтас алғандағы барлық компоненттері оқулыққа келіп тіреледі. Сондықтан оқыту мақсаты – оқулықтың мазмұны мен құрылымы, әдістемелеріне, әдіс-тәсілдер арқылы әдеби материалды теориялық, ғылыми негізде меңгерту арқылы айқындалады. Әдеби (көркем шығарма), тарихи және ғылыми материал бір жүйеде болса ғана әдебиет оқулықтарының филологиялық ғана емес, әдебиеттанушылық концепциясы да құрылады. Ендеше оқулықтың әдебиеттанушылық базасын құру үшін негізгі бағыт-бағдарға мыналар алынуы керек.

а) көркем шығарманың оқушы жас ерекшелігіне сай алынуы;

ә) эмоционалдық, эстетикалық қабылдауының ескерілуі;

б) танымдық-тағылымдық, тәрбиелік мәні мол болуы;

в) тарихилық және халықтық сипаты айқын келуі;

г) көркем шығарманы оқу арқылы меңгерілетін теориялық термин, ұғымдардың бір жүйеге құрылуы;

д) әдеби материалдың әдебиеттанушылық негізде кешенді берілуі. Әдеби-теориялық талдау жасаудың әдіс-тәсілдерін меңгеруі;

ж) әдеби-теориялық талдау жасаудың әр сынып сайын күрделеніп отырылуы;

з) әдеби материалдың жазба және ауызша сөйлеу тілін дамытуға мақсаттылығы;

и) логикалық бірлікте ойлау қабілетін қалыптастыру, талдау, жинақтау, жүйелеу (анализ, синтез) сыни бағалау, дәлелдеудің тұтастығын сақтауға әсері.

Сонда оқулықтың педагогикалық (танымдық, тағылымдық, тәрбиелік), гуманитарлық (тарих, этика, эстетика), әдебиеттанушылық (әдебиет тарихы, теориясы, сыны), өнертанушылық (музыка, сурет т.б.) ұстанымы анықталады. Ол оқыту концепциясын анықтайтын әдеби материалды ұйымдастырумен тікелей байланысты.

Көркем шығарманы әдеби-теориялық талдау жасау әдістемелік тұрғыдағы оқыту мазмұнын құрайды. Тақырып, идея, сюжеттік-композициялық құрылым, образдар жүйесі, шығарманың тілі, сөз өнерінің көркемдегіш құралдарын меңгерту – білім беру нысанын құрайды. Оқу әрекеттерінің негізгі түрлері көркем шығармамен танысу, мазмұндау, талдау т.б. болса, негізгі міндеттер айқындалады. Олар:

1. Оқулықта ұсынылатын әдеби-көркем материал.

2. Әдеби-теориялық талдау.

3. Оқу әрекетінің жүйесіне сай әдеби материалдарды оқытудың әдістемелік әдіс-тәсілдерін анықтау.

4. Оқушы өз бетімен жүргізетін жұмыстарына лайықталған тапсырмалар жүйесі.

Оқулық үшін негізгі жетекшілік ұстаным – білім беру мен жеке адам тәрбиелеу бірлікте алынғандағы қажетті дұрыс материал таңдап ала білу. Бұл әдебиеттанушылық ұстаным болады. Ал, әдістемелік мақсаттағы ұстанымы-оқулықтағы әдеби материалды оқыту кезеңі бойынша, тақырыптық цикл бойынша жүргізу әдіс-тәсілдері. Әдістемелік талдау жеке теориялық ұғымдарды дара және күрделі мақсатта кешенді меңгерту мәселесіне әкеледі. Әдістемелік талдау жеке теориялық ұғым-түсініктерді бір салада жүйелейтін типтік әдеби материалды топтастыруға мүмкіндік береді.

Дарадан күрделіге, жалпыдан жалқыға қарай меңгеру заңдылығына құрылған әдеби материал әдістеме үшін де аса қажет. V-VIII сыныптардағы «Әдебиеттік оқу» жүйесіндегі оқулықтарда осы мақсаттағы әдеби материал ұсыну қажеттігін атап айтар едік. Қазіргі оқулықтар әдебиеттанушылық және әдістемелік ұстанымдарға толық жауап бере алмайды. Авторлар көбіне көп әдеби-теориялық талдау жасау жолын ғана басшылыққа алуда. Оқулықтар сапасы әр түрлі білім деңгейіндегі мұғалімдердің ұстаздық қызметіне әсер етері сөзсіз. Себебі «бес саусақ та бірдей емес». Ендеше бұл мектепте әдебиет пәнінің мұғалімі қандай болуы керек деген мәселеге келіп тіреледі.

#### **4. Бізге қандай маман керек?**

Ұлы ағартушымыз Ы.Алтынсарин «Халық мектептері үшін ең керектісі - оқытушы, тамаша жақсы педогогика құралдары да, үкіметтің ең жақсы бұйрықтары да, әбден мұқият жүргізілетін инспектор бақылаулары да оқытушыға тең келе алмайды» деген болатын. Бұл тұрғысынан алғанда, елімізде маман оқытушылар дайындау мәселесі туралы да көптеген сындар айтылмай қалып жатқан жоқ емес. Жоғарғы оқу орындарына тест жүйесі арқылы қабылдау енгізілгеннен кейін маман кадрлар дайындау жұмыстары да түрлі өзгерістерді бастан кешіру үстінде. Әлемдік өркениеттен, оның оқу-ағарту саласындағы жетістіктерінен артта қалмауымыз дұрыс. Ол - өскелең заман талабы. Бірақ ол элеуметтік сипаттағы сұраныстар мен халықтың моральдық-психологиялық, тіпті материалдық дайындығын есепке алғанда барып жүргізілуі керек еді. Соңғы он жыл ішінде тест жүйесіндегі әр түрлі келеңсіздіктердің орын алуы соның айғағы. Аз ғана шолу жасалық. Алғашқыда тест жүйесін жеке оқу

орындары өздері жүргізді. Одан соң министрліктің қолына көшті. Енді БҰТ шықты. Осы кезеңде үш-төрт буын мамандар дайындалып шықты, мектепке жол тартты. Әдебиет пәніне байланысты алсақ, олардың бәрі бірдей өз деңгейіндегі маман болып оқу-ағарту жүйесінде қызмет жасап кетті дей алмаймыз. Осы тест енгізілуінен мектепте жоғарғы сыныптарда тест жүйесі арқылы білім беру басты бағыт алып кетті. Себебі мектеп жетістігі жақсы адам тәрбиелеу емес, қанша түлектің жоғарғы оқу орнына түсуі дәрежесімен өлшене бастады. Ата-ана да, оқушы да осыған мүдделі болды. Алайда тест жүйесінен жақсы адам тәрбиелеу былай тұрсын, білімді түлек дайындаудың өзі төмендеп кетті. БҰҰ сарапшыларының айтуынша Қазақстанда адам ресурстарын дамыту жолында жеткілікті дәрежеде инвестиция тартылмаған. Оны білім беру саласына мемлекеттің қаржы бөлуінің төмендеуі көрсетіп отыр. Сарапшылар 2004 жылғы БҰТ қортындысы бойынша абутиренттердің төрттен бірі 40 балдық межеге жете алмауына көңіл аударған. Егер меже олар айтқандай 120 балдың елу пайызы, яғни 60 балл болса ше? Ойлаудың өзі қорқынышты. Себебі тест тапсырған барлық оқушылардың 0,7 пайызы ғана 101-120-ға дейінгі балл арасында үздік білім көрсете алды. Тек білім қуғандағы жеткен көрсеткішіміз осы.

Тест жоғары оқу орындарында да оқу процесіне орнықты. Оқушылар ғана емес, енді студенттер көркем шығарма оқудан қалды. Әдебиет пәні сабағының тест жүйесіне мүлде сәйкес келмейтіні ескерілмеді. Тарихи деректер мен даталар, шығармасын немесе авторын табуға, теориялық ұғымдарды бақылауға ғана болатын тест сұрақтары студенттің, болашақ әдебиетші маман білім деңгейінің көрсеткішіне айналды. Белгілі бір әдебиет тарихы дәуірінің немесе жеке ақын-жазушының шығармашылығына кешенді түрде талдау жасау,

шығармаға әдеби-теориялық талдау, сөз өнерінің эстетикалық мұраты арқылы адам тәрбиелеу проблемасын тест екінші планға ысырды. Көркем шығарманың сюжеттік-композициялық құрлысына талдау жасай алмайтын әдебиет мұғалімдері пайда бола бастады. Бұл – үлкен кесел. Бұған мемлекеттік жеке меншік оқу орындарындағы ақылы оқуды қосыңыз. Жасыратын ештеңесі жоқ, бұлардағы ғылыми потенциал сын көтермейді. Мемлекеттік аттестациялаудан ебін тауып өтіп жүрген бұлардың кафедраларындағы ғылыми атағы барлары - қосымша жұмыс жасайтын мемлекеттік жоғарғы оқу орындарының оқытушылары. Олар қосымша жұмыс орнында негізгі жұмыстағыдай бар мүмкіндікті салады деп ешкім да кесіп айта алмайды. Білім және ғылым министрлігі ақылы оқу орындарында мұғалімдік мамандықта оқитын студенттер білімін тездетіп аттестациялаудан өткізуді қолға алса, теріс болмас еді. Себебі, «ақша - өзәзіл» жүрген жерде бәрі де мүмкін.

Басқа ұлт мектептеріндегі қазақ тілі сағатының өсуі мен әдебиет пәнін жергілікті ұлт өкілдері жүргізе бастауы (бұрын әдебиетті орыс тілі-әдебиеті маманы оқытатын) қысқартылған, жеделдетілген сырттай оқыту түрінің пайда болуы туғызды. Екінші жоғары мамандық алып, ұлт тілі мен әдебиеті мұғалімі болып шыға келді. Екі жылда бар жоғы бір айдан үш рет сессияға келіп, диплом алады. Олар сол уақытта қазақтың ғасырлар бойғы әдебиетінің бүкіл тарихын меңгеріп ала алады дегенге сену қиын. Қазір сырттан оқытудың екі жылдық, үш жылдық, бес жылдық оқу мерзімі бар. 40 балдан жоғары алсаң болды, ақшасын төле де оқи бер. Оқытушы сатқан кітапты сатып ал, пара бер, таныс тап, әйтеуір диплом алсаң болды. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті, жалпы филологияға сырттай оқитын талапкерлерге тіл мен әдебиеттен алатын әр пән бойынша балы ең кем дегенде 20-дан төмен болмауы

қажет. Екеуінен – 40 балл. Ал жалпы төменгі табалдырық 60-70-тен төмен болмағаны дұрыс (Басқа пән тағдырын ойлаушылар құптап жатса, өздері ойланар). Өзге мамандыққа қалай екенін білмейміз, ал қазақ тілі мен әдебиеті бойынша 2 және 3 жылдық сырттай бөлімін мүлде жабу керек. Ол біріншіден, қысқаруға түскен басқа пән иелерінің тез арада тілші-әдебиетші болуын тоқтатады. Олар әзірше орыс мектептерінде жүр, бірақ үйрене келе қазақ мектептеріне ауыз салары анық. Екіншіден, филолог мамандар дайындаудың сапасын арттырады. Әрі-беріден соң басқа ұлт мектептеріндегі бүкіл қазақстандық рух пен патриотизмді оқушы жан дүниесімен негізге сіңіретін ұлттық тарих, тіл, әдебиет пәндері екенін ешкім жоққа шығара алмас.

Қазақстандағы ЖОО тіл-әдебиет кафедраларында осы пәндерді жүргізу әдістемесі жеке пән ретінде оқытылады. Ал жеке әдістемелік кафедра санаулы оқу орындарында ғана бар. Енді ғана қайта ашылған педагогикалық институттар бұл жағдайды жақсарта, бірақ ол жеткіліксіз. Сондықтан әр жоғарғы оқу орнында «Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі» кафедрасы міндетті түрде болуын қадағалау қажет. Оны заман талап етіп отыр. Мектептердегі оқу-тәрбие жұмыстарының нашарлап кету себебі - әлеуметтік, экономикалық себептерімен қоса, идеологиялық, тәрбиелік жұмыстарда кемшілік жіберіп отырғанымыздың айғағы. Қылмыс жасаушылар санында жастардың үлес салмағының басым болуы, тіпті мектеп жасындағы балалардың орын алуы оған дәлел.

Қазақ тілі әдебиетін оқыту әдістемесі кафедрасы мыналармен шұғылдануға тиісті:

1. Пәнді мектепте оқытудың ғылыми негіздерін заман талабына сай қайта құру. Ол үшін жасалып жатқан реформалар мен жаңалықтардың қалыптасқан дәстүрге қарым-қатынасы мәселесін арнайы зерттеуден өткізіп

барып қолға алынуын қадағалау. Әйтпесе педогогикалық, әдістемелік тақырыптарда ғылыми жұмыс қорғағандар оны өндіріске енгізу мақсатында тықпалау үстінде. Әдістеме саласында «жаңа Америка аша беру» үнемі сәтті бола бермейтіні соңғы кезде естен шығып бара жатқаны жалған емес.

2. Мектептегі оқу жүйесіне енгізіліп жатқан жаңа технология мен инновациялауларды талқылаудан өткізу арқылы жетістік – кемшіліктерін ашу. Себебі олардың мектептегі әр пәннің өзіндік оқытылу ерекшеліктеріне сәйкестігі ғылыми да, әдістемелік те тұрғыдан жан-жақты зерделеуді қажет етеді. Сонда ЖОО мен мектептің арасындағы байланыстың сөз немесе қағаз жүзінде қалуынан арыламыз.

3. Мектеп, лицей, колледждердегі әдебиет пәнінің оқытылу сапасын жақсарту мақсатында ғылыми шығармашылық байланыс орнату. Пәнді оқыту әдістемесінен қорғалатын ғылыми жұмыстар үшін мектеп дерек көздері ғана емес, тікелей іс-тәжірибе арқылы дәлелдеуге қол жеткізу. ЖОО мен мектеп арасындағы шығармашылық байланысты тек оқытушы – мұғалім – оқушы жүйесінде ғана емес, оқушы – студент – маман жүйесінде де жүргізуді жүзеге асыру. Жақсы маман әдебиетші дайындауға тәжірибелі мұғалімдерді тарту. Жалпы алғанда қандай да болсын пән әдістемесін мектепте ең кем дегенде бес жыл жұмыс тәжірибесі бар оқытушы жүргізгені дұрыс. Ал қазір дәрісті әдебиеттанудың басқа саласынан қорғаған оқытушы оқыса, практикалық сабақты жас оқытушылар немесе жаңа бітірген магистранттар жүргізіп жүр. Біз сонда ғана мектеп сауатсыз оқушы шығарады, ал ЖОО нашар мұғалім дайындайды деген ортақ кіналасудан құтыламыз.

4. Әдебиет пәнін оқыту әдістемесін ғылыми зерттеу нысанына ала отырып соны ізденістер жасау. Мектептегі

әдебиет сол баяғы бір бастауыш әлі бастауыш - тіл, немесе формуласы өзгермейтін алгебра емес. Ұлттық әдебиеттану ғылымы тәуелсіздік алғаннан бері қаншама өзгерді және жылма-жыл даму үстінде. Ендеше оқулықтар жазу жұмысы мен сапасына кафедралар тікелей жауапты демей-ақ қоялық, бірақ батыл араласуы керек. Әдебиет оқулықтары авторларының бірі міндетті түрде мектеп мұғалімі болуына мүмкіндік туғызу. Халқымыз «Егінді сепкенге орғыз» дегенді бекер айтпаған.

5. Студенттердің іс-тәжірибеден өту кезеңінде жүргізетін жұмыстарының нақты ғылыми-әдістемелік және бағдарламалық жүйесін жасау. Еліміздегі мемлекеттік және ақылы ЖОО-ның бәрінде дерлік филология факультеттері бар. Оларда студенттерді педогогикалық іс-тәжірибеден өткізу бір деңгейде емес. Әр қайсысы өз білгенімен және мүмкіншілігімен ұйымдастырып жүр. Оның бүкіл республикалық көлемде басшылыққа алар бір жүйедегі бағдарламалық негізін жасау.

Әрине ЖОО-дағы әдістемелік кафедралардың бұлардан басқа да толық жатқан ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік мәселелермен шұғылдануына тура келері анық. Олардың бәрін тізбелеп жату артық. Ендеше Білім және ғылым министрлігінің «құлағына алтын сырға» деп сөзді тоқтатуға тура келеді.

## 5. Түйін

Қорыта келгенде айтарымыз, қазіргі таңда мектептегі сын көтермей отырған тәрбие жұмыстарын түбегейлі қайта құру қажет. Онда да жаңа реформа бастап даурықтырып жібермей, ғылыми-практикалық негізде зерттеп-зерделеп алып барып кіріскен абзал. Сонда ғана көп сөз болып

жүрген бүкіл қазақстандық идеология мен жаһандастыру процесінің астарында ұлттық мүдде мен халықтық тәрбиенің жұтылып кетпеуіне мүмкіндік мол болады. Ал бұл бағыттардағы жұмыстарда мектептегі әдебиет пәнінің атқарар маңызы ерекше десек, артық айтқандық емес. Қазақстан Республикасының «Білім беруді дамытудың 2005 жылға дейінгі дамыту» бағдарламасының аясында науқаншылдық басым болып тұрғаны жасырын емес. Және неге 2005 жылға дейін ғана екені түсініксіз. Эк-министріміз осы жылға дейін бәрін шешіп тастаймын деді ме екен, әлде одан кейін дамытуды тоқтатқысы келді ме, ол жағы ешкімге де түсініксіз. Ал И.А.Крыловтың «арбасы» әлі сол орнында тұр. Академик Ә.Марғұлан ағамыз «Бірдеңе білеміз, білгеннен соң айтамыз» деген екен.

2006 ж.

## ТАҒЫЛЫМҒА ТАҒЫМ

### «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» (Халық мақалы)

Оқу ғимаратында асықпай ғана маңғаз басып келе жатады. Жүгіре басып барып сәлем бересің. Аман-саулықтан соң:

- Сен бала осы... – деп сөз бастайды. Қуанып қаласың. Егер «Осы сіз» деп бастаса-ақ болды, онда күнделікті күйбең тіршіліктің қамымен жүріп бір жерден мүлт кеттім деп ойлай бер. Ұстаздардың ұстазы болып жүрген абзал ағаның «Сізге» бергісіз «Сеніне» қайта ие болу үшін ойланып-толғануға, өз-өзіңе іштей есеп беруге тура келері анық. Бірақ жеке бастың пендешілік жолындағы реніш емес ол. Не ғылым саласындағы іс-әрекетіңе көңілі толмағаны, не адами қасиет көрсетуде аяқты шалыс басқаның. «Осы аға неге ренжи береді», - деп өкпелей де алмайсың. Өйткені ұстаз ұлағаты деген сол.

Өткен ғасырдың сонау алпысыншы жылдары ортасынан бастап жоғарғы оқу орны саласында еңбек жолын бастаған Задан Тасқалиұлының алдынан мыңдаған шәкірт білім алып, маман ретінде қалыптасып шықты. Олардың кез келгеніне сөзін «Сен бала осы...» деп бастамасы анық. Әрі-беріден соң міндетті де емес. Ал өзін «Сен бала осыға» ие бола алсаң, онда Ұстаздың биік талғамы мен талабының үддесіне шыққаның. Сонан соң «мен өзі соған лайықпын ба?» деген күмәнді ой үнемі мазалап, сол «осы сенге» тірелетін сенімнен айырылмауға ұмтыласың. Еліміздің шартарабында жүрген түлектер қалай екенін білмеймін, ҚарМУ-дің филология факультетінде еңбек етіп, ғылыммен айналысып жүрген, алдының жасы елуден асқан, бүгінде шашына ақ кірген аға шәкірттерінен бастап бүгінгі аспирантура,

магистратурадағы жүрген жастарға дейін әрдайым осы сезімде жүретіні анық. Өйткені олардың бәрі – Зекеңнің зерделі шекпенінен шыққандар.

Зекең бас болып ірге тасын қалаған «Қазақ әдебиеті» кафедрасы өсіп-өне келіп, отызға тарта маманы бар екі кафедраға айналды. Кез келген жоғарғы оқу орнынан иығы озық ғылыми ортасы бар ұжым, тіпті ҚазМҰУ-мен бой таластыра алады десек, артық айтқандық болмас. Олар түгілі қазақ тілінің екі бірдей кафедрасындағы Зекеңнен дәріс тыңдау құрметіне ие бола алған әріптестеріміз де абзал ағаның осы жетпіске толар мерейтойы алдында «үлгілі ұстаз, жақсы аға, қамқор адам ретінде менің өмірімде қандай із қалдырды» деген ойда жүргеніне сенім кәміл. Өйткені олардың барлығы – Зекеңнің зерделі шекпенінің жылуын сезініп барып, ғылым атты кең дарияға сапарға шыққандар.

Әрине, толғауы тоқсан тағдырдың бұйрығы да шығар, алайда осынау аласапыран өмірде оларды қызығынан қызғанышы, мейірімінен қаталдығы басым ғылым атты қиын салаға тәрбиелеп, бәйгеге қосқан Зекең еді. Кешегі тоталитаризм заманындағы қазақ тілінің абырой-беделі төмендеген кезде ұлттық ниглистер мен мәңгүрттермен арпалысып жүріп «Қазақ әдебиеті» кафедрасын ашып, оны жиырма жыл бойы басқару оңай шаруа болмаса керек. «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында оқитын бар-жоғы 25-ақ студентке тіл мен әдебиеттен бір кафедра жетпей ме?» деген сыңаржақ пікір айтылмай да қалған жоқ емес еді. Ал «орыс тіл-әдебиеті» мамандығына бақандай 75 студент қабылданатын. «Мен қазақпын» деп кеуде қаққанмен өз ұлты алдында презенттік парызын (егер орындаса) әркім әрқилы сипатта түсінетіні бар. Біреу кеуде қағып айғай-шумен, «мені көрдің бемен» шықса, ал енді басқалары үндемей ғана іс тындырып мадақ-мақтау күтпей-ақ жүреді. Біз Зекеңді осы соңғы топтағы адамдар

қатарына жатқызар едік. Дәлел керек пе? Күндізгі бөлімде оқитын 25 студенттің әрі кетсе екі-үшеуінен басқасы түгелдей қыздар болып келгені жалған емес. Олар және әлім-перім жүретін ұлдарға қарағанда, тиянақты да білімді келетіні рас. Ұлдардың бұл мамандықты таңдауының да нақты себебі бар. Бүкіл республика бойынша ҚазМУ-дегі жалғыз «журналистика» факультетінің қазақ бөліміне де қабылданатыны – 25 студент қана. Оған оқуға түсу-қияметтің қайымы. Ал әжесінің әлдіі мен ертегісінен бастап ұлттық рухани мұрадан сусындап өскен ұлдардың барлығы – шетінен «ағып тұрған» ақын. Әй, білмеймін, алдарына ұлы Абайды салса салатын шығар, ал Мұқағали, Қадыр, Жұмекендермен өзін тең санайтын «ылғи мықтылар». Бүкіл Орталық Қазақстан аймағындағы осындай өзін «дүлдүл» санайтындардың тоқайласатын жері – Қарағанды шаһары. Рас, олардың барлығы бірдей айтулы ақын болып шықпаған да болар. Бірақ әдебиет аталатын қасиетті өнерге қатысы бар орта және жоғарғы оқу орындары саласында, журналистикада, баспа орындарында абыройлы еңбек етіп жүр.

Емтиханның ең қауіптісі де, ең жауаптысы да әдебиет пәнінен шығарма жазу. Әдеби білімі де, жазуға бейімі де болғанмен ұлдар жағы қазақ тілінің қаптаған үтірі мен сызықшасының салдарынан алғашқы емтиханнан кейін-ақ селдіреп шыға беретін. «Алтын бесік-ауылым» атты еркін тақырыпқа өлеңмен поэтикалық шығарма жазған талапкердің жазба жұмыстан «екі» алып еңкілдеп тұрып жылағанына да куә болған едік. Сол жігіт мойнына түскен тағдыр тауқыметінен оқи алмады, қазір аудандық газеттің дипломсыз тілшісі болып қалды да қойды.

Міне, жігіттер жағының оқуға түсуі аз болуына қатты алаңдаған Зекең қабылдау емтиханы кезінде комиссия мүшелеріне «ұлдарды сақтайық» деп қанша өтінгенімен, ол ойы жүзеге аса қоймайды. Ақыры өзі комиссия

төрағасы болған 1974 жылы осыны жүзеге асыру мақсатында тәжірибе жасап көруге бел байлайды. Бағымыз бар шығар, біз осы экспериментке тап болдық. Сол жылы оқуға түскен топтағы жиырма бес баланың 14-ті жігіттер болды. Қазірде ердің жасы елуді еңсерген солардың төртеуі өздері бітірген факультетте оқытушы-ғалым болып қызмет атқарып, ғылыммен айналысып жүр. Ғылым кандидаттары, докторлық диссертация қорғау жолында еңбектенуде. Сол он төрт жігіттің ең төмен қызметтегісі – мектеп директоры. Бір орынға конкурс 15 адамнан келетін «қазақ тілі-әдебиеті» мамандығында оқитын жігіттер санының көбейуі осыдан, яғни Зекеңнің әлеуметтік, тіпті ұлттық мәні бар мәселені дер кезінде түсіне білген көрегендігінің арқасында десек, бос сөз бола қоймас. Таяуда ғана бір танысымның баласын үйінің жанында тұрған мектепке бармай, алыс мектепте оқытып жүргеніне таң қалғанымда: «ол мектепте қазақ тілі мен әдебиет пәнінен ер адам сабақ береді. Балам жақсы адам болып өссін десең, осы ойыңда болсын» деп жауап берген еді. Сонда Зекеңнің сол жылдардағы бастамасының мәні зор екенін одан сайын ұғына түскен едім.

Әдебиет атты киелі сөз өнеріне ұмтылған сол жетпіс-сексенінші жылдардағылар бір ерекше ұрпақ еді. Мысал керек пе? Қазір танымал журналист Т.Майбастың былтыр ғана республикалық жүлде алған «Керат» әңгімесі сол жетпісінші жылдарда жазылып еді. Жатахананың тар бөлмесінде оқушы дәптеріне жазылған туындыны таласатармаса оқығанбыз. Классик жазушы О.Бөкей жоғары бағалаған әңгіме отыз жылға жуық еш жерде басылмай қойды. Керат бейнесі шахтада көмір тасып әбден көмпіс болған жылқы жануар ма екен?! Шахтадағы қараңғылыққа үйренген оны қартайғанда жер бетіне шығарғанда соқыр болып қалуында не сыр жатыр?! Ол-отаршылдық пен бодан болудан басы айналып шарасыз күйге түскен, алды

мәнгүртке айнала бастаған, шерменде күйдегі қазақ халқының символдық образы деп ойласаңыз, қателеспейсіз. Ал жап-жас жігіттің осындай жабық тақырыпқа баруы табиғи талантының әсері ғана емес, оған жол ашқан Зекең секілді ұстаздардың арқасы да еді. Әрине, кейбіреулері «Зекең маған қалай жазуды үйреткен жоқ» деп қарсы болуы да мүмкін, бірақ әдебиеттің әсемдік әлемінің қыр-сырын ұғындырған Зекең бастаған ұстаздар екенін ешбір жоққа шығара алмас.

Шығармаларын оқымақ түгіл, атын айтудың өзі қауіпті саналатын Алаш арыстарының есімдері мен көркем туындылары туралы танымдық деректі де біз алғаш рет тек Зекеңнің аузынан естігенбіз. Зекеңді құдай сақтады, «ұлтшылдықтың» қамытын киіп шыға келуі оп-оңай еді. МХК-нің «үндемес» тыңшылары студенттік топтардың ортасында да болды. Оған дәлел – егер ұмытпасам, өз дәрісінде Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылмағаны, оны адам айтқысыз қанжоса қырғынмен жаулап алғанын нақты деректермен дәлелдеген тарихшы ғылым кандидатының тағдыры. Ең өкініштісі – қазір оны ұлы державалық шовинистік қысымға қарсы өз әлінше көзсіз ерлік жасады деп бағалап жүрген ешкімнің де болмауы. Ал, біз Зекеңнің дәрісінде М.Әуезовтің «Қаракөз» трагедиясы жабық бәйгеден бірінші орын алу себебі «ұлтшыл-алашордашыл» Ж.Аймауытов деген «біреудің» өзінің «Шернияз» драмасына тиселі бірінші орын мен оған берілетін ақшалай сыйлықты оқудағы Мұқтарға қиғанын естіп тандай қаққамыз. «Ел қорғаны» деген драмасындағы қазақ ауылына қызылдар келіп қалғанда алдынан көтеріп шығатын қызыл шүберек болмай қалғандағы «қатындардың дамбалы болса да табыңдар», «ол құрғырлардың қай бір жөнді ыстаны бар дейсің» дейтін кейіпкер сөздерін Зекең тек өзіне тән және ешкім қайталай алмайтын мысқылмен айтатын. Жігіттер жағы ду етіп, ал

қыздар бетін партаға басып алып жырқ-жырқ күледі. Ондай сәтте Зекеңнің көзіне түсіп көріңіз, «Сіз неге күліп отырсыз. Мен күлкілі сөз айтып тұрмын ба?» деп сөгіп тастар еді. Сонда ойлайтынбыз, «өзі күлкілі нәрсе айтып, неге күлесің» деген реніш айтатыны несі деп. Қарап отырсаң, айтылған сөздің мән-мағынасына ой жібермей, үстірт қана түсінетінімізге налиды екен-ау.

Қ.Жұмалиевтің 1938 жылғы шыққан «Әдебиет теориясы» еңбегінен де бұрын «ұлтшыл-алашордашылардың» көсемдерінің бірі А.Байтұрсынов «дегеннің» «Әдебиет танытқыш» атты іргелі зерттеуі болғанын да алғаш Зекеңнің дәрісінде таныс болдық. Сөйтсек «санасы барлары болса ұға берсін, ең болмағанда өз халқының даналарының есімдері құлақтарында қалсын» деген мақсатта айтады екен ғой. Филфактағы қыздар жағында шама жоқ, Зекеңді анадайдан көрсе-ақ болды, айнала қашады. Ал біз, жігіттер жағы, Зекеңнің көңілді шағын аңдып және тағы бір аяулы ұстазымыз Мұрат Смағұлов екеуін айналдырамыз. Адам баласының тиым салынған нәрсеге құмартып тұратын қасиеті бар ғой. Пионер, комсомол болып тәрбиеленген біздер ғылыми зерттеу еңбектерде «ұлтшыл» атанып қара күйе жағылғандар туралы барынша көбірек білгіміз келетіні рас еді. Себебі біразымыздың әкелеріміз Ахаңның әліп-биінен сауат ашқандар болғандықтан, бала кезімізде солардың айтқандары мен Зекеңнің мағынасы терең сөздерін өзімізге белгісіз бір түйсікпен ұғынуға талаптанушы едік. Ендеше профессор Т.Кәкішевтің «С.Мұқанов өзінің 1932 жылғы «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті (Ұлтшылдық – байшылдық дәуірі)» атты еңбегін субективизмге сүйене отырып әдейі жазды. Ондағысы «ұлтшылдықты» әшкерелеген бола отырып, оларды тарихта қалдыруды мақсат тұтты» деген пікірін еріксіз мойындауға тура келеді.

Жаңа айттық қой, «Ұстаз менің өмірімде қандай із қалдырды» деп өзін шәкірт санайтындар қайтсе де ойланады дегенді. Өз басым Зекеңнің ұстаздық ұлағатына бөленген санаулылардың бірімін және оған мақтанамын да. Бәрі Сәбеңнен, иә, кәдімгі Сәбит Мұқановтан басталды. Зекең «мұқановтану» аталатын арнайы семинар курсы жүргізетін. Ұмытпасам, үшінші курста болуы керек. «С.Мұқановтың лирикасы» деген тақырыпта «өлең жазуға икемі бар баласың ғой, баяндаманы сен жасайсың» деп маған тапсырды. Зекең айтты, бітті, басқаның жазғанын көшіріп әкеліп оқып бере алмайсың, оны кім айтқанын, қайда жазғанын бірден біледі. Күні-түні тынбай ізденіп, Сәбеңнің бүкіл өлеңін ақтарып, оны да дайын қылдым. Сәбең лирикасы туралы пікір айтқан әдебиетші ғалымдарға сүйене келе ақырында «Сәбит ақын емес» деген қорытынды жасағаным есімде. Өйткен тұжырымым құрысын, «дұрыс, ғылыми зерттеу жұмысына бейімің бар екен» деген секілді мақтау күтіп тұрмын ғой баяғы. Жазған басым, Зекеңнің «сәбитшіл» екенін қайдан білейін. Зекең: «Сен бала, өзінді кіммін деп ойлайсың? Академик-жазушы, қазақ әдебиетінің классигінің лирикасына осындай үкім шығаруға кім право берді» деген секілді пікірмен сойды да салды. Бірге оқитындар «енді біттің, саған сынақ қоймайды» деп көпіртті. Шыны сол, зәре-құтым қалмады. Жоқ, сынақты қойып берді.

Жалпы Зекең менің де «сәбитшіл» болуыма, жақсы көріп кетуіме қатты ықпал жасады. Оның да себебі бар. «Қазақ әдебиетінің 1940-50 жылдардағы тарихынан» дәріс оқитын. Ол кісінің сабағын себепсіз көп босатым дегенше, емтихан тапсыруға бармай-ақ, чемоданыңды жинап ауылға қайта беруіңе болады. Қатты да қатал талап қойып, пәнге қатысты көркем шығармаларды түгел оқуды қадағалайды және оны анықтау үшін жекелеген эпизодтық детальдарына дейін сұрайды. Сол жылы әкей қатты

ауырып қалып, деканаттан ауылға баруға сұрандым. Зекең сабағы аптасына екі рет қана болушы еді. «Е, оны босатсам ештеңе ете қоймас» деп аттанып кеттім. Сөйтсем бір оқытушы іссапармен жолға шығуға тиісті болып, ағай оның пәндерін ауыстырыпты. Сонда барлығы сегіз рет сабақ босатқан болдым да шықтым. Сабаққа келісімен-ақ Зекең «Сіз сабаққа қатыспай қайда жүрсіз?» деп қадала сұрады. Себебін айтып ақталып-ақ жатырмын. Тындау қайда, «білімнің тасып жүрген шығар, көреміз ендеше емтиханда» деп бетімді қайтарып тастады. Жора-жолдас «бұл жолы біржола біттің» десті, өзім де «құрыдым» дедім.

Енді маған тыныштық қайда, Сәбеңнің алғашқы жазған «Жалшының зары» атты өлеңінен бастап, соңғы еңбегі «Халық мұрасына» дейін түбегейлі оқып шықтым. Әрі-беріден соң түгел есте қалмас деген оймен, фабулалық конспект те жасап алдым. Емтихан да келді. Билеттегі сұрақтың біреуі міндетті түрде С.Мұқанов шығармашылығынан. Басқа екі сұраққа жауап берілген соң Сәбеңе көштік. Зекең сұрап отыр, мен жауап беріп жанталасудамын. Қысқасы не керек, Сәбеңнің шығармашылығын сүзіп шықтық. «Тағы да сұрай түссем бе екен» дегендей біраз ойланып барып: «Сен бала бірдеме білетін болған соң еркелеп жүр екенсің ғой» деді де «5» қойып берді. Ел де таң қалды, «үштік бағаға тапсырсам» да ризамын деп жүрген мен де таң қалдым. Бәріміз де «міне, әділдік» дестік.

Қазір ойлап отырсам, Зекең мені осыдан кейін-ақ ғылым жолына икемдей бастапты. Студенттердің ғылыми конференциясында баяндама жасау, баспасөзде рецензия, мақала жазу, «балауса» аталатын студенттердің шығармашылық үйірмесінің отырысы секілді жұмыстарды шындады. Диплом жұмысына екі жыл бұрын қайтыс болса да «жаман» атақтан әлі құтыла қоймаған М.Мақатаевқа салды.

Кейіннен білдім, КазПИ-де оқып жүргенінде М.Силченко, Э.Себертян бастаған оқытушылар орыс және шетел әдебиетінен екі жүзден астам шығарманы оқуды тапсырады екен. Олардың кейбірі үш-төрт томнан тұрады. Бұған қазақ әдебиетін қосыңыз. «Филология факультетінде оқу дегеннің өте қиын екенін сонда ғана білдім, - деп еске алады Зекең – Ұлттық фольклор мен әдебиетінен жақсы білгенің үнемі ескеріле бермейді. 4 курсқа дейін оқудан шығып кетсем қайтеді деп жүрдім. Әлгі әдебиеттерді тізім жасап алып қуалап тұрып сұрайды. М.Силченко сол көркем шығарманы оқымасың, үштен артық баға өлсе қоймайды. Бәрін білу қайда, сорыма қарай Мопассанның «Өмір» атты романы тап келді. Ол – оқуға қол тимеген бес-алты шығарманың бірі. Тура сол келеді деп атымен ойлаған емеспін. Өліп-талып әрең тапсырдым. Ал қазіргі студенттерге шығарма оқы десен аттап баспайды. Содан бұрын да екі ойлы жүрген басым тіптен көңілім қалды. Ақыры зоовет институтқа үшінші курсқа ауысып кетуге бел байладым. Келісіп алған соң, деканымыз Х.Әділгереев деген адам еді, соған бардым. Бұл бесінші курстың орта шені еді. Деканымыз шошып кетті, мемлекеттік тапсырыста бітіруге тиісті адамнан айырылу оңай емес, ол кезде заң да қатты, таяқ жеуі оп-оңай. Ол өзі Кенесары бастаған ұлт азаттық көтеріліске байланысты Е.Бекмахановтармен бірге қуғын да көрген кісі еді. Жағдайымды түсініп, орнынан тұрып жаныма келіп отырды, біраз әңгімелестік. Алайда бітіріп алған соң да басқа оқу орнына түсуге болатынын, ал дәл қазір босата алмайтынын айтып, алдап-сулап шығарып салды». Осы бір кездесу Зекеңнің келешектегі тағдырына да әсер еткен екен. Қ.Жұмалиев аспирантураға қалдыру үшін екі жігіттің кандидатурасын ұсынғанда, декан «бұл өзіне қатты талап қоя алатын студент» деп Зекеңді таңдапты. Оған студенттердің жағдайын білу үшін жатақханаға келіп,

қолы бос болса шахмат ойнап кететін белгілі ғалым, КазПИ-дің сол кездегі ректоры М.Ғабдуллин де қарсы болмаған.

Ал бірде «ғылымға қалай келдіңіз» деп сұрағанымызда Зекеңнің былай дегені бар: «Аспирантураға қаламын, ғылыммен айналысамын деген ойым мүлде болған емес. Біздің Орал жақтың бір студенті болды, өте үздік оқушы еді. Соған «аспирантураға қал» деген ұсыныс жасағанда «жоқ, мен ауылыма барып мұғалім боламын, еліме еңбек етемін» деп үзілді-кесілді қарсы болды. Міне қырық жылдан асты өмір бойы мектеп директоры болып келеді. Райком, обкомға шақырғанда да барған жоқ. Алдына бір ғана мақсат-мұрат қойып, соған жету жолында таймайтын және тайынбайтын адамдарға қатты қызығамын. Егер сол жолы қалғанда баяғыда-ақ академик болатын еді. Мен өзіме ұстаз санайтыным – академик Қ.Жұмалиев. Фольклордан да ақын – жазушылар шығармаларын да жатқа соғатын есте сақтау қабілеті жоғары адам еді. Бір емтиханда «Біржан-Сара» айтысын басынан аяғына дейін жатқа айтып «өте жақсы» деген баға алғанмын. Содан кейін-ау деймін, көңілі түсіп, аяқ астынан аспирант болдым. Ал өзім болсам, кейін белгілі ғалым болған, сол кезде «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы Н.Ғабдуллинге жолығып, сын бөліміне әдеби қызметкер болып баруға келісіп қойғанмын. Сол ұстазым Қажекеңді бір ретте ренжітіп те алғаным бар. Аспирантураның соңғы айында диссертацияны кафедраға тапсыру туралы Қажекеңнің тапсырмасы болды. Сонда жұмысты дер кезінде бітіргені үшін бір айлық қосымша степендия берілмекші екен. Қай күні екені есімде жоқ, сағат 14.00 – де жұмыс кафедрада жатуы керек деген нұсқау алдық. Қолжазбамды машинкаға бастыру үшін редакцияда істейтін бір қартаңдау әйелге тапсырып едім. Бірер күн бұрын хабарлассам, ауырып қалыпты да жұмысты басып

бітірмеңті. Содан жан алып-жан беріп сағат 17.00-тің шамасында кафедраға әкелсем, Қажекең қайтып кетіпті. Амал жоқ, үйіне телефон шалдым. Жұмысты кешіктірген себебімді айтып едім, ұрсып берсін. Үндемей ғана тыңдадым. Қажекең айтып-айтып келді де «болды, саған степендия бергізбеймін» деп аяқтады. Қырсығым ұстап кетті: «Қажеке, ол степендия менің жыртығымды да жамай алмайды, өйткені менің жыртығым үлкен» деп телефон тұтқасын орнына қоя салдым. Енді қайтейін, сол жұмыс деп жүріп қарызға әбден белшемнен батқанмын, сонда ұмытпасам, үш жүз сомнан артық қарызым болды ғой деймін. Кейін білсем, Қажекең таңертең ертесімен келіп ғылыми істер жөніндегі проректорға кіріп, менің степендия алуыма мүмкіндік жасапты. Талап қоя білетін қайырымды адам екеніне тағы да бір осылайша көз жеткіздім». Міне, ұлттық әдебиеттануда өз орны бар З.Жұмағалидың қайыспас қайсар мінезбен ғылымға келуінің өзінің осындай сыры да бар.

Әдебиеттің өнердің бір саласы ретіндегі эстетикалық мұраты адам тәрбиелеу екені әлімсақтан мәлім. Оның қай тақырыпта болса да жырлайтын басты өзегі – бүкіл азаматтық гуманизм. Қандай да болсын қоғамда гуманистік идеялардың жырланатыны, жақсылық, әділік, шындық және тағы басқа ізгі қасиеттер дірңптеліп, жамандық атаулы сынға айналатыны бұлжымас қағидаға айналғаны қашан. Ендеше әдебиеттану аталатын күрделі ғалымда бұл проблеманың ыждаһатты түрде зерттелуді өажет екендігі өз-өзінен белгілі. Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде осы тақырыпқа алғаш барған да және түбегейлі тексерген де Зекең болды. Кандидаттық диссертация қорғағаннан соң ұстаздық етіп жүргенде қатты қызғандырғандықтан оны түбегейлі зерттеуге бел байлады.

«Ол кезде» - деп еске алады. Зәкең, - тоталитаризм зардабынан әдебиет кеңестік идеологияның үгіт-насихат құралына айналған шағы еді ғой. Бірақ гуманистік идеялар жырланбайтын көркем шығарма болмайды. Маған жекелеген және атағы шығып жүрген жазушылар шығармаларын зерттеуге ұсынғандар да болды, ақыл-кеңес бергендер де болды. Бірақ, көзқарасымнан таймадым. Себебі, жеке ақын-жазушы шығармашылығынан докторлық қорғау ғылым үшін де қажет болғанымен жеке бас үшін де бүкіл ұлттық әдебиеттанудың келелі деп саналатын күрделі мәселері тұрғанда өзімді әдейі қиынға салдым. Бұл жолдағы талпыныс қадамымды түсіне білген және барынша құптаған профессор Т.Нұртазинге деген алғысым мол».

Расында да Зәкеңнің «Өршіл гуманизм өнегесі» аталатын 1977 жылы жарық көрген монографиясы ғылыми ортада резонанс тудырды демесек те таптаурын болған тақырыптардан қара үзін шыққаны шындық. Қазіргі ғылыми зерттеушілік ой-пікір бұл тақырыптағы бағытта соны ізденістер жасауға талпыныс жасап жатқан болса, сол жолдың басында Зәкеннің ғылыми зерттеулері мен мақалалары тұрғаны анық. Жаңадан тың жол бастау қашан да қиын болып келетіні белгілі. Сондықтан да болар, «бұл не өзі» деп ой жүгіртіп жатпай-ақ, едірейе қарағандар да болмай қалмады.

Танымал ғалым Зәкеннің қолынан шыққан «Өршіл гуманизм өнегесі» (1977), «Дауылды жылдар шежіресі» (1987), «Уақыт және әдебиет» (1999), «Замана сазы» (2001), «Жылдар ойлар» (2004), «Бел-белесте» (2005), атты монографиялар мен «Шындық және көркем әдебиет» (1993), «Кезең және әдебиет» (2004) және т.б. оқулықтары табан ақы, маңдай терімен келген елеулі еңбектер деп біледі. Мысалға 1999 жылы жарық көрген «Уақыт және әдебиет» атты зерттеу еңбегін алсақ та жеткілікті.

Тоталитарлық-әміршілдік жүйе ғылыми-зерттеу жұмыстарында басты бағытқа ұсынған маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы мен партиялығы аталатын қасаң қағидалары салдарынан бұрмалана түсіндіріліп келген қате көзқарастар түзетіліп, қазіргі кездегі талапқа сай жаңаша талданған. Еңбектегі 1994 жылы жазылған «Ұлылық ұлағаты» аталатын М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы туралы мақаладан бір ғана үзінді аламыз: «Саясат құрбандығына бірінші салынған – Құнанбай қажы. Ол – ата-бабасынан уызы арылмаған әйгілі алпауыт, ел басқарған әкім. Сондықтан оны қалай сілкісең де, арқасына қандай құрым жапсаң да сауап. Тек қисынын тап. Аюдай ақырған заман талабы, міне, осы. Қазіргі ұрпаққа ақынның әкесі тек «Абай жолы» бойынша ғана таныс. Оны жауыздықтың, қаталдықтың, мансапқорлықтың – барлық жамандық атаулының баламасы деп біледі. Ал шын тарихтағы Құнанбай одан өзгешелеу болыпты. обалы не керек, маркстік-лениндік ілім Құнанбайды қорғап бас қатырған жоқ. «Неге олай болып шыққан» деушілерге ол табиғи Құнанбай емес, әдеби кейіпкер деген уәж айттық. Саясаттың отына күйген жалғыз Құнанбай ма?»- деген секілді тың ойлар Әуезовтану іліміндегі зерттеушілік ой-пікірде тәуелсіздік алған кезде алғашқылардың бірі болып айтылуымен құнды. Бұл секілді кесек-кесек соны тұжырымдарды еңбектегі «Тар жол – тайғақ кешу», «Ботакөз», «Қан мен тер», «Ақ жайық», «Тоқаш Бокин», «Қыран қазасы қияда» сияқты тарихи тақырыптағы шығармалар туралы жазылған мақалалардан көптеп кездестіруге болады. Тарихи тұлға және көркем бейне проблемасы мен жазушының шығармашылық лабораториясын терең түсінуге ұмтылған филолог маман да, студент шәкірт те ғылыми мәні мол жаңа деректер мен тың талдау, сапалы саралаулар таба алар еді.

Көркем шығармалардың тағдыр-талайы туралы жаңаша ізденістер Зәкенді ұлттық әдебиет тарихындағы ақтандақтар тақырыбына жетеледі. Қазақ халқының зиялы қауымына қарсы жүргізілген қатал саясат пен шовенистік көзқарастың құрбаны болған М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердіұлы, Ж.Аймауытовтардың өмірі мен шығармашылығы, С.Торайғыров, М.Әуезов, С.Мұқанов, Х.Есенжанов және т.б. туралы бұрын ашық айтыла бермеген пайымдауларды ғалымның 2001 жылы шыққан «Замана сазы» атты ғылыми зерттеулер жинағынан кездестіреп едік. Нақты айтқанда З.Жұмағалидың сын-зерттерулері мен оқулықтары ұлттық әдебиеттану ғылымына қосылған сүбелі еңбектер десек, артық айтқандық емес.

Мерейтойлық мақаланың көбіне мадақ-мақтауға құрылатыны белгілі жайт. Бірақ оның мәні мен жөні де жоқ емес. Кейбіреулерге ол есекке тұлпардың ер-тоқымын салғандай болып тұратыны да бар. Ал Зекең туралы айтылар ой-пікір «сөз атасы - шындықтың» ауылынан алыс жатпасы анық. Зекенді мадақтау арқылы ара-арасында өзімді де мақтадық қой, бәрін айталық. Оқуды бітіргенде «Ебеке, мен осы баланы алып қалғым келеді» деп ректорға ертіп барды. Е.А.Бөкетов ағамыздың әскери міндетімді өтемегенімді сұрап білгеннен кейінгі: «Қарағым, Задан ағаң маған кім көрінгенді ертіп келмейді. Мен ойланбастан жұмысқа қалдырар едім, бірақ сені екі айдан соң-ақ әскерге алып кетеді ғой. Сонда мен сенің орныңды мына академиктің екі қолымен болса да жауып ұстап отыра алмаймын. Басқа адам алуға тура келеді. Ең әуелі әскеріңнен құтыл, сонан соң ғылымға кіріс», - деп екі алақйданын үстелдің үстіне қойғандағы кескін-келбеті әлі көз алдымда. Ұстазым «Үмітіңді үзбе, ол үшін хабарыңды үзбе» деп қысқа қайырды. Бәрібір Зекең қойған жоқ, әскерге бармау үшін аудан орталығынан алыс совхоздың

түпкірдегі бөлімшесінде сегізжылдық мектептің директоры болып жүргенімде үш жылдан соң қайта шақыртты. Балалы-шағалы болып үлгерген маған енді жол ашық еді. Нұрлан деген бір кемтарлау көршім болды, қалаға көшіп бара жатқанымда: «Блатыңның күші К-700 тракторынан да артық екен» деді. Ал менің «блатым – туған – туыс, тіпті жерлес те емес Зекең еді. Оны ол кезде кімге айтып жатасың, бәрібір түсінбейді. «Ұстаз күткен үміттің үддесінен шыға алдым ба» деген ой мені үнемі мазалаумен келе жатқаны да рас. Аға оқытушы болып жұмысқа орналастық, аспирантураға түсіп, ғылым кандидаты атандық, мақала жазып, кітап шығардық. Осының бәріне де Зекеңнің зерлі шекпенінің ұдай жылы ықпалын сезініп жүрдім. «Жаспын ғой әлі» деп тартыншақтанғанымға қарамастан өзі жетелеп апарып өтініш бергізіп, кафедра менгерушілігіне сайлатты. Докторлық қорғау жолындағы тағдарымыз да ұқсас. Басқасын білмеймін, жетпіс-сексенінші жылдарда оқу бітіргендерден мен сияқтылар өз ортасында ғалым, студенттерге оқытушы болып жүрсе, Зекеңдей ағамыздың өлшеусіз қамқорлығының арқасында жетілдік. Шығыстың бір ғұламасы: «Ғылымда жақсы шәкірт тәрбиелеп және оның өзінен асқанын қызғанбаған адам ғана шын мәніндегі Ұстаз», деген екен. Ендеше Зекең – ҰСТАЗ.

Зекең туралы көп жазуға, тіпті дәлел – дерек келтіре отырып молынан толғауға болар еді. Бірақ Зекеңе мадақ айтып жағу қиын. Табиғат берген мінезінен «қарағайға біткен қарсы бұтақ» та, «еменге біткен иір бұтақ» та табылады. Ебін тауып мақтай бастасаң-ақ болғаны, осы екі бұтақтың біріне ілініп қалмауды ойлап отырасың. (Шынымды айтсам, осы мақаланы жазу барысында қай жерде артық кеттім деп қылпылдап отырамын). Қызыл тілге ерік беріп дәріптей бастасаң-ақ болды, Зекең «сен бала, тура осы жерден тоқта» деп тиып тастайын. Ендеше

осынау бір ғажайып талантты қарапайым адам туралы сөзді тура осы жерде тоқтатылық. Бірақ атақты ғалым Гессе «каждый, кто идет в жизни собственным путем - герой» деген екен. Бұл тұрғысынан алғанда, біздің филология ғылымдарының докторы, профессор Задан Тасқалиұлы Жұмағали – өмірді тек өзі таңдаған және өзіне ұнайтын жолмен ғана сүріп келе жатқан ғалым.

2006 ж.

Репозиторий Қарғу

**Қазақстан Республикасы Білім және  
ғылым министрлігі назарына**

**МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚҚА МӘН БЕРУ КЕРЕК**

**«Жұрт ұқпаса, ұқпасын , - жабықпаймын,  
Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін».**

**А.Байтұрсынов.**

Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында атап көрсетілген көкейкесті мәселелердің бірі – мектептердегі ер мұғалімдердің мүлде азайып кетуі болды. «Гендерлік сәйкессіздік, мамандықтың феминизациясы (83,1% мұғалім - әйелдер) байқалып отыр. Төмен жалақы (еліміздегі орташа жалақының 60%-ға жуығы), педагог мамандығының беделінің болмауы жоғары білікті мамандардың бұл саладан кетуіне ықпал етеді. Инженер педагогикалық қызметкерлердің мәртебесінің төмен болуы техникалық және кәсіптік білім беруге жоғары білікті кадрларды тартуға мүмкіндік бермейді» деп атап та көрсетілген. Біздің ойымызша қазақстандық білім беру саласының әлі де болса әлемдік бәсекеге қабілетсіз болып отыруының бір сыры осында жатыр.

Биылғы жылы мұғалімдердің дәстүрлі тамыз конференциясында ерекше сөз болған және республикалық ұстаздар қауымын елендеткен өзекті мәселе де осы ер мұғалімдердің мектептерде өте азайып кеткендігі туралы болды. Білім және ғылым министрлігінің деректеріне сенсек, республика бойынша ер мұғалімдердің саны пайыздық өлшемге шаққанда 15%- дан аспайды екен. Шынтуайтына келгенде, бұл – қоғамдық, әлеуметтік қана мәселе емес, әрі-беріден соң ұлттық та мәселе. Ол БАҚ-

дарында жиі болмаса да, ауық-ауық сөз болып қалатын. «Егемен Қазақстан» газеті осы бір өзекті проблемаға айрықша көңіл аударып, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Қ.Бітібаеваның мақалалары мен сұқбаттарын жариялаған да болатын. Атақты ұстаз оқу-тәрбие және әдістемелік тұрғыдағы басқа да мәселелермен қоса, мектепті ер мұғалімдермен толықтыру кезек күттірмейтін көкейкесті проблема екенін батыл көтерген еді. Осы мақала авторларының бірінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының 2006 жылғы №2, №3 сандарында жарияланған «Оқулық туралы ойлану қажет» атты мақаласының да бұл туралы айтары аз емес. Қ.Бітібаеваның «Мұғалімі азған елдің болашағы жоқ» деген жан айқайына Білім және ғылым министрлігі жедел құлақ аспағанымен, «Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» негізгі мәселелері ескерілгеніне қарапайым ұстаздар қауымының айтар алғысы шексіз.

Соңғы жылдарда ауылдық жерлерде жоғарғы білімді білікті мамандардың жетіспеуі ерекше сезіле бастауынан «Дипломмен ауылға» бағдарламасы шұғыл қолға алынды. Ашығын айтсақ, бұл науқаншылдық деңгейде ғана атқарылып отыр. Әр әкім өз ауданына қанша жас маман келгені, қандай жағдай жасалғаны туралы есеп берумен шектелуде. Анығында өздеріне қосымша проблемалар туғызатын осы бағдарламаға сай жұмыстарға белсене кірісуге олардың құлқы да жоқ. Бастама мен ниет жақсы болғанмен, бұл іс-шара ауылдық жерлерде білімді жас мамандардың жетіспеуінен туындап отырған көкейкесті мәселелерді шешіп береді деп айта алмаймыз. Оған билік орындары да нық сене алмасы анық. «Дипломмен ауылға» бағдарламасын кешенді түрде жүргізуді қайта ойластырған

артық етпейді. Мемлекет грант бөліп тегін оқытып отырған ауылдық жерде сұранысқа ие мамандықтарды бітірушілерді арнайы жолдамамен жұмысқа жіберуді міндеттеуді шұғыл қолға алу керек. Көрші Ресей елі осындай көкейкесті мәселеге мемлекеттік тұрғыдан көңіл аударып, зерттеп - зерделеп нақты шараларды іске асыруға кірісіп те кетті. Ресейдің үкімет басшысы В.Путин осы таяу арада берген бір сұхбатында ауылдық жерлерге барып 5 жыл жұмыс жасайтын дипломды жас мамандарға 1 миллион рубль қаржылай көмек көрсету бағдарламасы жасалып жатқанын мәлімдеді.

Нақты алғанда басқа мамандықтармен қатар мектеп мұғалімдерінің де жетіспеуі қатты сезілуде. Ал ауыл мұғалімдері болса қартайып бара жатыр. «Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» бұл мәселе: «Сонымен қатар, әрбір бесінші мұғалім 50 және одан үлкен жаста. Педагогтардың жалпы санынан 3 жылға дейін еңбек өтілі барлары – 13%. Жыл сайынғы жас кадрлар есебінен толығу тек 2,6 % -ды құрап отыр», - деп нақты көрсетілген. Бұл дегеніміз - қауіпті құбылыс! Әсіресе ауылдық жерлерде қазіргі таңда қажет саналатын негізгі пәндерден сабақ жүргізу деңгейі сын көтермейді. Заман талабына сай келетін білікті мамандар жетіспеуі салдарынан кейбір мектептер зейнеткер жасындағы адамдарды еріксіз ұстап отыр десе де болады. Қалай дегенмен де қанша тәжірибелі ұстаз дегенімізбен, олар қазіргі жаңа технология мен инновациялық өзгерістерден қалмай ілесіп отыр деп нық сеніммен айта алмасaq керек.

Жасыратыны жоқ, соның салдарынан ауылдық жерлердегі мектептердің оқушылары 9 сыныпты бітіре салысымен жаппай колледждерге аттануда. Көптеген ауылдық мектептерде 11 сыныпты тек қана төрт-бес бала ғана бітіріп отырғаны жасырын емес. Себеп-салдарына

тереңдей үңілетін болсақ, оның негізгі мәнісі мектеп бітіргеннен кейінгі тесттік бақылау арқылы емтихан тапсырудан сескенгендіктен. Өйткені, олар өзінің алған біліміне сенімсіз. Ашық айтқанда, мектептегі білім берудің заман талабына сай келе алмай жатқандығы мен оқытудың соңғы жетістіктерін меңгерген сауатты жас мамандардың жетіспеуі салдарынан. Әйтпесе дана халқымыз айтқандай, «Арқада қыс жылы болса, арқар ауып несі бар?». Бұның соңы алдағы бес-он жылдың ішінде ауылдық орта мектептердің дені 9 жылдық орталау мектеп болып қалады деген сөз. Олар қазір шағын жинақты мектеп аталып жүр. Қазақстанның 7576 жалпы орта білім беретін мектебінің 4288-і сондай мектеп болып саналады. Бұл 60%-ға жуық. Оның ішінде ауыл мектептері – 4139 екен. Әрі қарай көз салсақ, алдағы уақытта 9 жылдыққа айналатын осы мектептердің тағдыры да көмескі қалатыны анық. Барын баласына арнайтын қазақ үшін тағы да еріксіз қалаға үдере көшу басталады. Ол қазақ халқының ұлттық мәйегі болып табылғандықтан ғана қазір әуіріммен отырған ауылдық жерлердің одан әрі құлдырауына апаратынына дау жоқ. Бұл мәселенің деңгейін халық тығыз орналасқан оңтүстік облыстардың жағдайымен салыстыруға еш келмейді. Шалғайдағы алыс аудандары мен елді мекендері көп облыстарда ол әлеуметтік ғана емес, демографиялық, ішкі миграциялық мәселелермен тығыз ұштасқандықтан да ұлттық проблемаға айналып бара жатыр. Қазақи менталитетімізді де жоққа шығаруға болмас. Жалғыз ұлын оқытудан бұрын қыз баланы сыйлап, «қонақ ғой» деп қадірлейтін дәстүрімізге сай екі қызын оқытуға барын аямайтын ұлттық қасиетіміз де бұған өз үлесін молынан қосып отырғаны да рас.

Білім және ғылым министрлігі мектепте ер мұғалімдерді көбейтудің бірден-бір жолы тек қана олардың жалақысын

көтерумен шешілетінінен басқа ештеңе айта алмайды. Бұл жан-жақты ойланып берілген жауап деп ойлау қате. Ол - сан қырлы мәселенің әлеуметтік жағына қатысты тұсы ғана. Мұғалімдердің жалақысын көтере бергеннен «Дипломмен ауылға» бағдарламасын да, ер адамдардың мектепке мұғалімдік қызметке баруы проблемасын шешу мүмкін емес. Өйткені сол қосылған азын-аулақ ақшаны бағаның тұрақсыздануы бірден жеп қоятыны жалған емес. Содан келіп «Қрыловтың арбасы» еріксіз тұрған жерінен қозғалыссыз қалуда. Қ. Бітібаеваның: «Мұғалім көп, ұстаз аз дейміз. Бұл мұғалімнің де кінәсі, сондай-ақ нағыз мұғалімдерді дайындайтын жоғары оқу орындары жоқтығынан. Бүгінгі таңда жұмыс істеп жатқан институт, университеттердің басым бөлігі ақша жинау үшін ғана жанталасады. Оларды бітіргендердің мұғалім болып жатқандары шамалы. Көпшілігінің айтар сылтауы - жалақы аз. Мен бұған былай деп жауап қайтарар едім. Жалақының аздығы түк те етпейді, ең бастысы балаға деген жүрек жылуы жетерлік болуы тиіс» деген пікірінде талассыз ақиқат жатыр (Егемен Қазақстан, 17. 01. 2007).

Рас, мектепке дейінгі, орта білім беретін және ЖОО-дары қызметкерлерінің жалақыларын көтеру керек. Ол, біріншіден, қазіргі қоғамдағы мектеп мұғалімдерінің төмендеп кеткен беделін көтереді. Парламент депутаты Г.Исімбаева «Егемен Қазақстан» газетіне (07. 03. 2009) берген сұхбатында 2010-2011 жылдары бюджеттік мекеме қызметкерлерінің жалақысының пайыздық өсуі мәселесіне тоқтала келіп: «Бірақ біздің айтып отырғанымыз, қазір жалақыны қалыптастыру жүйесін түгел қайта қарап, өзгерту керек. Оны өзгертпейінше, еселеп өсіргеніміздің әсері болмайды» деп атап көрсетті. Біз сөз етіп отырған тақырыпқа сай депутат ханымның: «Мәселе пайызда емес, мәселе жүйеде. Мысалы, мұғалімдерді алайық. Оның ставкасына, жүктемесіне қарай өсіп отыр. Ал біздің айтып

отырғанымыз, түгел жүйені өзгерту керек, оны нарықтық экономикаға қарай сәйкестендіру керек. Соның қорытынды нәтижесі есептелуі тиіс... Ал тура қазіргі жағдайда, тура қазіргі жүйеге қарап оны еселеп өсіргенімізбен, біз қажетті нәтижеге қол жеткізе алмаймыз» деген пікірінде талассыз шындық жатыр.

Екіншіден, осы жалақыны жаңаша қалыптастыру жүйесі ЖОО-дарындағы пара алушылық пен коррупцияға тоқтау салуға түбегейлі әсер етері сөзсіз. Бұл «Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында»: «Қазақстандағы барлық жоғары білім жүйесін қамтитын негізгі жабық фактор сыбайлас жемқорлық болып табылады. Бұл факторды түбегейлі жою бойынша нақты шаралар қолданбай жоғары білім саясаты тиімді іске аспайды» деп бостан-босқа атап айтылған жоқ.

Шетелдердегі оқу жүйесіндегі кейбір ізденістерді әлемдік табыстар деп, жаңалық деп отандық іс-тәжірибеге тықпалағанда шебер-ақпыз. Ал солардағы білім беру саласындағы қызметкерлерге берілетін жалақы мен жасалып отырылған әлеуметтік жағдайлар туралы ауыз ашпайтынымыз неліктен? ЖОО – дарына ешбір дайындықсыз (тіпті күштеп десе де болады) енгізілген тестік емтиханмен қабылдау мен кредиттік оқыту жүйесі білім берудегі ұзақ жылдар бойы қалыптасқан отандық азды-көпті іс-тәжірибенің тас-талқанын шығарды. Қазақстан Парламенті депутаттары тарапынан Білім және ғылым министрлігі үнемі сынға ұшыраумен келеді. Ол негізсіз де емес. Шынында да он бір министр он бір реформа жасауының салдарынан орта мектепте білім беру жұмыстары мүлде жүйесіздікке ұшырады демесек те, соған жақындап қалды. Білім және ғылым министрі ауысқан сайынғы жан-жақты талқыланбай, зерттелмей, сыннан өткізілмей қолданысқа енгізіліп келген реформалардан әбден зәрезап болған ұстаздар қауымы бүгінде үрей

үстінде. Енді осыдан шығатын қандай жол бар десек, төмендегі бірнеше мәселелерді мемлекеттік бағдарлама дәрежесінде жүргізу керек.

**Бірінші. Педагогикалық мамандықтарға ер балалар үшін арнайы мемлекеттік грант бөлінуі қажет.** Ол үшін және әр аудан және әр облыста жетіспейтін педагог кадрлар анықталуы керек. Соның нәтижесінде қандай аймақта қай пән бойынша мамандар қажет екені белгілі болады. Сонымен қатар алдағы 5 жыл ішінде қандай пәндердің мұғалімдері зейнеткерлікке шығатынын қоса қарастырған дұрыс. Алдын ала айтып қоялық. Бұл гранттарды аудандық бюджеттің мойнына артып тастауға болмайды. Өйткені, ол - онсыз да шұрық-тесік. Педагогтық мамандыққа азар болса жылына бір-екі баладан артық қаражат бөле алмасы анық. Онымен бұл проблеманы дұрыс мәнінде шеше аламыз деу ақылға сыйымсыз.

Мемлекеттік бағдарлама бойынша педагогтық мамандықта тек қана ер балалар үшін бөлінген осы гранттарға оқуы үшін мынандай жұмыстарды жүзеге асырған дұрыс:

1. Мұғалімдік мамандықты тандаған ер балаларға әр аудандық, қалалық әкімдіктен ЖОО-дарына түсу үшін берілген мемлекеттік грантқа жолдама берілуі керек. Жолдаманы алу сол ер бала үшін мектеп педагогикалық кеңесінің ұсынысы (рекомендация), аудандық білім беру басқармасының (қалалар үшін облыстық) кепілдемесі (ходатайствосы) ғана негіз болуы шарт. Бір қарағанда күрделі болып көрінуі мүмкін. Бірақ бұл жолдама иегерінің кездейсоқ бала болып кетуінен сақтайды. Ол «Алтын белгі» иегерлерінің ЖОО-на емтихансыз қабылданған кезіндегі орын алған көптеген келеңсіздіктердің болмауы үшін де керек. Қалалық мектепті бітіріп мұғалімдік мамандықты тандаған ер бала ЖОО-нын бітірген соң міндетті түрде министрлік

жолдамасымен (направление) ғана жұмыс жасауы керек. Кеңес дәуірінде ЖОО-дарын педогогикалық мамандықты бітірген жас мамандар арнайы берілген жолдамамен міндетті түрде үш жыл бойы жұмыспен өтеуі бұлжымас заң болатын. Оны орыс тілінде отработка деп атайтын. Одан аспирантураға түскендер мен тұрмысқа шыққан қыз балалар ғана құтылатын. Егер бармайтын болса, заң бойынша жауап та беретін. Министрлік сол арқылы ауылдық жерлердің жас мамандармен қамтамасыз етілуін қадағалап отыратын. Осы дәстүрді заман талабына сай қайтадан жандандыру керек. Негізінен жаңалық дегеніміздің өзі ұмытылған ескі немесе қолданыстан шығып қалған бұрынғы екенін есте ұстай отырып айтып отырмыз.

2. Жолдама арқылы оқуға түсіп және оны бітірген ер бала жас маман ретінде міндетті түрде сол жолдама берген ауданда немесе қалада мектепте кемі 5 жыл жұмыс жасауы қажет. Ол үшін жолдама берер алдында әр аудандық әкімшілік пен білім беру бөлімі талапкермен жекелей шарт жасасуы қажет. Өліп қалса амал жоқ, әйтпесе мемлекет қаражат бөліп оқытып отырғандықтан да бұлтаруға амалы болмауы керек. Бір жағынан сол жас маман ЖОО-ның бітірген соң жұмыссыз қалмайтынына сенімді де болады. Қазіргі таңда ЖОО-дағы педогогикалық мамандықтарға оқып жүрген санаулы ғана ер балалардың 50 пайыздан астамы мектепке бармайды. Оның ішінде ауылдық мектепке барып жұмыс жасауы мүлде аз.

3. «Дипломмен ауылға» бағдарламасына сай кеңес дәуіріндегідей ауылға барған сол жас маманға жалақыға қосымша бір реттік үстеме ақша берілуі мен әлеуметтік тұрғыдан қолдау жасау қазір қайта жанданды. Бұл - өте дұрыс және қажеттілігі мен өміршендігін тоталитарлық заманның өзі дәлелдеген мемлекеттік маңызы бар іс-шара. Себебі, тарихтан тағылым алмаған ұрпақтың сол тарихты

қайталауға мәжбүр болатыны туралы қағиданы естен шығармаған дұрыс. Бірақ алдағы уақытта жас мамандарға берілетін 90 мың теңгелік көтермеақы аздық ететіні айтпаса да түсінікті. Бар мүмкіндігінше сол жас мамандарды жергілікті бюджет есебінен тұрақтанып қалуына ынталандырудың жолдарын қарастыру қажет. Ол үшін 2009 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала қызметкерлерін әлеуметтік қолдау және ынталандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды тағы да толықтыру қажеттігі анық. Әрине, тура қазір қолға алуды талап ету артық. Бірақ ер балаларға арналған мемлекеттік грантқа оқып бітіргендер жұмысқа кіріскенше жасап үлгерсе жақсы болары анық.

4. Жоғарыдағы айтылған шағын жинақты мектептерде сынып комплектілерінің біреуден аспайтындығы салдарынан кейбір пәндердің сағат саны бір нормативтік педогогикалық жүктемеге жетпейтіні белгілі. Осыдай мектептерде мұғалімді жүктеме сағат санын толтыру үшін басқа пәндерден сабақ жүргізуге мәжбүрлеп жүр. Сондықтан білім беру мекемелерінде тек қана өз мамандығы бойынша жұмыс жасауды қадағалауды заң арқылы жүзеге асыру жағын да қарастырған абзал.

Мұғалімдік мамандықты тандаған ер балалар деген ойды бекер айтып отырған жоқпыз. Себебі педогог болу үшін табиғи қабілет, тумысынан бейімділік қажет. Біз көбінесе маман ғана дайындап жатырмыз. Жоқ, бізге ғалым З. Қабдоловтың сөзімен айтқанда, «өз бақытын аямайтын, өзгенің бақытын аялайтын», балаға жан жылуын сыйлайтын Адам - педагог керек. Ал біз «мектеп директоры парамен ұсталды» немесе «директор мен мұғалім, ата-ана мен мектеп соттасып жатыр» деген хабарларға елең етуді қойдық. Әлемнің «екінші ұстазы»

Әл-Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы. Ол баланың болашағы үшін өте қауіпті» дегенді босқа айтқан жоқ. Тәрбие мәселесінде ер мұғалімдердің айрықша орын атқаратынын ешкім де жоққа шығара алмас.

Бұл жерде бар өмірін ұстаздық жолға арнаған әйел мұғалімдердің намысына тиейік деген, болмаса кемсітейік деген ешбір ойымыз жоқ. Мәселе «мұғалімдік қызмет әйелдерге ғана тән жұмыс» деген таптаурынға айналып тұжырымды түпкілікті өзгертуде болып тұр. Осы теріс көзқарастың салдарынан «мектепте әйел адамдар ғана жұмыс істейді» деген ұғым қалыптасты да, ұстаздық аталатын ұлы мамандыққа деген менсінбеушілік пиғыл пайда болды да, абырой-беделін мүлде төмендетіп жіберді. К.Әлпейісова «Гендерлік теңдік» атты мақаласында (Егемен Қазақстан, 07.03.2009) «әйелдердің мінез-құлқында эмоцияға берілу, өзіне-өзі сенбеушілік, жаңаға күдікпен қарау басым болатыны» туралы дұрыс ой қорытады. Автор бұл туралы Ресейлік ғалымдардың пікіріне сүйене келіп: «Әйелдер үшін алғашқы үш орында: компромистік шешімдерге бара алу; даулы және белгілі бір тәуекелді жағдайда іс-әрекет жасай білу; өзіне және өз ісіне сенімділік болса, ерлер үшін: жаңашылдық; өзгерістерге ұмтылу; өз ұстанымының дұрыс екендігіне басқалардың көзін жеткізе алу; басқа адамдардың білімі мен қабілеттерін дұрыс пайдалана алу болып табылады» деп көрсеткеніндегі ерлерге тән табиғи қасиеттердің ер мұғалімдердің қызметінде атқарар орны аз болмаса керек. Ер адамдарға тән биологиялық және психологиялық ерекшеліктердің ұтымды пайдалану мұғалімдік мамандық туралы жоғарыдағы теріс көзқарасты түзетуге әсері тиері сөзсіз.

Жалпы алғанда мұғалімдік мамандықтардан маман дайындауда елімізде дефицит жоқ. Керек десеңіз, қалалық

жерлерде артылып жатыр. Мемлекеттік грантпен де, ақылы оқу түрімен де диплом алған жас мамандар қандай да болсын жұмысқа орналасып, қалаға орнығып қалуға ұмтылады. Әсіресе олардың қатарын жеке меншік оқу орындарын бітіргендер қатты толықтырып отыр. «Таздар» айтқандай, «бас жағына барыспай-ақ қоялық», әйтпесе олардағы педагогикалық мамандыққа оқыту мен мамандар дайындау сапасының сын көтермейтіні жалған емес. «Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында»: «Жоғарғы оқу орындарын кадрлық қамтамасыз етуде келеңсіз жағдайлар орын алуда: профессорлық-оқытушылық жүйесін дайындайтын корпусның жоқтығы, қоса атқарушылық бойынша жұмыстың кең қолданылуы, сыбайлас жемқорлық орын алуда» деген секілді келеңсіздіктер оларда жаппай орын алып барады. Қаптап кеткен жеке меншік оқу орындарын сырттай оқып диплом алғандар ауылдық жерлердегі білім беру сапасын төмендетіп отырғаны жасырын емес. «Ауруын жасырғанның өлетіні» әлімсақтан белгілі. Сондықтан жеке меншік оқу орындарындағы педогогтық мамандар дайындауға шектеу қою керек, тіпті мүлде тоқтату қажет.

**Екінші. Педагогикалық мамандықтарға ауылдық жерлерден келіп түсетін ауылдық квота ер балаларға деп арнайы бөлінуі керек және оның пайыздық өлшемін көбейту керек.** Бұған әйелдер қауымынан шыққан мұғалімдер (тіпті депутаттар да) өре түрегелетінін сезіп отырмыз. Әсіресе, түрі – қазақ, тілі – орысша, ана тілінен маһрұм қалған қандастарымыздан қатты қауіптенетінімізді де жасыра алмаймыз. Еліміздегі гендерлік саясатқа байланысты көзқарас пен жүргізіліп жатқан іс-шараларға қарсы келіп отырғанымызды да білеміз. Бірақ амалымыз жоқ. «Не өгіз өледі, не арба сынады» емес, екеуінен де айырылып қалатын деңгейге

дейін төмендеп отырмыз. Сондықтан өз ұлтының болашақ тағдырына бей-жай қарай алмайтын нәзік жандылар дұрыс түсінеді ғой деп үміттенеміз. Сондықтан да жүзеге асырылып жатқан «Дипломмен ауылға» және мектепті ер мұғалімдермен қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік бағдарламалардың мән-маңызы келешекте мынандай мәселелерге де тығыз байланысты екенін ерекшелеп айтқымыз келеді.

1. Республикадағы ішкі миграцияны тоқтатуға әсер етеді.
2. Қалалық жерлерде кенттенудің (урбанизация) тым көбейіп кетуіне шектеу салады.
3. Демографиялық мәселеде белгілі бір дәрежеде шешуші рөл атқарады.
4. Ауыл халқын тұрақтандыруға арқылы ауылдық елді мекендерді сақтап қалуға әсер етеді.
5. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қылмыс жасауын азайтады.
6. Педагогикалық ұжымдардағы моральдық, психологиялық әл-ахуалдың жақсаруына өзгерістер жасайды.
7. Ұстаздық мамандықты өз еркімен таңдаған ер адам болғандықтан сыбайлас жемқорлықтың азаюын жүзеге асырады.
8. Педагогикалық мамандықтардың абырой-беделін өсіреді.
9. Ер адамдардың жанұядағы, өмірдегі және қоғамдағы жетекшілік тұлғасын қалыптастырады.
10. Ерік-жігері күшті, ұлтжандылығы мен патриоттық сезімі жоғары жас ұрпақ тәрбиелеуде маңызды мән атқарады.

**11. Он екі жылдық оқыту жүйесіне көшуге байланысты елімізде жұмыссыздықтың санын азайтуға да ықпалы тиеді.**

**12. Мектепке жас мамандарды жұмысқа қабылдауды директорлардың қолынан алуға негіз болады. Ол білім орындарындағы тамыр-таныстық пен жемқорлықтың тыйылуын қамтамасыз етеді.**

Бұл айтылғандардың әр қайсысына жекелеп тоқталып, деректермен дәйектеуге мақала көлемінің көтермейтіні өкінішті. Алайда тереңдете көз жіберсеңіз, бәрі де айқын.

Мектеп жасындағы жасөспірімдер арасында қылмыс жасаушылардың саны жылдан –жылға өсіп отырғандығы және оның аса бір қатігездікпен жасалатыны барлық жұртшылықты қатты алаңдатып отыр. Мысалы, осы таяуда ғана Қарағанды обдасының Ақтау қаласында 15-16 жастағы екі жасөспірімнің 9 жасар баланы бензин құйып өртегені туралы хабар телеарналарда жан шошырлық оқиға ретінде айтылды. Бұндай жантүршігерлік оқиғаларға құлағымыз үйреніп кеткендігі сондай тіпті елең етуді қойдық. Теміртаудағы жетім балалар үйіндегі кәмелеттік жасқа толмаған қыз балалар жезөкшелікпен айналысқан, Қарағандыда дарынды балалар мектебінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары ұйымдасқан қылмыстық топтың мүшесі болып, пәтер тонап сотталған. Айта берсе мысал көп. Мәселе жалпы жұртшылықтың да, білім саласындағы құзырлы орындардың да осындай сұмдық оқиғаларға немқұрайлықпен карауында жатыр. Расында да немқұрайлылық - қауіпті дерт.

Ішкі істер министрлігі құзырындағы кәмелетке жасы толмаған жасөспірімдермен жұмысты Білім және Ғылым министрлігінің қарамағына беру туралы шешімнің қабылдануына да осындай қылмыстардың көбейіп кетуі себеп болды. Ашығын айтсақ, бұл - құптарлық қадам. Бірақ оның аяғынан қаз тұрып кеткенінше күмән көп. Біріншіден, бұл

бағытта қалыптасқан іс-тәжірибе жоқ. Екіншіден, кәметке жасы толмаған жасөспірімдермен жұмыс жасайтындардың көбісінің педогоикалық білімі бар деген күннің өзінде мұғалімдік қызметтен қол үзіп кеткен олар мектептегі оқу-тәрбие үдерісіне кірігіп кете ала ма? Үшіншіден, ішкі істер саласындағы қысқартуларға ұшыраған қызметкерлермен толығып кетпесіне кәміл сене аламыз ба? Қадағалаушыдан тәрбиелеушіге оп-оңай ауысу еш мүмкін еместігі басы ашық жайт.

Ендеше таяудағы жылдарда мектепті ер мұғалімдермен ең құрығанда 50% -дық дәрежеде қамтамасыз ете алсақ, бұл бағыттағы қолға алынып жатқан жаңа бастамалар өз жемісін берері анық. Себебі ер мұғалімдер кәметке жасы толмағандармен жұмыс жүргізуде сенімді әріптес бола алатыны анық. Ы.Алтынсариннің «Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы, тамаша жақсы педогоика құралдары да, ең жақсы бұйрықтары да, әбден мұқият жүргізілетін инспектор бақылаулары да оқытушыға тең келе алмайды» деп жазса, біз білікті мамандар дайындауда ұлы ағартушы қажет емес деп тапқан жайттарға көбірек ден қойып кеткен жоқпыз ба осы?!

2011 ж.

## ЖҰМБАҚ ӘЛЕМНІҢ ЖЫРШЫСЫ

Оралхан Бөкей өз қатарындағы қаламгерлермен салыстыра қарағанда, өркениеттің адамзат қоғамын адастыратынын ең алғашқы болып түйсінген жазушы. Сол себептен де болар ол тіршілік иелеріндегі Адам аталатын түйсік иелерінің жұмбақ әлемін зерттеуді өзінің жазушылық кредосына айналдырды. «Жазушылық дегеніміз – шындыққа жүгіну, ал әдебиет дегеніміз, сол шындықты шырақ алып іздеудің бірден-бір формасы», - деп жазушының басты себебі де сол арпалысқан адамзат қоғамының сан қатпарлы құпия сырларын зерделеуді мақсат тұтқандықтан болар.

Шындық тұрғысынан келгенде, О. Бөкей - кешегі кеңес дәуірінде маркстік-лениндік әдіснаманың қолдан жасалған социалистік реализм әдісінің бұғауланған қамытына өз басын саналы еркімен енгізіп, әдебиеттің таптығы, партиялығы, халықтығы секілді қағидаға айналған таптаурын тақырыптарды жазудан бой тартқан бірден бір қаламгер.

О. Бөкей шығармашылығы таразыға тартылып, өлшеніп қойған өмірдің мәнін мәңгілік шексіздікпен астастырылған күдіретін, шиырланған жұмбағын алдына жайып салады. Аспан астындағы тіршіліктің мазмұнын ерте түсініп қалған жазушының тыныштығын ұрлаған мазасыз дүниелер мәңгілік сауал болса да, ұғындырғысы келген сонша шығармасын қайта-қайта қайталап оқыған сайын жауабы табылғандай қанаттандырады.

Жазушы әрбір кейіпкерінің жан дүниесіне терең бойлай білетін психолог, жаратылыс пен адам арасындағы сабақтастық жұмбағын іздеуші философ, өнер аталатын күдіретке табынушы эстет дәрежесінде танылған бірден бір тұлға деуге толық негіз бар. Ғылыми тұрғыда философия мен әдебиет егіз болмаса да еншілес. Дүние,

элеуметтік болмыс пен адам арасындағы күрделі байланыс, олардың шиеленісуі, тартысы мен даму заңдылықтары ортақ. Адам баласын қоршап тұрған табиғи және элеуметтік орта бар да, тіршілік маңызы жағынан одан еш кем түспейтін сол адамның жан жүйесі, жұмбақ құпияларға толы «ішкі әлемі» бар.

О. Бөкей сомдаған образдар - өз замандастарымыз, оқиғалары бүгінгі күні айналамызда болып жатқан таныс та бейтаныс құбылыстар. Заман дертін, адамзатты аздыруға себепкер осал тұстарды нақ басып, өмір шындығын көркемдік тәсілмен биік деңгейде шебер пайымдаған. Жазушы-ғалым А.Сейдімбектің: «Оралханды және онымен тұстас тегеуірінді суреткерлерді тудырған замана толғағы біреу болғанымен, сол Оралханның шығармашылық әлемі мүлде оқшау құбылыс болғанын мойындаймыз. Кез-келген дарын иесі сияқты, Оралхан да халқының тағдыры қыл үстінде ілініп тұрғанын ертерек сезінген суреткер» - деуі өте орынды [1].

О. Бөкей - жаратылысы ерек, табиғаты бөлек жазушы. Жан дүниесінің жұмбақ болмауы мүмкін емес. Құпия сырларының да кілті біз үшін әзірге қиында жатыр. Шығармашылық тұмырын былай қойып, оның кәдімгі адами өмірінің өзі қырық қатпарлы, қалың қыртысты, күрделі оқиға, өліара - өткелдерге толы болды. Жан-дүние жаратылысы шығармашылық табиғатымен шендесіп, өмір салған іздермен шиырланып, шырығып өтті. Біз оның жаратылысын шамырқанған шабыт пен шартарапқа шарқ ұрған қиял ұшқырлығынан танимыз. Ғажайыбы мен кереметіне тамсандырған сол тараптағы кеңістікте оның жан азабынан жаратылып, көз алдыға елестетіп, кейіптендіріп, арман-қиялымен қанаттанған кейіпкерлері жүреді. Олардың арасында қалғып-мүлгіп не сасып-салбырап жүрген біреуі болсашы. Елсізде, айдалада

жападан-жалғыз жүріп те өзі зерікпейтін, оқырманды жалықтырмайтын кейіпкерлер.

«О. Бөкеевтік прозаның әуені мұңлылау, әрі мұнтаздай болып келеді. Сондықтан әсері күшті. Жалғыз басты адам, жалғыз киіз үй, оқшау жаратылысты, оның үстіндегі күн және иесіне адал аттың жалғызсырамай тықыршуы», - деген В.Лигутин пікірі шындыққа негізделген [2]. О. Бөкейдің қандай да болсын шығармасы даралық пен мәңгілік тақырыптарын қамтыған. Жазушы адамның жандүниесіндегі құбылыстарды қалт жібермей жіті бағдарлап, сезім буырқанысын, жүрек дірілін, шексіз ынтызарлығын, сағынышын, өкінішін асқан шеберлікпен тамаша өрнектеген.

«О. Бөкей тоталитарлық жүйенің темір құрсауын романтикалық сөз қуатымен ғана үзіп кетуге мүмкіндік барын сезінді. Рухы күшті адамды ешбір темір құрсаудың ұстап отыра алмасын бағамдай білді. Оның шығармаларында романтикалық сарынның үлкен өзек тартып жатуы да осыдан. «Қар қызы», «Сайтан көпір», «Құм мінез», «Бәрі де майдан», «Атау кере» сынды шығармаларында автор сол қоғамға деген ішкі наразылығын астарлы оймен, көркем суреттермен, символикалық бейнелеулерімен жеріне жеткізе айтты да» дейді Т.Ахметжан [3].

Асқақ ойларын астарлап айту, асыл арманын асқақ кейіпкерлерге айналдырудың ол қас шебері ретінде көріне білді. О.Бөкейдің қамшыгері көшпелілер әлемінің артта қалған ардақтысы ғана емес, сол көшпелілер ұрпағының болашақтағы идеалы сияқты да әсер беретін. Ал Қар қызы болса ұлттың ар иманының рухы сияқты елестейтін. Тіптен, оның Кербұғысы мен Бурасының өзі аса ірі қоғамдық құбылыстар мен системалық алмасулардың зардабын ашып беруге мұрындық болып отырады. Бір

ғажабы О. Бөкейден бүкіл адамзаттық гуманизм идеяларынсыз жазылған бірде-бір дүние таба алмаймыз.

Жазушының қабіріндегі мүсінін жасаған мүсінші Б. Әбішев «Оралхан Бөкей көп шешіле бермейтін, тұйықтау жан болатын. ...Маған қашанда өзінің ішкі әлемімен араласып жүретіндей көрінетін... Дос сүйініп, дұшпан күйінген құдіретті дарынымен бірге Оралхан қыз қызыққандай бітім-келбет иесі де болатын. Оралхан психологиялық-философиялық шиеленістерді шебер береді. Оқиғаны өмірдің өзінен алатын», - деп жазуында көп сыр жатыр. Мысалы бір ғана «Атау кере» туындысына зер салып қарасақ жазушы сол кезеңде бұрын ешкім елеп-ескермеген қаншама ғаламдық мәселелерді жұртшылық назарына ұсына отырып, ойланып-толғануға мәжбүр етеді.

Бұл - замана тынысын танытарлық дәрежедегі қазақ повесінің озық үлгісі, көркем прозаға тән компоненттерді шеберлікпен кіріктіріп, жазушының құнды ойларын, көркемдік идеясын астарлап жеткізген шығарма. Өз дәуірінің өзекті мәселелерін батыл көтерген бұл повестің түпкі мұраты – адамзатты ғасыр дертінен сақтандыру. Оның бірі – ащы судың әлегімен адамзат баласының азғындыққа салынуы, екіншісі – екі тек пен екі ұлттан туған дүбәрә, мейірімнен жұрдай болып мәнгүрткке бой ұрған ұрпақтың көбеюі. Ал осы екеуінің салдары ұлттық сананың тоқырауына әкеліп соғып, сол халықтың жер аталатын ғаламшарда құрып бітуіне әкелетінін әзірге Оралханша жеріне жеткізе айтқан ешкім жоқ.

«Атау кереде» О. Бөкей өзінің мифтік-фантастикалық кейіпкерлерін таныс ортаға бейімдей алған. Қаламгер күйбің тірліктің қамын киіп, пенделіктің құлына айналған ортаға сыймайтын, жан дүниесі бай романтикалық кейіпкер ретінде шалды алады. Ол қанша білімді болса да өзін қорғай алмаған Тағаннан, бар ақыл-ойы баюға

бағышталып, адамдық арын жоғалтқан пысық. Еріктен, күресуге дәрменсіз, алдағы күннен күтер үміт көмескі болса да Ерікке көзсіз құлаған Айнадан әлдеқайда еңсесі биік, бар бақытын болашаққа артқан, лас ортадан аулақ кішкентай екі баланы табиғи таза қалпында тәрбиелеуді арман етеді.

Жазушы О. Бөкейдің қай шығармасында болмасын көңілі таза тынымның қашан да әділет жеңетініне сендіріп, адамзатқа рух беріп, оптимистік бағытқа жол бастайды. Мысалы: «Атау кередегі» аңшы шал: «Мен қазақтың атынан да, бүлінген ауадан да, ішімдік пен аяқтан шалар ағайын алауыздығынан да ада, таза да төкашпар ұрпағын тәрбиелеймін» - деуі сөніп бара жатқан оттан сәуленің ұшқынын көрсетіп, көңілге үміт ұялатады. «Адам орманның ортасында жүріп күнәға батқанша, ағаш-орманның ортасында таза өскенге не жетсін... Ұлымның аты – Қозы, қызымның аты – Баян, ырымдап әдейі қойдым. Егер тегін қусаң, бірі - батыстан, бірі – шығыстан, әдейі Қазақстанның екі қиыр шетіндегі балалар үйінен алып келдім. Қандары араласып, балталаса бөлінбейтін ұжымды ел болсаң дегенім...» дейді шал [4].

Таған тағдыры да ешкімді бей-жай қалдырмасы анық. Бір кездегі ақылына көркі сай, білімді, қайратты, өмірге жан-тәнімен құштар жігіттің бүгінде маскүнемдікке шалдығуы, өзінде де, сөзінде де пәтуа қалмаған меңіреу тіршілік кешуі оқырманды ойландырады. Тағанды осындай халге душар еткен қоғамды жазушы терең таныта алған. Бір Таған емес, қаншама дарынның аяғына тұсау түсіп, үміт жібі үзілді... Бар өмірін ғылымға бағыштаған жас жігіттің жігерін құм еткен ауыр соққы оның жазып бітірген кандидаттық диссертациясын қорғауда кездеседі.

Тоталитарлық-әміршіл жүйеде «ұлтшылдықпен» күресу ұраны қаншама таланттардың жолын кескеніне сандаған мысал келтіруге болар еді. «Ұлтшылдықпен»

уланған деген жаламен қудалауға ұшыраған Таған жеңіліс табады. Жанына дауаны ішімдіктен тауып, азғындық жолға түседі. Таған алғаш Ерікпен кездесіп, үйіне келе жатқанда, ауыл балалары оның сиқын көріп тәлкек етеді. Бұл сөз әбден шаршаған Тағанның болар-болмас істеп тұрған миына шаншудай қадалды, қапелімде селт ете түскені соншалық – бір орында қатты да қалды. «Қайыршы» деген бір ауыз сөз Тағанның қалғып бара жатқан санасына сәуле түсіріп, адамдық ар-ұятына қозғау салады.

Әдебиетте маскүнемдікке салынған, ақылынан адасып жүрген жандардың бейнесі ауық-ауық кездесіп қалғанмен Тағанның олардан өзгешелігі бар. Айна мен Нүркенің жанашырлығы, Еріктің көзқарасы сәтті штрихтер арқылы көрініс табады. Әсіресе: «Неге біз осы...» деп басталатын ойларының тереңіне бойлау, оның тыныш-түсінігін аңғартса, Ерікпен арадағы шағын диалогтары оның болмысын, мінез ерекшеліктерін байқатады.

Жазушы бұл шығармасы арқылы Сократ күндіз шам алып іздеп жүретін жақсы Адамды, ұлы Абай жырлаған толық Адам проблемасын өз көзқарасы тұрғысынан табуға тырысады. Расында жазушының Таған толғаныстары арқылы айтылатын «Неге біз осы...» деген ұғымнан басталатын ғаламдық мәнге толы сұрақтары барша адамзат қоғамын толғандыруға тиісті екені кім де болсын ойландырады хақ.

Будан ара-Ерік мейірім, перзенттік парыздан ада, ол ешкімді де аямайды. Туған үйінде, ауылында, туған, еліне де тоғышарлық тойымсыздықпен қарайды. О. Бөкейдің көркемдік тұрғыдан әдіптей отырып көтерген проблемасы кез келген ұлтжанды адамның қабырғасын қайыстырады. О. Бөкейше айтқанда «гендік шынжыр тізбегімізді» үзіп алмау - ұлтымыздың гендік сабақтастығын таза сақтау ұлттығымыздың кепілі. Ұлттығымыздың кепілі – тек тілдің

тұтастығы ғана емес, территория, генетика. Повестің бір тұсында жазушы былай дейді: «Апталық алыс жол, мыңдаған шақырымдық қашықтықты аттап өтіп Алтайға қоныс аударған будан ара, «қауіпті гибрядя бүгінде қаулап өсіп келеді...» Осы будан ұрпақтың қаулап өсіп кеткендігі сондай бүгінде Ғ.Мұстафин жазғандай «бұрын ұлтшылдықпен күресуші едік, енді ұлтсыздықпен күресіп жүргеніміз» жасырын емес.

Шын мәнінде де Қ. Рай айтқандай: «Дауылға қарсы жүзіп, көңіл көгіндегі мұратына жеткенше талмайтын, әр шығармасы уақыт өткен сайын жаңа бір қырынан ашылып, рухани дүниесі алмастай айқындала беретін тұлғалардың бірі деп – О.Бөкейдің есімін жалтақсыз атаймыз» [5].

- 
1. Тарақты Акселеу. Тарихтың толғағы. //«Жас казак», 1993, № 39.
  2. Бокеев О. Поющие барханы. Москва: Советский писатель, 1981.
  3. Ахметжан Т. Аяқталмаған сұхбат (Жазушы О.Бөкейдің қойын дәптеріндегі соңғы жазбалары). //«Қазақ әдебиеті», 1994, № 1.
  4. Бөкей О. Ұйқым келмейді. Алматы: Жалын, 1990.
  5. Рай Қ. Мұзтаудың мұз балағы. // «Жұлдыз», 1992, № 7.

2013 ж.

## А Қ Б Е Р Е Н

**Жарылмаған жанартаулар қауіпті,  
ал жарылған жанартаулар даңқты.  
Т. Жұртбай.**

Өмір өріне шыққан саналы адамның өткенін ақыл таразысына салып, ертеңіне нық қадаммен басуы «қамшының сабындай» қысқа ғұмырының мәнді де мағыналы болуын дiттеуiнде болса керек. Атақты ғалым Эйнштейннің теңгермелiк теориясы бойынша қарасақ, «космостық уақыт өлшемен алғанда жұмыр жер атанатын ғаламшарда жүз жыл өмір сүрген адам екі жарым сағат ғана ғұмыр кешеді екен». Міне, соны түсіне білген жан ғана өз уақытын өлшеусіз ізденіс үстіндегі еңбек жасауға арнайды. Ол өз Отаны мен халқы алдындағы перзенттік парызын адал да абыройлы атқарып кетуді мақсат тұтқан адамның азаматтық тұлғасын танытса керек.

Бүгінде алпыстың асқарына шығып отырған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, әдебиеттанушы ғалым – Өмірхан Әбдиманұлының бар ғұмыры журналистік, ұстаздық, ғалымдық жолдағы қажырлы еңбегімен біте қайнасқан жүйеде тұтасып жатыр. Ұлттық әдебиеттанудағы көрнекті ғалым, байтұрсыновтану ілімінің бірегей тұлғасы ретіндегі еңбегі әдебиетші қауым мен ғылыми орта жақсы таныс. Ол турасындағы ғылыми талдау пікірлерімді «Ақиқат» журналындағы мерейтойлық мақалада жазғанмын. Алайда енді «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен» демекші, Өмірханның адами болмыс-бітімі турасында ел не біледі екен деген ойдың жетегінде сөз қозғайтын уақыт болды-ау осы?! Мүмкін мерейтой өткізудің қажеттілігі де осында

жатқан шығар. Адам «жетіге келгенше жерден, жетпіске келгенше елден таяқ жеп» өткізетін ғұмырындағы 60 жасында алды-артына бір қарайлайтыны анық. «Осы жұрт мен туралы не ойлайды екен» деген сұрақ кез келген адамды үнемі мазалайтын болса, соның бірталайына осындай мерейтойлар кезінде жақсылы-жаманды жауап табары хақ.

Өз басым журналист, әдебиетші әріптестеріне қарағанда Өмірханмен кешірек таныстым. Университет бітірген соң кеңес дәуіріндегі үш жылдық міндетті еңбек өтілінен өту талабына сай ауылдық жерде мектепте мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директор болып жұмыс жасап, өмір көріп ысылып барып ғылым жолына келгенмін. Таныстық-білістік (қазіргі тілменен айтқанда сыбайластық) жолымды кесе беруінің кесірінен аспирантураға 1986 жылы отыз жасымда әрең іліктім. Орыстардың «тағдырдан қашып құтыла алмайсың» деген сөзіне сай, қазір ол да дұрыс болды ғой деп ойлаймын. Тағдыр маған ұлттық әдебиеттанудың Абызы Т.Кәкішұлының ғылыми мектебінің шәкірті болу бақытын бұйырыпты. Кезінде ренішті болғаныммен, екі жыл бойы жолымды кескен сол жандарға қазір алғысым шексіз. Ал 1988 жылы осы ғылыми мектепке аспирант болып Өмірхан түсті.

Кеңес дәуірі атанған қызыл империяның қазірде тоталитарлық кезең атанған жылдарында ат жалын тартып атқа мінген біздің ұрпақтың көкірек көзінде мұңлы бір шер жатқаны даусыз ақиқат. Рас, біз де өз құрдас, замандас, тағдырластарымыздан бөлек бола алғамыз жоқ. Тоталитарлық-әкімшілік жүйе жүргізген саясат зардаптары әрқайсымыздың бойымыздан табылары анық. Ең бастысы ол бізді ұлттық мақсатта еркін ойлау мүмкіндігінен айырды, содан да болар, қарапайым ел-жұрт ортасында айғайламай айтылатын шындықты мектепте, басқа қоғамдық орындарда қайталауға тыйым болатынын ерте

ұғындық. Жаманы да сол – октябрат, пионер, комсомол болып тәрбиелеген кеңестік идеология біздерді құлдық санаға бейімдеді. Алайда біздерді біржола мәнгүрт болудан аман сақтап қалған ауылдағы қарапайым қазақтың ұлттық салт-дәстүрі, берік те бекем ұсталатын әдет-ғұрпы, ұлттық әдебиеті мен өнері және тарихқа деген сыншылдық көзқарасы еді. Олардың бұзылмас тұғыры болған - ауылдың данагөй қариялары мен соғыс ардагерлері және ұстаздар аталатын зиялы қауым өкілдері еді. Міне, осылардың арқасында Алашорда ақиқатын, алапат зұлмат ашаршылық зардаптарын, елдің одан шұбырып шетел асып жан сақтауы, «халық жаулары» болғандар және оларды «ұстатқандар», аш отырған балаларына масақ теріп, екі уыс бидай әкеле жатқан әйелді 25 жылға «соттатқандар», Отан соғысының айтыла бермес ащы шындығы және «соғыстан қашқандар» туралы ешбір кітаптан оқи алмайтын қаны сорғалаған тарихты біздер жас кезден көкірегімізге түйіп өстік. Асфальтта туып, ана тіліне қарағанда бөгде тілде еркін ойлап-сөйлейтін қалада өскендерге қарағанда, біздің артықшылдығымыз да осында жатыр еді. Басқасын былай қойғанда, сол біз оқыған кезеңдегі ұлт мектептерінің жаппай жабылуы, тек ауылдық қазақ балаларын «қойшы» жасау жолындағы жымысқы саясат, ұлттық интеллегенцияның жағымпаз да мансапқор демогогқа айналуы секілді және тағы да басқа «саяси ойындар» біздің ұрпақтың балаң иығына аз салмақ салмады дей алмасaq керек. Партократтар коммунизм идеяларының «кереметтерін» қанша үйіп-төккенімен, біздер де қалалық «шалақазақ» атанған өз қатарымыздан қалмауға ұмтылдық.

Бүгінгі мерейтойына байланысты осы естелік-эссенің кейіпкері болып отырған Өмірхан секілді зердесі зерек ұландар сол тоталитарлық кезеңдегі қазақ халқының басына түскен саясат құрығын сезіне алмай өсті деп әсте

ойламаймын. Отыздан асып ақыл тоқтатқан шағымызда әуелі сыйлас, онан соң сырлас, кейінен дос болып кетуімізге де басты себеп сол жас ұлан болып жетілген кезде заманымыз алға тартқан сый-сыбағасының ортақ болуынан деп санасақ, тым қателесе қоймайтын шығармыз.

Бұрындары «ағаларға сәлем берейін деп едім» деп кафедраға «жып етіп кіріп, зып етіп шығып» жүретін қарға бойлы қағылез жігітпен тек сәлем алысқанымыз болмаса, ашыла сөйлесіп те көрген жоқ едім. Журналистика факультетінде жұмыс жасайтынын тек сырттай ғана білетінмін. Мәскеудің МГУ-ін бітіргенін, мен туылған Жезқазған облысындағы газетте жұмыс жасап келгенін тек басқалардың әңгімесінен естігенмін. Мәскеудің осы аталған оқу орынын бітіру - ол кезде сирек кездесетін оқиға. Не айырықша талантты, не ерекше тіреушісі бар адам ғана қол жеткізе алатыны жасырын емес еді. Сондықтан «осы екеуінің қайсысы екен өзі» деген сыни ойдың талғамымен қарағаным да рас.

Кейін білдім, мектеп бітіретін жылы әкесі өліп жетім қалып, оқуға бара алмай, еңбек жолын Ленин атындағы ұжымшардың Тельман бөлімшесінде қарапайым жұмысшы болып бастап, кейін өнер мен әдебиетке бейімділігі байқалған соң аудандық мәдениет бөлімінде қызмет атқарады. Не домбыра білмейтін, не әу деп ән салуға «құлағын аю басып кеткен» Өмірханның мәдениет бөлімінде кино қоюшы болып жұмыс жасамағаны анық. Ол бойына туа бітті берілген ұйымдастырушылық қабілеттің молдығынан екенін білдім.

1972-1974 жылдар аралығында әскери борышын өтеп келген соң, тағы колхозда жұмыс істейді. 1975 жылы ҚазМУ-дің дайындық курсына қабылданып, келесі жылы филология факультетіне түседі. Үздік оқитын және ғылыми жұмыста биік көрсеткіштерге жеткен студент

ретінде Кеңестер Одағы Министрлер кеңесінің арнайы қаулысына сай М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне ауыстырылып, оны 1982 жылы бітіріп шығыпты. Осыны білген соң «талант тас жарады» деген қанатты сөзге ден қойдым.

Ғылымға деген құштарлық облыстық газеттен 1983 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетіндегі теле-радио журналистика кафедрасына оқытушылық қызметке алып келеді. Ұстаздық дәріс оқумен қоса ол журналистік мамандықтан да қол үзбеген. 1983-1990 жылдары «Алатау» телеарнасында «Ұлағат» атты хабарлар сериясын дайындап, ұлттық ғылымның көрнекті қайраткерлері ғалым-академиктер М.Қаратаев, З.Қабдолов, Р.Бердібаев, Ш.Сарыбаев, П.Тәжібаева, М. Шығайева, Қ.Қайсенов т.б. туралы тағылым-тәлімдік мәні зор хабарлары қазақ телеарнасының алтын қорына қосылады. Осыны білген соң «сегіз қырлы бір сырлылық» қасиеттен құр алақан емесіне көз жеткіздім.

Аудандық мәдениет үйінен бастап қалыптасқан ұйымдастырушылық қабілет 1989 жылы Алматы қаласында тұңғыш рет «Алатау аруы», 1990 жылы республикалық алғашқы «Қыз сыны» байқауларын өткізіп, оларды республикалық телевидения арқылы кеңінен насихаттап, жаңа сападағы конкурстық хабарлар жасау жүйесін орнықтырады. Осы хабарлар негізінде «Келін сыны», «Жігіт сұлтаны» сияқты хабарлар түрлері пайда болады. Кеңестік тоталитарлық заманның құрбанына айналған «Наурыз» мерекесін 1989-1990 жылдары Республика сарайында алғашқы мерекелеу салтанатын ұйымдастырушылардың бірі ретінде танылады. Айта берсе кейіпкеріміздің осы ұйымдастырушылық қыры көп те сан салалы. Тағы бірін айта кетелік. «Бірге жүрген

жігітке олжа салып, Бір түнде сегіз қызды алып қаштым» деп Иман Жүсіп айтқандай, Өмірханның өз достарына алып қашқан бірнеше қыздары «өздері сүйіп тигендей» ақарлы-шақарлы отбасы болып отыр. Осыны білген соң досы үшін басын қауіп-қатерге тоса алатын мәрттігі бар екеніне сендім. (Көк Тәңірісі сақтаған, егер қолға түсіп сотты болып жатса, атақты байтұрсыновтанушысыз қалар ма едік, кім білсін).

Аспирантураға жоғары оқу орнынан келгендігім маған бір «сор» болды. Өзіммен бірге түскен академик З. Қабдоловтың аспиранты жан досым Әуез Бейсебаев пен проф. Х.Сүйінішалитің аспиранты М.Тукебаева бұрын ЖОО-да жұмыс жасамаған. Бірі – газеттен, бірі – басқа саладан келген. Факультеттің оқу үдерісінде болмай қалмайтын «сабақ ауыстыру» деген маған «пәле» болып жабысты. Оқытушылар іссапарға немесе басқа да бір жағдайға байланысты жол жүрмей тұрмайды. Сондайда жатақханадан күн-түн демей тауып алатындары мен болдым. Кафедра меңгерушісі З.Қабдоловпен келісіп алады да, ол кісі шақырып алып, өзінің майда тілімен «қарағым, саған сенім артып отырмыз» деп алды-артыңды орап тастайды. Сылтау айтып құтылуға еш мүмкіндігің қалмайды, амалсыз келісесің. Ғылым жазасың ба, жоқ басқаның сабағын ауыстырасың ба, әбден «ерқашты» болған кезім де болды. Және-дағы әр қайсысы әртүрлі пән, студенттердің алдына барғанда «бірдеңе» айту керек қой, қосымша дайындалып қанша уақытың зая кетеді. Реті келгенде айта кетуге тура келіп тұр, бүкіл аспирантура барысында өз ұстазым Тұрсекең маған бірде-бір рет сабаған ауыстыру туралы өтініш жасамаған екен. Бір рет «сабағыңызды мен өткізіп берейін» дегенімде, «қайтесің оны, өткізеді, одан да жұмысыңды жаз» деп кесіп тастаған.

Аспирантураның екінші жылында осы сабақ ауыстыру машақатынан шамам келгенше қашқақтағанмен, аптаның

әр бейсенбісінде барлық оқытушылар мен аспиранттар кафедрада міндетті түрде болуы жазылмаған заң. Сондай күннің бірінде тағы «ұсталдым». Зекең ағай ертеңінде бірінші парға лекция жүргізуді мойныма арта салды. «Жазған құлда шаршау жоқ», таңғы сағат 8.00-де лекцияға келсем, тура көрші дәрісхана алдында Өмірхан тұр екен. Байқаймын, өңі бір түрлі «шаршаңқы», сабаққа кіргісі жоқ. Аман-саулықтан соң, аз-кем әңгімелесіп қалдық.

- Сабақ қалды ғой, - деп алаңдағандық танытып едім,

- Е-е.. қойшы соларды, - деп алды да дәрісханаға басын сұғып, студенттерге шуламай отыруды бұйырды. Мен баратын студенттерге де дәл соны қайталады да:

- Жүр, әңгімелеселік. Деканаттағылыр сағат 9-дан соң келеді, әзір ешкім тексермес, - деп сол дәліздің бүйіріндегі терезе алдына беттеді.

Қазір қалай екенін білмеймін, ол кезде жақын танысу барысында әуелі қай жерден екенінді, қай оқу орнынан келгенінді бірінші айту бұзылмас дәстүр секілді көрінетін. Сонан соң міндетті түрде ғылыми жұмысың, яғни диссертация тақырыбы сұралады. Жасыратыны жоқ, зерттеу жұмысының тақырыбынан-ақ әйтеуір көп ғылым кандидатының бірі болғысы келіп жүрген жан ба, болмаса таза ғылым жасау жолындағы адам ба, біле қоясың. Әдебиетке жақын болғандықтан да ба екен, әйтеуір бұрыннан таныс-біліс жандардай әңгімелесіп қалдық. Бұл Алаш Арыстарының шығармашылығын ақтау туралы мәселе нақты көтеріліп, жан-жақты сөз болып жатқан тұс болатын. Нақты не туралы айтқанымыз есімде жоқ, жарты сағаттан астам әңгіме өзегі осы тақырып төңірегінде болды. Ғылыми жұмысым 1920-30 жылдардағы әдеби мұраны игеру тақырыбында болғандықтан болар, бұл турасында «сәл білгірлік» танытып жіберсем керек. «Өй, данышпансың ғой, өзің» деп бір қойды, бұрын етене жақын болмаған мен «кекетіп тұр-ау осы» деп дереу бой

тарта қойдым да «Қой, лекцияға баралық» деп сөз біткенін сездірдім.

Дәрісхана алдына келгенде, осы сабақтан соң уақытым бос екенін сұрап білген соң, «мен де боспын, кешегіден қалған бір «шөл» бар, соны «басып» отырып емін-еркін сөйлеселік» деп бұйырды да кіріп кетті. Мен келісемін бе, жоқ па, онда шаруасы да болмады. Сөйтсем, өзімсінген адамға жасайтын әдеті екенін кейін білдім. Әуез досымды шақырып алдық, Өмкең «шөл» басты, ал біз ертеңгі күнге «шөл» арқалап қайттық. Достық туралы айтқанда Әуездей ардақты досымды еске алмай аруаққа шет боларым жоқ. Екеумізді тағдыр 1986 жылы аспирантураға емтихан тапсыру барысында кездестірді. Арамыздағы достық Әуез тұратын «Әуезов пен Жандосов» көшелері қилысында Әуез бен Жандос кездесіп тұр» деген аңызға айналды. Сол достық деген қасиетті нәзік сезім әлі күнге дейін оның жан жары Өркенмен арамызды әлі күнге жалғастырумен келе жатыр. Өмірханмен осы «кездесуден» басталған достық қаншама жылдар бойы уақыт сынынан қайыспай өтіп, оның жасына қарай «шалдық» кезеңіне қадам басты.

Дана халқымызда «туысты саған құдай береді, ал досты өзің таңдайсың» деген ұлағатты сөз бар. Достық деген бір қасиетті де қадірлі сезім. Бала шақтан болашаққа асыққан кездегі асыққа таласып өскен балалық достық, алып ұшқан жастық оты жалындаған студенттік кездегі қара нанды бөліп жеген достық әр адамға жеке тұлға ретінде қалыптасуына белгілі бір дәрежеде әсер ететінін ешкім де жоққа шығара алмасы анық. Ал ақыл тоқтатуға бет бұрып, алдымыз екі-үш баланың әкесі болып үлгерген кездегі аспирантурадағы ғылым жолында адал дос табу оңай дүние емес. Себебі оған дейін «амал достар» мен «есепті достардан» аузың талай күйгендіктен, енді сақтана қарайтының да бар. «Адамды тану үшін 3 пұт тұз, яғни 48

кг тұз же» деген сөзде астарында шындық жатқанына ешкім дауласа алмас.

Шынтуайтына келгенде, аспирантурада оқыған адамдар өз өмірінің сол бір аз ғана кезеңін ерекше бір қимастық сезіммен еске алары сөзсіз. Әрине, «бес саусақ та бірдей емес», солай бола тұрса да. Бәрін де бастан өткердік. Аспирантура деген күні бойы кітапханада том-том кітап ақтарып келіп, түнімен қағаз жазу емес. Үстелде сағаттап отырсаң да бір бет қағаз жаза алмай қиналған шақтарымыз болды. «Ашпираттық» (аспирант дегенді бұзып, ел бізді әзілдеп осылай атайтын) өмірдегі «қызықтар» рет-ретімен өтіп жататын. Оны да өзіне тән қиындығы мен қызығы мол дәурен деуге болады. Өмірхан Мәскеу асып оқып, өмірдің ащы-тұщысын бастап өткеріп барып ғылымға келгенде, «өзі майын ішіп жүрген» журналистикасына аспирантураға түспей филологияны таңдауына, біздің кафедрадағы аспиранттық ортаның әсері болмады дей алмасақ керек. Қазір ғылым докторлары атанған Б.Кәрбозов пен менің және марқұмдар Ә.Бейсебаев, Қ.Сыздықов секілді жігіттер мен аты-жөндері естен де шығып кеткен қыздардың ғылыми ортасында өз адамымыз болып та кетті.

Журналистиканың мамандық, ал әдебиеттанудың «дүниеде өзі, мал да өзі – ғылым» екеніне толық көз жеткізгенен соң ғана, 1988 жылы қазақ әдебиеті кафедрасының аспирантурасына түсуге шешім қабылдады. Бұл тұста Ө.Әбдиманұлының елімізге танымал ғалым болып шығуына шәкірттеріне үнемі шапағат нұрын шашып жүретін атақты ғалым Т.Кәкішевтің «тұлпар болар құлынды дер кезінде тани білген» ұстаздық парасаттылығын айтпауға болмас. Ол турасында: «Менің Өмірханға құштар болуым оның I курста оқып жүрген кезінен басталды. Студенттердің ғылыми үйірмесінде белсенділігімен қатар білімділігін танытқан жастан үш-

төрт жылға көз жазып қалған ем. Мәскеу университетін бітіріп, біраз өмір тәжірибесінен көріп, біздің аспирантурамызға түсіпті. Оған жанқұрбым З.Қабдолов жетекші болмақшы екен. Келсем Өмірханға бірдемелерді түсіндіріп, басын шұлғытып қойғанын көрдім де: «Әй, Зейнолла, сен әдебиет теориясының анасы-мынасы деген бір жансыз саласына салайын деп отырсың ғой. Мына баланы маған бер!» деп едім қинала-қинала маған қиды. Әй-шүйге қарамай «Қазақ» газетін зерттейсің. Алаш қозғалысы, оның ұлы қайраткерлері ақталып жатқан шақта алдымен өзімізді жоқтайық» деп талапкер жасты ғылымға ғана емес, қазақ тарихының сүбелі саласына салуды көздедім», - деп жазады.

Ұстазым Тұрсекең мол сенім артып, Өмірханның кандидаттық диссертациясының тақырыбын «А.Байтұрсыновтың әдеби-публицистикалық мұрасы» деген атпен бекіткенде шын қуандым. Себебі, Ахаң секілді қиын тағдырлы арыстың мұрасы «қадалған жерінен қанмен қоса жынын да суырып» алатын қолға түскеніне риза болдым. Көптің біріндей ғана кандидат болғысы келсе, өз туған аймағынан ақталып жатқандар да аз емес еді және еш қиындықсыз қорғайтынына да дау жоқ. Ұлт ұстазы атанған Ахандай арысты зерттеуге сол шақта орын алып тұрған әр сипаттағы көзқарасқа қарамай бел шеше кіріскеніне тәнті болдым. Себебі онда «Қазақ» газетінің тарихы, ұлт көсемі Ә. Бөкейхан бастаған Алаш арыстарының тағдыр-талайы жатыр. Өзі ашық жазғандай: «Мойындайық, мойындамайық, бүкіл әдебиетшілер осы 1926 жылы Ташкентте жарық көрген «Әдебиет танытқыштың» шекпенінен шықты. Білсе де білмегендей болып, «ана кезеңде» ондағы ой-тұжырымдарды, теориялық ұғым-қағидаларды өз еңбектерінде еркінше пайдаланғандар бүгінде ортамызда жүр. Олардың кейбірі болған істі мойындағанмен, көбі үнсіз. Себебі дәлелі қиын

нәрсе болғандықтан, білінбей кетеріне нық сенімді...Тағы да қайталап айтамыз, «Әдебиет танытқыш» - қазақ әдебиеттануының негізі» деген тұжырымды әлгі «еркінше пайдаланған кейбіреулердің» көзі тірі кезінде ашық айтарына сенімім кәміл болды. Ол ұстазымыз Тұрсекеңнің де, өз қатарластары біздің де үмітіміздің үдесі биігінен толық танылды.

Жасыратыны жоқ, кейбіреулердің кандидаттық диссертация қорғап алған соң, оны тек мансаптық жақтан өсу жолына ғана пайдаланып, талай келелі тақырыптар өз жалғасын таппай қор болған жағдайлар жиі кездесетін. Оны былай қойғанда сол тақырыпты басқа біреулер алуан түрлі қырынан тереңдете зерделейін деп талап жасап жатса, «ол туралы мен бәрін айтқам, менен асып не жаңалық ашпақшысың» деген секілді «құқай-лоққы» жасайтын пендешіліктері де кездесетін. Былайша айтқанда, «шөп қорыған иттің» әрекеті.

Өмірхан содан бастап біздің ғылыми ортамызға тастай батып, судай сіңді. Ең бастысы алғашқыда бір-бірімізге сеніміміз, сыйластығымыз мол болды да, Тұрсекеңдей ұстаздың ғылыми мектебінде бірге шәкірт болуымыз одан сайын жақындастырып жіберді. Аға баласымын деп кеуде керетін Өмірхан «ата жауы – Арғын баласы» менімен осылай достасты. (Біз осылай әзілдесеміз). Ол қазірге дейін жалғасып келе жатқан достыққа ұласты. Бір-біріміздің ғылыми жұмыс қорғау жолындағы сәтті-сәтсіз сапарларда үнемі тілеуқорлық танытып қана қоймай, қолдан келген жақсылықтарымызды аясқан жоқпыз. Бұл жағынан келгенде Алматыда болғандықтан қолы ұзын Өмірханды мен көп пайдаланғаным да рас. Әрі-беріден соң ол әлі жалғасып, өзім түгілі, бір кезде аспиранттарымның, енді қазір магистранттарымның мақаласы шықпай қалып жатса, кінәлі болып ақталып жүретін де сол- Өмағаң.

Қилы кезеңнің талқысы мен уақыт сынынан өткен достыққа ие бола алған адамдар ғана пендешіліктен аулақ болатыны адамзат қоғамында әлдеқашан айқындалған ақиқат. Аспирантурада кімдермен дәмдес, кімдермен дос-жаран болмадық, бірақ Абай айтқандай: «Жас кезінде дос деген көп болады, өсе келе біртіндеп жоқ болатынын» өмір өзі дәлелдейді. «Есейген адам естелікшіл келеді» дегенмен, арада өткен жиырма бес жыл уақыт көп жайларды жадымыздан өшіргені де, әттен, шіркін, сол кезде көп нәрсенің байыбына бара бермегеніміз де өкінішті. Сонымен қатар тарата жазуды қажет ететін кейбір жағдаяттарды мақала көлемінің көтере алмай отырғаны да ойда тұр. Әйтпесе аспирантурадағы өмір бір романға, ал әр кездесуіміз бір-бір әңгімеге арқау боларына кепілдік бере аламын. Дегенмен сол ғылым қуған қиын шақта табысқан досымның бүгінгі таңда елімізге танымал ғалым екенін ерекше мақтан тұтатынымды жасыра алмаймын. Ол да Қарағандыда бір досым бар деп мерейленетініне сенімім кәміл. Бүкіл Қазақстанда амандық сәлемді мен «Әй, Махамбет, жолдасым» деп бастап, ол «О, Исатай арысым» деп жауаптасатын екеуміз ғана шығармыз. Олжас ақынның:

«Маған досың көп пе десе,

Көп дер ем.

Бар сондағым жалғыз-ақ сен –

Ақберен!» - деген өлең жолдары Өмірхандай жанға арналғанына дау жоқ.

Өмкеңнің алғашқыда үлкен-кіші деместен елдің бәрімен қалжыңдасатын мінезі біртүрлі көрінгені де жалған емес. Тілі мірдің оғындай, тиген жерін ойып қана емес, қанын шығара тіліп түседі. «Әй, данышпан» немесе «әй, кемеңгер» деп бастап «немене менен артық ғұламамын деп жүрсің бе?» деп бастайтын әзіл-қалжыңдарын айтып тауысу мүмкін емес. Бір ғажабы әлі

күнге дейін оның сол әзіл-қалжыңы үшін онымен дүрдіараз болып жүрген бірде бір жанды кездестірген емеспін. Бұл не? Кейбіреулердің айтылған әзілге ата жауындай болып кететіні де жасырын емес. Мәселе - әзілді тауып және дәл басып, сол адам өзі мойындайтындай етіп айта білуде. Өмірханның өз сөзімен айтқанда - ол да бір данышпандық. Бойы шағын кісілер неге шақар, тілі уытты келетініне бұрын ой жібермеппін. Енді қарап отырсам, табиғат анамыз бірінен таршылық жасаса, бірін еселеп береді екен-ау. Оның күшті қаруы – әзіл-қалжың. Өз ұпайын осымен-ақ түгелдеп алады. Мүмкін ол өзі пір тұтатын ағасы Темағаңнан жұққан «ауру» шығар, кім білсін...

Бірде іссапарда жүргенде тұрғылас ағаларымның бірінен Өмірханның өзінен екі-үш есе денелі бір бір жігіттің жағасынан алып, ұрмақшы болғанын естіп нанбадым. Кейін кездескенде:

- Сол оқиға рас па?, - сұрағанымда:

- Рас. Ол мені бір ұрғаннан жалп еткізері анық. Бірақ маған Өмірхан сол адаммен төбелесіпті деген сөз керек. Сонда ғана ел ол төбелес не үшін болғанына ой жібереді, - деп жауап берді. Мен де ойланып қалдым. Өмірхан өз қара басы үшін емес, адамзат баласы ардақ тұтатын адалдық пен жақсылық үшін әлгі адамның жағасынан алғанын ұқтым. Себебінің шет жағасын да білуші едім.

«Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпейтіні» тіптен де рас. Аспирантурадағы ашқұрсақ жүрген кезде үйдің дәмін сағынғанда менің емін-еркін барып, қолдан май ағыза отырып ет жейтін, рахаттана шай ішетін үш дастарханым болды. Бірі – ұстазым Түрсекеңнің шаңырағындағы Күбірә тәтемнің, екіншісі – Әуез досымның үйіндегі Өркеннің, үшіншісі – Өмірхан отбасындағы Розаның дастарханы. Әсіресе соңғы екі дастарханның жыры бөлек. «Өлең, шіркін, өсекші жұртқа

жаятын» болса, мақала одан да артық, сондықтан оны нақтылап жазып жату қажет те емес.

Парасат бар жерде, пайым ешқайда кете қоймайтынын да Өмірханға қарап түйсінуге болады. Оны кезінде академик З.Қабдоловтың өзі «Өмаға» дегенді де естідік. Ал кішілер тек жасы үлкендігінен сыйлайды десек қателескен болар едік. Ғылым аталатын лас, қызғаншақтығы мен қатыгездігі көп әлемде ең басты мәселе - сыйлата білуде. Ал ол үшін тек білімді болу аздық етері сөзсіз, сонымен қатар біліктілік те қажет. Ол дегеніңіз ата-бабадан келе жатқан тектілікке барып тірелетініне көп жағдайда көңіл аудара бермейтініміз өкінішті. Сол аспирантурада оқығанда не кейін де біреумен жанжалдасқаны, сөзге келіскені есімде жоқ. Рас, кейбір жандардың білместікпен жасаған пендешілігіне ренжіп «қызарақтайтыны» бар, бірақ онысы алысқа бармайды. Тумысынан сүйекке біткен қарапайымдылық пен парасаттылық ашу-ызаға ешқашан ерік бермейтіні бар. Бірақ өз пікірі өзінде және оны тайсалмай ашық айтады. Сөз дәлелді болу үшін мысал келтірелік.

Бірде зерттеу нысаны менің докторлық жұмысымның тақырыбына қатысы бар аспирант диссертациясы кафедрадан талқылаудан өтіп жатады. Ғылыми кеңесте қорғау үшін рұқсат алуға талқыдан өтуі қажет. Диссертациямен танысып шыққан Өмірхан:

- Мен бұл жұмыстың талқылаудан өтуіне мүлде қарсымын. Қарағандылық Жандос Смағұловтың монографиясында айтылған, зерттелген мәселелердің бірі жоқ. Әрі-беріден соң аспирант онымен таныспаған да. Докторлығы бекімеді деп бүкіл ұлттық әдебиеттанудың тарихын таразылаған еңбекті ғылыми айналысқа қоспауға, пайдаға асыртпауға ешкімнің де құқы жоқ. Оны бекіттіргендердің ғылымға енді келіп жатқан біздерге ертең не деп жауап беретінін тарих өзі-ақ таразылайды, -

дей келіп ғылыми жұмыстың тас-талқанын шығарыпты. Кафедра амалсыз келісіп, талқылау келесі жолға шегеріліпті.

Бір күні Алматыдан әлгі аспирант қыз:

- Ағатай-ай, кешіріңіз. Мен сіздің кітабыңыз туралы білгеніммен, жетекшім «не бар дейсің» деген соң қарамаған едім. - деп бастап, «менің жағдайым осылай болды. Өмағаң осылай қарсы болды» деп бәрін қазқалпында жырлап беріп, кітабымды қайдан тауып алуына болатынын өлердей жалына сұрады. Оны Алматыдан Т.Кәкішевтен, не сол Өмірханның өзінен тауып алатынына кеңес бердім. Қорғаған соң еңбегімнің көп даулы жағдайда көмегі тигеніне рахмет айтып телефон шалды. Мәселе дос жүрегінің қашанда болса, ақиқат жағында соғуында жатыр. Шындыққа сай ой туғызуға себеп болған осындай пікірлер жинақтала келіп тұжырым айналады.

Бұл ғалым А.Ісімақованың «Алаш әдебиеттануы» (2009) атты іргелі зерттеу еңбегіндегі: «...Біз болсақ, өзіміздің кеңестік білімімізбен ғылымға баяғы шектеулі көзқараспен қараудамыз. Осыдан он жыл бұрын қорғалған Ж.Смағұлдың «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» атты докторлық диссертациясын құлатуға бар күшін салған бір ғалым ағамыздың әрекеттері еске түседі. Оның ойынша ғылым міндетті түрде үйреншікті кеңестік қалыппен жүруі тиіс. «Қолында билігі бар жеке адам ғылымға қиянат жасай алады» дегеннің осылай іске асуына куә болдық. Әрине, бұл ғалымсымақтың білімі жетіспей тұр деп дәлелдеу – біздің емес, уақыттың еншісі. 10 жыл бұрын қазақ әдебиеттану ғылымына төңкеріс жасаған Ж.Смағұлдың бұл еңбегін бүгін ғылыми қауым үн-түнсіз пайдаланып келеді», - деген жүрекжарды пікіріне ұласты. Сөз айтылған жерде қалады. Оны тыңдағандар түгілі, кейін сол сөзді айтқан адамның да ұмытып кететіні болады. Ал

хатқа түсіп, кітапқа жазылғанды, балталасаң да жоя алмайтының хақ.

Көрнекті ғалымның еңбекқорлығы мен сан қырлы қабілеттілігі кім-кімді де болса тәнті етері анық. Үнемі ізденіс үстіндегі Өмірхан Әбдиманұлының ғылыми тереңдігі оның осы ғылыми-зерттеу, оқулық, оқу-әдіснамалақ, оқу-әдістемелік еңбектерінен анық көрінеді. Бұл ретте студенттер жүрегіне білім нәрін ғана емес, адамгершілік ізгі қасиеттерді де сіңіруі ұстазға деген шәкірт сүйіспеншілігін еселей түсуі де заңды. Әсіресе, дүниетаным кеңдігі, ұшан теңіз әдеби және әдебиеттану материалдарын жадында сақтаудағы ой-өрісінің тереңдігі тәнті етеді. Оны эрудициялық қабілеті айрықша әрі өз мамандығының шын мәніндегі білгірі болған кешегі аға буын бойындағы ілкі қасиеттердің заңды жалғасы ретінде қараймыз, солай болуы тиіс деп білеміз.

Қарға бойлы Қазтуған жырау хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті тарихында ойып тұрып орын алғанда, тайсалмай жекпе-жекке шығатын батыр денелі зорлығынан емес, сөз өнері атты қасиетті құбылыстың қадір-қасиетін тани білген таланты мен дарындылығының арқасында қалғанына дау жоқ. «Қарға бойлы Қазтуғандай» ғана тұрқы бар Ө.Әбдиманұлы да сол қасиеттерден ада болмағандықтан да келешекте тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ әдебиеттану ғылымы тарихы аталатын жаңа белесте өз ғалымдық тұлғасын толығымен танытқаны және алда да дәлелдей берері анық. Өйткені, жазушы Ғ.Мұстафин айтқандай: «Ұлы сыншы –Тарих бар». Тек «айтарын айтып өткен ақын» ғана емес, «ақиқатын жазамын» деп қолына қалам алған ғалымда да ешбір арман болмайтын шығар. Келешектің өз ғылыми мұрасына қандай үкім айтатынын сезіне білген ғалым шын мәнінде бақытты.

Әдебиетшілер қауымы естелік-эссе жазу өте қауіпті деп жатады. Әсіресе көзі тірі мерейтой иесі туралы жазғанда

көпірте мақтаулар мен рабайсыз жалпақшешейліктің орын алатыны да рас. Ол адами тұрғысынан келгенде белгілі бір жағдайларда түсінікті және кешірімді де. Себебі олар - сол эссенің кейіпкері туралы өз ортасында қалыптасқан ұғым-түсініктерге қатты әсер етері сөзсіз. Алайда мен адамдық тұлғасымен, ұлтжандылық болмысымен өз ортасынан ойып тұрып орын алған Өмағаң туралы азды-көпті жақсы пікірді өз әлімше толықтырдым ғой деп ойлаймын. Бүгінде «ел ағасы» атандыратын жасқа толған мерейтой иесінің алар асулары әлі де алда. Ендеше ұлы Абай айтқандай, «Сүйер ұлың болса, сен де сүй», халайық!

2013 ж.



тұлға тәрбиелеп шығаруға міндетті. Жаратылыстану пәндері мұғалімінен сабақты жүргізу барысындағы іс-әрекеттерінде бұл бірлікті талап ету артық болар еді. Себебі, әдебиет - өмір айнасы. Шәкірт өмірді көркем шығарма арқылы оқып үйренеді, үлгі-өнеге алады, еліктеу арқылы мінез-құлқын шыңдайды, жеке адам ретінде қалыптасады. Бұдан басқа пән мұғалімдері мектептегі тәрбие процесінен тыс тұр деген ұғым тұмауға тиісті. Мәселе, әдебиет сабағында өтілетін тақырыптық көркем шығарма арқылы берілетін білім жүйесі барысында жеке тұлға қалыптастыру мен дамытудағы тәлім-тәрбиенің қатар ұсталынып отырылуының мақсаттылығында. Ол туралы сонау ерте кездің өзінде-ақ әл-Фараби бабамыз: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне қауіп әкеледі» деген болатын. Ағылшындарда басқа пән мұғалімдеріне қарағанда әдебиет пәні оқытушысына екі есеге жуық жалақы төлейтіні олардың ақымақтығынан емес. Оларда оқушы мектеп бітірген соңғы үш жыл ішінде қылмыс жасаса, сотқа куәлік беруге әдебиет пәнінің оқытушысын шақырады. Себебі әдебиет пәні мұғалімі мектептен жеке тұлға қалыптастырып шығаруға тікелей жауапты саналады.

Көркем әдебиеттің өнер саласы ретіндегі эстетикалық мұраты - адам тәрбиелеу арқылы жеке тұлға қалыптастыру. Ол бүкіл адамзаттық гуманизмнің жақсылық пен жамандық, әділдік пен арамзалық, махаббат пен зұлымдық, сұлулық пен ажарсыздық секілді қарама-қайшы және бірінсіз екіншісі жоқ, бітіспес күрес үстіндегі осы ұғымдарға негізделгенде ғана сөз өнері ретіндегі міндетін толық атқара алады. Орыс жазушысы Ф.Достоевскийдің «Әлемді сұлулық қана сақтап қалады», яғни, (Красота - спасет мир) деуінің себебі де осында.

Расында неге аузымыздан түспейтін, шам алып іздеп жүретін шындық немесе әділдік емес?! Жазушыдан асырып айту мүмкін емес. Тек сұлулықты толық бағалап, түсіне алған адам ғана қатыгездік пен қара жүректіліктен аулақ болады. Атақты жапон жазушысы, Нобель сыйлығының лауреаты Ясунари Кавабатаның «Созерцание красоты пробуждает сильнейшее чувство сострадания и любви, и слово «человек» начинает звучать как слово «друг» деген ойы да осыған саяды.

«Өзімді өзім зор тұтып, түзетпек едім заманды» деген Абайдың өзі толық адам тәрбиелеуде билік пен байлықтың пайдасы жоғын түсінді. «Тәрбиеге көнбейтін адам болады» деген кісінің тілін кесер едім» дегенді бекер айтқан жоқ қой. Ең бастысы қалай және қайтып тәрбиелеуде. Ұлы ақын «Адам бол» қағидасын ұстанып, сөз өнерін, тіпті діннің өзін адам тәрбиелеудің құралына айналдырды. Абай поэзиясы мен қарасөзіндегі этика-эстетикалық, педогогикалық көзқарастарының алтын дінгегі – «жеке тұлғадан Адам жасау». В.Г.Белинский бұл туралы: «Балаларды алғашқыда чиновник, ақын, қолөнерші болуға емес, адам болуға тәрбиелеу керек, содан кейін басқаларға тәрбиелеуге тиіспіз» деп жазған екен.

Олай болса ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігіне қол жеткізген қазақ еліне келешегінің тұтқасын ұстайтын қандай адам, қандай маман керек? Иә, ең алдымен қандай адам қажет! Рас, бізге білімді жас ұрпақ керек. Алайда білімді, бірақ өзімшіл-менмен, паракор, алаяқ, жағымпаз, тоғышар адам керек пе? Өте білімді, алайда ешкімге жаны ашымас қатыгез жандардың шығып жатқанының себебі де осында жатқан жоқ па екен?! Бұл айтып отырғанымыз субъективтік көзқарас та болуы мүмкін. Әрине, бес саусақ та бірдей емес. Солай бола тұрса да ойланатын және ойлантатын жағдаяттар аз емес. Өйткені жемқорлыққа

дерттің өскендігі сондай, тіпті оған қарсы күресті мемлекеттік деңгейде жүргізіп жатырмыз.

Қазір мұғалімдер «оқушылар көркем әдебиет оқымайды» деп зар илейді. Қайдан оқиды, жас ұрпақтың қас дұшпаны - теледидар бар. Одан көрсетіліп жатқан неше түрлі кулық-сұмдық, қантөгіс, порнография, эротика, триллер баланың жан дүниесін жаулап алып барады. Оған компьютерді қосыңыз. Эфирден түспейтін даңғаза музыка тағы бар. Жаһандастыру идеясының астарында үстемдік алып бара жатқан осы зұлматқа қарсы қояр не бар?! Қандай іс-шара, амал-әрекет жасау қажет?! Әсіресе, қалалық жерлерде. К.Маркс «Сананы тұрмыс билейді» деп өте дұрыс айтады. Бүкіл адамзаттық гуманизм идеяларына негізделген биік мақсат-мұраттардың орнын қайткен күнде де бай болу, қала берсе мещандық, тоғышарлық ой-сана билеп бара жатыр. Бір араб ғұламасы «бала мінез жағынан тұқымына да, әке-шешесіне де тартпайды, бала заманына тартады» деген екен. Нарықтық заман, капиталистік қоғам құрып жатқанда жас ұрпақ санасын тек тұрмыс билеп кетпеуі үшін оған қарама-қарсы қоятын бір ғана амал бар. Ол – білімді маман ғана емес, жақсы тұлға да тәрбиелеу, дамыту және қалыптастыру.

Американ профессоры Дэвид Клустер «Сыни тұрғыдан ойлау – өзіндік, жеке ойлау. Ал сабақ сын тұрғысынан ойлау принциптеріне негізделетін болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін, бағалауларын басқалардан тәуелсіз құратын болады. Біреу үшін біреу сыни ойлай алмайды, әркім барлығын өзі үшін жасайды. Ойлау өзіндік сипатқа ие болғанда ғана сыни тұрғыдан ойлағандық болып табылады. Өз бетінше жұмыс істеп, ең қиын деген мәселені өзі шеше алулары үшін оқушыларға жеткілікті түрде бостандық берілуі керек» деген сөзін «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау» технологиясын өз тәжірибесінде қолданып жүрген барша мұғалім басшылыққа алатыны анық. Осы

технологияның 1990 жылдар соңына қарай бірден көкейкесті болып танылып, оқу-тәрбие үдерісінде бірден қолданылуының себеп-салдарлары да жоқ емес. Дәл сол шақта кеңес дәуіріндегі ақын-жазушылар шығармашылығына деген тұрпайы социологизм мен нигилистік көзқарас қатты белең алды. Қазір шетелде тұрып жатқан көрнекті жазушымыз «Сәкен – ұлт сатқыны» деп жазды. Ал бір ғылым докторы апайымыз «Қазақ әдебиеті» газетінде «қазақ әдебиеті әлі туған жоқ» деп айды аспаннан бір-ақ шығарды. Міне осындай біржақты көзқарастардың өріс алмауы үшін де бізге осы технология тиімді болды және ол өз пайдасын тигізді.

Сондықтан да сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз тарихқа жаңаша көзқараста баға беру мәселесімен тығыз байланысты болуға тиісті. Ол арқылы жеке тұлға тәрбиелейміз десек, сол бала тек өз ұлтының тарихы мен руханияты, дүниетанымы мен барша болмыс-бітіміндегі қасиеттерді бойына сіңіруі қажет. Кешегі кеңестік идеология ықпалында тәрбиеленген асфальтта туған космополиттер қаптап жүрген дәл бүгінде жас ұрпақты ұлтжанды адам ретінде қалыптастыру әрбірден соң ұлт тағдырының болашағы туралы ойлану дегенге апарып саяды. Басқа пәндерде шаруам жоқ, ал әдебиетті оқытуда осы технологияны тарихқа жаңаша көзқараста тұрғысынан өз мәнінде қолдана алып жүрміз бе? Осы туралы сәл ойланайықшы.

Қазіргі таңда сыни тұрғыда ойлау технологиясын қолдану дегенімізді біржақты түсініп жүру де бар Оны тек – келешек ұрпақты еркін дамуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау деп түсінушілік басым болып барады. И.Крыловтың «Шегіртке мен құмырысқа» мысалын өту барысында сыни тұрғыда ойлауды қолдану туралы бір сабақ үлгісін кездестірдім. Рас, оның жеке тұлға қалыптастырудағы өзіндік мәні бар екенін жоққа шығара

алмаймын. Оқушының логикалық тұрғыда ойлау жүйесінің дұрыс қалыптасуына, өз пікірін сыни тұрғыда дәлелді жеткізуіне сол сияқты тағы да басқа қасиеттерін дамытуға көмегі бар екеніне дау жоқ. Бірақ сонда бұрын оқытқанда шегіргенің іс-әрекеттің мақтап па едік? «Сауықшыл серінің» бейнесі Абай өлеңдеріндегі сынылған жағымсыз қасиеттермен байланыстыра оқытылған еді ғой. Бұл дегеніміз осы жаңашыл технология пайдалану арқылы тек бұрынғыны жетілдіру ғана емес пе? Сол мұғалім осында болса маған ренжімесін. Бұл маған бүкіл ел Астанамыздың туған күнің тойлап жатқан күні сабақта «Ала күшкі» деген тақырыпты өткеніндей әсер қалдырды. Оның орнына баржоғы 1 ғана сағат берілген А.Байтұрсыновтың «Анама хат», «Қара бұлт» атты өлеңдерін сыни тұрғыда оқытуға байланысты сабағын интернетке салғанда екі есе қуанған болар едім. «Анама хаттағы» «Отырмын абақтың бөлмесінде» дей келіп, «Адамнан туып, адам ісін етпей, Ұялмай не бетіммен көрге барам» деп келетін осы өлең идеясына қаншама таным, тағылым, ұлтжанды тұлға қалыптастыруда қажетті мәселелер жатыр десеңізші. Ал біз шегірткенің секіргенің сыни тұрғыда оқытып жүрміз.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз, педагогтың бағыттауымен оқушының өз бетінше білімді игеруі, соның нәтижесінде неғұрлым дамытылған оқушының жеке тұлғасы қалыптасады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының мақсаты сынауға емес, шындалған ойлауға үйрету деп білеміз. Бірақ менің ойымша М.Әуезовтің әсемдік әлемін бірде бір жаңалықпен оқушы санасына орнықтыру мүмкін емес. Оқушының эмоциональдық, психологиялық қабылдауына әсер ете алмаған бірде бір сабақ оның жеке адам ретінде қалыптасуына көмектесе алады деп айту қиын. Мысалы, кез келген XI сыныпқа барып, Құнанбайдың Абайға таққан үш мініндегі «Сен жайдақ су сияқтысың, оны ит те, құс та

кешеді» дегендегі сөзінде кімдікі дұрыс десеніз, барлығы да бірдей «Абайдікі дұрыс» деп шу ете қалады. Анығына келгенде Құнанбайдікі дұрыс екенін логикалық тұрғыда ақылмен толғап жатпайды. Оның себебі сол – кешегі кеңес дәуіріндегі таптық көзқарастағы ғылыми әдебиетте осылай дәлелденген, оған сүйеніп жазылған оқулықта да солай, яғни, мұғалім де сабақта осыны негіздейді. Соны сабақ барысында талдап тұрып өз оқушымызға «Әкеңді сыйлама, Абай да солай жасаған» деп ұлтымызда жоқ өрескел мінезді дәріптеп отырғанымызды білмейміз. Жайдақ суға сай «қадірінді білме, өзінді өзің құрметтеме» деген ұғымды насихаттап жатқанымызға көңіл аудары бермейтініміз өкінішті. Сол арқылы халқымыздың «Адам әуелі өзін сыйлау керек, өзін сыйлай алмаған басқаны құрметтеп жарытпайды» деген ұлағатты ұғымына қарсы шығып отырғанымызды аңғара бермейміз. Міне сізге сыни тұрғыда оқыту арқылы -шындалған ойлауға бағыттау мен оқушының даму деңгейіне байланысты мәселелерге сыни көзбен қарау, Осындай ұлттық құндылықтарға негізделген күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешімдер қабылдауға құштарлық туғызамыз.

Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі болатын болса, бір ғана «Абай жолында» сыни тұрғыда зерттеушілік дағды қалыптастыра отырып жеке тұлға тәрбиесін оқытатын мәселелер толып жатыр. Бұл тарихи тұлға және көркем образ мәселесіне келіп тіреледі. «Қодар мен Қамқанын» оқиғасы, Базаралы мен Балағазды басқа емес, тура Абайдың өзі итжеккенге айдатуы, Өмірдің Құнанбайдың теріс батасынан өлуінің себебі Біржан келген соң серілік құруы ғана емес екенін айтсақ та жетеді.

Белгілі ғалым Дайана Халперн «Сыни ойлау – ойлаған нәтижеге жету үшін танымдық техникаларды пайдалану арқылы шығармашылықпен әрі қарай бағыттай ойлану»

деген уақытта сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс» екенін атап көрсеткен. Осы тұрғысына келгенде Батыр Баянның Ноянды өлтіруі әлем әдебиетіндегі ги де Мопассанның «Студент қыз», «Томпыш», Гогольдің «Тарас Бульба», М.Горькийдің «Ана кесімі айнымайды» шығармаларымен байланыстыра отырып сыни тұрғыда оқытуға өзі-ақ сұранып тұрған жоқ па? Немесе Өнет баба, Кеңгірбай мен Еспенбет Еңлік пен Кебекті дұрыс өлтірді, болмаса Қалқаман мен Мамырдың жазаға тартылуы өте дұрыс деп неге оқытпасқа? Сыни тұрғыда оқытуда қызығушылықтарын ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс деген секілді кезеңдері арқылы

Сын тұрғысынан ойланта оқытуда жұпқа және топқа бөлгендегі тақырыпқа сай талданатын мәселені даттаушы және жақтаушы жақ деп бөлгенде тарихи шындыққа сай сыни әділ шешім айтқан оқушыларды ізденімпаздық, ғылыми шығармашылық жолға бағыттау қажет деп ойлаймын. Сонда ғана шәкірт өз халқының тарихы мен руханиятына терең бойлайды және ұлттық қасиеттерін ұлықтай білетін жеке тұлға болып қалыптасады. Сонда ғана өз келінін әйел қылғанның шарифатқа да, «Жеті жарғы» атанған ата заңымызға жатпайтынын ұғады. Сонда ғана махаббат деп аталас өз қарындасын үйленудің және Мағжан айтқан «сұм сұлу» үшін елін сатқандар шыққан елде ешқандай ұлттық қасиет қалмайтынын түсінеді. Егер дұрыс бағыттай алсақ, сонда ғана оқушының өз бетінше білімді игеруі арқылы шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіске қол жеткіземіз.

Біз филолог әдебиетшілер шетелдерден ағылып келіп жатқан неше түрлі антигуманистік ықпалдағы ақпараттар ағынына қарсы қояр еш амал таба алмай қалдық. Тіпті олардың көбі қазақ халқының ұлттық тәлім-тәрбиесіне

карама-қарсы ұғым-түсініктерге негізделгенін саралап та үлгермей жатырмыз. Осы антигуманистік идеялардың кесірінен К.Маркс айтқандай «сананы тұрмыс билеп кеткен» қазіргі кезде көркем шығарманың жеке тұлғаны қалыптастырудағы жетекшілік ролін қолдан шығарып алдық. Жеке адам не тұлға тәрбиелеу мен дамытуда талай жылдар бойы іс-тәжірибеден өтіп, өзін дәлелдеген дәстүрлі жолдан айрылып қалдық.

Сыни ойлауды дамыту технологиясына байланысты айтатын тағы бір пікір қазақ әйелінің теңсіздігі деген мәселеден туындайды. Сыни тұрғыдан ойлау - бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, талдауға, және синтездеуге бағытталған пәндік шешім болса, бұл соған өзі сұранып тұр. Осы тақырыпта жазылған деп саналатын С.Торайғыровтың, С.Көбеевтің, Б.Майлиннің және тағы басқалардың шығармаларын оқыту барысында «еліміз - Алаш, керегеміз – ағаш» болғаннан бергі ұлттық салт-дәстүрімізді мансұқтай бергенді қашан қоямыз. Сол қалың мал, сол әменгерліктің арқасында сахарамызда жесір мен жетімнің, жезөкшеліктің болмағанын неге жоққа шығарамыз. Қазақ байларының барлығын неге «Қалың малдағы» Итбайдың деңгейінде бағалай беруге тиістіміз. Әр қайсысы бір ауылды, тіпті бір руды асырап-баққан оларға сыни тұрғыда баға беретін уақыт жеткен жоқ па? Әрі-беріден соң сол байлар 1928 жылы кәмпескеленген соң халқымыздың 3 млнға жуығы қырылып қалды. Тәуелсіз тұңғыш газетіміз «Қазақты» 5 жыл бойы қаржыландырып шығарып тұрған, соған жауапты Ахмет пен Міржақыпты жандермерия түрмеге салғанда айыбын төлеп шығарып алып отырған да солар еді ғой. Сыни тұрғыдан оқыту ұлттық құндылықтармызды ұлықтау арқылы жеке тұлға қалыптастыру, рухани әлемін байыту, дарындылығын

дамыту осындай негізгі мәселелер арқылы жүзеге асуы керек деп санаған дұрыс болмақ.

Мен мектепте әдебиет пәнін оқытуда мұғалімдерге ақыл айтудан аулақпын. Себебі, ақыл айтудан оңай ештеңе де жоқ екені әлімсақтан белгілі. Бірақ кешелері мектепте әдебиеттен мұғалім, завуч, директор болған соң ба, әлде әдебиеттану ғылымы саласында жүргендіктен бе, әйтеуір әдебиеттің қазір сөз болып отырған және басқа да мәселелеріне бей-жай қала алмайтынымды жасыра алмаймын. Сондықтан бұл тақырып сөз болса, Қ. Бітібаеваның «мұғалім көп, ұстаз аз» деген сөзін қайталап айтуға тура келеді. Ұлы ағартушымыз Ы.Алтынсарин «Халық мектептері үшін ең керектісі - оқытушы, тамаша жақсы педогогика құралдары да, үкіметтің ең жақсы бұйрықтары да, әбден мұқият жүргізілетін инспектор бақылаулары да оқытушыға тең келе алмайды» деген болатын. Мәселе сол шын мәніндегі ұстаздарды ЖОО–да қалай даярлауда болып отыр. Педогог аталатын мәртебелі мамандық дайындауға дұрыс мән берілмей жүргеннің кесірін айтатын болсам, «сіз де жылайсыз, мен де жылаймын». Ал енді ол басқа әңгіменің өзегі, сондықтан осы жерден тоқтатуға рұқсат етіңіздер.

2014 ж.

## М А З М Ұ Н Ы

Ұлттық әдебиеттанудың көкейтесті мәселелері..... 3

Қолыма қалам алдым, айтсам ба деп..... 131

Репозиторий қарғу

**ЖАНДОС ҚОЖАХМЕТҰЛЫ СМАҒҰЛОВ**

**ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ**

**Кітап Ж.Қ.Смағұловтың «ЖОО-ның үздік оқытушысы-2013» мемлекеттік грантының қаржысына басылды.**

Пішімі 60x84 1/16 Офсеттік басылым.  
Көлемі 25 б.т. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №